



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТРЛІГІ



Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған  
«ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТА АЗИЯДАҒЫ БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ  
МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫНДАҒЫ Т.ЖҮРГЕНОВТІҢ РОЛІ»

атты

ЖАС ҒАЛЫМДАР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ

Қазақстан Республикасы  
Алматы қаласы, 12 сәуір 2023 жыл

МАТЕРИАЛЫ  
IV МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ И СТУДЕНТОВ, ПОСВЯЩЕННОЙ 125-ЛЕТИЮ  
ТЕМИРБЕКА ЖУРГЕНОВА  
«РОЛЬ Т. ЖУРГЕНОВА В РАЗВИТИИ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И  
КУЛЬТУРЫ КАЗАХСТАНА И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ»

Республика Казахстан,  
город Алматы, 12 апреля 2023 года

MATERIALS  
OF THE IV INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND THEORETICAL CONFERENCE  
OF YOUNG SCIENTISTS AND STUDENTS DEDICATED TO THE 125TH  
ANNIVERSARY OF TEMIRBEK ZHURGENOV  
«THE ROLE OF T. ZHURGENOV IN THE DEVELOPMENT OF EDUCATION,  
SCIENCE AND CULTURE OF KAZAKHSTAN AND CENTRAL ASIA»

The Republic of Kazakhstan,  
Almaty, April 12, 2023

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ  
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР КАФЕДРАСЫ

КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ИСКУССТВ ИМЕНИ Т.К. ЖУРГЕНОВА  
КАФЕДРА ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА И СОЦИАЛЬНЫХ НАУКИ

МИРЗО ҰЛЫҚБЕК АТЫНДАҒЫ ӨЗБЕКСТАН ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФАКУЛЬТЕТАРАЛЫҚ ОРЫС ТІЛІ КАФЕДРАСЫ

НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ УЗБЕКИСТАНА ИМЕНИ МИРЗО УЛУГБЕКА  
МЕЖФАКУЛЬТЕТСКАЯ КАФЕДРА РУССКОГО ЯЗЫКА

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

---

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
«ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТА АЗИЯДАҒЫ БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТИҢ  
ДАМУЫНДАҒЫ Т.ЖҮРГЕНОВТИҢ РОЛІ»

атты

ЖАС ҒАЛЫМДАР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-  
ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ

Қазақстан Республикасы  
Алматы қаласы, 12 сәуір 2023 жыл

---

МАТЕРИАЛЫ  
IV МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ И СТУДЕНТОВ  
«РОЛЬ Т. ЖУРГЕНОВА В РАЗВИТИИ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И КУЛЬТУРЫ  
КАЗАХСТАНА И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ»,  
ПОСВЯЩЕННОЙ 125-ЛЕТИЮ ТЕМИРБЕКА ЖУРГЕНОВА

Республика Казахстан,  
город Алматы, 12 апреля 2023 года

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

### Бас редакторы

Азамат Сатыбалдыұлы

Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА ректоры

### Бас редактордың орынбасарлары:

**Халықов Қабыл Заманбекұлы**, философия ғылымдарының докторы, профессор  
**Алимжанова Алия Шарабековна**, философия ғылымдарының кандидаты, профессор  
**Мейірбаев Бекжан Берікбайұлы**, философия ғылымдарының кандидаты, доцент

### Редакциялық алқа мүшелері

Таирова Назгуль Абаевна, филол.ғ.к., доцент, Сарсембаева Аида Жағфаровна, филол.ғ.к., доцент, Амангелдиева Гүлмира Амангелдықызы, PhD, Алдабергенова Гульнар Дильдахановна, филол.ғ.к., доцент, Бияздықова Әлия Әлімбекқызы, PhD, Айтқұлова Жаныл Бокеевна, Алматова Нуршашты Араповна, Абдықадырова Айнұр Зеренқановна, педагогика ғылым. магистрі, Қосназарова Салтанат Досбергенқызы, педагогика ғылым. магистрі, Тауенов Қанатбек Ерғазыұлы, тарих ғыл. магистрі, Нұрмухамбетов Ардақ Амангелдыұлы, PhD, Өмірбекова Әлия Өмірбекқызы, филос. ғ. к., доцент, Альчимбаева Айгуль Бакытжановна, пед. ғ. к., Құранбек Әсет Абайұлы, филос. ғ. к., Құрманалиева Айнұр Дүрбеленқызы, филос. ғ. д., профессор, Исакова Равшана Каримжановна, филол. ғ. к., доцент, Цой Алла Павловна, филол. ғ. к., доцент, Хашимова Феруза Ураловна.

**«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі»** атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. = **«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»**: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. = materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students **«The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»** – Алматы, 2023. – 448 б. = Алматы, 2023. – 448 с. = Almaty, 2023. – 448 p.

Конференция материалдарында түркі әлемінің мәдениетін ілгерілету, гуманитарлық ғылымдар саласындағы өзекті мәселелер мен түркітілдес елдердегі өнердің даму тенденциялары туралы ақпарат алмасу, түркі халықтарының ұлттық бірегейлігі мен патриотизмін қалыптастыру мәселелері көтеріледі. Сондай-ақ көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, аудармашы, ғылым мен білім беруді ұйымдастырушы, XX ғасыр басындағы Қазақстанның мәдени жаңғыруының идеологі – Темірбек Қараұлы Жүргеновтің (1898-1938) өмірі мен қызметі мысалында жастарды азаматтық ұстанымдарын тәрбиелеу мен гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар, білім, мәдениет және өнер жүйесіндегі өзекті зерттеулер, дәстүрлер мен жаңалықтар, жаһандану мәселелері, патриоттық тәрбие, мәдени мұраны сақтау және ұлттық мәдениеттің даму тенденциялары қарастырылған.

Жинақтың материалдары ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, магистранттар мен студенттерге пайдалы болуы мүмкін.

В материалах конференции поднимаются вопросы продвижения культуры тюркского мира, обмена информацией по актуальным вопросам в области гуманитарных наук и тенденциях развития искусства в тюркоязычных странах, формирования национального самосознания и патриотизма тюркской молодежи, воспитания гражданской позиции на примере жизни и деятельности выдающегося государственного и общественного деятеля, публициста, переводчика, организатора науки и просвещения, идеолога культурной модернизации Казахстана начала XX века – Темирбека Караулы Жүргенова (1898-1938). В статьях также отражены актуальные исследования, традиции и инновации в системе гуманитарных и социальных наук, образования, культуры и искусства, вопросы глобализации, патриотического воспитания, сохранения культурного наследия и тенденции развития национальной культуры.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям высших учебных заведений, магистрантам и студентам.

The materials of the conference raise issues of promoting the culture of the Turkic world, exchanging information on topical issues in the field of the humanities and trends in the development of art in Turkic-speaking countries, the formation of national identity and patriotism of the Turkic youth, the education of a civic position on the example of the life and work of an outstanding statesman and public figure, publicist, translator, organizer of science and education, ideologist of the cultural modernization of Kazakhstan in the early twentieth century - Temirbek Karauly Zhurgenov (1898-1938). The articles also reflect current research, traditions and innovations in the system of humanities and social sciences, education, culture and art, issues of globalization, patriotic education, preservation of cultural heritage and trends in the development of national culture.

The materials of this collection may be of interest to scientists, teachers of higher educational institutions, master students and undergraduates.

## АЛҒЫ СӨЗ

**Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері  
А. Сатыбалды**

### **Құрметті конференция қатысушылары мен қонақтар!**

Темірбек Жүргеновтің 125-жылдық мерейтойына арналған «Орталық Азия мен Қазақстанның білім, ғылым және мәдениетінің дамуындағы Темірбек Жүргеновтің ролі» атты жас ғалымдар мен студенттердің IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясына қош келдіңіздер!

XX ғасыр басы қазақ тарихының аса маңызды кезеңдерінің бірі. Дәл осы уақытта ұлт мүддесін жоғары қойып, барлық саналы ғұмырын қазақ халқына аянбай қызмет етуге арнаған ұлт қайраткерлері қалыптасты. Ұлт қайраткерлерінің қазақ мемлекеттілігі үшін күресіп, оның саяси ғана емес, рухани азаттығы мен кемелдігі жолындағы еңбектері көпке үлгі. Өзінің бастамашыл идеяларымен қазаққа ғана емес, күллі түркі жұртына танымал болған ұлт қайраткерінің бірі – Темірбек Қараұлы Жүргенов болды.

Темірбек Қараұлы Жүргенов Орта Азия мемлекеттік университетінің құқық факультетін тәмамдады. Дана халқымыз «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дейді. Ауыл медресесінде оқыған жылдары ұстазы болған Тұрмағамбет Ізтілеуовтен бірнеше шығыс тілдерін меңгеріп, азамат болып қалыптасудың дұрыс жолын таңдады. Ұзақ жылдар бойына Тәжікстанда, Өзбекстанда қызмет етіп, Қазақстанға тәжірибесі толысқан қайраткер болып оралды. Қазақстанның Халық ағарту комиссары қызметін атқарған Темірбек Қараұлы Жүргенов кейінгі ұрпақ үшін мол мұра қалдыра алды. Темірбек Жүргенов Қазақстанның ағарту саласын басқарған жылдар жаппай зайырлы білімге көшу, өнердің одақ көлемінде ұлықтала бастаған тарихи кезеңдерімен тұспа-тұс келді. Өзіне жүктелген жауапкершілікті абыроймен атқара білді. Бүгінде түркі жұртына танымал болған Темірбек Қараұлының 125 жылдық мерейтойына мемлекеттік тұрғыдан мән беріліп отыр. Бұл сөзсіз мерейтойдың маңыздылығын одан әрі арттыра түседі деп санаймыз. Мерейтойды лайықты атап өту ұлттық болмысты сақтап, жаһандану дәуіріндегі рухани құндылықтарымызды ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие екенін атап өтуіміз керек. Мерейтойдың еліміздің әр аймағында аталып өтілуі де ортақ түсінік пен ұлттық идеологияның қалыптасуына әсер етері сөзсіз. Тарихи сабақтастығынан жаңылмаған еліміздің бұл игі шараны өз деңгейінде өткізуі өзінің халықаралық саяси аренадағы орнын нақты белгілей алған Қазақстанның бүгінгі қарқынды дамуымен қатар, рухани мұрасына деген ыждаһаттылығын барша әлемге тағы бір танытары анық. Сондықтан «Орталық Азия мен Қазақстанның білім, ғылым және мәдениетінің дамуындағы Т. Жүргеновтің ролі» атты жас ғалымдар мен студенттердің IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы жұмысына сәттілік тілей отырып, жастарымыздың ұлт қайраткеріміздің мұрасына деген қызығушылығы арта түседі деген сенімділік білдіремін!

**Заведующий межфакультетской кафедрой  
русского языка НУУз имени Мирзо Улугбека  
Исакова Равшана Каримжановна**

**Добрый день, уважаемые участники конференции,  
дорогие коллеги, студенты!**

Разрешите выразить благодарность за приглашение участвовать на этой площадке, объединившей коллег из разных стран, представителей разных вузов, людей, которые глубоко чтят память видного государственного и общественного деятеля, публициста, переводчика, организатора науки и просвещения Темирбека Караулы Жургенова, внесшего весомый вклад в дело становления образования в Центрально азиатском регионе. Выпускник Ташкентского государственного университета (ныне НУУз) Темирбек Жургенов, в 30-ые годы XX века занимал пост комиссара просвещения Узбекистана. Полиглот, в совершенстве знал 6 языков, среди которых был и узбекский язык. Именно знание многих языков, позволило ему, организатору по природному дарованию, за короткий срок в разных районах открыть десятки школ, училищ, театров. Открывать дорогу к знанию - его жизненное кредо. Издание учебников, открытие новых школ, создание школ-интернатов, открытие новых вузов... - и это не полный перечень активной деятельности человека, имя которого чтят в наших странах. 2023 год, объявленный Годом Темирбека Жургенова, еще и еще раз дает нам возможность прикоснуться к биографическим страницам жизнедеятельности этого замечательного человека, труженика, ученого.

Наша встреча сегодня направлена на поддержку, развитие и продвижение наших дружеских отношений, на улучшение качества образования, развитие «инновационного мышления» у студентов; модернизацию системы образования, на то, чтоб одновременно решались по-современному, по-новому, в соответствии с вызовом времени важнейшие задачи: образовательная, научная, инновационная.

В настоящее время уровень развития страны определяется во многом ее интеллектуальным потенциалом, образование, особенно высшее, рассматривается как ведущий фактор социального, политического и экономического прогресса. Президент нашей страны Ш.М. Мирзиёев обратился к нам, учителям и наставникам с такими словами: «Нашему обществу нужны новое мышление и новые идеи, самое главное, кадры новой формации, способные осуществлять реформы». И в этом - глубокий смысл. Важнейшая ценность и основной капитал современного общества - человек, способный к поиску и освоению новых знаний и принятию нестандартных решений. Деловой мир построен на общении, контактах. Умение правильно изложить свои мысли в устной или письменной форме, быть успешным в общении, уметь выступать перед аудиторией – это необходимые составляющие современной профессиональной и общественной деятельности будущих специалистов, которых мы готовим. В век стремительного развития инновационных технологий, проводится модернизация системы образования. Применение инноваций, параллельно с другими обучающими технологиями, взаимно дополняющими друг друга, в процессе обучения целесообразны, т.к. они смыкается с коммуникационной культурой - культурой общения, диалога в широком смысле слова: диалога народов, человека с человеком, человека и компьютера.

Национальный университет сегодня – это вековая история фундаментального образования практически всех государств Центральной Азии, стремящийся к восприятию инноваций, гибко реагирующий на все изменения окружающего мира.

Участникам конференции желаю плодотворной работы, открытости, новых идей и свершения задуманного. Пусть будет мир и крепнут наши дружеские профессиональные узы сотрудничества.

Благодарю за внимание.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ  
САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И  
ПОЛИТОЛОГИИ

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY  
FACULTY OF PHILOSOPHY AND POLITICAL SCIENCE

050012, Алматы қаласы,  
Масанчи көшесі, 39/47  
Тел.: +7 727 292-57-17  
www.kaznu.kz

050012, Almaty,  
Masanchi st., 39/47,  
tel.: +7 727 292-57-17,  
www.kaznu.kz

050012, г. Алматы,  
ул. Масанчи, 39/47  
Тел.: +7 727 292-57-17  
www.kaznu.kz

№ 22-26-80  
« 05 » 04 2023 г.

**Құрметті «Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясына қатысушылар, қонақтар!**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің атынан және өз атымнан сіздерге құрметімді білдіруге рұқсат етіңіздер.

Бүгінгі конференциямыз ірі мемлекет және көрнекті қоғам қайраткері, публицист, аудармашы, Қазақстан мен Орталық Азияның оқу-ағартуы мен ғылымының дамуына орасан зор үлес қосқан әрі XX ғасыр басындағы халқымыздың мәдени жаңғыруының идеологі – Темірбек Қараұлы Жүргеновтің өмірі мен қызметін зерттеп, насихаттауға арналады.

Конференцияның Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясында өтіп отырғанын орынды шара деп түсінемін, өйткені Темірбек Қараұлы аз ғана ғұмырында Қазақстандағы білім, мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушысы ретінде қазақ халқының тарихи санасын қалыптастыруға, руханиятымыздың іргелі проблемаларын шешуге зор үлес қосқан тұлға.

«Темір наркомның» 125 жылдығына арналған конференция өзі мерт болса да, оның ісі, атқарған қызметі, халқының болашағына сіңірген қалтқысыз еңбегі, атап айтқанда артында мұра болып қалған әдеби-мәдени, оқу-ағарту саласында жазған құнды дүниелері шаң басқан мұрағат сөрелерінен алынып, жоғары бағасын алаған мұраларының ішкі мазмұнын тереңірек түсінуге ықпалдасатын және оны жаңа деңгейге көтеретін ауқымды шара деуге болады.

Темірбек Жүргеновтің ерен еңбегінің алдындағы ұрпақтық қарызымызды мойындай отырып, асыл азаматтың өнегелі өмірі, еліне деген сүйіспеншілігі қазақ мәдениетінің тарихында мәңгі жазылып, бүгінгі ұрпақ үшін Отанға қызмет етудің жарқын үлгісі деп білемін.

Құрметті зиялы қауым! Алда да сіздердің Темірбек Жүргенов сияқты ұлы тұлғаларымыздың есімін, еңбектерін ұлықтау мақсатында мұрасын зерттеу арқылы зияткерлік күш-қуатымызды, отандық ғылымның әлеуетін арттыруға, Жаңа Қазақстанның рухани-мәдени жаңғыруына үлес қоса беретіндеріңізге сенемін. Алдағы уақыттағы ғылым мен қоғам игілігі жолындағы қызметтеріңіз табысты бола берсін!

Құрметпен,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Философия және саясаттану факультетінің  
деканы



Бекжан Мейрбаев

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

## **ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР / ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ**

### **ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ - ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҰЛЫ ТҮЛҒАСЫ**

*Актанова З.А.*

*Қазақстан-Неміс Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
ғылыми жетекшіі - ф. ғ.к., доцент Солтанбекова Ф.Ә.*

#### **Abstract**

This work is about Temirbek Zhurgenov. Temirbek Zhurgenov was one of the great people in Kazakhstan. In this work you will get acquainted with his biography, history and what contribution he made to our country.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Зиялылар – қай заманда да өмір сыры мен сынын жан-жүрегімен бағамдап, толғай білген, халқының келешектегі тағдырын зерек көңілімен болжай білген жандар», – демекші, Темірбек Қараұлы Жүргенов қазақ даласындағы өз ұлтының жарқын болашағы үшін күрескен ұлтжанды, зиялы қауым өкілдерінің бірі.

Халқымыздың рухани-мәдени, оқу-білім саласын, даңқын көтеруге себеп болған қайраткерлеріміздің бірі. “Елім”, “жұртым” деп жан айқайымен жанын оққа да, отқа да қарсы тосқан Күрескер, еліміздің атағын көтерген әйгілі тұлға. Жоқты бар қылған, барды зор қылған Жасампаз. Өз тағдырын өзі жасаған кісіге не дауа, ал бойынан өмірге құштарлық отын бір сәт бәсеңсітпей, еліне деген алаулы сезімі жүрегімен қоса дүрсілдеп соғып тұрғанда ғұмыры мезгілсіз қиылғаннан аянышты нәрсе бар ма екен?! Т.Жүргенов небары 39 жыл жасады – үшінші мүшелінен шыға бергенде өзі керемет үміт еткен мына өмірге жанар бағып соңғы рет дұрыстап қарап та үлгермей, керек десе не болғанын жөнді ұға алмай кете барды.

Жүргенов Темірбек Қараұлы Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Темірбек Қараұлы Жүргенов есімі тек қана қазаққа ғана емес, иісі түркі жұртына мәлім, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қаламы қарымды сыншы-көсемсөз иесі саналады. емірбек Жүргенов - ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. Оның көсемсөз мұрасы бастауын үш нәрседен: жеке басының бұйдагерлік (лидерлік), саясаткерлік және ұйымдастырушылық үздік қабілетінен алады. Бұған оның «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою» кітаптары, «Саяси экономия» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары», тағы басқа очерктер мен мақалалары жатады. Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргенов өмірінің соңғы күндеріне дейін қазақ халқына, еліне адал қызмет етті, қалың жұртшылық арасында үлкен құрметке, зор беделге ие болды. Темірбек Жүргенов 1898 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданының қазіргі Т.Жүргенов ауылында (бұрынғы Жаңаталап) дүниеге келген. Ол кезінде ел ұстаған билік иесі, өз заманының талабын аңғара білген көзі қарақты бел баласы. Осындай дәулетті, тәрбиелі ортада өскен Темірбек өз кезеңі үшін тиянақты білім, ұлағатты тәрбие алды: дәстүрлі халықтық ортада тәрбиеленді, ұлттық психологияны, сөз бен саз мәдениетін ананың сүтімен, атаның қанымен бойына сіңірді. Жас Темірбектің ұстаздар жағынан да жолы болды.

Бала кезінен алғыр, шыншыл, білімқұмар бала ауыл молдасынан дәріс алып, орыс-қазақ бастауыш мектебіне оқуға түсіп, 1913 жылы оны бітіріп шығады. Мектеп бітіріп, сауатын

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

ашқан жас Некрасов, Крылов шығармаларын аударып бастайды. 1917 жылы Уфа жер шаруашылығы училищесіне оқуға түседі. Осында оқып жүріп қоғамдық өмірге белсене араласады, студент жастардың әлеуметтік қозғалыстарына қатысады. 1918 жылы «Қазақ мұңы» газеті редакциялық алқасының құрамына енді, Торғайдағы кеңестер съезін шақыру бюросының мүшесі болды. 1919 жылы Ырғыз уезі Кенжеғара болысы революциялық комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалған. 1920 жылы БК(б)П қатарына өтіп, Ырғыз уездік революциялық комитетінің, уездік жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. 1921-1923 жылдары Орынборда жұмысшы факультетінде оқиды. 1923 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің құқық факультетіне оқуға жіберіледі. Осында оқып жүріп, ол Қазақ АКСР-інің Түркістан Республикасындағы толық өкілетті өкілі болып тағайындалады, Қазақ АКСР-і мен Түркістан Республикасының Орталық Атқару комитеттеріне мүше болып сайланады, өлкелік және республикалық партия ұйымдарының конференциялары мен пленумдарына қатысады. Орталық Азияда құрылған республикалар аумағының ұлттық-территориялық межеленуіне ат салысады. Бұл мәселе төңірегінде «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттеріне мақалалары жарияланды. 1926 жылы Ташкенттің Қазақ педагогикалық институтының директоры болып тағайындалады. Институтқа академик В.В.Бартольд, профессор С.Е.Малов секілді ғалымдарды шақыртып, институт жұмысын жандандыруға күш салды. Жоғары оқу орындарына арналған саяси экономия және құқықтану пәндері бойынша оқу құралдарын қазақ тіліне аударды. Қазақ термелерінің жинағын құрастыруға ат салысты. 1929-1930 жылдары - Тәжікстан үкіметінің қаржы комиссары. 1930-1933 жылдары - Өзбекстан үкіметінің халық ағарту комиссары. 1933-1937 жылдары Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары қызметтерін атқарды. Ол Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты жұмысына С.Аспандияров, Қ.Жұбанов, Ғ.Мүсірепов сияқты қайраткерлерді тартты. Жүргеновтің тікелей ат салысуымен «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылданып, қазақ орта мектептерінің саны артуына негіз қаланды. Жүргенов Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендету штабына айналдырды. Ол 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының 1-слетін, 1936 жылы Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін негізгі ұйымдастырушылардың бірі болды. Онкүндік кезінде республикамыздың өзге де мәдениет қайраткерлерімен бірге Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.[3, б.237]

Т. Жүргенов Қазақ мемлекеттік университетінің ашылуына зор үлес қосты. Бірқатар облыстарда екі жылдық мұғалімдер институттары құрылды, өнеркәсіп, көлік және байланыс үшін ондаған техникумдар құрылды. Медициналық институттар, кен-металлургия институты жұмыс істей бастады. [1, б.58]

Т. Жүргеновтың тұсында мәдениет пен өнерге ерекше көңіл бөлінді. Мысалы, Алматы музыкалық-драма техникумы оқу комбинаты болып қайта құрылды, оның жанынан кино бөлімі құрылды. Орал қаласында музыка мектебі ашылды.

Халық әртісі Қ. Жандарбеков былай деп жазды: "Темірбек Жүргенов қазақ өнерінің қанаттарын жайып жіберуі үшін көп тер төкті. Біз оны қазақ театрының әкесі ретінде білеміз".

1934 жылғы 13 қаңтар – "Айман-Шолпан" музыкалық комедиясын қою күні – Қазақ операсының туған күні болып саналады. Кейін "Қыз Жібек", "Жалбыр" опералары болды.

Қазақ театрының негізін қалаушылардың бірі, ҚазКСР Халық әртісі Қанабек Байсейітов Т. Жүргеновты еске алады:

- Брусиловскийге "Қыз Жібек" операсын жасауды Қазақстанның ағарту халық комиссары Т. Жүргенов ұсынды. Ол оны өзіне шақырды және ұзақ уақыт бойы даладағы сүйікті аңыздың мазмұнын айтып берді. Содан кейін ол оны жаңадан құрылған Қазақ



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

мемлекеттік музыкалық театрының редакторы етіп тағайындағанын және барлық жағдайды бере отырып, жұмысқа "жақсылық" бергенін айтты. "Бізге тек жақсы опера жазыңыз!" - деді нарком. [2, б.81]

Т. Жүргенов қазақтардың ауызша-поэтикалық шығармаларының көптеген шығармаларын, соның ішінде қазіргі қазақ ақындарының әндерін жинады және жазды. 1924 жылы Қазақстан ақындарының "Терме" ("жинақ") атты алғашқы әндер мен өлеңдер жинағының бірін шығарды. Кейін Жинақ едәуір толықтырылды, редакцияланды және орыс және қазақ тілдерінде шығарылды.

Оның еңбектерінде Қазақстанның революцияға дейінгі мәдениеті тарихының мәселелері көрініс тапты. Алғашқылардың бірі болып ол XIV ғасырдағы аңызға айналған ақын-философ Асан-Қайғы (Асана-қайғы) поэзиясына бет бұрды, ол өзінің "Жер-үйік" (уәде етілген жер) деген сәтсіз ізденістерін сипаттады.

КСРО Халық әртісі Күләш Байсейітова, композиторлар Ахмет Жұбанов пен Евгений Брусиловский өз мақалалары мен естеліктерінде Т.Жүргеновтың Қазақстанның шығармашылық зиялылары арасында қолданған зор беделі мен құрметі туралы айтады. Ол бұл беделге өзінің жоғары және жан-жақты мәдениетімен, өнерді нәзік түсінуімен, оның дамуына шынайы қамқорлығымен лайық болды.

А.В. Затаевич ол туралы "қазақ халқының 1000 әні" кітабына өз жазбаларында былай деп жазды: "Т. Жүргенов – зиялы және байсалды жас қазақ, Сырдария әндерінің негізін қалаушы, маған Хивадан шыққан Конрат тектес әндердің өте құнды хабарларын берген. Өкінішке орай, менің барлық күш-жігеріме қарамастан, мен оның Отанының ескі ән шығармашылығында бұл адамның кең хабардарлығын толық пайдалана алмадым".

Т. Жүргенов халықтық таланттарды іздеп, оларға барлық жағынан қолдау көрсетіп, оқу мен жұмыс істеу үшін қажетті жағдайлар жасады. Мәселен, Қазақ КСР Халық суретшісі Әбілхан Қастеев оның ұсынысы бойынша ең көне этнограф-суретші Н. Хлудовтың шеберханасына қабылданды, содан кейін өзінің талантын одан әрі жетілдіру үшін Мәскеуге оқуға жіберілді.

Т. Жүргенов ұлттардың рухани жақындасуында аударма ісін жоғары қойды. "Одақтың басқа халықтарының классиктері мен Кеңес жазушыларының аудармалары, – деп жазды ол, – қазақ халқын Одақ пен Батыстың үздік әдеби шығармаларымен жақындастырып, қазақ шығармашылығындағы интернационалдық байланыстарды нығайтты". Оның қатысуымен Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Лев Толстой, Горький және басқа жазушылардың шығармалары қазақ тілінде жарық көрді.

Халық ағарту ісін дамытуға қосқан зор үлесі үшін Т. Жүргенов Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Ол туралы серіктестер: "өнер адамдарына кейде Темірбектің темір ерік-жігері жетіспейді", - деді. Сол кезде оны "темір халық комиссары", "Қазақ Луначары" деп атағаны бекер емес. Барлық іс-шаралар оның жеке басшылығымен және тікелей бақылауымен өткізілді. Ол әр ауылды, әр ауданды аралап, театр жаттығуларына қатысып, сыни мақалалар, қойылымдарға шолулар жазды... Қазақ КСР - ағарту халық комиссары көптеген танымал актерлердің үйіне жиі келіп, олардың өмірі-болмысы туралы әңгімелесті. Ол баспанасы жоқ Дина Нұрпейісованың қиын тағдырына белсенді қатысты.

1937 жыл келді. Маусым айында оның Семей сайлау округі бойынша КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына кандидатурасы ұсынылды. Екі айдан кейін, 2 тамызда Т. Жүргенов қамауға алынды. 1938 жылы 25 ақпанда қырық жасқа толмай атылды.

Сонымен бірге оның әкесі, сексен жастағы ақсақал қамауға алынып, атылды. Т. Жүргеновтың жұбайы Дамеш-апай түрмеге қамалып, оған 8 жыл берді. "Халық жауының" әйелі, Алаш-Орда қайраткері Әлімхан Ермековтың әпкесі 1957 жылы ғана түрмелерде 18 жыл азап шеккеннен кейін Алматыға оралды. 1990 жылы 86 жасында ол

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

қайтыс болды. Олардың жалғыз ұлы Шоратай Ташкентте оқып жүргенде қайтыс болды. Асырап алынған інісі қуғын-сүргінге және "халық жауы" деген ұятты белгіге төтеп бере алмай, Ұлы Отан соғысы жылдарында өз еркімен майданға аттанды және оралмады.

Сталиндік тоталитаризмнің құрбаны болған өз халқының даңқты ұлы Т. Жур-ген 1957 жылы ақталды. Оның есімімен Алматыдағы көшелер, мектептер, өнер академиясы аталды. Ол туралы естеліктер мен мақалалар жазылған. Кітаптар жарық көрді. Оның өмірі мен шығармашылығы ғалымдардың зерттеу объектісіне айналды.

Адамдарды қазақ мәдениетін тамырландыру, кейінгі ұрпақ үшін мәдени мұраны сақтау, өз Отанын өркениетті заманауи мемлекетке айналдыру идеяларымен баурап алу қабілеті Темірбек Жүргеновтің айналасына шығармашылық күш жинады. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында бұл идеялар жаңа серпін алып, елімізді болашаққа ұмтыла отырып, іске асырылуда.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тілеуқұлов Г. Жазықсыз жазаланған тұлғалар. -Ташкент, 2000. -Б.57-62.
2. Оразбаков, А. Ж. Нарком просвещения Казахстана Темірбек Жүргенов / А. Ж. Оразбаков, У. С. Ибраев. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2015. — № 1.1 (81.1). — С. 80-83. — URL: <https://moluch.ru/archive/81/14867/> (дата обращения: 16.03.2023).
3. Региональный статистический ежегодник Казахстана за 1992 год. / Алматы, Казинформ, 1993. - 588 с. URL: <https://moluch.ru/archive/81/14867/> (дата обращения: 12.03.2023).

## **РОЛЬ ТУРМАГАМБЕТА ИЗТЛЕУОВА В СТАНОВЛЕНИИ ЛИЧНОСТИ ТЕМИРБЕКА ЖУРГЕНОВА**

*Саярат Р.К.*

*КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Республика Казахстан  
научный руководитель - к.ф.н., доц. Сарсембаева А.Ж.*

Abstract

The article traces the spiritual connection between Turmagambet Iztleulov and Temirbek Zhurgenov. The heritage and works of Turmagambet, educational views, love of poetry and knowledge were one of the reasons for the development of high spirituality in Temirbek's social activities.

Словно бы по велению судьбы Темірбек Жүргенов получил свои первые уроки религии и литературы у прославленного поэта, бесстрашного просветителя, дух которого невозможно было сломить, несмотря на гонения. Его первым учителем был Турмагамбет Изтлеуов. Нет достоверной информации, говорящей о том, что он действительно был преподавателем в его ауле, но Темірбек Жүргенов был с ним близко знаком ещё с юных лет и считал его своим учителем. [1, 144].

Турмагамбет Изтлеуов в совершенстве знал арабскую и персидскую классическую поэзию, его произведения в основном были просветительского характера, воспевали силу знаний, призывали народ к образованию и высмеивали порочные стороны жизни. Поэт считал, что долгом настоящего гражданина должно быть освобождение родного народа от эксплуатации и поднятие его духа.

Турмагамбет утверждал, что высшая цель нравственности - это настоящая дружба, единство, сплоченность и честное служение народу. Стихи национально-освободительной тематики, написанные в канун первой русской революции 1905-1907 года, в которых он

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

беспощадно высмеивал крохоборов, разоблачал жадность и неискренность, показывали его настрой. Как метко выразился академик З.Ахметов: "Поэзия - биение пульса мировой жизни, кровь и факел, свет и солнце этой жизни"[2, 8].

Турмагамбет поддерживал национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане, чему посвятил своё толғау «Землю покрыла тревожная мгла», написанное в том же году. Многие произведения посвятил Октябрьской революции, Компартии, и никакие преследования и аресты не сломили дух и волю. В 1916 году впервые за времена колониального гнета была проявлена общность национальных интересов, люди включились в активную политическую деятельность, ощутили себя силой. Бесстрашный поэт смело продолжал писать стихи против всего порочного, и его дух, вероятно, повлиял и на его ученика, Темирбека Жургенова, который в 1923 - 1926 годах, когда уже был студентом, выпустил дискуссионную статью «Город и аул в восстании 1916 года»[3, 1].

Он писал о том, что казахский эпос, почти неизвестный до Великой Октябрьской революции, всегда был достоянием народного творчества, но начал проявляться в полной мере сейчас, поднимается до высот виртуозной музыкальности. Темирбек Жургенов хорошо разбирался в народном искусстве, и, будучи его ценителем, сочинял стихи, виртуозно играл на домбре. В репертуар выступлений артиста Сералы Кожамкулова долгие годы входили стихи Т. Жургенова, одним из которых было стихотворение «Переводчик при начальнике» где был яркий образ взяточника. Схожее с этим произведением стихотворение было и у Турмагамбета: он написал его, когда Жургенову было всего 8 лет, но этот стих, его тематика, так и осталась актуальной:

«"Нет" и "нет" - один ответ у скупого бая,  
от хлопот любых себя этим избавляет.  
"Дай!" - льстит взяточник - хитрец, улыбаясь ясно.  
И из пригоршни воды выудит он масло»  
(«есть» и «нет», «возьми» и «дай», 1906) [4, 9]

Однако, несмотря на сатиристически направленные стихи, деятельность Т. Жургенова была, как и у Турмагамбета, скорее просветительской, направленной на повышение образования и самосознания народа, а не критической или оценочной. Он желал прослужить науке до конца своих дней, и, фактически, никогда не отходил от своей мечты. Т.Жургенов всегда поднимал проблемы образования, старался привлекать к решению этой проблемы учительство, общественность, всех трудящихся республики. Вопросы качества обучения и воспитательной работы учителя несли за собой расширения и упорядочения учебных заведений, необходимости в совершенствовании системы переподготовки учительских кадров ради народного самосознания.

Полиглот, переводчик Турмагамбет Изтлеуов писал:

Ум – это неизнашиваемая одежда,  
Наука – источник, ежедневно возбуждаемый.  
Правящий ими обоими,  
На бездушной земле будет победим.  
Кружа людей в водовороте,  
Создавая движения бытия,  
Когда есть время искусству и науке,  
Есть ли причина для бездействия.  
Блуждая с самим с собой, отстав от каравана,  
Горько плакать на голой земле. [5, с.304]

Нетрудно обнаружить духовную связь между мыслями Турмагамбета Изтлеуова и Т. Жургенова. Темирбек Жургенов высоко ставил в духовном сближении наций

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

переводческое дело. Он знал множество языков, будучи, как и его учитель, полиглот, заинтересованный в культуре множества соседних государств. Переводы писателей других народов роднили казахский народ, укрепляли интернациональные связи; при его участии были изданы на казахском языке произведения Пушкина, Лермонтова, Гоголя, Льва Толстого, Горького и других писателей.

В целом деятельность Турмагамбета Изтлеуова была тесно связана с движением жизни Т.Жургенова, он повлиял на него не только как его первый учитель, ведь судьба свела их во время перевода с персидского на казахский язык "Шахнаме". Часть «Рустем-Дастан» даже была издана в 1961 году отдельной книгой.

Это произошло в 1934 году, когда праздновалось тысячелетие персидского поэта Фирдоуси, а нарком просвещения республики, Темирбек Жургенов, был назначен на проведение декады казахской культуры в Москве. Тогда он и изъявил инициативу перевести знаменитейшее произведение «Шахнамэ» на казахский язык, зная, что попытки перевести данное произведение на казахский язык уже предпринимались, но все либо быстро сдавались, либо перевод не отличался особым качеством.

На тот момент Турмагамбет, известный своим бесстрашным духом, уже был в очередной раз арестован, но по указанию наркома Т.Жургенова был освобожден и вскоре прибыл в Алма-Ату. Когда Жургенов спросил его смог бы тот перевести «Шахнамэ» на казахский язык, он ответил: «Это произведение я читал на арабском, персидском, турецком и даже на чагатайском языке. Многие части даже знаю наизусть». Именно так одним из первых переводчиков поэмы «Шахнаме» был Турмагамбет Изтлеуов; он взялся за работу, которую Фирдоуси писал на протяжении 35 лет, имея при себе срок на перевод в одиннадцать месяцев.

Турмагамбет Изтлеуов успел перевести только треть из 120 тысяч строк поэмы, так как на Жургенова было заведено уголовное дело, и их в скором времени арестовали как «врагов народа»[6].

Турмагамбет Изтлеуов тогда велел своей супруге взять все тридцать пять томов рукописи, написанной арабской вязью, и глубоко зарыть в родном ауле. Она поначалу заворачивала работы мужа в кошму и прятала под таганом и кереге, но когда следователи стали упорствовать, все же закопала их. Именно благодаря ей тексты Турмагамбета дошли до наших дней, но работа над священной книгой таджиков и иранцев оказалась роковой для Турмагамбета.

Важно отметить, что Турмагамбет Изтлеуов крайне бережно относился к теме образования. Он учился в аульных, кочевых школах, в Бухаре а после и в Ташкенте, где он начал изучать литературу и языки, и в итоге, по окончанию учебы, овладел персидским, арабским, турецким и чагатайским языком. Когда он вернулся в родной аул, то основал мечеть, построил школу и на протяжении двадцати лет учил детей. Жургенов так же, как и Изтлеуов, писал произведения, интересовался творческим ростом своего народа. Он лично следил за строительством школ и переподготовкой преподавателей, поддерживал любые творческие идеи молодежи. Именно их необъятная любовь к искусству и науке стала показателем успеха Темирбека Жургенова в просветительской деятельности.

#### Список литературы:

1. Батырбекова Р.О. Из истории русско-казахских литературных связей. – Алматы, Білім, 1998.
2. Жанбершиева У. Поэтическое творчество Турмагамбета Изтлеуова. – автореферат, Алматы, 1990 г.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

3. Жүргенов Т. Город и аул в восстании казахов 1916 года. – Советская степь. 1926. № 196, 198, 199.
4. Жанбердиева У. Поэтическое творчество Турмагамбета Изтлеуова. – автореферат, Алматы, 1990 г.
5. Изтлеуулы Т. Шығармалары. ред. Е. Раушанов. Алматы: Жазушы, 2007.
6. Турмагамбет Изтлеуов ПОЭТ, ФИЛОСОФ, ПЕРЕВОДЧИК //Электронный портал <http://old.kzvesti.kz/kv/backissues/41666-poet-filosof-perevodchik.html>

## **МӘСКЕУДЕГІ ҚАЗАҚ ӨНЕРІ МЕН ӘДЕБИЕТІНІҢ БІРІНШІ ОНКҮНДІГІ ТАРИХЫНАН**

*Мақажан М.  
Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Алматы, Қазақстан Республикасы  
ғылыми жетекші – PhD., А.А. Нурмухамбетов*

### Abstract

The article deals with the issue of the decade of Kazakh art and culture, which was held in Moscow in 1936. The authors recorded not only the course of the decade, but also described in detail the course of preparation for the decade on the basis of archival documents and memorable works of the participants of the decade. At the same time, the authors note The Great work of Temirbek Karaevich Zhurgenov, who was the people's commissar of education in those years in the organization and holding of the decade at a high level.

Мәскеуде өткен қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігінің өтуі сөзсіз еліміздің мәдени өмірінің елеулі тұстарының бірі болды. Отызыншы жылдардың алғашқы кезеңінде қазақ халқының басына түскен ауыр тағдыры мен зұлматты жылдарынан кейін ел еңсесін тіктеп, республикалық қана емес, Одақ көлемінде қазақ халқының мәртебесін көтерген шаралардың бірі – біздің зерттеу нысанымызға айналған онкүндік мәселесі болып табылады. Сөзсіз қазақ халқының тарихы рухани мол мұраларға аса бай. Ежелден еліміздің аумағында тек саяси ғана емес, мәдени маңызды оқиғалар мен тұлғалар шығармашылығының озық үлгісі қалыптасты. Ауызша тарих айтудың жарқын әрі бірегей үлгісі саналатын халық ауыз әдебиеті өзінің тарихи бастауларын ежелгі қазақ жерлерінен бастауын алып, заманның ағымына сай түрленіп, бастапқы қалпынан айрылмады. Еліміздің бай табиғаты мен оның әсем келбеті ақындарға шабыт беріп, бірегей әрі қайталанбас туындылар дүниеге келді. Тарихтың түрлі кезеңінде ел іргесі шайқалған тұста бірлік пен ұлттың бір мақсатқа жұмылуына үндеген бабаларымыздың дана сөздері мен өсиеттері де түрлі әдеби жанрларға негіз болды. Міне осындай мол рухани мұрамыз әр заманда бойына өнер дарыған тарих жасаған тұлғаларымыздың қажырлы еңбегі арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетіп келді. ХХ ғасыр басы сөзсіз түрлі саяси оқиғалар мен алмағайып саяси үдерістерге толы болды. Осы ретте де ұлт қазынасын би ұстап, оны дәріптеуге саналы ғұмырын арнаған жандар қазақтың киелі өнерін халықаралық сахналарға шығарды. Бұл әрине қазақ өнерінің жаңа серпін алып, дамуына үлкен септігін тигізді. Міне осындай қазақ өнерінің кең жұртшылық алдына таныстырылуының бір кезеңі – 1936 жылғы Мәскеуде өткен қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігі болып табылады.

Әрине қазақтың ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы рухани өмірінің үлкен белесі де осы онкүндікпен тығыз байланысты. Өйткені дәстүрлі қазақ қоғамында кеңінен таралған

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

ұлттық өнеріміздің бір арнаға тоғысып, оны өзге халыққа паш еткен де осы онкүндік болып табылады. Сондықтан қазақ қоғамының рухани өмірін, оның дүниетанымы мен ұлттық ерекшеліктерін танытатын өнер десек, оның халықаралық деңгейге көтерілуіндегі маңыздылығын айшықтау мәселені өзекті ете түседі.

Бұл 1936 жылғы қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігіне дайындық жұмыстары өте қызу түрде жүргізілген. Оған дәлел он күндік қарсаңындағы ұйымдастыру жұмыстары бола алады. Мәселеге қатысты архив құжаттарында он күндік қарсаңындағы дайындық жұмыстарына сол тұстағы Халық Ағарту комиссары болған Темірбек Қараұлы Жүргеновтің аса жауапкершілікпен қарағандығына көз жеткізуге болады.

1936 жылдың 17-23 мамыр аралығында өткен қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігінің табысты өтуі – жоспарлы жұмыс пен тыңғылықты дайындықтың жемісі болып табылады. Сондықтан да ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін дәл осы дайындық жұмыстарына жете көңіл маңызды бола түспек. Байқағанымыз дайындық жұмыстары түрлі әртүрлі бағыттарда жүрді. Осындай дайындық жұмыстарының біріне арналған қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігін өткізуге жауапты комиссияның 1 сәуірінде болған отырысында бірнеше мәселелер талқыланады. Олардың қатарында он күндіктің өту уақыты мен театрландырылған қойылымдарға қажетті киімдер мәселесі талқыланған. Он күндіктің өткізілу уақытына қатысты 1936 жылдың 1 сәуірінде Т.Қ. Жүргенов өзі қатысқан отырыста Кеңестік Халық комиссарлар кеңесі жанындағы Өнер комитетінің ұсынысына сай қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігі 11-18 мамыр аралығында өтуі тиіс саналды және осы отырыстың қаулысына сай осы мерзім мақұлданған. Ал театрландырылған қойылымдар үшін қажетті киім-кешекпен қамтамасыз ету үшін жекелеген тұлғаларға сапиян, Ташкенттен бұл-материалдар және «Қыз Жібек» пьесасы үшін шапандар сатып алуға тапсырмалар беріледі [1]. Әрине қойылымға қажетті киім-кешектер мәселесі бұдан басқа да жиналыстар мен отырыстарға арқау болған. Ал бұл архив құжатындағы мәліметтен байқағанымыз онкүндіктің алғашқы кездегі өткізілу мерзімінде болып отыр. Кейінгі тарихи оқиғалар көрсеткендей онкүндік алғашында белгіленген күннен басқа уақытқа ауыстырылған.

Мәскеудегі онкүндікті жоғары деңгейде өткізудің маңыздылығы мен қазақ мәдениетін паш етудің тамаша мүмкіндігін көрсету үшін алдын-ала комиссия ұйымдастырлуы заңды мәселе. Міне сол комиссия құрамына А. Жұбанов, Ғ. Тоғжанов сынды қайраткерлермен қатар сол тұстағы Халық Ағарту комиссары болған Темірбек Қараұлы Жүргенов та болған еді. Жалпы аталған он күндіктің тамаша әрі жоғары деңгейде ұйымдастырылуы да алдымен Темірбек Қараұлының атымен тығыз байланысты. Ол турасында сол он күндіктің белді қатысушысы Қанабек Байсейітов өзінің естелігінде Дайындық басы кеңесуден басталды. Кеңестен кеңес көре жүріп дәл осы жолғыдай кеңесті өз басым оған дейін де, одан кейін де көргенім жоқ. Екі жұма кеңестік. Кеңесіміз кәдімгі жиналыс. Сөйлейміз, таласамыз, дәлелдейміз. Күн сайын сол, демалыс күн дегеніміз жоқ. Және кей күндері таңғы тоғыздан түнгі он екіге дейін отырып қаламыз, тамақ ішудің өзін ұмытып кетеміз» деген болатын [2, 110 б]. Сонымен қатар Қанабек Байсейітов өзінің еңбегінде Темірбек Жүргеновті барша он күндікке қатысушылардың идеялық тұрғыдан шабыт беруші тұлға деп бағалап, он күндікті өткізуге жауапты тұлғаларды негізгі басшысы деп әділ бағасын берген. Өйткені шешімін тапқан мәселелердің түйіні Халық комиссарының араласуымен тез шешімін тауып отырғандығын айтады.

Мәскеудегі онкүндікке дайындық жұмыстарының қызу түрде жүргендігін сол тұстағы Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ғаббас Тоғжанов Халық ағарту комиссары Т.Қ. Жүргенов пен бірқатар жазушыларға жазған хатынан да байқауға болады. «Он күндікке үлкен мән берілуде. Бұл ретте Украинаның тәжірибесі де ескеріліп жатқандығы байқалады. Ендігі реттегі біздің міндетіміз он күндікке дайындықты

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

тыңғылықты ұйымдастырып, он күндіктің өзі театр мен әдебиет саласындағы жеткен жетістіктер паш етіп, қазақ өнерінің кеңес жұртшылығының назарына лайықты екендігін көрсету» деген болатын. Сонымен қатар Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы мәселенің маңыздылығын атап өте келе, он күндікті үлгі аларлықтай өткізу тікелей өзімізге байланысты дей келе, бірқатар ұсыныстарын береді. Олардың қатарында «Қыз Жібек» пен «Жалбыр» қойылымынан бөлек екі үлкен концерт беру керектігін айтып, оның бірін Үлкен театрда, екіншісін Орталық мәдениет және демалыс саябағында ұйымдастыру қажет. Осы концерттерге қазақ өнерінің озық үлгілерін (Музтеатр, филармония, драмтеатр және т.б) әкелу керек. Ендігі кезекте концерттік бағдарламаны мақұлдау керек. Хор міндетті түрде болу керек. Өз кезегінде ол мықты және қызықты болуы керек. Концертте біздің музыкалық және драммалық пьесаларымыздың қызыты актілерінен үзінді көрсету қажет (атап айтқанда «Айман-Шолпан», «Шұға»). Ол мәселені талқылап, өздеріңіз шешім шығарыңыздар. Концерт көңілді әрі әртүрлі болуы керек. Ұлттық оркестр ең үздік күйлер мен әндерді паш етуі тиіс. Екі немесе үш айтыскер ақындарды алып келуіміз қажет. Мәскеуде халық ақындарын тыңдағысы келеді. Барлығы Мәйімбетті сұрайды. Менің пікірімше, Мәйімбетпен қатар, Иса Байзақовты алып келуіміз керек. Олардың орындауының мәтіні мен аудармасын алдын-ала ұйымдастыру керек. Ол табысты болмақ. Мәскеуліктер үшін бұл бірегей және қызыты болады» деп қазақ мәдениеті мен әдебиетінің Мәскеудегі он күндігі бағдарламасын жасауға үлкен үлесін қосады. Қазақстан Жазушылар одағының басқармасының төрағасы Ғаббас Тоғжанов сонымен қатар әдебиет саласына да үлкен мән береді. Мысалы өзінің хатында Ғ. Тоғжанов «Сәкен, Сәбит, Мұхтар және Бейімбет он күндікке жаңа шығармаларын беру керек. Ол повесть немесе өлеңдер емес, өзекті мәселеге арналған жылы өлеңдер болса, Бейімбет пен Мұхтар орталық газеттердің біріне шағын әңгімелерін беруіне болады... Қазақ әдебиетінің кешін ұйымдастыру көзделіп отыр. Кеште жекелеген қазақ ақындарын өздерінің қазақ тіліндегі өлеңдерін оқуға шақырады. Сол себепті біздің ақындарға дайындалу қажет. Әсіресе Сәкен, Сәбит, Әбділдә мен Ілиясқа дайындалу қажет. Тағы да не істеу қажет?» деп қазақ мәдениеті мен әдебиетінің он күндігін өткізудің маңыздылығын ескерте келе, тағы да ой қосуға шақырады [3].

Осы тұста Мәскеудегі он күндікке деген қызу дайындық пен пікір-таластар Жазушылар Одағында да жүріп жатқан. Пікір-таластар әсіресе әдеби кешті ұйымдастыру және таныстырылатын шығармалар хақында болғандығы белгілі. Мәскеудегі он күндікке өз шығармашылығын таныстыруға баратындар қатарында Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов және де тағы да басқалары баратын болып шешілген [4]. Он күндік барысында аталған тұлғалардың қатысуымен Мәскеудегі Кеңес жазушылар үйінде, орталық радиода, өнерпаздар, жұмысшылар клубтарында кездесулер ұйымдастырылып, әдеби кештің бағдарламасы да жасалады. 1936 жылдың 4 мамырында Мәскеуде қазақ мәдениетінің жеткен жетістігін көрсету үшін үш жүзден астам қазақ өнерінің майталмандары Мәскеуге арнайы пойызбен аттанды. Мәскеуге келісімен-ақ мерекелік көңіл күй бірден сезілді деп айтуға толық негіз бар. Өйткені Мәскеудің Қазан вокзалынан қазақ өнерпаздарын жергілікті әртістермен қатар, қазақ жастары салтанатты түрде қарсы алған. Бұл сөзсіз болатын он күндіктің салмағының ауыр әрі жауапты екендігін қазақ өнерпаздарына моралдық түрде сезіндірсе керек. Сонымен қатар одақ көлемінде таралған сол тұстағы «Правда», «Известия» сынды газеттер он күндіктің барысында толықтай жеткізіп тұрды. Басты назар сөзсіз қазақ операларына ауған сыңайлы. Өйткені аталмыш газеттерде жарық көрген Н. Изгоевтың және П. Керженцевтің мақалаларында аталмыш опералармен қатар, тұтастай қазақ өнеріне деген тамсануды байқауға болады.

Ал жоғарыда атап өткен Үлкен театрда өткен қорытынды гала концерт барысында А. Жұбанов жетекшілігімен өз өнерлерін көрсеткен ұлт-аспаптары оркестрінің өнері де жоғары

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

деңгейде өткен. Оркестр орындаған күйлер және олардың сүйемелімен ән шырқаған Күләш Байсейітова, Жамал Омарова, Жүсіпбек Елебеков, Бісмілла Балабековтар қазақ ән айту өнерінің көне ғасырлардан бастау алып заманына сай өз даму жолын тапқандығын дәлелдей алды. Ал Шара Жиенқұлова бастаған бишілердің өнері де көрермендердің ыстық ықыласына бөленеді. Жоспарға сай концерттің бірінші бөлімін балетмейстер А.Александровтың жетекшілігімен училище тәрбиенушілері қорытындылады. Ол турасында Қ. Байсейітов: «Мәскеуліктерге айрықша әсер еткен бір номер хореография мектебі оқушыларының биі болды, қазіргі тілмен айтқанда, ол бір сенсация болып еді. Кіл өңкей сегіз-тоғыз жастағы қазақтың ұл-қыздары, барлығы 24 бала П.И.Чайковскийдің «Ұйқыдағы аруынан» вальс биледі. Залдағы жұрттың сондағы сезім әсерін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бізден ондайды күтпеген ғой олар, мәдениеті мешеу дамыған халықтан дәл осындай жасөспірімдердің өнерін көрсете қояр деп ойламаған да болулары керек, біздің бүлдіршіндердің биге шыққаны, би болғанда Чайковскийге билегені шынында да олар үшін күтпеген керемет болды» деген болатын [5, 124 б].

1936 жылдың 17 мамыр күні Үлкен театрдың сахнасында қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігі Ғабит Мүсіреповтың «Қыз Жібегімен» ашылады. Бір сөзбен айтқанда аталмыш қойылым Мәскеу көрермендер үшін ерекше қызықты болған. Осы қойылымда «Қыз Жібек» ролінде Күләш Байсейітова, Төлеген ролінде Қанабек Байсейітов, Бекежан ролінде Құрманбек Жандарбеков, Шеге ролінде Манарбек Ержанов, Базарбай роліндегі Қалыбек Қуанышбаевтыңдардың өнері көпшілікті таңғалдырған. «Қыз Жібектен» кейінгі Мәскеуліктер үшін Бейімбет Майлиннің музыкалық «Жалбыр» пьесасын көрсетіледі. Аталмыш қойылымда да Құрманбек Жандарбеков Жалбырдың, Хадишаның ролінде Күләш Байсейітова, Елеместің ролінде Манарбек Ержанов, Елубай Өмірзақов Қайрақбайдың ролін аса шеберлікпен сомдаса, Шәкен Айманов сондай-ақ Қапан Бадыров та кәсіби шеберліктерімен көзге түсті. Үлкен театрда ұйымдастырылған қорытынды гала концерт барысында жыр атасы Жамбыл Жабаев өзінің жырын арнап, Мәскеуліктерге қазақ халқының ыстық ықыласы мен туысқандық сарындағы өлеңдерін оқыған. Ахмет Жұбановтың басқаруындағы жаңадан ұйымдасқан халық музыка аспаптар оркестрі қазақтың бірнеше көңілді күйлерін сәнді сазымен орындап, тыңдаушыларды тамаша сүйсіндірді [6, 4-7 бб].

Сөйтіп, қазақтың жаңа өсіп келе жатқан көркемөнерінің аз уақыт ішінде қол жеткен шығармашылық табыстарын Мәскеу жұртшылығы мен жоғары басшылық жоғары бағалады. Сондықтан да осы он күндікте ерекше кезге түскен өнер қайраткерлері ордендармен, медальдармен наградталады. Олардың ішінде: Қалыбек Қуанышбаев, Күләш Байсейітова, Құрманбек Жандарбеков, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Манарбек Ержанов, Қанабек Байсейітовтарды атап өтуге болады. Әрине қазақ өнері мен мәдениетінің бірінші онкүндігі қазақ мәдениеті үшін не берді деген заңды сұрақ туындайтыны түсінікті. Сөзсіз бірінші онкүндіктің тарихи маңызы өте жоғары болды. Ең алдымен алғашқы онкүндік қазақ мәдениетінің әлемдік мәдениеттің бір бөлігі екендігін көрсетіп беріп, өмір сүруге құқылы екендігін дәлелдеді. Сонымен қатар осы кезеңнен бастап, қазақтың төл өнері мен әлемдік өркениет арасында заңды байланыс орнап,

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві, 1841 қор, том 1, 1 іс, 207 парақ
2. Байсейітов Қ.Құштар көңіл – Алматы: Жазушы. 1977. – 224 б
3. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві, 1178 қор, Тізім 1, іс 28, парақтар 9-14



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

4. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві , 1778 қор. Тізім. 1. Іс. 28. Парақ. 1-2
5. Каратева Г. Декада литературы и искусства в Москве // Электронды ресурс: <http://kazgazeta.kz/?p=5068>
6. Майшекин М. Көркемөнер шеберлері. – Алматы, 1959. – 140 б.

## **РОЛЬ Т. ЖУРГЕНОВА В ФОРМИРОВАНИИ ЯЗЫКОВОГО СОЗНАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ**

*Тулкинов Ф., Маликов А.  
НУУз им. Мирзо Улугбека, г. Ташкент, Республика Узбекистан  
научный руководитель – к.ф.н., доцент Цой А.П.*

### Abstract

This article discusses one of the urgent problems of modern humanitarians science – the role of T. Zhurgenov in the formation of linguistic consciousness and national self-consciousness of the peoples of Kazakhstan and Central Asia at the beginning of the 20th century.

В настоящее время проблемы языковой политики вновь привлекают внимание лингвистов [1; 5]. В этом аспекте особый интерес представляет жизнь и деятельность Темирбека Жүргенова – одного из ярчайших представителей казахской интеллигенции первой половины XX века, в судьбе которого удивительным образом сплелись история и культура трех государств и народов – Казахстана, России и Узбекистана.

В ряде источников Темирбека Жүргенова называют легендарным «железным наркомом» [4], что, безусловно, вызывает ассоциации, связанные с «железным Дзержинским». Однако подробное изучение его биографии существенно меняет «координаты» восприятия его личности как государственного деятеля, внесшего большой вклад в становление и формирование системы образования и культуры в целом.

Начнем с того, что Т. Жүргенов родился в 1898 году в знатной семье в ауле Жанаталап Кызылординской области Российской империи. Свой жизненный путь в светлый мир знаний и нового будущего он начал в 1911 году в двухклассном русско-казахском мужском училище в п. Аламесек Кызылординской области. Затем в 1917 году последовала учеба в Уфимском землемерном училище. Однако в его жизнь, как и в жизни миллионов жителей бывшей Российской империи, вмешалась Гражданская война, не позволившая закончить учебное заведение. Но Т. Жүргенов продолжает упорно стремиться к знаниям, и в 1923 году он получает диплом журналиста Оренбургского рабфака. Этот период его жизни ознаменован знаменательным событием – знакомством со своим первым наставником, полиглотом, переводчиком Турмагамбетом Изтлеуовым.

С Узбекистаном связаны важные события в его биографии. Именно в Ташкенте он получил высшее образование: в 1926 году с отличием окончил юридический факультет Среднеазиатского государственного университета (ныне Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека). Здесь, в Ташкенте, он встретил будущую свою супругу – Даметкен Ермакову, с которой он мечтал и строил планы о прекрасном будущем их родного Казахстана. В этот же период происходят события, в которых в дальнейшем он примет активное участие. Так, в частности, в 1924 году он приступает к дипломной работе, посвященной теме районирования Казахстана. В последующем результаты проведенного им

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

исследования сыграли немаловажную роль в определении границ Казахстана: Жетысу и Сырдарья были включены в состав Казахстана как районы, в которых издревле проживали казахи.

После окончания Среднеазиатского государственного университета его оставили научным сотрудником по государственному праву. Во время обучения в университете Т. Жүргенов одновременно исполнял обязанности полномочного представителя Казахской АССР в Туркестанской республике.

Следует отметить, что Т. Жүргенов, еще являясь студентом выпускного курса, возглавляет первый казахский вуз в г. Ташкенте, и с 1926 по 1929 годы исполняет обязанности ректора Казахского педагогического института [4].

Подобно своему наставнику Турмагамбету Изтлеуову, Т. Жүргенов был полиглотом и владел шестью языками, среди которых были узбекский и таджикский, что давало ему возможность не только достойно представлять интересы Казахской АССР в Туркестанской АССР, но и легко общаться с местным населением в Узбекистане и Таджикистане.

На протяжении всей своей деятельности Т. Жүргенов способствовал осуществлению переводов на казахский язык произведений великих мастеров художественного слова. В частности, при его участии было издано на казахском языке произведение известного персидского и таджикского поэта Фирдоуси «Шахнаме», а также поэтические и прозаические произведения А. С. Пушкина, М. Ю. Лермонтова, Н. В. Гоголя, Л. Н. Толстого, М. Горького и многих других писателей. Работая на ответственных постах – в 1929 году возглавлял Народный комиссариат финансов Таджикской ССР, с 1930 по 1933 годы являлся комиссаром просвещения в Узбекской ССР, затем, с 1933 по 1937 годы, был комиссаром народного просвещения в Казахской АССР – Т. Жүргенов стремился развить систему образования. Так, за время его работы в разных районах Узбекистана и Казахстана были открыты десятки школ (в том числе и школы-интернаты, так называемые «кочевые школы»), училища, театры, изданы учебники, созданы условия для подготовки педагогических кадров. В период его деятельности были открыты высшие учебные заведения в Казахстане, среди которых Казахский горно-металлургический институт (ныне Казахский национальный технический университет К. И. Сатпаева), ветеринарный институт и Казахский государственный университет им. С. Кирова (ныне им. Аль-Фараби).

Заведуя Комитетом по делам искусств Казахской АССР, Т. Жүргенов успешно руководил работой учреждений культуры и искусства, был ответственным за организацию Первой декады казахского искусства и литературы в Москве в 1936 году. В результате успешного участия в этом триумфальном мероприятии одной из первых звания народной артистки СССР удостоилась Куляш Байсеитова. Сам Темирбек Жүргенов получил Орден Трудового Красного Знамени.

Изучение источников свидетельствует о том, что сам Т. Жүргенов хорошо знал сырдарьинские песни. Кроме того, он собирал и записывал многие произведения устно-поэтического творчества казахов, в том числе песни современных казахских акынов. Так, в 1924 году им был издан один из первых сборников песен и поэм акынов Казахстана под названием «Герме» («Сборник»), снабженный большой вступительной статьей составителя. В 1936 году сборник был пополнен, отредактирован и выпущен на русском и казахском языках к Первой декаде казахского искусства и литературы в Москве [2; 3, с. 511]. По свидетельству народного артиста Казахской ССР Канабека Байсеитова, одного из основоположников казахского театра, именно Т. Жүргенов способствовал созданию Брусиловским знаменитой оперы «Кыз-Жибек» [2].

Но настал 1937 год, и Т. Жүргенов тоже оказался в числе «врагов народа». 25 февраля 1938 года в Алма-ате он был расстрелян. В сталинских лагерях провела 18 лет его жена,

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Даметкен Жүргенова. В 1957 году честное имя Темирбека Жүргенова было восстановлено. Сегодня его имя носит Национальная Академия искусств Казахстана, в его честь названы улицы в разных городах Казахстана.

Приведенные в данной статье факты совершенно очевидно указывают на то, что культурно-просветительская деятельность Темирбека Жүргенова, способствовавшая активизации переводов на казахский язык произведений мировой литературы с целью приобщения казахского народа к мировой культуре, стремление сохранить чистоту и самобытность казахского языка, его культуру и духовное наследие были оценены сталинским режимом как попытки к усилению влияния казахского языка на формирование языкового и национального самосознания казахов и народов Центральной Азии в целом.

#### Список литературы:

1. Ашнин Ф.Д., Алпатов В.М., Насилов Д.М. Репрессированная тюркология. – М.: Наука, Изд. фирма «Восточная литература», 2002. – 295 с.
2. Варшавская Л., Самигулин И., «Известия-Казахстан», 11 ноября;
3. Затаевич А. 1000 песен казахского народа (песни и кюйи). Изд. второе. М., 1963. – С. 511.
4. Касым Ахат. Трудовая деятельность Темирбека Жүргенова / world-nan.kz/blogs/tau-tulgate
5. Сулейменова Э. Русификация и казахизация как языковая гомогенизация многоязычного Казахстана. Russian Language Journal: Vol.60:Iss.1, Article 14, 2010. – С. 231-254.

### **Т.Қ. ЖҮРГЕНОВ – АНА ТІЛІНІҢ ЖАНАШЫРЫ**

*Жанаталап Мирас*

*Темирбек Жүргенов атындағы ҚазҰОА, Алматы, Қазақстан Республикасы ғылыми жетекшісі – аға оқытушысы, пед.ғ.магистрі Абдықадырова А.З.*

#### Abstract

This article discusses T.K. Zhurgenov respect for the native language and its attitude to the Kazakh terminology. The critical statements of the figure Zhelezny- People's Commissar from archive pages are considered. In addition, the issues raised in his time have not lost their relevance today.

Т.Қ. Жүргенов - Халқымыздың рухани-мәдени, оқу-білім саласын әр қилы замандар мен саяси жүйе жағдайында өрге сүйреген қайраткердің бірі. Тарих бетіндегі «бір мезгілде әрі ағартушы, әрі жарық түсірушісі. Қазақ елінің құйрықты жұлдызындай небәрі отыз тоғыз жыл жасағанымен, елге соңғы қаны, соңғы демі таусылғанша еліне қызмет атқарған Ұлы тұлға.

Ол кезінде Ырғыз бен Сыр бойы аралығын жайлаған қалың елге белгілі болған, ел ұстаған билік иесі, өз заманының талабын аңғара білген көзі қарақты жан Қара Жүргенұлының бел баласы. Осындай дәулетті, тәрбиелі ортада өскен Темирбек өз кезеңі үшін тиянақты білім, ұлағатты тәрбие алды: дәстүрлі халықтық ортада тәрбиеленді, ұлттық психологияны, сөз бен саз мәдениетін ананың сүтімен, атаның қанымен бойына сіңірді. Жас Темирбектің ұстаздар жағынан да жолы болды. Осылардың ішінен екі кісіні - Сыр бойының белгілі ағартушы-ақыны Тұрмағанбет Ізтілеуұлы мен Аламесек орыс-қазақ мектебінде сабақ берген, қазақ тарихындағы алғашқы орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздіктің авторы Досмұхаммед Букинді атап айту жөн. Бала кезінен бірнеше шығыс тілін, шығыс

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

мәдениетінің жауһарларымен жастай танысса, соңғы ұстазының көмегімен Еуропа мәдениетін, соның ішінде орыс мәдениетін, әдебиетін, тілін, осы қоғамдағы озық революцияшыл идеяларды терең игерді. Сөйтіп, Т.Жүргеновтің дүниетанымында шығыстық және еуропалық дүниетаным кіріге бір арнада тоғысып, біртұтас рухани дүниеге ұласты. Қайраткер-қаламгердің көзқарас эволюциясындағы осы ерекшелік соңыра оның мәдени құрылысқа, ағарту саласына байланысты мәселелер түйінін әрі тез, әрі дұрыс тарқатып отыруына көп көмегін тигізді.

Халық Ағарту комиссары екі тілде бірдей жазған алғашқы билинг қайраткер-қаламгерлеріміздің бірі болды. Тілді жазушы еңбегінің құрылыс материалы ғана емес, мәдениеттің, білімнің іргетасы деп білген ол тіл туралы айтыстан шет қалмай, сол өредегі білікті де салмақты пікірлерін көпшіліктің талқысына салып, она тәжірибелік басшылық саласына көшіріп отырған. Қайраткердің қазақ тілінің түсініктілігі, мәдениеттілігі, тазалығы туралы ойлары, әсіресе терминологияға қатысты ұсыныс-пікірлері әлі күнге маңызын жойған жоқ. Мысал ретінде «... «белсенді» - «актив», «активный» деген сөзді алайық. Қазір сын есім (активный) және зат есім (актив) ретінде қолданылып жүрген «белсенді» сөзі шын мәнінде жекеше түрдегі үшінші жақтағы етістік. Қазақ тілінің сөздігіне халықаралық терминдер сөздігіне енгендіктен, қажетсіз, зиянды сөз жасаудың орнына «актив» сөзін өзгеріссіз енгізген дұрысырақ болатыны сөзсіз» - деп, өз пікірін білдірген [1,189 б.]. Бүгін де «белсенді» сөзі экономика саласында «актив» түрінде қолданылып жүр. Мысалы: акционерлік қоғамның активтері, кәсіподақ активі, т.с. Жүргенов тіл қолданушыларды, әсіресе зиялы қауымды қазақ әдеби тілінің бұзылып, көпшілікке түсініксіз жаргонға айналуынан сақтандырды. Осы тақырыпты «Қазақ тіліндегі терминология мәселелері», «Қазақ әдеби тіліндегі келеңсіз жағдайлар» атты мақалаларында өрбіткен ол – 20-жылдары А.Байтұрсынов бастаған термин жасаудың ғылыми принциптерінен ауытқымауды, яғни термин сөздерді метаморфалау, морфологиялық және синтаксистік тәсілмен қазақтың төл сөздері мен ұғымдарынан жасау әдісін жалғастыруды, сонымен бірге аударуға келмейтін, қазақша барабар (адекват) мағынасы жоқ халықаралық аталымдарды өзгеріссіз алуды ұсынды. Сонымен қатар, оның себебін де түсіндіріп кетті: «Жетекші ғылыми концепциялар бойынша терминдердің ортақтығы орыс тілін үйренуге, қазақ ғалым қызметкерлерінің орыс әдебиетін пайдалануына, ал орыс жолдастары үшін қазақ тілін үйренуге және қазақ әдебиетімен, мәдениетімен және т.б. танысуды жеңілдетеді. Сонымен, терминдер халықаралық: «революция», «совет», «хирургия», «валюта», «конвенция», «теория» т.б. және аударылмайтын орыс ұғымдары «тема», «слет», «образ», «композиция» т.б. – аудармасыз қабылдануы тиіс» - деп, теринтүзуші ғалымдарға кеңесімен үнемі ескертеді [1,195б.]. Әрине, уақыт өте келе, бүгінгі күнде тіл жанашырлары, ғалымдарымыз интернационал терминдерді қисынды дәлелдермен аударып жатыр, дегенмен кейбір салаларды қарастырсақ, мәселен, хореография саласында көп терминдерді (сюита, миниатюра, композиция, т.б.) аудару қиынға соғады. Т.Жүргеновтің термин мәселесін көтерген тақырыптары бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтқан емес. Білімнен жан-жақты болған Нарком тіл тазалығын, тіл сауаттылығын, тіл қисындылығын сақтап қалуды көздеген. Оның бар талабы – барлық «бөтен» сөздерді терминдендіру емес, оған қазаққа түсінікті баламасын табу, соның өзінде ол мағынасы «жарасымды», «ұғынықты», сонымен қатар, қазақ тілінің барлық заңдылықтарына сай болуы керектігін ескертеді – «Отдельные термины следует принимать ограниченно лишь для определенного круга дисциплин, не распространяя их на другие. Такой принцип подбора и перевода терминов будет способствовать развитию языка. Термины и отдельные понятия в этих случаях могут войти в словооборот не сразу, а постепенно, но это, конечно, не значит, что сегодня некоторые новые термины вводить не надо, но необходимо дело поставить так,

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

чтобы все это происходило в соответствии с законами казахского языка. И не все «чужие» слова нужно терминировать. Только тогда мы дадим возможность свободно подбирать из запаса казахских слов более образные слова, могущие вполне выразить отсутствовавшие до сих пор понятия, и путем свободного и умелого подбора слов отдельными авторами создавать даже новые термины». Осы талаптарына дәлелді мысалдарын да келтіре отырды: «Мысалы, «клетка» сөзі сөзсіз термин болуы мүмкін және оған сәйкес қазақша балама болмағандықтан, оны қабылдау керек. Бірақ бұл тек биологияда ғана, басқа жағдайларда «клетка» сөзі термин бола алмайды, бұл ұғымды білдіру үшін тиісті қазақ сөздерімен ауыстырылуы керек» - тұжырымдайды [1.1976.]. Осы сынды құнды ойларын саралай отырып, Темірбек Қараұлының жан-дүниесі ғалым, зерттеушіге бейімдігіне тағы да көз жеткіземіз. Тілдің қуат-құнарын жақсы сезінген, оның болашағына сенген адамның мүддесі мен көзқарасы айқын аңғарылып тұрады. Ал осыны қайраткердің өз сөзімен айтсақ: «Қазақтың әдебиет тілін, білім тілін тудыру жөнінде біздің негізгі мақсатымыз — сол тілді көпшілікке барынша ұғымды қылу, сол тіл арқылы қазақ еңбекшілерінің қалың бұқарасын дүние жүзінің өнер-біліміне, техникасына ие қылу».

Жүргеновтің қылышы жалаңдап тұрған сонау 30-жылдардағы ерлігі бүгінгі ұрпаққа зор тағылым. «Бүкіл дүниежүзілік мәдениетке өз ана тілімізді жақсы білгенде, соны үйренгенде ғана жетуге болады», - деген Темекеннің сөзі бүгін өз көкейкестілігін жоғалтқан жоқ. Тоталитарлық жүйенің осы қызып тұрған шағының өзінде Темірбек Жүргенов республикаға басшы болып келген Голощекинді қатты сынға алып, былай дейді: «...Қазақстанға керегі – 7-10 жылдық мектеп жүйесін құру, ал сіз «қазақ тек хат таныса болады» дейсіз. Жоқ! Бізге үлкен білім ордалары қажет! Алда істейтін міндетіміз – қалың жұрттың ішінен шыққан білім қайраткерлерін, өз кадрларымызды дайындауымыз қажет. Қазақ тілін жете білудің өзі үлкен мәдениет!» - деп өз ұлтының болашағын құрметтеуді талап еткен » [2.1186.]. Сондай-ақ, Қайраткердің сол замандағы тілтанымды зерделеп жүрген, ел болашағын ойлап жүрген ғалымдарымызды сынаған көзқарасын дұрыс түсінген жөн. 1910-1930 жылдары қазақтың үлкен ғылыми арнаға бет бұрған кезі. Қазақ терминологиясының алғашқы кезеңдері. Ахмет Байтұрсынов тіл, әдебиет, мәдениетке қатысты терминдерді қолданысқа енгізді. Мұхтар Әуезовтің де «Қайсысын қолданамыз» (1917), «Ғылым тілі» (1918) атты тың пікірлері жарыққа шығып жатты. Халел Досмұхамедов та тіл тазалы үшін аянбай тер төккендердің бірі. Темірбектің де көздегені осы еді. Қазақ Ғылымы енді ғана тәй-тәй басып жүрген кездегі алғашқы қадамдарна осы кісілердің еңбектері зор еді.

Темірбек Жүргенов ана тілі тақырыбына қашанда үлкен жауапкершілікпен қараған, оның өзге тілдер ауқымында жұтылып кетпей, табиғи қалпын сақтауына мүдделі болған. Тіл мәдениетіне кері әсерін тигізетін сөз қолданыстарына алаңдаған. Сөздік қорымыздың өңін қашыратын оғаш өзгерістерді қабылдай алмай, тұрақты түрде пікірін жариялап отырған. Ұлтын ардақтай білетін азамат ұлтының тілін де шексіз қадірлеген. Ол қазақ тілінің дәрежесі әлемнің ірі елдерінің тілімен қатар тұрғанын қалайды, мақсат-мұратын осыған орай негіздеп түсіндіреді. Тіл мен білімді, мәдениетті ұлттың көшін өрге сүйрейтін үйлесімді ұштаған ретінде қарастырады. «Қазақ тілі байыса, басқа мәдениетті жұрттардай өз шаруашылығына керекті өз тілінде түсіндіре алатын болса, былайша айтқанда, адам баласының барлығы бірдей білімге жетіссе, халық мәдениетінің де өскені ғой» — деп ой қорытады [3].

Қорыта келгенде, Темірбек Жүргеновтің термин саласында бірқатар ойлары күні бүгінге дейін мәнін әлі жоғалтқан жоқ. Тіл мәселесіне сөз бастаған Темір-Нарком мемлекеттік тұлға ретінде ауқымды тұжырымдамалық міндет арқалап кетті. Бұған қол жеткізу үшін тандалатын жолды да, бұл орайда қолданылатын әдіс-амалдарды да санамалап көрсетеді. Оның ой-арманы қазақтың тілін әлемнің іргелі тілдерінің қатарына қосу болған.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Қайраткер қазақ тілін өнер арқылы, ғылым арқылы әлем тілдерінің қатарында болуына сенді. Оған дәлел қазіргі таңдағы әлем деңгейіне жеткен өнер саңылақтары мен ғылымның құлағында еркін ойнайтын ғалымдарымыз. «Тілді де тісті, жігерлі де, іскер адам» - деп Ғ.Мүсірепов баға берген Жаратылыс сыйлаған осы бейімдіктің соңына біржола түсуге заманы, уақыты мұрша бермесе де, ол ғұмырының ақырына дейін тасқа басылған сөзге деген сағыныш-көрігін баса алмай өмірден өтті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Узакбаева С., Садыкова А. Служение родному народу. Монография. Алматы, 2009. – 234 с.
2. Иманғалиев Б.С. Темірбек Жүргенов. Алматы, 2012. – 496 б.
3. <https://egemen.kz/article/176440-memleket-dgane-qogham-qayratkeri-temirbek-zhurgenovtinh-tughanyna-120-dgyl>

## ҚАЙРАТКЕРДІҢ ҚАЛАМГЕРЛІК ҚАЖЫРЫ

*Әлімжан Жібек*

*Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Алматы  
ғылыми жетекшісі – п.ғ.м., аға оқытушы С.Д. Қосназарова*

Abstract

The article mentions that Temirbek Zhurgenov was a well-known publicist, the author of 7 books, more than 150 literary and journalistic articles, the work focuses on some of his articles

Темірбек Жүргенов 1934 жылы алты бірдей оқу орнының құрылысын бастап, Қазақстанның мәдениеті мен білім беру мен саласында төңкеріс жасаған тұлға, ағарту саласының алғашқы министрі. Сол кезде Темірбек Жүргеновты жұрт есімінің түбірі Темір болғандықтан «Темір Нарком» дескен. Мінезі тік, бірбеткей тұлғаның осы қасиеті Қазақстанда жаппай сауатсыздықты жойып, ондаған мың оқулықтардың жарыққа шығуына ықпал еткен. Бұл оның біз білетін еңбектерінің бір парасы ғана. Ал Т.Жүргенов жүрген жолдың сан соқпағы туралы оның үзеңгілестері мен әріптестері білетін естеліктер ғана.

Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің құқық факультетіне оқып жүріп, ол Қазақ АКСР-інің Түркістан Республикасындағы толық өкілетті өкілі болып тағайындалады, Қазақ АКСР-і мен Түркістан Республикасының Орталық Атқару комитеттеріне мүше болып сайланады, өлкелік және республикалық партия ұйымдарының конференциялары мен пленумдарына қатысады. Жоғары оқу орындарына арналған саяси экономия және құқықтану пәндері бойынша оқу құралдарын қазақ тіліне аударды. Қазақ термелерінің жинағын құрастыруға ат салысады.

Еңбекқор, мақсатшыл, көкірек көзі ояу жас Жүргеновтің тұла бойына тұнғаны - бір мінезі ғана. Тәжікстанда қаржы министрі болып тағайындалып, тәжік тілінде баяндамалар жасаған. Мұның барлығы 6-9 жас арасында Тұрмағанбеттен алған білімінің нәтижесі. Кейін қамауда отырған Тұрмағанбет Ізтілеуов Жүргеновтың шақыртуымен Алматыда 40 мың жолдық «Шаһнаманы» қайта жазып шығады.

Т.Жүргенов – ұлттық мәдениет пен өнер саласы мамандарын даярлауға көп көңіл бөліп, қазақ жастарының КСРО-ның орталық қалаларындағы оқу орындарында білім алуына көмек көрсетіп отырды. М.Әуезов, Ж.Шанин, Ә.Қастеев, т.б. қайраткерлердің

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургунова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

шығармашылық жұмыспен айналысуына жағдай жасады. Т.Жүргенов Қазақстанда алғашқы музыка театрын (қазіргі Қазақ опера және балет театры) ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. Қазақ әндері туралы А.В. Затаевичке көптеген мәліметтер берді. 1937 ж. КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Темірбек Жүргенов – ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. Оның жазушылық қызметін қайраткерлік қызметінен, қалам сапасын қайраткерлік сапасынан бөліп алып қарауға келмейді. Қоғамдық-әлеуметтік қызметі біршама зерттелсе де, Т.Жүргеновтың қаламгерлік қарымы назардан тыс қалып, мемлекеттік қызметінің тасасында қалып келді. Қазіргі қолдағы мәлімет бойынша Ағарту комиссарының әзірше 7 кітап, 150-ден аса әдеби-публицистикалық мақала жазғаны белгілі болып отыр. Атап айтқанда «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою» кітаптары, «Саяси экономия» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары» т.б. мемлекетшіл тақырыптағы очерктері мен мақалалары бүгінгі ұрпақ үшін өз мәнін жоғалтқан жоқ.

Т.Жүргенов қоғам қайраткері ретіндегі қызметін партиялық функционерліктен емес, 1918 жылы «Қазақ мұңы» газетінің жауапты хатшысы болып, қаламын қару етіп бастағанын атап айтқан жөн. 20-жылдар басында Т.Жүргенов республикалық «Еңбекшіл қазақ» газетінің буынын бекітіп, бұғанасын қатыру ісіне шығармашылық, ұйымдастырушылық қажырымен атсалысты. 1924 жылы Ташкентке келіп, Орталық Азия Мемлекеттік университетінде (САГУ) оқып жүріп, әрі Қазақстанның Түркістан республикасындағы өкілі қызметін атқарған кезде де Т.Жүргенов қалам майданының қақ ортасынан табылды.

Т.Жүргенов бала кезінде өте алғыр, зерек, шыншыл, білімқұмар болған. Ол ауыл молдасы Қауынбай, Мұхамбетжандардан дәріс алған. Кейін шығыс тілінің білгірі Тұрмағамбет Ізтілеуовтен дәріс алған. 1909 жылы Аламесек орыс-қазақ бастауыш мектебіне оқуға түсіп, оны 1913 жылы бітіріп шығады. Мектеп бітірген соң 1913 жылдан бастап Крылов, Некрасов шығармаларын қазақ тіліне аударып бастайды. Ұлы сатириктерге еліктеп, «Переводчиктің қиялы» деген алғашқы сатиралық өлеңін де жазған:

Біздің ындын тоят деп,  
Еш уақытта ойлама.  
Кете береді, кете береді  
Сиятұғын жерім кең.  
Жұрт не десе, о десін,  
Өз пайдамды енді мен үйренбеймін ешкімнен,  
Бұрынғы ханзада, би, төре  
Келмес енді маған тең.

Сөз қадірін білетін, сөз баққан ортада өскен Т.Жүргеновтың «Ұшқын» газетінде жарық көрген «Переводчиктің қиялы» атты сықақ өлеңі бала жігіттің сөз өнерінде қара жаяу еместігін бірден танытты. Абайдың «Болыс болдым, мінеки» өлеңінің үлгісінде жазылған бұл сахналық интермедия қазақ әдебиетіндегі сатиралық монологтардың алғашқы үлгілерінің бірі болып саналады. «Переводчиктің қиялы» қазақ сахнасының майталманы Серке Қожамқұловтың репертуарынан ұзақ жылдар бойы тұрақты орын алып келді [1].

Ал 1924 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының №4 санында жарияланған «Меруерт» әңгімесі ХХ жылдардағы ұлттық прозамызда өз кезеңіндегі ең өзекті, ең көкейкесті тақырыптың бірі - әйел теңдігі мәселесіне арналған. Кейіпкерлер тағдырының ұқсастығы, тақырып ортақтығы және кейбір суреттеу тәсілі жағынан «Меруерт» М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесімен үндес: «Меруерт биыл он үш жасында осы Әбілқасымға үшінші күйеуге беріліп отыр. Алғаш берілген жері керей Бейсенбай болатын. Жасы 50-ден асқан кісі. Екі қатыны өліп, Меруертті үшіншісі ретінде алған. 12 жасында Бейсенбай келіп

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

айттырып, «дәрет суымды жылытып беріп, әйтеуір қарасын болып, қойнымды жылытып жатса болды-дағы» деп алып еді. Жарты жыл отасып тұрған соң Бейсенбай өлген. Меруерттің Сағынбай деген немере ағасы барып үйіне алып келді». Ол оны сюжетті өмірде жалт еткен бір сәттік оқиғаға, яғни метонимиялық принципке құрады. Бұл жағынан әңгіменің новеллалық сипаты басым [2].

Қайраткер 30-жылдар басында әдеби сын мақалалар жазуға, соның ішінде театр сынына көбірек көңіл бөлген. Бұл өреде Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» пьесасының алғашқы қойылымына арналған «Ушуға» рецензиясын атап айтқан жөн. Автордың пайымдауынша, ендігі жерде әдебиетке Меруерт тәрізді шарасыз бейнелер емес, Шұға сынды сындарлы, рухты, кесек образдар қажет. «Өнер өнер үшін емес, өнер әлеуметтің мұң-мұқтажына, арман тілегіне қызмет көрсетуі тиіс!» - дейтін өзекті ой Темірбек Қараұлының қаламынан қорытылып шыққан. Содан кейін «О пьесе «Хан Кене» и ее критиках» мақаласында жалғасын тапты. 1928 жылы жазылғанымен, содан бергі уақытта сахналауға рұқсат берілмей келген М.Әуезовтың «Хан Кене» пьесасын алғаш драма театры репертуарына енгізген – Т.Жүргенов. Қойылым 1934 жылы мамырда қойылды. «Хан Кенені» тірілткен Темірбек Қараұлы – өзінің тарихи принцип көзқарасын әдеби мұраны игеру ісіндегі тарихи сабақтастық принципіне ұластырған сыншы.

«Қазахский перевод» Шахнаме» атты көлемді мақаласы автордың осы өредегі көзқарасын толық танытты. Фирдаусидің туғанына 1000 жыл толуы қарсаңында оның мәңгі өлмес мұрасы – «Шахнама» дастанын қазақ топырағында бірінші болып аударған Сыр бойының білімдар ақыны Молда Ораз нұсқасын ел ішіндегі бір қарапайым шаруаның қолынан таптырып алдырған Т.Жүргенов дастан жөніндегі алғашқы әрі күні бүгінге дейін біздегі бірден-бір толымды зерттеу болып саналатын көлемді еңбекті жазды.

Т.Жүргенов өзінің сыншылық-зерттеушілік еңбегінде жекелеген шығармаларға ғана көңіл бөліп қоймай, әдебиетіміздің зәру мәселелері бойынша перспективалық бағыттарды белгілеп, әдебиет тарихындағы кесек дәуірлерге баға беріп отырған. 1925 жылы Ташкентте қызметте жүріп тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мақалалардан «Терме» деген жинақ құрастырды. Оған Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов т.б. авторлардың шығармаларын кіргізіп, Шернияз, Едіге, Базар жырау т.б. туралы құнды мәліметтер берген.

Темірбек Қараұлының «Жерұйық» атты мақаласында («Қазақ әдебиеті», 1936 ж. 10 шілде) Асанқайғы, оның идеясына алғашқылардың бірі болып толымды баға бергенін атап айтқан жөн. Асан қайғы жөнінде зерттеу жұмыстары 1930 жылға дейін тоқтап қалған еді. Т.Жүргенов мақаласы тоқырап қалған сол іске жаңадан серпін берді. Автор халық аңызы жасаған Асанқайғы бейнесі белгілі бір дәрежеде тарихи Асанның кейпі, ол XIV ғасырда қазақ халқының жазба тарихы жасала бастаған дәуірде өмір сүрген деген ой айтты. Кейінгі зерттеулер оның бұл пікірінің дұрыс екендігін көрсетті.

Темірбек Жүргенов – 30-жылдары А.Пушкин шығармашылығына да баға берушілердің бірі. Орыс ақынының дүниеден өткеніне 100 жыл толуы қарсаңында жарияланған «Орыс халқының ұлы жазушысы және қазақ халқы» деген көлемді мақаласында Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аудару дәстүріне тоқталған. Осы орайда, оның Абай үлгісіне берген бағасы биік. сыншы орыс ақыны мен қазақ ақынының ақындық қуаты мен поэзия өрнегіндегі ұқсастықты нақты мысалдармен көрсетеді.

Т.Жүргенов мұрасындағы «Қазақстандағы мәдениет революциясы» деп аталатын көлемді еңбегінің орны бөлек. Бұл мақалада Қазақстан мәдениетіне жан-жақты сараптама, талдау жасалады, мәдениетті дамытудың жолдары, қағидалары, мәселелері т.б. дайында айтылады. Мақаланың өзегі ұлттық әдебиет пен өнерді, тілді, өнер түрлерін социалистік қоғам жағдайында қалай дамытамыз деген мәселенің өткір қойылуына арналғаны үлкен парасаттылықтың, саяси белсенділіктің жемісі екенін айтуымыз керек. Автор осы



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Журганова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

мақаласында тіл мәселесіне қайта оралып, бұрын айтқан ойларын нақтылай түседі: «Қазақтың әдебиет тілін, білім тілін тудыру жөнінде біздің негізгі мақсатымыз – сол тілді көпшілікке барынша ұғымды қылу, сол тіл арқылы өнер біліміне, техникасына ие қылу». Мұндау толғаулы ой, толымды пікірлердің дер кезінде айтылуы, айтылып қана қоймай, іске асуы, осы бағытта сан-салалы жұмыстардың жасалуы Т.Жүргенов тұлғасын үстем ете түсетіні анық. Мақаладағы «Қазақ тілінің өзін білу – үлкен мәдениет. Құр аты қазақ, туысы қазақ дегеннің барлығы мұны біле бермейді. Білем деушілер тіл ілімін өркентетудің орнына кесірін тигізсе, ол біз үшін білгендік емес» деген жолдардағы айтылған ойлар, тұжырымдар күні бүгін де өз мәнін жойған жоқ [3].

Қазақ әдеби тілі, қазақ тілінің терминологиясы деген мәселелерде Т.Жүргеновтың А.Байтұрсынұлы жолын ұстана отырып, «Қазақ тіліндегі терминология мәселелері», «қазақ әдеби тіліндегі келеңсіз жағдалар» деп аталатын еңбектер жазғаны қазақ тіл білімі ғылымының өсіп-өркендеуіне, дамуына қомақты үлес болып қосылғандығын айтпау күнә. Ағартушылық білім жүйесімен шектеліп қалмай, руханият дүниесін түгендемесе, мемлекет үлкен табыстарға, жетістіктерге жете алмас еді. Осыны түсінген Т.Жүргенов әдебиет пен өнердің дамуын дамуын назардан тыс қалдырмады. Барша жақсы істің, игілікті жұмыстардың бастамашысы бола білген Т.Жүргенов қазақ әдебиетін дамытуға да мемлекеттік тұрғыдан жанашыр бола білді. Т.Жүргеновтың мәдениет пен өнерге арналған мақалалары, еңбектері, баяндамалары оның қазақ мәдениетінің шын реформаторы болғанын сөзсіз дәлелдейді.

Темірбек Жүргенов есімі мен еңбегі ел тарихында мәңгіге қалды. Оның салдырған университет, институттарынан мыңдаған жас білім нәрімен сусындады. Соның арқасында сан салада өз ісінің кәсіби шеберлері қалыптасты. Халық ағартушысы өз жұртын білімді әрі білікті болуға баулыды. Оның ұстанымы өте қарапайым «Адал еңбек-алға жетелейді, тек жүріп те туған жеріңе игілікті іс қалдыр» - дейді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ұшқын , 1920 ж.
2. Қызыл Қазақстан , №4, 1924 ж.
3. Большевик Казахстана. 1935. № 4.
4. Казахстанская правда , 1934 ж., 21 маусым
5. Казахстанская правда, 1935 ж., 1 сәуір
6. Қазақ әдебиеті, 1936 ж., 10 шілде
7. Социалистік Қазақстан. 1937ж., 10 ақпан

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

## **ТЕАТР ӨНЕРІ - ӨТКЕН МЕН БОЛАШАҚТЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ**

**Хасиетова Ж.Ж.**  
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**  
**Алматы қ-сы, Қазақстан Республикасы**  
**Ғылыми жетекші – философия ғ.д., профессор Исмагамбетова З.Н.**

### **Abstract**

Today our country lives in a completely new political, economic, cultural and social space. In the way of life of people of the 21st century, several urgent problems have come to the fore. First of all, care about life. Secondly, the information front, which takes up a person's time. Theatrical art has much to offer humanity living in such a turbulent time. This scientific article proves that through theatrical art, looking back at the past helps to learn from it and take a firm step into a brighter future.

Өркениетті ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп тек өзінің төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады», деген Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы сөзін негізге алсақ, төл мәдениетімізді һәм ұлттық өнерімізді ұлықтауда әсіресе «қыздың мөлдір көз жасындай сұлу өнер» – театрдың алар орны айрықша. Өйткені театр – ұлттың айнасы, ұлттық рухтың жаршысы.

Театр өнері белгілі бір қызмет түрі ретінде де, белгілі бір "тұтыну өнімі" ретінде де адамзат мәдениетінде сан ғасырлар бұрын қалыптасқан өнер түрі. Барлық мәдениеттерде, барлық қауымдастықтарда және барлық уақытта театр үлкен сынға ұшыраса да, ол әрқашан мәдениеттің бір бөлігі болды. Бұл, біріншіден, оның пайда болуы мен болмысының маңыздылығын көрсетеді, екіншіден, белгілі бір дәрежеде театрдың алдағы мәдениеттер үшін де қызмет ететіне кепілдік береді. Театр, өнердің басқа, кең тараған түрлеріне қарағанда – көркем әдебиет, музыка, кино сынды салаларды қамтып, әлеуметтік маңыздылығы жоғары руханият ордасы. Расымен де, театр қоғамсыз өмір сүре алмайды, себебі ол көрерменге тәуелді, ал көрермен үшін театр өмірлік сұрақтарға шешім таба білетін жоғарғы тенденция.

«Кез келген халықтың мәдени рухани саладағы басты байлықтарының бірі – театр өнері. Бұл бүгінгі тәуелсіз Қазақстандағы театрларға да тікелей қатысты. Яғни өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан бастау алатын қазақ ұлттық театр өнері содан бергі кезеңде қалыптасу мен дамудың ұзақ жолынан өтіп, өркениетті елдердегі сахна саңлақтарымен терезесі тең тұратындай дәрежеге жетті. Театрларымыздың мұндай биікке көтерілуіне ұлттық драматургия өкілдерінің, яғни қазақ қаламгерлерінің қосқан үлесі ұшан теңіз. Бұл ретте Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов сынды ұлы тұлғалардың есімі бірінші кезекте ойға оралады. Қазақ театр өнері осы қаламгерлеріміздің көркемдік дәрежесі жоғары драматургиялық шығармаларының арқасында ғана шеберлік шыңына көтеріліп, көрермен қауымның ризашылығына бөленді...», – дейді драматург Сұлтанәлі Балғабаев. [1, 5 б.]

Біздің еліміз сан ғасырлық тарихында кездескен ауыртпалықтар мен қиыншылықтарға қарамастан өзінің мәдени ерекшелігін сақтай алды. Ал Тәуелсіздік жылдары біз мәдени іргетасымызды одан әрі бекіте түстік. Бүгінгі таңда Қазақстанда барлық ұлттардың өкілдері өздерінің ұлттық өнерін дамытып, насихаттай алады. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларында ұлттық тарих пен мәдениетін білетін, сыйлайтын, өткенімен мақтанып, бүгінгі күнін бағалайтын, болашаққа оң көзраспен қарайтын ел үлкен жеістіктерге жететіні баса айтылған. [2, 3 б.] Ұлы далада өмір сүрген



Әлемдік өркениетке өз үлесін қосқан тарихи тұлғаларды ұмытпай, олардың есімін, жасаған ерлік істерін, бүгінгі күні біздің бейбіт өмір сүруімізге, бақытты да білімді ұрпақ тәрбиелеуімізге қосқан үлесін сақтай отырып дәріптеуіміз керек. Ұлттық рухымыздың қайнар көзі саналатын театр өнері қазақ елінің ұлы тұлғаларының бейнесін сахнаға шығаруда үлкен мән береді. Осыдан ұлттық мүдде мен мақсат тоғысқан, ел идеологиясы қалыптасқан мемлекеттік саясатқа театр өнерінің де қосатын үлесі зор екенін аңғаруға болады. Еліміздің театр репертуарлары ұлттық және әлемдік классиканың жауһарлары, бүгінгі драматургияның озық туындылары азаматтардың рухани-адамгершілік бағдарларын, қазақстандық жаңа отансүйгіштік пен орнықты құндылықтар жүйесін қалыптастырудағы ролі үлкен. Осы орайда, тарихи-патриоттық тақырыптағы қойылымдарға көз жүгіртіп, олардың берер тәлім тәрбиесі жайында талдау жүргізгеніміз жөн болар. Атап айтқанда, Т.Жаманқұловтың «Томирис», Қ.Жүнісовтың «Ұлтқа қызмет» спектакльдері.

Қазіргі кезеңдегі Қазақстан театр мәдениетінде тарихи спектакльдердің алатын орны зор екені байқалады. Талданған қойылымның халықтың патриоттық сана-сезімін көтерудегі ролі мен міндеті айқындалды. Томирисінің іс-әрекеті, күресі, сол тұстағы ел тұрмысының реалистік бейнесі, әдеби шындық пен тарихи шындықтың тұрғысынан алып қарағанда, бұл пьесаның қазақ драматургиясына, театр өнеріне қосылған өзіндік орны бар туынды. Сондықтан да «Томирис» қойылымы ұлттық театрдың даму процесіне қосылған қомақты дүние деп тұжырымдағанмыз дұрыс болар. Тұңғышбай Жаманқұлов 2000 жылы Қазақтың М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында қойған драматург Шахмарденнің «Томирис» трагедиясының да басты идеялық нысанасы – халықтың ғасырлар бойы аңсаған азаттық пен бостандық жолындағы күресі. Режиссер халқымыздың көне замандағы ерлік істерін шынайы бейнелеген. Пьесаның мазмұнына, автордың ойына терең бойласақ, мұнда біздің бабаларымыз – сақтардың еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі, ішкі-сыртқы жауға, қанаушылыққа қарсы күресі, әділет үшін айқасы суреттелген. Ежелден келе жатқан бақталастық пен билік, құмарлықтың нәтижесінен тайпа тайпаға бөлінген ұлы Тұран даласының сол кездегі әлеуметтік жағдайы тарихи дәлдікпен көрініс тапқан. Шығармада негізгі идея ел тағдыры, жер тағдыры болғанымен басты кейіпкерлердің жеке тағдырлары да кең қамтылған. Халқының бостандығы жолында жеке басының бақытын құрбандыққа шалған сақ патшайымы Томирис бейнесін сомдаған Дария Жүсіптің бойында батырлық пен сұлулық бірдей тоғысқан.

Сахнаның бүкіл кеңістігін пайдаланған сценографиялық көркемдік, актерлер ойынындағы салтанатқа лайық астамшыл, өршіл пафос спектакльге эпикалық тыныс беріп, тарихи оқиғаның маңызын аспандатып тұр» [3, 5-6 б.], – деп өнертанушы

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

М. Жұмабаева жазғандай режиссердің шығарманың ұлттық бояуын, патриоттық сезімін орынды пайдалануы туған жері мен елін сүюге тәрбиелейтін саясиәлеуметтік мәні үлкен, нағыз патриоттық рухтағы спектакль жасауға жетеледі.

Қазақ драма театрының «Томирис» спектаклінің патриоттық рухты дәл сипаттайтын, ерлік-елдік сезімдерді оятатын қойылым болып шыққаны анық. «Томирис» – сақ дәуіріндегі қазақ халқының қаһармандық айбыны мен патриоттық сезімінің бірігуі арқылы бүгінгі ұрпақтың да мықты асулардан қаймықпай өте алатындығын сезіндіретін қойылым. Сондықтан еліміз ертеңіне сеніммен қол созған егемендік тұста қазақ халқының ерлік қасиеттерін бейнелейтін тарихи тақырыпты бұрынғыдан да терең жаңғырта түсу раматургтер мен сахна шеберлері үшін үлкен міндет болу керек.

Алаш тақырыбы бүгінгі театр репертуарында бірлі жарым көтерілгенімен, жалпы әлі игерілмей жатқан тың аймақ. Жиырмасыншы ғасыр басындағы осы бір күрделі кезеңдерден



сыр шертетін Қ.Жүнісовтің «Ұлтқа қызмет» деректі-көркем драмасы ел мен жер тұтастығын сақтау жолында құрбан болған зиялы қауым өкілдері Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш арыстары өмірінің бір парасынан сыр шертеді. Ұлт ретінде жойылмаудың басты амалы – кең байтақ жерімізді сақтап қалу екендігін жақсы ұққан Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаев, Міржақып Дулатұлы, Жаһанша Досмағамбетов, Хәлел Ғаббасов сынды азаматтардың сахна төріне көтерілуі – өткен тарихымыздың ақтаңдақ тұстарын толықтырып, қайта қарауымыздың нәтижесі болып отыр. Кеңестік кезеңді бедерлейтін бұған дейінгі пьесаларда қазақтарды

мал соңында жүрген жабайы халық деп менсінбейтін билік өкілдерін көріп келдік. Ал Қ.Жүнісовтің пьесасында Сталин мен Лениннің аузында «бұратана» деп жүрген қазақтардың оқыған, көзі ашық сауатты өкілдері бар, мықты халық екенін мойындап және содан бойларын билеген қорқыныштың бар екенін көрсетті. Сахнадан айтылып жатқан әрбір сөз патриоттық сезімді оятып, арқаландырып жіберуге бағытталған. Пьеса сөз әрекетіне құрылып, үндеу сарында жазылған. Сахнадағы әрекеттің өте аз болуы актерлердің бейне сомдауына үлкен қиындықтар тудырған. Дегенмен режиссер сценографиялық безендіру мен көпшілік сахналар арқылы өзіндік ойтұжырымын жеткізуге ден қойған. Өлім жазасына кесілген Алаш арыстарын ату сахнасы үйлесімді, көркем шешім тапқан. Орға өзіміз жығып берген қазақтың ұлы азаматтарын бүгінде тарих қойнауынан шығарып, ұлықтап жатқанымызды да, тізерлеп отырған жерлерінен ән ұранның шырқалуымен



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Журганова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

тұрғызу арқылы режиссер орынды жеткізе білген.

Қорытындылай келе, қазіргі қазақ театрларының ең үлкен жетістігі – тарихи тақырыптар мен тұлғалар бейнесінің сахнада жаңаша түлеуі дер едік. Атап айтсақ, дербес ел болып танылып, ұлт болып сақталуымызға асқан қайраткерлікпен, көреген көсемдікпен өмірін арнап, еңбек еткен хандарымыз бен батырларымыздың, билеріміз бен сұлтандарымыздың, ғұлама ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің, Алаш арыстарының бейнесі сахнада объективті бағаланып, жаңа қырынан көріне бастады. Сахналық бұл қойылымдар қазақ халқы үшін, өткенге сыр шертіп, ұлттық құндылықтарымыз бен тағылымы терең ойлардың жаңғыруына және болашаққа нық қадам басуға септігін тигізеді. Себебі ұлт тарихы мен мәдениетін, өнерін қастерлемеген ұлттың болашағы бұлыңғыр. Осы орайда театр өнері-өткен мен болашақтың алтын дінгегі болмақ.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Балғабаев С. Қайда барасың, қазақ театры. Публицистикалық мақала. Алматы, 2015. – 5 б.
2. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы.
3. Жұмабаева М. Ұлы құрбандық // Егемен Қазақстан. – 2001. – 5 – 6 б.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургунова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

## СЕКЦИЯ 1

### **«ТЕМІР НАРКОМ» АТАНҒАН Т.ЖҮРГЕНОВТІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ: ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ҒАЛЫМ, ПУБЛИЦИСТ, АУДАРМАШЫ, ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ БІЛГІРІ, ДАРЫНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ**

#### **ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ, МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕРДІҢ, ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ КЕМЕЛДЕНУІ**

*Абишева Р. Б.*

*Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
ғылыми жетекшісі - өнертану мамандығы бойынша PhD Нурсолтан Е.*

#### Abstract

Temirbek Karauly Zhurgenov is an outstanding statesman and public figure who has made a great contribution to the development of culture, literature, and art in the country. The name of Temirbek Karauly is known not only to the Kazakh people, but also to all Turkic peoples, is common to Central Asia and Kazakhstan.

Ұлт болып қалыптасқалы қазақ халқының оқу ағарту ісінің дамуына атсалысып қоғам ағартушылары көптеген еңбек жазды. Бүгінгі ұрпақтың білім деңгейін көтеріп, ұлтқа адал қызмет етуіне орасан зор еңбек сіңірген тұлғалардың бірегейі қоғам және мемлекет қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргенов қалың халықтың мұң-мұқтажын бірге жоқтап, қоғам ісіне етене араласқан кемеңгер тұлға ретінде елдің есінде қалды. Қазақтың төл мәдениетін қаз қалпында сақтауға, өнеріміздің өрлеуіне толассыз үлес қосқан азаматтың руханият тарихында алатын орны айрықша. Ұлтына келгенде қабырғасы қайысатын Темірбек Қараұлы Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары қызметінде тек басшы болып қана қоймай, ұлты үшін батыл қадамдарға барып, ұлттық сананың өсуіне орасан еңбек сіңірген ұлт перзенті ретінде тарихта қалды. Жарыққа шыққан энциклопедиялық еңбектерде халық комиссарының Орталық Азия және Қазақстандағы мәдениет пен өркениет тарихын бірінші болып зерттеп, еліміздегі мектеп жүйесіне қазақ орта мектептерінің санын көбейту туралы қаулы қабылдағаны айғақ. «Мен бұл есімнен хабарсыз емес едім. 30-жылдардың әдебиеті тарихын зерттеп жүргенде, әдебиетпен тікелей байланыста дамитын мәдениет мәселелеріне назар аударғам. Жүргенов есімімен де талай кездескем. Қазақстандағы оқу жүйесі мен мәдениет саласына үлкен еңбек сіңірген, дәстүр мен мәдениеттің ұлттық сипатын жарқырата көрсетуге ұмтылған үлкен қайраткер екенін ұққам» дейді академик С. Қирабаев «Темірбек нарком» атты мақаласында. [1, б.1] Осы пікірден кейін Темірбек Жүргеновті білім мен мәдениет саласын бөліп жармай бірдей еңбек еткен тұлға деп қарауға болады. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы қазақ жеріндегі оқу-ағарту жұмысында орын алған барлық оң өзгерістерге тікелей атсалысты.

Темірбек Жүргеновті қазақ халқының мүддесіне адал қызмет еткен, ағарту саласында аты ерекше аталатын тұлға, ұстаз екенін жоғарыда айтып өттік. Ол студент кезінен бастап оқу-ағарту ісімен етене айналысып, мемлекеттік қызметтерге ерте араласып, еліміздегі бірнеше жоғары оқу орындарында басшылық етті. Атап айтсақ, 1927 жылы ашылған тұңғыш қазақ педагогикалық институты яғни, қазіргі Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры болды. 1934 жылы Тау-кен институты, Қ. Сәтбаев атындағы

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Ұлттық техникалық университеті мен Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетін ашылуына мұрындық болды. 30-шы жылдардың басында ұлттық білім мен өнерді бір жолға қойып, көптеген мектептердің бой көтеруіне себепкер болды. Ұлтымыздың қалыптасу жолында өте маңызды орында тұрған оқу-ағарту ісіне байланысты жоғары оқу орындарына арналған саяси, құқықтану, экономия пәндері бойынша кітаптарды қазақ тіліне аудартты.

1934 жылы Халық өнер қайраткерлерінің I слетін өткізіп, Қазақстан Орталық Комитетінде «Музыкалық театрларға кадрлар даярлау туралы іс – шаралар» мен «Ұлттық өнерді дамытуға байланысты іс – шараларға» қатысты екі қаулыны қабылдауға тікелей атсалысты. Аталмыш қабылданған қаулылардан кейін Халық ағарту комиссариаты жанынан музыкалық студия ашылып, 1934 жылдың 13 қаңтарында қазіргі Абай атындағы опера және балет театры «Айман – Шолпан» қойылымымен шымылдығын ашты. Ұлттық өнер мен мәдениет саласының үздік мамандарын даярлауға септігін тигізді.

Қазақ өнеріне қатысты көптеген мақалалар жазып енді ғана іргестасын қалаған театр өнерінің дамуына арнайы көңіл бөлді. Қазақ тілінің жанашыры Темірбек Жүргеов қазақ тілінің тазалығы туралы сүбелі ойлары, оның ішінде терминологияға қатысты ұсыныстары орынды болды. Қайраткер қазақ әдеби тілінің бұзылуынан сақтандырды. Қазақ халқына қатысты кез келген саласы болмасын аямай тер төккен қайраткеріміздің ұлтымызға сіңірген еңбегі ұшан-теңіз екені осының айғағы іспеттес. Орыс халқының құрамында болған қазақ халқының сол кездегі өзекті болған тіл мәселесіне айрықша назар қойды.

Темірбек Жүргенов қаламы қарымды, тұжырымдары терең публицист болған. Оның «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары», «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Саяси экономия» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою» кітаптары бүгінге ұрпаққа өшпес мұра. Темірбек Жүргеновтің шығармашылық туындыларының ұлттық мүдде мен ұлттық ой-сана туралы еңбектері сан алуан. Қалам тартқан мақалаларында қазақтың сана биігіне көтерілуіне деген құлшынысы ерекше болғанын аңғару қиын емес. «Ұлттық сананың ең негізгі белгісі - әр ұлттың өзін-өзі танып-білуі, өзін өзге ұлттардан айыра білуі, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді іске асыру үшін күресу, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді бүкіл адамзаттың мақсаттары мен мүдделеріне ұштастыра білу», деген ойына үңілсек, қайраткерлігінен бөлек жазушылық қырында байқауға болады. [1, б.1] Ұлттық сананы оятуға ағартушылық қырынан қарап, әдеби тәсілдерді байыпты қолдануға болатынынан хабардар етті. Темірбек Жүргеновтің халықтың ұлттық таным көкжиегін кеңейтуге қосқан елеулі еңбегі деп «Қазақстандағы мәдениет революциясы» атты мақаласын атауға болады. Өмірінің соңына дейін ұлт мәдениетінің жай-күйін алаңдап, оның өрісін кеңейтуге тырысты. Идеологиялық ұғымында «Қазақстан дегеніміз - Октябрь революциясы туғызған еңбекші қазақ елі, сол қазақтың жері, сол қазақтың ұлты» [1, б.2] Алмағайып заманда өз көзқарасынан айнымай, басына қандай қауіп төнсе де ұлттық сананы дәріптеумен болды. Ел басына күн туып идеологиялық құрсауында болған халықтың ұғымына қарай топтастырды.

Өткен тарихымызға көз жүгіртсек, өнер саласына байланысты ой толғамдары бүгінгі ұрпаққа өнеге. Ардақты азаматтың: «Искусство дегенде қазақта жалғыз домбыра болатын. Оның өзі де қадірсіз болушы еді. Домбыра ұстаған адам сүтке тиген күшіктей болып, домбырасын қолтығына тығып жүруші еді. Домбыра ұстаған жыршының - искусство адамының хан-төреге, байларға тек ермек, мақтау үшін болмаса. шынында қанша қадірсіз болғанын Абайдың өлеңдерінен де көруге болады», — деген ойы осыған саяды. [1, б.2]

«Темірбек Жүргенов – реформатор. Оның бір ғасырдан бұрын таратқан ілімі, реформаторлық идеялары тек қазақ халқы үшін ғана емес, халықаралық ғылыми кеңістікте, әсіресе түркі әлеміндегі гуманитарлық ғылымдарда күні бүгінге дейін мәнін жоғалтқан жоқ» [1, б.2] Нардай тұлғаның өзінің туған халқы үшін жасалған таудай жұмыстарын насихаттау,

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

өскелең ұрпаққа ұлықтау парыз. Себебі, азғантай ғана ғұмырында көптеген орны толмас жұмыстар атқарып, текті ұрпақтың теңдесіздігін көрсетті, оны өнегелі өмірі, ұлтына шексіз сүйіспеншілігі бүгінгі ұрпақ үшін еліне аянбай қызмет етудің жарқын үлгісі болары анық.

Темірбек Жүргенов текті отбасыдан шыққан тәрбиелі жандардың ұрпағы. Жастайынан бірнеше тілдерде білім алып мәдени руханияттан өнеге алып ер жетті. Әкесі Қара алғыр, ел бастаған ауқатты адам болған. Бала Темірбекте білімге күштар халық арасындағы көкейге тоқығанын жетілдіре білген, талапты, сауатты азамат болып өседі. Бала кезінен бойындағы табандылық, қайрат оны елінің болашағына тікелей араласатын жауапты қызметтердің тізгінін ұстауға, шығармашылық ізденісімен, іскерлігімен көзге түсуге септігін тигізді. Отансүйгіштігі мен қабілетінің арқасында университетті «Экономика» мамандығы бойынша бітірген Темірбек «КСРО мен Қазақстанды административтік және шаруашылық жағынан аудандастыру проблемасы» деген тақырыпта диплом қорғайды. Ол жұмысына Түркістанның орнындағы жаңа республикалардың шекарасын белгілеу туралы дәлелді ұсыныстарын білдіреді. Қазақ халқының тарихи, саяси-географиялық жағдайын нақтылап, халықтың ұлттық сипатын әспеттеп, Жетісу, Сырдария облыстарын Қазақстанға қосуда кездесетін мәселелерді шешудің жолын іздейді.

XX ғасырдың басында оқу ағарту ісі терең дағдарысқа ұшырап, халықтың басым бөлігі сауатты төмен болды, өйткені, көптеген балалар мектепке бармады, оның үстіне оқу орындары мен оқытушы мамандар тапшы болды. Халықтың оқу ағарту ісін көтеру қазақ зиялыларының алдында үлкен мәселелердің біріне айналды. Осы орайда, қазақ жеріндегі білім мен ғылымның қалыптастыру үшін мектептер, арнаулы орта, жоғары оқу орындарын ашуда Темірбек Қараұлы Жүргеновтың алатын орны ерекше. «Бүкілодақтық атқару комитетінің 1918 жылғы 16 қазандағы «Бірыңғай еңбек мектебі туралы» Ережесіне сәйкес бұрынғы бастауыш училищелердің, гимназиялардың, реалдық училищелердің және басқа да оқу орындарының орнына 2 сатыдан тұратын бірыңғай еңбек мектебі бекітілді: оның біріншісі 8-ден 13 жасқа дейінгі, екіншісі 13-тен 17 жасқа дейінгі балаларға арналды [2, б.386]. Мектепте білім беруде қажетті материалдық базаның болмауынан бір орында қалды. Мұғалімдердің жетіспеуінің себебі Қазақстаннан басқа елге барып оқып жатқан азаматтар елге оралмай білім алған елінде маман ретінде қалып қойып жатты. Осыған байланысты Темірбек Жүргенов 1926 жылы «Советская степь» газетіне жазған «Қазақстанда жаңа педагогтық жоғары оқу орнының міндеттері» деген мақаласында маман даярлау мәселесін алға тартады, оның ішінде ұлттық кадрлар даярлау ісіне баса назар аударған. Оның пікірінше қазақ мектептерін көбейту, сапасын жақсарту, түптеп келгенде қазақ халқын білімсіздік шырмауынан алып шығуға салынатын баспалдақ, көпір деп көрсетеді [3, б.25] Қазақ университетін құру, мектептің түрі, тілі туралы жаза келіп аудандағы мектептер жайын қозғайды. Білім ордалардың жұмысы тек ауылдық жерде ғана тоқтап тұрғандықтан, оқу жұмысын бір жолға қоюды тексеруді қолға алды. «Мектептің түрі, тілі» деген өзекті мәселе Қазақ жерінде орналасқан кез келген оқу орындарында болды. «Біздің республиканың оқу жолындағы бар жұмысы жалғыз бастауыш, орта мектептермен бітпейді. Біздің оқу жолында көздеген нысанымыз – қазақ еңбекшілерін жалпы мәдениетке жеткізу. Олай болса, бастауыш және орта оқумен қатар жоғары оқу жөнінен де қам қыла отыруымыз керек. Мұнан Қазақстанда жалпы оқу жұмысы қалай қойылуы керек деген сауал туады. Қазақ еңбекшілерін жалпы мәдениетке жеткізу деген не? Ол барлық жер жүзіндегі өнер білімді қазақ тілінде оқитын етіп, халыққа жеткізу деген сөз. Олай болса, бізде бастауыш та, орта да, жоғарғы да оқу орындары өз тілімізде болуы керек. Оқу орындарының барлығында да оқу қазақша болғанда барып, жер жүзінің өнер біліміне қазақтың қолы жетеді» деп жазды. [4, б.439] Қазақстандағы білім саласының келешегіне алаңдаған Темірбек Жүргеновтің 1930-шы жылдары 4000 мектеп салдырып, жоғарғы оқу орындардағы кезек күттірмейтін



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

мәселесін зерттеуде белсенділік танытты. Қазақстан партия комитетінің 1933 жылғы VI пленумде Л.Мирзоян бастаған Қазақстан партия комитетінде мектеп туралы төмендегідей қаулы қабылданды. «Төменгі дәрежелі мектептер нығайып жеткенше, 4,7,10 жылдық мектептермен қатар орта және жоғарғы дәрежелі мектептерге қазақтан оқушылар әзірлейтін арнайы курстар ашылсын, бастауыш, орта мектептердің оқуын толық бітірмей жатып, оқушыны басқа жаққа таратып алатын әдет біржола жойылсын деген ой айтады. Қалыпты жүйедегі мектептерге түскен балалар сол мектепті бітіріп шығуға міндетті болсын. Қазақ мектептерінің жоғарғы кластары өсіп жетілгенше, техникумдар мен жоғарғы оқу орындарына қажетті оқушылар тиісті курстар арқылы әзірленетін болсын. Бұл курстарды техникумы немесе жоғарғы оқу орны бар мекемелердің өздері ашатын болсын. «Көшпелі, жартылай көшпелі аудандарда мектеп орналастыру ісі интернат арқылы ғана болуы мүмкін екендігі ескеріліп, 1934 жылғы бюджеттен бөлінетін қаржыға көшпелі, жартылай көшпелі аудандарда интернат ашу жұмысын іске асыру совнаркомға тапсырылсын» деп айтылды. [5, б.1]

Қазақстанда Темірбек Жүргеновтың халық ағарту комиссары қызметінің нәтижесінде мектептер мен мәдениет үйлерінің саны артып, орта білім беру мәселесі бір жүйеге келтірілді. Мектептегі білім мен тәрбие жұмысы және «Дүмше молдалар» туралы мақаласында: Мектепте жақсы тәрбие беру деп осы тілектерді орындағандарды айтамыз. Оқу жұмысынан тәрбие ісін, тәрбие ісінен оқу жұмысын айыруға болмайды. Былайша айтқанда, баланы жақсы оқытқан мектепте тәрбие жұмысы да жолға қойылған болады - оқу жоқ жерде тәрбие жоқ. Оқу тәрбие үшін керек, тәрбие оқу үшін керек. Оқутәрбие жұмысына жауап беретін мұғалім, мектеп бастықтары: мектеп бастықтары жақсы жерлерде оқу жұмысы да, тәрбие жұмысы да жақсы, өйткені ондай мектептерде оқу қызықты болады, балаларды өзіне тартады. Сабақты қызықты қылып, балаларды қызықтыру үшін мұғалімнің өзінің білімі болуы керек, сабаққа жақсы әзірленіп келуі керек. Қазақстанда қазір 22 мыңға тарта мұғалім бар, 8 мыңға тарта мектеп бастықтары бар. Бұлардың көпшілігі міндеттерін айтарлықтай жақсы атқарып отырады. Мұғалімдердің ішінде ауыз толтырып айтарлық, әр адам үлгі аларлық жасы да кәрісі де бар [7, б.1] - деп жазады. Сол кезеңдегі оқу мен тәрбиенің, білім берудің жақсы жолға қойылып, қалыптаса бастағанын сипаттайды. 1937 жылы балаларды бастауыш оқумен (біліммен) қамтамасыз ету 96 пайызға жетті. Ұлы Отан соғысының қарсаңында республикада 7,5 мыңнан аса мектеп жұмыс істеді, соның ішінде бастауыш мектеп 5,2 мың, орталау мектеп 1,7 мың болды. Осы мектептерде 1 млн-нан астам балалар, солардың ішінде 1-4 сыныптарда 372 мың, 8-10 сыныптарда 62 мың оқушы оқыды. Жалпығы міндетті оқуға жататын мектеп жасындағы балалар 98,9 пайыз оқумен қамтылды [2, б.387]

Зұлтатты заманның құрығына ілініп «халық жауы» атанған кесек тұлғамыз 1937-1938 жылдары жазықсыз жапа шегіп, 1957 жылы 18 сәуірде КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы Темірбек Жүргеновті толық ақтады. 1993 жылы Алматыдағы Қазақ ұлттық өнер академиясына Темірбек Жүргеновтің есімі берілді. Қазақстанның көптеген қалаларында Темірбек Жүргеновтің есімімен аталатын мектептер мен көшелер бар. Көрнекті мемлекет қайраткері Темірбек Жүргеновтің туғанына биыл 125 жыл толуына байланысты Республика бойынша аталып өтіп жатыр.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. qamshy.kz
2. Қазақстан тарихы, «Атамұра»: 2010. -751 б.
3. Назарбаева.Г., Әбжанов.Х., «Қазақстан: тарих пен тағдыр», Алматы 2003, -296б
4. Иманғалиев Б.С. Темірбек Жүргенов (зерттеулер, мақалалар, құжаттар жинағы). Алматы: 2012, 439 б.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

5. Т. Жүргенов. «Об организации казахского госуниверситета», Советская степь, 1927, - 1 б.
6. Т. Жүргенов. «Мектептің түрі, тілі туралы». // Еңбекші қазақ, 1927, 7 наурыз. 1 б.
7. Т.Жүргенов Мектептегі оқу тәрбие жұмысы және «Дүмше молдалар»// Ауыл мұғалімі, №3, 1937жыл – 1 б.

## **АКТУАЛЬНОСТЬ ПРОГРЕССИВНЫХ ВОЗЗРЕНИЙ ТЕМИРБЕКА ЖУРГЕНОВА**

*Агзамова Шахзода*  
*Национальный университет Узбекистана имени Мирзо Улугбека*  
*научный руководитель - Хашимова Ф.У.*

### **Abstract**

The intensive development and expansion of interstate relations between Uzbekistan and Kazakhstan in recent years has had a positive impact on the development of the economy, science, education and culture of our countries. So Temurbek Zhurgenov followed his difficult path of self-determination. Already in childhood, Temirbek was distinguished by curiosity, erudition, and the desire for knowledge. Temirbek Zhurgenov's life path is closely connected with Uzbekistan. A young, ambitious young man with progressive views went to receive higher education in Tashkent. He entered the law faculty of Tashkent University, graduating with honors in 1926. It is here that his views on the future of Turkestan are formed.

Интенсивное развитие и расширение межгосударственных отношений между Узбекистаном и Казахстаном в последние годы положительно отражаются в области экономики, науки, образования и культуры наших стран. Этому способствовали встречи Президента Узбекистана Шавката Мирзиёева и Президента Казахстана Касыма-Жомарта Токаева, а также межправительственных делегаций обеих стран.

Результатом взаимовыгодного сотрудничества являются проведение совместных международных конференций в Ташкенте, Астане, Самарканде, Алматы, которые еще раз подтверждают, насколько крепки наши многовековые узы дружбы, добрососедства и взаимной поддержки. История и судьбы наших народов тесно переплетены, у наших стран глубокие общие корни, вместе мы решаем насущные вопросы.

Если бросить взгляд на историю наших братских народов, то конечно надо вспомнить о замечательном человеке, который многое сделал для радикального реформирования в области образования. Так Темирбек Жүргенов шел своим трудным путем самоопределения. Уже в детстве Темирбек отличался любознательностью, эрудицией, стремлением к знаниям. Это не осталось незамеченным его отцом, который всегда хотел дать своим детям достойное образование. Темирбека определили в двухклассное русско-казахское мужское училище. А потом была учеба в Уфимском землемерном училище. Позднее в жизнь юноши из Казахстана, как и в жизни миллионов жителей бывшей Российской империи, вмешалась Гражданская война. Она не позволила ему закончить учебное заведение. Но это не стало препятствием в получении образования. Уже в 1923 году Темирбек получил диплом журналиста.

Не случайно жизненный путь Темирбека Жүргенова тесно связан с Узбекистаном. Молодой, с прогрессивными взглядами амбициозный юноша отправился получать высшее образование в Ташкент. Он поступает на юридический факультет Ташкентского

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

университета, который закончил с отличием в 1926 году. Именно здесь формируются его взгляды на будущее Туркестана.

Темирбек отличался лидерскими качествами, его неиссякаемая энергия, желание изменить жизнь в лучшую сторону, сформировали будущего народного комиссара. Так еще в школе Жургенов всегда был в гуще всех событий, а в студенческие годы он с интересом ходил в театр, строил планы на будущее, мечтал о счастливой жизни своего народа.

Знаковым было и то, что, будучи студентом выпускного курса, Жургенов сам возглавил первый казахский вуз – Казахский педагогический университет.

На своем пути Темирбек Жургенов встретил очень много образованных людей, которые преопределили в какой –то мере его судьбу. Таким человеком был первый наставник Турмагамбет Изтлеуов. Как его учитель он и сам стал полиглотом. Он овладел шестью языками, среди которых узбекский и таджикский. Жургенов перевел на казахский язык произведение известного поэта древности Фирдоуси «Шахнаме». Именно знание нескольких языков во многом сыграло ключевую роль в карьере Жургенова, когда центральные власти искали человека, который смог бы легко общаться с местным населением в Узбекистане и Таджикистане. В 1929 году Жургенов был назначен на должность комиссара – министра финансов в Таджикской республике в. Но уже на следующий год его назначают на пост комиссара просвещения Узбекской ССР. На этом посту он проработал два года. За это короткое время в разных районах были открыты десятки школ, училищ, театров. Будучи молодым, инициативным Жургенов успевает сделать много. Радикально меняется в лучшую сторону образование будущих молодых республик. Позже его переводят в родной Казахстан. Дома он получает должность народного комиссара просвещения. Он всеми силами борется безграмотностью, ему предстоит открыть дорогу к знаниям жителям самых отдаленных аулов. В Казахстане по его инициативе стали открываться шестимесячные курсы начального образования. В столице Казахстана – Алма-Ате – за короткое время были построены 17 средних школ. Стали повсеместно издаваться учебники. Отрывались школы-интернаты, так называемые «кочевые школы». Здесь знания получали дети кочевников. В результате такой напряженной работы образование в Казахстане в эти годы получили около миллиона человек. Но, конечно же, только начальным и средним образованием дело не ограничивалось. Жургенов хотел создать систему высшего образования. Так, были открыты Казахский горно-металлургический институт (ныне Казахский национальный технический университет им. К.И. Сатпаева), ветеринарный институт и Казахский государственный университет им. С. Кирова (ныне Казахский национальный университет им. Аль-Фараби).

Но трагически заканчивается жизнь одного из лучших сынов казахского народа. В годы репрессий на Темирбека Жургенова открывают уголовное дело. Личные встречи с репрессированными представителями интеллигенции, ряд других обвинений хватало для того, чтобы объявить его врагом народа. 25 февраля 1938 года в Алма-Ате Жургенов был расстрелян. В 1957 году честное имя Темирбека Жургенова восстановили. Он был полностью реабилитирован. Сегодня его имя носит Национальная Академия искусств Казахстана, в его честь названы улицы в разных городах страны. История его жизни воплощена в театральных постановках. И главное, память о нем навсегда сохранена в истории казахского народа.

#### Список литературы:

1. Авлоний А. Туркий гулистон ёхуд ахлоқ. -Ташкент.: Ўқитувчи, 1992. -160 б.
2. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. –М.:Наука, 1977.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

3. Ёкубов И. Чет тилини ўрганиш, ўргатиш ва маданият. Чет тилини ўқитишда янги педагогик ва ахборот коммуникация технологияларидан самарали фойдаланиш масалалари Республика илмий-амалий конференция материаллари. Тошкент. 2014й 28 март.. 77-78б.

4. Сафонова В.В. Изучение языков международного обб. Гайбуллаев Н., Ёдгоров Р., Маматкулова Р., Тошмуродова К. Педагогика. Текст лекции. – Ташкент. 2002

## **ТЕМИРБЕК ЖУРГЕНОВ - БОРЕЦ ЗА НОВУЮ КУЛЬТУРУ**

*Ахметова М.Р.*

*Алматинский технологический университет, г.Алматы  
научный руководитель - лектор Смагулова Ш.К.*

### **Abstract**

The work is devoted to the bright and meaningful life of Temirbek Karaevich Zhurgenov, an active fighter for the establishment and strengthening of Soviet power in Kazakhstan, a prominent statesman, one of the first researchers in the history of cultural construction in the republic.

20-30-е годы XX века для Казахстана – период глубоких перемен в жизни общества, когда ломка сложившегося веками кочевого уклада привела страну к необходимости выбора новых путей развития. Этот выбор активизировал деятельность молодой, только еще складывающейся, интеллигенции в сторону прогрессивного развития экономики, науки и культуры. Ее представители не просто излагали свое видение процессов, которые формируют новую экономику и культуру, но и плодотворно участвовали в них. Алихан Букейханов, Турар Рыскулов, Сакен Сейфуллин и другие.

В этом ряду высокообразованных патриотов видное место занимал Темирбек Караевич Жургенов, который в 1926 году, будучи студентом 4 курса, стал директором первого казахстанского высшего учебного заведения – Казпедвуза. В этот сложнейший для страны период именно им были заложены основы организации высшего образования, развернута деятельность по культурному строительству, внедрялся опыт коренизации культуры, были заложены основы профессиональных видов искусства.

Большой вклад в развитие искусства, литературы и культуры Казахстана Темирбек Жургенов внес, будучи на посту Народного Комиссара просвещения Казахской АССР. Он проработал в этой должности с 25 июня 1933 г. вплоть до драматического августа 1937 года. Надо отметить, что на Т.Жургенова возлагались особые надежды как на человека высокообразованного, интеллигентного, владеющего помимо казахского и русского еще и несколькими восточными языками. Он был тонким ценителем народного эпоса и музыки, имел огромный опыт общественно-политической, государственно-административной, практической научной и вузовской работы.

Следует отметить, что, как для жизни республики, так и жизни Темирбека Жургенова эти годы стали наиболее интересными, содержательными и плодотворными. В печати рассматриваемого времени часто появляются его статьи и выступления, посвященные многочисленным проблемам становления и развития профессионального искусства и культуры, системы среднего и высшего образования, учреждений науки.

Народный артист КазССР К.Джандарбеков в своих воспоминаниях о первых шагах становления оперного театра (в те годы Казмузтеатра) пишет: «Трудно рассказывать в словах о том, сколько сил и труда вложил Темирбек Караевич в творческий рост театра. Как отец, с

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

заботой относился к только рождавшемуся первенцу казахской музыкальной оперы. Это внимание и чуткость... давали нам дополнительные силы, и мы работали с удвоенной энергией! 7 января 1934 года мы впервые показали со сцены Казахского театра драмы спектакль «Айман- Шолпан».

Т.Жүргенов не только сам принимал активное участие во всех обсуждениях новых постановок, но и привлекал к этой работе самых известных и талантливых писателей своего времени: Сакена Сейфулина, Беймбета Майлина, Мухтара Ауэзова, Габита Мусрепова, Сабита Муканова и др.

Надо отметить, что при разборе пьесы М.Ауэзова «Хан-Кене», Темирбек Жүргенов продемонстрировал очень глубокое знание истории казахского народа описываемого периода, и соответствующих исторических источников, благодаря чему его критика была аргументированной и обоснованной. Несомненно и то, что эта оценка несла на себе определенный отпечаток своего времени – принципов классовости, партийности, идеологизации [1]. Т. Жүргенов не относился к числу чиновников- бюрократов и подходил к решению актуальных вопросов вдумчиво и осторожно.

Темирбек Жүргенов проявлял большую государственную заботу о художественном наследии прошлого, поддерживая творчество народных акынов, импровизаторов сказителей. Он явился инициатором I Всеказахстанского слета деятелей народного искусства (июнь 1934 г.), который дал возможность пополнить молодые театры Казахстана талантливыми самородками и открыть ряд новых даровитых акынов, композиторов и инструменталистов. В период подготовки к слету Жүргенов, выступая в прессе, подчеркивал, что необходимо с большим вниманием и ответственностью подойти к его подготовке, чтобы на слет попали «действительно народные таланты: домбристы, кобызисты, клоуны, кульдрейны, танцоры, народные певцы, живописцы, оюшы. Целью проведения слета, - говорил Жүргенов, - является выявление подлинных народных талантов, их мастерства, определения дальнейшей перспективы развития искусства Казахстана». [2]

Т.Жүргенов с особым вниманием относился к талантливым артистам, молодым дарованиям, направляя их на учебу в центральные города СССР, и тем самым способствуя расцвету казахской культуры. Будучи большим знатоком народного искусства, фольклора, Жүргенов и сам обладал ярким музыкально- поэтическим дарованием, превосходно пел, играл на домбре. Лучше чем кто- либо другой, он понимал значение и ценность художественного наследия как для молодого поколения, так и для дальнейшего развития культуры.

А талантливого художника- самоучку А.Кастеева было решено отправить на учебу, премировать его и детей из детского дома, включая будущего основоположника казахской мультипликации Хайдарова (10 л.) и Аубакирова (16 л.), выделив им пособия по изоискусству, обеспечить консультантами.

Темирбек Жүргенов в своих работах, посвященных вопросам истории дореволюционной культуры Казахстана, высоко оценивает творчество таких известных композиторов-акынов, как Асан-Кайгы, Коркут, Ахансеры, Биржан, Мухит, Курмангазы. Т.Жүргенов предлагал полнее использовать зарождающиеся виды и жанры искусства и литературы, отражать в произведениях жизнь народа, используя при этом богатейшее наследие прошлого, будь то эпос или музыка. Он призывал развивать традиционные жанры, чтобы искусство и культура стали неотъемлемой частью жизни республики.

В рассматриваемый период наряду с театральным искусством свои первые шаги делали такие жанры, как радио и кино. В 1935 году принимается постановление «Об организации кинодела в Казахстане». Заслугой Т.Жүргенова является тот факт, что в 1938

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

году был создан первый казахский звуковой художественный фильм «Амангельды» по сценарию Г. Мусрепова.

Знаменательным в деле сохранения культурного наследия является появление серии документов об охране исторических памятников, в том числе Мавзолея Ходжа Ахмеда Яссави.

За высокий вклад в дело развития народного просвещения Т.Жүргенов удостоен ордена Трудового Красного Знамени. Сопратники говорили о нем: "Людям искусства порой не хватает той железной воли Темирбека". Неспроста уже тогда называли его "Железным наркомом", "казахским Луначарским". Все мероприятия проводились под его личным руководством и непосредственным контролем. Он объезжал каждый аул, каждый район, участвовал в репетициях театра, писал критические статьи, рецензии на постановки... Нарком просвещения Казахской ССР часто приезжал лично домой ко многим известным актерам, беседовал об их жите-бытье. Он принимал активное участие в трудной судьбе Дины Нурпеисовой, не имевшей крова.

Наступил 1937 год. В июне выдвинута его кандидатура в депутаты Верховного Совета СССР по Семипалатинскому избирательному округу. Спустя два месяца, 2 августа, Т.Жүргенов был арестован. 25 февраля 1938 года, не дожив до сорока лет, был расстрелян.

Славный сын своего народа Т. Жүргенов, ставший жертвой сталинского тоталитаризма, реабилитирован в 1957 году. Его именем названы улицы, школы, Академия искусств в Алматы. О нем написаны воспоминания и статьи. Вышли в свет книги. Его жизнь и творчество стали объектом исследования ученых.

Умение увлечь людей идеями коренизации казахской культуры, сохранения культурного наследия для последующих поколений, преобразования своей Родины в цивилизованное современное государство собирало вокруг Темирбека Жүргенова творческие силы. В условиях независимого Казахстана эти идеи получили новый импульс и воплощаются в жизнь, устремляя страну в будущее.

#### Список литературы:

1. Жүргенов Т. О пьесе «Хан Кене» и ее критиках// Казахстанская правда. - 1935.- 12 июня.
2. Жүргенов Т. К высотам большого социалистического искусства. // Казахстанская правда. – 1934. – 12 июня
3. С. Узакбаева, А Садыкова. «Служение родному народу» изученная книга. Алматы, 2009.
4. Р. Сулейменов. Полпред культуры Казахстана.//Каз. Правда. - 1978 года 28 ноября

## ТЕМИРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

*Бекетаева Д.Д., Нұртай Л.Р.  
Қазақстан-Неміс Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
ғылыми жетекшіі - ф. з.к., доцент Солтанбекова Ф.Ә.*

#### Abstract

Zhurgenov Temirbek is one of the most talented cultural, literary, and artistic organizers in Kazakhstan. He is a prominent statesman and public figure in our country. Also, the name of Temirbek Zhurgenov is associated with the cultural revolution, and he is known not only among Kazakhs but also among all Turkic peoples. Therefore, Zhurgenov is a common figure in Central Asia and Kazakhstan.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургунова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Темірбек Қараұлы Жүргенов – Түркістан мен Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату және нығайту үшін атсалысқан көрнекті саяси қайраткер. Жүргеновтыкөбінесе біздің еліміздегі мәдени революциямен байланыстырады, өйткені ол көптеген салаларда ізашар адам болған. Оның табандылығының арқасында 1934 жылы Алматыда бірден Қазақстанның және бүкіл Орталық Азияның алты ірі жоғары оқу орны салынған. Сондықтан Жүргеновты халқымыз "темір халық комиссары"деп атай бастады. Темірбек бұл лақап атқа өзінің қатаң ұстанымдылығымен,төзімділігімен және бастаған істі соңына дейін жеткізе алатындығының арқасында ие болды.

1898 жылдың қарашасында Темірбек Қараұлы Жүргенов Ресей империясының Қызылорда облысында орналасқан Жалағаш ауданында дүниеге келді. Ол Әлімұлы тайпасының шөмекей атты асыл тұқымынан шыққан. Анасы Жаңша ұлын өте жақсы көрді және оны «Темірши» деп еркелетіп атаған. Бірақ баласы екі жасына толғанда, қатты сырқаттанып, аурудан кейін қайтыс болды. Уақыт өте келе, әкесі Кампит есімді басқа әйелге үйленеді. Кампит Темірбек пен оның ағалардың тәрбиесіне барлық аналық жылулығы мен сүйіспеншілігінкосты.

Бала кезінен Темірбек ізденімпаз, ақылды және білімді болып өсті. Бұл әкесінің назарынан тыс қалмады, себебі ол әрқашан балаларына лайықты білім бергісі келді. Осылайша, Темірбек 1913 жылы орыс-қазақ ерлер училищесіне түсті. Содан кейін ол 1917 жылы Уфа жер училищесінде оқуын жалғастырады. Алайда, бұрынғы Ресей империясының көптеген тұрғындары сияқты, Темірбектің өмірін азаматтық соғыс бұзып, оның оқу орнын аяқтауына кедергі болды. Алайда Жүргенов сонымен ғана оқуын тоқтатқан жоқ. 1920 жылы университетке түскенге дейін Жүргенов большевиктер партиясының мүшесі болды. Дипломдық курс кезінде, ол Қазақ педагогикалық университетін өзі басқарды және сонымен қатар Қазақ АССР мен Түркістан АССР мүдделерін қорғаған.

1923 жылыТемірбекЖүргеновОрынборжұмысфакультетінде журналист дипломын алды. Содан кейін, жоғары білім алу мақсатында Ташкент қаласына барып, 1926 жылы Ташкент университетінің заң факультетін үздік бітірді. Оқу барысында ол диссертациясын жаза бастаған және ол жұмыс кейіннен Қазақстанның шекарасын анықтауда маңызды рөл атқарды. Жүргенов сол жұмысында Жетісу және Сырдария аудандарының қазақтарға бұрыннан тиесілі екенін дәлелдеген. Соған орай, бұл – сол жерлерді Қазақстан құрамында сақтауға мүмкіндік берді. Ал Жүргеновтың соңғы жұмысы республиканы аудандастыру мәселелеріне арналып, кейіннен кітап түрінде жарық көрді. Оқу барысында Темірбек өзінің болашақ жұбайы - Дәметкен Ермековамен, Алаш-Орданың белгілі қайраткері Әлімхан Ермековтің қарындасымен танысты.

Жүргеновтің алғашқы ұстазы - Тұрмағамбет Ізтілеуовтың арқасында Темірбек алты тілді, соның ішінде өзбек және тәжік тілдерін меңгеріп, полиглотқа айналды. Жүргеновтің мансабында, орталық билік Өзбекстан мен Тәжікстандағы жергілікті тұрғындармен тиімді қарым-қатынас жасай алатын адамды іздеген кезде, бірнеше тілді білу өте маңызды рөл атқарды. 1929 жылы Жүргенов Тәжік Республикасында қаржы комиссары-министрі лауазымына тағайындалып, келесі жылы Өзбек КСР Ағарту комиссары лауазымына ауыстырылды. Бұл қызметте ол екі жыл жұмыс істеді және әртүрлі аудандарда ондаған мектептер, мектептер мен театрлар ашқан. Кейін Жүргенов туған жері -Қазақстанға ауыстырылып, халық ағарту комиссары лауазымына ие болды. Алайда, сол кезеңінде жіберілген өрескел қателіктерін түзетуге үшін көп күш жұмсады. Бірақ, оның ұйымдастырушылық таланты халықтық білім беру саласында, сауатсыздықты жою және шалғай орналасқан ауылдардың тұрғындарына білім алуға қол жетімділікті қамтамасыз ету мәселесінде айқын көрінді. Осылайша, Қазақстанда Темірбек Жүргеновтің бастамасымен алты айлық бастауыш білім беру курстары іске қосылды. Қысқа мерзімде Астана мен

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Алматы қалаларында 17 орта мектеп салынып, оған қоса түрлі кітаптар қолжетімді бола бастады. Сонымен қатар, көшпелі балаларға білім алуға арналған мектеп-интернаттар ашылды. Осы қарқынды жұмыстың арқасында Қазақстанда миллионға жуық адамдардың бастауыш және орта білім алуына мүмкіндік туды. Алайда Жүргенов мұнымен тоқтап қалмай, жоғары білім беру жүйесін құруға ұмтылды. Осылайша, Қазақ тау-кен металлургия институты (қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті), ветеринариялық институт және С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) ашылды. Осының бәрін Темірбекөмірінің қиын кезеңінде, 1934-жылы қайтыс болған Шоратай атты жалғыз ұлына қарамастан жасаған. Бұл трагедия оның жан дүниесінде өшпес із қалдырды. Содан кейін, қазақ дәстүрі бойынша, олар Темірбектің үлкен ағасы – Ысқақтың Жұманазар дегенұлын тәрбиелеуге алды.

Сондай-ақ, Темірбек Қазақ АССР өнер істері комитетін басқарған, мәдениет пен өнер мекемелерінің жұмысын қадағалады. 1936 жылы ол Мәскеуде қазақ өнері мен әдебиетінің алғашқы онкүндігін ұйымдастырды. Бұл салтанаттық-шараға талантты әртістердің қойылымдары кірді: Күләш Байсейітова, биші Шара Жиенқұлова және Ахмет Жұбановтың жетекшілігімен халық аспаптар оркестрі еді. Онкүндікте Құрманғазының "Сарыарқа" күйі мен "Қыз Жібек" операсы да орындалған. Бұл жиынға Сталин, Молотов, Каганович және Микоян сияқты мемлекет басшылары қатысты. Ал Мәскеудегі онкүндігінде өнер көрсеткен Күләш Байсейітова кейін «КСРО Халық әртісі» атағын алды. Темірбек Жүргеновтің өзі болса, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

Ол - марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударған алғашқы аудармашылардың бірі. Жүргенов Қазақстан мен Орта Азияның статистикалық және демографиялық материалдарын жинаған, әдеби және мұрағаттық дереккөздерді де зерттеген. Сонымен қатар, ол ұлттардың рухани жақындасуында аударма ісін жоғары қойған кісі еді. "Кеңес Одағының классиктері мен басқа ұлттардың жазушыларының аудармалары - қазақ халқын Одақ пен Батыстың үздік әдеби шығармаларымен жақындастырып, қазақ шығармашылығындағы интернационалдық байланысты нығайтты",-деп жазған Жүргенов. Оның қатысуымен Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Толстой, Горький және басқа да жазушылардың шығармалары қазақ тілінде жарық көрді. 30-шы жылдары Қазақстан әдебиеті мен өнерінің өрлеуіндегі Темірбектің ерекше жемісті ролі жалпыға бірдей танылды. А.В. Затаевич ол туралы "Қазақ халқының 1000 әні" кітабындағы өз жазбаларында былай деп жазды:

«Темірбек Жүргенов-ақылды және байсалды жас қазақ. Ол - Хивадан шыққан Қоңырат руының әндері жайында өте құнды хабарламаларымен бөліскен. Өкінішке орай, өзімнің барлық күш-жігеріме қарамастан, мен оның Отанының ескі ән шығармашылығында кең хабардарлығын толық пайдалана алмадым!».

Қазақ театрының негізін қалаушылардың бірі, ҚазКСР Халық әртісі Қанабек Байсейітов еске алады: «Брусиловскийге "Қыз-Жібек" операсын ұйымдастыруды Қазақстанның халық ағарту комиссары - Темірбек Жүргенов ұсынды. Темірбекті өзіме шақырғаннан кейін, мен ұзақ уақыт бойы халыққа танымал бұл аңыз жайлы аса қызынушылықпен тыңдадым. Болашақ опера үшін Затаевичтің "Қазақ халқының 1000 әні" жинағын пайдаланыңыз. Сонымен қатар, бізде әншілер көп, олардың репертуарында әлі 10-12 белгісіз әндер бар, олардың барлығын тыңдаған жөн. Сізге қажеттісін таңдап, бізге тек жақсы опера жазыңыз", - депті ол.

Жүргенов ауызша-поэтикалық шығармаларының көптеген туындыларын, тіпті заманауи қазақ ақындарының әндерін жинастырған. 1924 жылы ол Қазақстан ақындарының "Терме" атты алғашқы әндер мен поэмалар жинағын шығарады. 1936 жылы жинақ



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургунова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Мәскеудегі Қазақ әдебиеті мен өнерінің бірінші онкүндігінде орыс және қазақ тілдерінде толықтырылып, редакцияланып, жарық көрді.

Жүргеневтің еңбектерінде Қазақстанның революцияға дейінгі тарихының қиын кезеңі көрініс тапты. М.Мералиев, Біржан, Құрманғазы сияқты бірқатар халық ақындарының, композиторлардың шығармашылығын дұрыс бағалап, жазған еді. Алғашқы жұмыстарында ол XIV ғасырдағы аңызға айналған ақын-философ Асан-Қайғы поэзиясына бет бұрды.

КСРО Халық әртісі Күләш Байсейітова, композиторлар – Ахмет Жұбанов пен Евгений Брусиловский өз мақалалары мен естеліктерінде Жүргеневтің Қазақстанның шығармашылық зиялылары арасында зор беделі мен құрметі туралы айтады. Жүргенев бұл беделге өзінің жоғары және жан-жақты мәдениетімен, өнерді нәзік түсінуімен, оның дамуына деген шынайы алаңдаушылығымен лайық болды.

Темірбек Жүргенов жоғары мемлекеттік лауазымға ие болған және елеулі жетістіктерге қол жеткізген уақытта, оның өмірінде қиыншылықтар туындай бастады. Кейіннен ол КСРО Жоғарғы Кеңесіне кандидат ретінде ұсынылды. Бірақ 2 тамызда Жүргенов НКВД-да куәлік бере бастаған, онда жауап алу процесі ұзаққа созылды. Сол жерде Темірбекке оның асыл тегі мен қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының өкілдерімен кездесулері еске салынды. Бірақ Жүргенов қажетті айғақтар беруден бас тартып, барлық сынақтарды табандылықпен шыдады. Бұл жайт оған ойдан шығарылған істің болдырмауын және «халықтың жауы» деп жариялануына кедергі болды. Бірақ оған қарамастан, Темірбек Жүргенов 1938 жылы 25 ақпанда Алматыда атылу жазасын ие болды. Ал оның әйелі болса қамауға алынып, 18 жыл сталиндік лагерьлерге қуғынға ұшырады. Алайда, 1957 жылы Темірбек Жүргеновтің есімі толық ақталып, бүгінде ол Қазақстанның Ұлттық Өнер академиясының құрметті және ұлы мүшесі болып табылады. Жүргеневтің құрметіне елдің әртүрлі қалаларында көшелерге есімі беріліп, оның өмір тарихы театрларда қойылып жүр. Ол туралы естелік қазақ халқының тарихында мәңгі сақталғанын атап өту маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1. [https://www.inform.kz/kz/zhurgenov-temirbek-karauly\\_a2190454](https://www.inform.kz/kz/zhurgenov-temirbek-karauly_a2190454)
2. <https://kitapkhana.kz/695-temrbek-zhrgenov.html>
3. <https://egemen.kz/article/176440-memleket-dgane-qogham-qayratkeri-temirbek-zhurgenovtinh-tughanyna-120-dgyl>
4. [https://www.peoples.ru/state/statesmen/temirbek\\_zhurgenov/](https://www.peoples.ru/state/statesmen/temirbek_zhurgenov/)
5. <https://world-nan.kz/blogs/zheleznaya-ledi-tseliny-vera-sidorova>
6. <https://marinkinrasskaz.ucoz.ru/publ/4-1-0-217>

## **ҰЛТТЫҢ ТҰЛҒАСЫ - ӨНЕРДІҢ АЙНАСЫ**

**Жақсыбекова Д.Ш**

**Т. Жүргенов атындағы ҚазҰОА. Алматы  
ғылыми жетекші –аға оқытушы Алматова Н.А.**

Abstract

The article describes the works of Kazakh sympathizer Temirbek Zhurgenov for his art with Kazakh music. Temirbek Zhurgenov is an irreplaceable person who formed the source of Kazakh education and science, art and culture. In 1933, on the recommendation of Temirbek Zhurgenov, the regional committee adopted a resolution

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

on «Development of national art». We know him as an indispensable supporter of education in Kazakhstan. Many such figures Kurmanbek Zhandarbekov, Alexander Zataevich, Abdilda Tazhibaev, Levon Mirzoyan, Ahmet Zhubanov say that Temirbek Zhurgenov was a sympathizer of the people.

Темірбек Жүргенов қазақ өнерінің қанат жаюына қыруар тер төкті. Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз. Біз оны қазақ өнері мен әдебитінің білімдары ретінде танимыз. Біз оны Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз.  
*Құрманбек Жандарбеков. Қазақстанның Халық әртісі*

Әлемде мәдениеті, өнері жоқ ұлт ел бола алмайды. Қазақ халқының ұлт болып қалыптасу кезеңінде өзіне тән музыкалық дәстүрі дүниеге келді. Соның нәтижесінде қазақ халқында бай музыкалық мәдениет қалыптасты. Қазақ әдебиеті мен өнерінің және білімі мен мәдениетінің өркендеу өрісіне қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргеновтің еңбегі айрықша.

Темірбек Қараұлының негізгі мамандығы заңгер болған. Қазақ даласында бірнеше институт пен техникумдардың, мыңдаған мектептің ашылуы ұлы азамат Темірбек Жүргеновтың арқасында. Қазақ білімі мен ғылымын, өнері мен мәдениетін қалыптастырып, бұлақ көзін ашқан қайта туылмас тұлға.

1930-жылдар қазақ мәдениеті жаңа санатқа көтеріліп, өркендеп әрі қарай дами түсті. 1933 жылы Темірбек Жүргеновтің ұсынысы бойынша өлкелік комитет «Ұлттық өнерді дамыту» туралы қаулы қабылдады. Көркем өнердің жаңа ордалары ашылды. Республикалық драма театрынан Қазақ музыкалы театры бөлініп шықты. Филармония, ұлт аспаптар оркестрі, хореографиялық училище, ұйғыр театры ұйымдастырылды. 1934 жылы қазақ жазушыларының бірінші, халық өнерпаздар съезі өтті. [1.4 б]

1933 жылдың көктемінде Жүргенов халықтың музыкалық мұрасын оркендетуді алға тартып, кедергі мәселелерді біртіндеп шешуге кірісті. Әуелі музыка-драма техникумында қазақ ән-күйін зерттейтін ғылыми кабинет ашты. Көп ұзамай, сол кабинеттің жанынан халық аспаптарын жасайтын шеберхана ұйымдастыртып, онда істейтін шеберлерді табуға да өзі тікелей араласты.

Ұлттық өнер кадрларын баулитын ұстаздарды Москва, Ленинград, Ташкенттен шақыртты. Музыка студиясын ашып, аз уақытта оны музыка театрына айналдырды. Хореография мектебін, куыршақ театрыныңда кірпішін қалады.

1934 жылы маусым айында Алматыда өткен Бүкіл қазақстандық халық өнерпаздарының бірінші слетіне атакты күйшілер, жыршылар, әншілер, зергерлер, ұсталар, бишілер, ақындар қатысты.

Темірбек Жүргенов театрға өз үлесін қосты.

1934 жылғы қаңтар айында Қазақ мемлекеттік театры ашылды. Қазақ халқының «Айман-Шолпан», Қыз Жібек, Қозы Көрпеш -Баян сұлу сияқты шығармалары театр репертуарына кіріп, қазақ мәдениеті тарихының төрінен орын алады. 1934 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік оркестрі құрылды (жетекшісі А.Жұбанов). [3]

1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігі 17 мамыр күні «Қыз Жібек» операсымен ашылды. Оған одақтық мемлекет басшылары қатысып, қазақ өнерін тамашалап қол соқты. Қыз Жібек рөліндегі Күләш Байсейітованың ғажайып дауысы тыңдаушыларды таңғалдырды. Солжылы опера театрына жаңа үй салу мәселесін көтеріп, Мирзоянның келісімін алды. Театр үйін салуға алғашқы жер іздеп, осы күнгі Абай атындағы опера және балет театры тұрған жерді таңдаған да Темірбек Жүргеновтың өзі еді. [2.439 б]

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Қазақ әдебиеті мен өнерінің, білім және мәдениетінің 1920-1930 жылдарындағы дамуында Темірбек Жүргеновтың алатын орны ерекше, жазған еңбектерінің ғылыми маңызы зор. Алдағы уақытта Темірбек Жүргеновтың өмір жолының тылсым беттерін ашу, еңбектерін тереңнен зерттеу, мұраларынан тағылым алу, келешек ұрпаққа жеткізіп насихаттау біздің борышымыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Аңыз адам» журналы -№18,2014 ж.
2. Иманғалиев Б. «Темірбек Жүргенов» - 496 б.,2012 ж.
3. Т.Жүргенов «Қазақстандағы мәдениет революциясы». Алматы ,1935ж.
4. <https://zhasalash.kz/ruhaniyat/temirbek-zhurgenovke-125-zhyl!-23542.html>

## **Т.ЖҮРГЕНОВ – ҰЛТЫН ҰЛЫ БИІКТЕРГЕ КӨТЕРГЕН ТАРИХИ ТҰЛҒА**

*Жиенғалиева А.Е.*  
*Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Алматы*  
*ғылыми жетекші - доцент Айтқұлова Ж.Б*

### **Abstract**

This article discusses the life and creative activity of the scientist, publicist, connoisseur of Kazakh culture, statesman and public figure T. Zhurgenov. Based on the memoirs of well-known figures of culture and art of Kazakhstan, the author provides readers with information about the remarkable researcher and chronicler of the difficult stage of the cultural revolution in Kazakhstan in the 1930s, about his works, which truly and vividly reflect the huge creative work of the state and workers in the field of cultural construction, profound transformation of the spiritual life of the people.

Мәдени революцияның жетістіктері әрдайым еңбекші халықтың орасан зор, нағыз қаһармандық күш-жігерінің құнына, қыңыр және ұзаққа созылған күресте қол жеткізілді. Мәдени революция жаңа мәдениет үшін, надандық пен мәдениетсіздікке қарсы күресте бұқара мен зиялы қауымның ортақ күш-жігерін біріктіріп бағыттауға шақырылған көптеген талантты ұйымдастырушыларды тарихи аренаға шығарды. Темірбек Жүргеновте сол ұлы тұлғалардың қатарына кіретіні сөзсіз. [2]

Ғалым, публицист, ағартушы, мәдени революцияның белсенді қатысушысы, дарынды ұйымдастырушы, КСРО-ның көрнекті кеңестік партия және мемлекет қайраткері, «Темір Нарком» Т. Жүргенов Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылында ауқатты және текті отбасында дүниеге келді. Әкесі Қара мен атасы Қуанның бірнеше үйірлері болған. Анасы Жаншы баласын ерекше жақсы көретін, еркелетіп «Темірші» деп атайтын. Бірақ оған сүйікті ұлының болашақта кім болатынын білу тағдыры бұйырмаған. «Теміршісінің» жасы екіге енді жақындаған кезде, Жаншы ауыр сырқаттан көз жұмады. Әкесі біршама уақыт өте келе үйге Кэмпит есімді әйелді алып келеді. Темірбек пен оның бауырларына туған аналарындай болып, олардың тәрбиесіне бар аналық жылулығы пен мейірімін сыйлаған керемет кісі болды.[3]

Темірбек бала кезінен-ақ білімге деген құштарлығымен ерекшеленеді. Бұл қасиетін балаларына қашанда лайықты білім бергісі келетін әкесі айналып өте алмады. Соның арқасында, алғаш Тұрмағамбет Ізтілеуов ұстаздық еткен ауыл мектебінде сауат ашып,

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Аламесектегі орыс-қазақ мектебінде, Перовскідегі (қазіргі Қызылорда) Суханский атындағы училищеді бастауыш білім алған. Кейін 1917 жылы Уфа жер шаруашылығы училищесіне оқуға түседі. Осы уақыттан бастап қоғамдық өмірге, студент жастардың әлеуметтік қозғалыстарына қатыса бастайды.

Т.Жүргенов облыстық кеңестер съезін дайындауға белсене араласты. 1918 жылы «Қазақ мұңы» газетінде қызмет етеді, Торғайдағы кеңестер съезін шақыру бюросының мүшесі болды. 1919 жылы Ырғыз уезі Кенжеғара болысы революциялық комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалған. 1920 жылы БК(б)П қатарына өтіп, Ырғыз уездік революциялық комитетінің, уездік жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Бейбіт құрылысқа көшу Т.Жүргеновке оқуын жалғастыруға мүмкіндік береді. 1921-1923 жылдары Орынборда жұмысшы(кей деректерде журналистика) факультетін бітіріп, 1923 жылы (кей деректерде 1927) Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің құқық факультетіне оқуға жіберіледі. Ол жылдары халық шаруашылығының мамандары мен ұйымдастырушылары жетіспегендіктен, жоғарғы оқу орындары мен техникумдардың студенттері практикалық жұмысқа жиі тартылды. Сондықтан, оқып жүріп, Т.Жүргенов Қазақ АКСР-інің Түркістан Республикасындағы толық өкілетті өкілі болып тағайындалады, Қазақ АКСР мен Түркістан Республикасының Орталық Атқару комитеттеріне мүше болып сайланады, өлкелік және республикалық партия ұйымдарының конференциялары мен пленумдарына қатысады. Орталық Азияда құрылған республикалар аумағының ұлттық-территориялық межеленуіне ат салысады. Бұл мәселе төңірегінде Еңбекші қазақ, «Советская степь» газеттеріне мақалалары жарияланады. Т.Жүргенов көптеген статистикалық және демографиялық материалдар жинады, әдеби және мұрағаттық дереккөздерді (түпнұсқаларды) зерттеді. Университеттегі соңғы курста Т.Жүргенов Ташкент Қазақ педагогикалық институтының ректоры болып тағайындалды (1926-1929жж.). Институттың өміріне біршама атсалысып, оқу процессін жандандыруға үлкен күш салды. Институтқа академик В.В.Бартольд, профессор С.Е.Малов секілді ғалымдарды шақыртты. Жоғарғы оқу орындарына арналған саяси экономия және құқықтану пәндері бойынша оқу құралдарын қазақ тіліне аударды. Қазақ термелерінің жинағын құрастыруға ат салысты. Халық ағарту ісінде бастауыш білім беруді қолға алу, сауатсыздық пен надандықты жою, жоғары оқу орындарын ашу мәселелерін шешуде оның ұйымдастырушылық қабілеттері айқын көрінеді. Ол марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын алғаш қазақ тіліне аударғандардың қатарына жатады. Т.Жүргенов – Орталық Азия мен Қазақстанның мәдени даму тарихын алғашқы зерттеушілердің бірі. Ол халықтардың рухани жақындасуында аудармашылық істі жоғары бағалады. «Өзге халықтардың классиктері мен Кеңес жазушыларының аудармалары,- деп жазады,- қазақ халқын Кеңес Одағы пен Батыстың үздік әдеби туындыларымен жақындастырды, қазақ шығармашылығындағы халықаралық байланыстарды нығайтты». Оның атсалысуымен А.Пушкин, М.Лермонтов, Н.Гоголь, Л.Толстой, М.Горький және т.б. жазушылардың керемет туындылары қазақ тіліне аударылып, басып шығарылды. [4]

1930 жылдардағы Қазақ әдебиеті мен өнерінің өрлеуіндегі Т.Жүргеновтің ерекше рөлі баршаға мәлім. Ол туралы А.В.Затаевич өзінің «Қазақ халқының 1000 әні» кітабында жазған жазбаларында былай деп жазды: «Қазақ КСР-нің халық әртісі, қазақ театрының негізін салушылардың бірі Қанабек Байсейітов былай деп еске алады: Т.Жүргеновтің өзі қазақтардың ауызша және ақындық шығармашылығының көптеген шығармаларын және жырларын жинап, жазып алған». Ол 1924 жылы Қазақстан ақындарының «Терме» деп аталатын алғашқы жырлар мен жыр жинақтарының бірін басып шығарды және оған құрастырушының үлкен кіріспе мақаласы берілді. 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен бірінші онкүндігінде жинақ едәуір толықтырылып, өңделіп орыс және қазақ

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

тілдерінде басып шығарылды. Онкүндік кезінде республикамыздың өзге де мәдениет қайраткерлерімен бірге Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Т.Жүргеновтің еңбектерінде Қазақстанның революцияға дейінгі мәдениеті тарихының мәселелері, Қазақстанның төңкеріске дейінгі мәдениеті, әйгілі Т.М.Мералиев, Біржан, Құрманғазы сияқты халық ақындары мен сазгерлерінің шығармашылықтарын талдау мәселелері айқын көрінеді. Ол алғашқылардың бірі болып XIV ғасырдағы аты аңызға айналған ақын-философ Асан Қайғының «Жер-ұйықты» іздеген сәтсіз ізденістерін суреттеген поэзиясына бет бұрған.

КСРО халық әртісі Күләш Байсейітова, композиторлар Ахмет Жұбанов, Евгений Брусиловский өз мақалалары мен естеліктерінде Т.Жүргеновтің Қазақстанның шығармашылық зиялы қауымы арасындағы зор беделі мен құрметі туралы ерекше сөз қозғайды. Ол бұл беделге өзінің жоғары және жан-жақты мәдениетімен, өнерді нәзік түсінуі мен бағалауымен, өз заманына деген шынайы қамқорлығымен лайық болған.

1929-1930 жылдары Т.Жүргенов - Тәжікстан үкіметінің қаржы комиссары, 1930-1933 жылдары Өзбекстан үкіметінің қаржы комиссары, 1933-1937 жылдары Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары қызметтерін атқарады. Ол Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты жұмысына С.Аспандияров, Қ.Жұбанов, Ғ.Мүсірепов сияқты қайраткерлерді тартты. Жүргеновтің тікелей атсалысуымен Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы қаулы қабылданып, қазақ орта мектептерінің саны біршама артты. Жүргенов Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендету штабына айналдырды. [4]

Қазақ, орыс, өзбек және тәжік тілдерін жетік меңгерген Жүргенов сол кездегі ең маңызды реформаны – «мәдени революцияны» жүзеге асыруға құлшыныспен кірісті: жүздеген мектеп ашты, оқулықтар шығаруға үлкен үлес қосты және ең алғаш өзбек циркін ұйымдастыруға атсалысты. [1]

Жаңа халық комиссары атағына ие болған Темірбек ең алдымен сауатсыздықты жоюға, барлық жерде бастауыш білім беретін мектептер ашуға кірісті. «Әр мұғалім кемінде 35 адамға сауат ашуы керек!» деген ұранмен барлық облыс орталықтарында 6 айлық курстар ашты. Ересек адамдарды оқыту бойынша арнайы комитет ашылады. «Төте жазу» деген газет шығады. 1934 жылы жүздеген мың оқулықтар шығарылып, халыққа тегін таратылады. Сол жылдары бастауыш мектептер саны көбейіп, 3-4 жылдан кейін Қазақстандағы оқушылар саны миллионнан асады. Т.Жүргенов Қазақ мемлекеттік университетінің ашылуына орасан зор үлес қосты. Бірқатар облыстарда 2 жылдық мұғалімдер институттары ашылып, ондаған өнеркәсіп, көлік, байланыс техникумдары құрылды. Медицина, кен-металлургия институттары жұмыс істей бастады.

Т.Жүргеновтің тұсында мәдениет пен өнерге ерекше көңіл бөлінді. Мысалы, Алматы музыкалық драма колледжі оқу-әдістемелік кешенге айналдырылып, оның жанынан кино факультеті құрылды. Оралда музыка мектебі ашылды. Халық әртісі Қ.Жандарбеков: «Темірбек Жүргенов қазақ өнерінің қанатын кеңге жаю үшін талай тер төкті, біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз» деп жазды.

Т.Жүргенов әрдайым халық таланттарын іздестірді, оларға жан-жақты қолдау көрсетіп отырды, оқуларына, еңбек етулеріне қажетті жағдай жасап отырды. Сөйтіп, Қазақ КСР халық әртісі Әбілхан Қастеев Темірбектің ұсынысымен ең қарт суретші-этнограф Н.Хлудовтың шеберханасына қабылданып, одан әрі талантын шыңдау үшін Мәскеуге оқуға жіберіледі. Жолдастары: «Өнер адамдарына Темірбектің сол темірдей ерік-жігері кейде жетіспейді» деген. Сол кезде оны «Темір Нарком», «Қазақ Луначарский» деп бекер атамаған. Барлық іс-шаралар оның жеке басшылығымен және тікелей бақылауымен жүзеге асырылатын. Бұдан бөлек ол әр ауылды, әр ауданды аралап, театр репетицияларына қатысып, сыни мақалалар, спектакльдерге шолулар жазды. Қазақ КСР Оқу Халық

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургунова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Комиссары талай атакты әртістердің үйіне өзі жиі келіп, олардың өмірі туралы әңгімелейтін. Ол баспанасы жоқ Дина Нұрпейісованың қиын тағдырына белсене араласты.

Темірбек Жүргенов – ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. Оның көсемсөз мұрасы бастауын үш нәрседен: жеке басының бұйдагерлік (лидерлік), саясаткерлік және ұйымдастырушылық үздік қабілетінен алады. Бұған ол кісінің Қазақстандағы мәдениет революциясы, Қазақстандағы сауатсыздықты жою кітаптары, Саяси экономия оқулығы, Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері, Қазақ педагогикалық институтын құру, Қазақ халқының ақындар мен жыршылары және т.б. очерктер мен мақалалары жатады. Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргенов өмірінің соңғы күндеріне дейін қазақ халқына, еліне адал қызмет етті, қалың жұртшылық арасында үлкен құрметке, зор беделге ие болды. [5, 75 б.]

1937 жылы маусым айында Семей сайлау округі бойынша КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына Т.Жүргеновтің кандидатурасы ұсынылды. Араға 2 ай салып, 2 тамызда Т.Жүргенов қамауға алынды. 1938 жылы 25 ақпанда қырық жасқа жетпей атылды. Дәл осы кезде оның әкесі 80 жастағы ақсақал тұтқынға алынып, атылды. Т.Жүргеновтің әйелі Дәмеш апай 8 жылға бас бостандығынын айырылды. «Халық жауы» әйелі, Алашорда көсемі Әлімхан Ермековтің қарындасы 18 жыл түрмеде азап шегіп, 1957 жылы ғана Алматыға оралды. Ол 1990 жылы 86 жасында дүниеден озды. Олардың жалғыз ұлы Шоратай оқып жүргенде Ташкентте қайтыс болды. Асырап алған інісі куғын-сүргінге, «халық жауы» атағына шыдай алмай Ұлы Отан соғысы жылдарында өз еркімен майданға аттанып оралмаған.

Сталиндік тоталитаризмнің құрбаны болған халқының данқты перзенті Т.Жүргенов 1957 жылы ақталды. Ұлы тұлғаның есімімен көшелер, мектептер және Қазақ ұлттық өнер академиясы аталады. Ол туралы естеліктер мен мақалалар, кітаптар жазылды. Оның өмірі мен шығармашылығы ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Қазақ мәдениетін ұлттандыру, мәдени мұраны келешек ұрпаққа сақтау, туған жерін өркениетті заманауи мемлекетке айналдыру идеяларымен халықты баурап алу Темірбек Жүргеновтің айналасына жасампаз күштерді жинады. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында бұл идеялар жаңа серпін алып, жүзеге асуда, елді болашаққа бағыттауда.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.tarih-begalinka.kz/ru/history/collectivization/figures/zhurgenov/>
2. <https://kuam.edu.kz/ru/temirbek-zhurgenov-borec-za-novuyu-kulturu#gsc.tab=0>
3. <https://nomad.su/?a=15-201404250010>
4. [https://www.inform.kz/kz/zhurgenov-temirbek-karauly\\_a2190454](https://www.inform.kz/kz/zhurgenov-temirbek-karauly_a2190454)
5. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 4 том
6. Б.Иманғалиев, «Ана тілі» газеті /05.06. 2009/.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

## **ТҮРКІ ӘЛЕМНІҢ МАҚТАНЫШЫ**

*Иманжан Жансая  
Т. Жүргенов атындағы ҚазҰОА. Алматы  
ғылыми жетекшісі –аға оқытушы Алматова Н.А.*

### **Abstract**

The article tells about the life path and contribution of Temirbek Zhurgenov to social spheres. According to local scientists and public figures, Akhmet Baitursynov, Temirbek Zhurgenov, Pyas Omarov and Uzbekali Zhanibek were the four pillars of Kazakh culture. They contributed to the rise of national culture, the development of education and science in Kazakhstan in different periods, under different political systems. These are fighters who fought like a mountain for the interests of their homeland, creators who tried to restore a disappearing culture and glorify the existing culture. One of them was Temirbek Zhurgenov. His difficult life story is captured in theatrical productions. And the most important thing for us, his descendants, is that no matter how hard his life endures, his name will forever remain in the history and hearts of the people of Independent Kazakhstan!

Темірбек Жүргенов- білім мен ғылым, өнер мен мәдениет дамуына орасан зор үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, қазақ мәдениетінің майталманы. Ол көптеген салаларда ізашар бола отырып, Қазақстанның тұңғыш білім министрі ретінде табандылығының арқасында 1934 жылы Қазақстандағы және бүкіл Орта Азиядағы ең ірі алты университеттің құрылысын бірден бастады. Жергілікті ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің айтуынша, Ахмет Байтұрсынов, Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров және Өзбекәлі Жәнібек қазақ мәдениетінің төрт тұғыры болған. Олар әртүрлі кезеңде, әртүрлі саяси жүйелер жағдайында ұлттық мәдениеттің көтерілуіне, Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуына үлес қосты. Олар – Отанының мүддесі үшін таудай күрескен күрескерлер, жойылып бара жатқан мәдениетті қалпына келтіруге, бар мәдениетті дәріптеуге тырысқан жасампаздар. Солардың бірі- Темірбек Жүргенов болды. Халқымызтабанды ,қайтпас қайсар мінезді Темірбекке «темір комиссар» деген атау берді[2, 103б].

Мәдени революция Темірбек Жүргенов есімімен байланысты. Мәдени революцияның табыстары еңбекші халықтың орасан зор, нағыз қаһармандық күш-жігерінің құнына, қыңыр және ұзаққа созылған күресте қол жеткізілді. Мәдени революция жаңа мәдениет үшін, зиянды дәстүрлерге, надандық пен мәдениетсіздікке қарсы күресте бұқара мен зиялы қауымның ортақ күш-жігерін біріктіріп, бағыттауға шақырылған көптеген талантты ұйымдастырушыларды тарихи аренаға шығарды. Тағдырдың жазуымен оның білімге деген күштарлығы толық ақталды – ол дін мен әдебиеттен алғашқы сабақтарын Сырдарияның төменгі ағысына аты шыққан ақын, «Шахнаменің» парсы тілінен аудармасының авторы Тұрмағамбет Ізтілеуовтен алған. Оның қазақ жерін аудандастыруға арналған дипломдық жұмысы жоғары бағаланып, жеке кітап болып басылды. Темірбек университетте мемлекеттік құқықтан сабақ беріп, ғылыми жұмыспен айналысуға қалдырылды. Ол кезде оның көптеген ғылыми зерттеулері, публицистикалық материалдары баспасөз беттерінде жарияланып тұратын. Ол 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс тақырыбына ерекше көңіл бөлді. Белсенді қоғамдық өмір жас жігітті бүкіл Түркістанға асқақтатты. Қазақстан және Түркістан Орталық Атырау Комитеттерінің мүшесі болып сайланды, облыстық, республикалық, облыстық мәслихаттар мен пленумдарға делегат болды. Ол құқық, саяси экономия, тарихқа ерекше көңіл бөліп, статистикалық, демографиялық зерттеулермен айналысып, сол кездегі басты

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

мәселе – Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік шекарасын делимитациялау мәселесін шешуге белсене қатысты[4,16].

Қазақ, орыс, өзбек, тәжік тілдерін жетік меңгерген ол сол кездегі маңызды реформаны жүзеге асыруға, «мәдени революция» дегенді жүзеге асыруға құлшыныспен кірісті – жүздеген мектеп ашты, оқулықтар шығаруға үлес қосты, өзбек тілін ұйымдастыруға кірісті. 1933 жылы Қазақ АССР Оқу халық комиссары болып тағайындалды. Осылайша оның білім, ғылым, өнер және мәдениет саласындағы қызметі басталды. Жаңа нарком ең алдымен сауатсыздықты жоюға, барлық жерде бастауыш білім беретін мектептер ашуға кірісті.«Әр мұғалім кем дегенде 35 адамға сауат ашу керек!» деген ұранмен барлық облыс орталықтарында алты айлық курстар ашылып жатыр. 1934 жылы жүздеген мың оқулықтар басылып, халыққа тегін таратылды. Сол жылдары бастауыш мектептердің саны көбейіп, үш-төрт жылдан кейін Қазақстандағы оқушылар саны миллионнан асты[4,2 б.].

Жүргенов тұсында еліміздегі мәдениет пен өнердің өркендеуіне ерекше көңіл бөлінді. Мысалы, Алматы музыкалық-драма колледжі оқу кешеніне айналдырылып, оның жанынан кино бөлімі құрылды. Оралда музыка мектебі ашылды. Халық әртісі Құрманбек Жандарбеков: «Қазақ өнерінің қанатын кеңге жаюы үшін Темірбек Жүргенов талай тер төкті. Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз». Елімізде Қазақ мемлекеттік университетінің ашылуына Жүргенов орасан зор үлес қосты. Бірқатар облыстарда екі жылдық мұғалімдер институттары құрылып, ондаған өнеркәсіп, көлік, байланыс техникумдары құрылды. Медицина институттары, кен-металлургия институты жұмыс істей бастады.

Қазақ фольклорын белгілі зерттеуші Александр Затаевич «Қазақ халқының 1000 әні» кітабына жазған жазбаларында: «Жүргенов – қазақтың зерделі де байыпты жасы, Сырдария әндерін жетік білуші, ол маған Хиуадан шыққан Қоңырат әулетінің әндері туралы аса құнды мәліметтер берді. Өкінішке орай, қанша талпынсам да, ол кісінің туған жерінің байырғы жыр-термесінде кеңінен таным-түсінігін бұдан да толық пайдалану мүмкіндігім болмады[1,5116].

Қазақ мәдениетін ұлттандыру, мәдени мұраны келешек ұрпаққа сақтау, туған жерін өркениетті заманауи мемлекетке айналдыру идеяларымен баурап алуы Темірбек Жүргеновтің айналасына туған халқына аянбай қызмет етуге қабілетті жасампаз күштер топтасты. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында бұл идеялар жаңа серпін алып, жүзеге асуда, елді болашаққа бағыттауда. Жүргенов мұрасы, оның Қазақстан ғана емес, бүкіл Орталық Азия халықтарының мәдениеті мен білімін дамытуға қосқан үлесі мұқият және жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Темірбек Жүргенов бар саналы ғұмырын жаңа өмір мен бай-кедейсіз, бәрінің құқығы тең болатын жаңа дүние құруға арнады. Тиімділік, мақсаттылық, сауаттылық – жас Жүргеновке тән басты қасиеттер. Ол комитет төрағасы ретінде еліміздің дарынды жастарын жан-тәнімен қолдап, шығармашылық адамдарын барлық қажетті заттармен қамтамасыз етуге барын салды, өнер адамдарын партия қызметкерлерінің шабуылынан қорғауда таңғаларлық әділеттілік танытты. Сөйтіп, Жүргеновтің қамқорлығының арқасында Қазақ КСР халық кескіндемешісі Әбілхан Қастеев 1930 жылдардың басында суретші Хлудовтың шеберханасына қабылданып, кейін Мәскеуге оқуға жіберіледі. Сонымен қатар, Жүргенов белгілі биші Шара Жиенқұлова мен оның күйеуі, опера әншісі Құрманбек Жандарбековке қатысты жағдайға араласты. Өйткені, олар ұжымдастыру жылдарында иеліктен айырылған билердің балалары ретінде партиядан шығарылғысы келген. Осы мәселе бойынша арнайы жиын ұйымдастырылып, онда оны партиядан шығару ғана емес, театрдан шығару туралы да шешім шығарылды. Ерлі-зайыптылар Қазақстаннан Қырғызстанға кетуге дайындалып жатқан болатын, мұнда да театр салынып, дарынды кадрлар қажет болды. Оның қиын өмір тарихы театрландырылған қойылымдарда бейнеленген. Ал біз, оның ұрпақтары



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

үшін ең бастысы – оның өмір жолы қаншама қасіретке ұшыраса да, оның есімі Тәуелсіз Қазақстан халқының тарихында, жүрегінде мәңгі сақталады!

Әдебиеттер тізімі:

1. Alexander Zatayevich. 1000 songs of the Kazakh people (songs and kuyi). Second edition, Moscow, 1963г., 610 с.
2. Казахская национальная энциклопедия/ Том 4/ Алматы.-560 с.
3. Б.Ж.Оспанов/Полевая сага и музыкально-эпическая традиция/Алматы.-2003
4. AlmasKylyshbay/Lives in the memory of the people/<https://old.kzvesti.kz/>

## СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ Т.К.ЖУРГЕНОВА

*Кальжанова Г.Т.*

*КазНАИ им. Т.Жургенова, г.Алматы, Республика Казахстан  
научный руководитель – Удербоева Л.Д.*

### Abstract

This report presents the path of formation and development of socio-political views of T.K. Zhurgenov. His influence on the socio-political life of all Kazakhstan in the 20th century. How significant is his contribution to the development of cultural enlightenment of the Kazakh people. As well as the significance of his influence on folk artists.

Становление Т. Жургенова как выдающегося государственного и общественного деятеля началось еще с детства. Он родился в 1898 году в ауле крупного бая, и приходился ему правнуком. Аульный мектеп не представлял из себя ничего хорошего, дети учились в юрте, сидели на полу, не было у них ни учебников, ни каких-либо специальных пособий. В основном зазубривали коран. Однако, в аул пришел образованный по тому времени человек, первые уроки по религии и литературе он получил у него, поэта, который прославился в низовьях Сырдарьи, Турмагамбета Изтлеуова. Благодаря ему, Т. Жургенов в совершенстве усвоит шесть языков. Позже он учился в начальной русско-казахской школе, в училище Акмечети.

После окончания училища он продолжит учебу в Уфимском землемерном училище в 1917 году, но закончить его помешала гражданская война. Во время Октябрьской революции и гражданской войны произошел раскол в рядах уже начавшейся проявлять себя казахской интеллигенции. Эти события сыграли важную роль в формировании мировоззрения Т.К.Жургенова. Он принял сторону большевиков, хоть и происходил он из байской семьи. Он не только не препятствовал в конфискации скота и имущества своих родителей и родичей, но и сам лично принимал активное участие в проведении этого важного исторического и социального мероприятия. Он вступил в ряды РКП(б), возглавлял волостной ревком, исполком Иргизского уездного совета рабочих и крестьянских депутатов. Он никогда не примыкал к никаким группировкам и антипартийным течениям. Будучи студентом, впервые участвует в революционном движении, боролся с белогвардейцами. А также был руководителем восстания против Алаш-Орды в урочище Кзыл-Кум.

С 1918-1921 года трудился в разных советских организациях в Торгае, Иргизе, Акмечети, вступил в ряды компартии, был ответственным секретарем газеты «Қазақ мұңы» («Печаль казаха»). Был организатором Торгайского областного съезда Советов. В 1919 году

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

назначен председателем Кенжегаринского волостного ревкома. А с 1921 по 1923 году учился на журналистский факультет в Оренбургском рабфаке. Получив направление в Ташкент в Среднеазиатский государственный университет, поступил на юридический факультет и закончил его на отлично.

Будучи студентом, был назначен уполномоченным представителем Казахской АССР в Туркестанской республике, позже ставшей Узбекской АССР. В то время были опубликованы его многочисленные научные исследования и публицистические материалы. Большое внимание он уделил национально-освободительному движению 1916 года. На последнем курсе он по совместительству работал ректором Казахского педагогического института. Т.К.Жүргенов тщательно изучал труды классиков марксизма-ленинизма, в своей деятельности проводит в жизнь Коммунистическую партию.

В 1924 году Темирбек начал дипломную работу на тему проблемы установления национально-государственных границ между Средней Азией и Казахстаном. Он представлял интересы Казахской автономии. Успешно защитившись в 1926 году, он, тем самым, внес огромный вклад в сохранение территориальной целостности Казахстана. В этом же году была опубликована серия его статей под названием «Город и аул в восстании казахов 1916 года», опираясь на ленинское учение о революции, указывал, что «Только под руководством пролетариата более развитой нации, антиимпериалистическая национально-освободительная борьба угнетенных народов может закончиться победой, и эти народы могут перейти через определенные ступени к коммунизму, минуя капиталистическую стадию развития. Новая интеллигенция, рожденная в условиях ликвидации национального и социального гнета, является истинно народной интеллигенцией, вместе с народом строящей «светлую жизнь свободного теперь казахского народа».

После окончания университета продолжит работать ректором Казахского педагогического института до 1929 года. А уже в 1929 году был назначен наркомом финансов Таджикской АССР. А затем с 1930 по 1933 работал народным комиссаром просвещения Узбекской АССР. В эти и последующие годы Жүргенов внес в дело распространение и популяризацию идеи марксизма-ленинизма среди широких масс казахского народа. Он отдавал свои силы, знания и опыт для проведения в жизнь ленинской национальной политики.

Во время политики коренизации Т. Жүргенов твердо стоял на позициях пролетарского интернационализма. «Мы не можем,— говорил он,— понимать коренизацию, как просто комплектование штата служащих исключительно из казахов, не взирая на деловую способность данного лица, его специальность и даже идеологию. Та коренизация, которая сейчас осуществлена и осуществляется у нас... является большевистской коренизацией, является делом всех народностей, населяющих Казахстан»

За период работы в Ташкенте, Темирбек открыл несколько театров и занимался развитием школ и вузов страны. Избирался членом Центральных исполнительных комитетов Казахстана и Туркестана, был делегатом областных, республиканских, краевых маслихатов и пленумов. Особое внимание уделял праву, политэкономии, истории, занимался статистическими, демографическими исследованиями. Он приступил к реализации важной для того времени реформы, так называемой «культурной революции».

В 1933 году был назначен народным комиссаром просвещения Казахской АССР. Так началась его деятельность в области образования, науки, искусства и культуры. Сразу приступив к ликвидации неграмотности, повсеместному открытию школы с начальным образованием. Во всех областных центрах открываются шестимесячные курсы начального образования под лозунгом: «Каждый учитель должен обучить грамоте не менее 35 человек!». Создается специальное управление по обучению взрослого населения, издается газета под

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

названием «Төте оқу». Т.Жүргенов подчеркивал, что цель и задачи воспитания и образования определяются как достигнутым уровнем развития общества, так и исторической миссией господствующего в этом обществе класса. Он был убежден, что труд настоящего народного учителя, овладевшего в совершенстве педагогическим мастерством, преданного делу революции, составляет лицо и авторитет школы, определяет содержание учебно-воспитательной работы, мировоззрению учащихся, связь школы с родителями и общественностью.

В 1934 году изданы и бесплатно розданы населению сотни тысяч учебников. В те же годы увеличилось количество начальных школ, а спустя три-четыре года в Казахстане число учащихся превысило один миллион человек. В стране открылись специальные школы-интернаты для детей кочевников, так называемые «кочевые школы». Т.К. Жүргенов был рад за создание школы, о которой мечтал. Такая школа по названию и по духу должна служить идеям строительства социализма, давать детям глубокие знания основ наук, политехническую подготовку и навыки к труду. Выступал против подмены живой повседневной воспитательной работы. Правильная организация учебного и воспитательного процесса невозможна, если в школе нет элементарного порядка, считал он. Выступал за высокое качество преподавания. Указывал на необходимость объединения усилий педагогов, комсомольских и пионерских организация в учебных заведениях. В ряде областей были созданы двухгодичные учительские институты, образованы десятки техникумов для промышленности, транспорта и связи. Стали работать мединституты, рудно-металлургический институт. За первые три года под его руководством в Алма-Ате было открыто 17 новых школ. Возглавляя Комитет по делам искусств Казахской АССР, занимался вопросами культуры и просвещения. В должности председателя комитета, всей душой поддерживал талантливую молодежь страны, уделял особое внимание процветанию культуры и искусства. Делал все, чтобы обеспечить людей творчества всем необходимым.

Т. Жүргенов собирал и записывал произведения устно-народного творчества казахов, а также песни современных акынов. Его труд не прошел даром, и в 1924 году был издан один из первых сборников песен и поэм акынов Казахстана под название «Терме» («Сборник»).

Помимо этого, он высоко ставил переводческое дело. «Переводы классиков и советских писателей других народов Союза сроднили казахский народ с лучшими литературными произведениями Союза и Запада, укрепили интернациональные связи в казахском творчестве», – писал он. Участвовал в издании на казахском языке произведения Александра Вина, Михаила Лермонтова, Николая Гоголя, Льва Толстого, Максима Горького и других писателей и поэтов. Т. Жүргенов всегда последовательно боролся за партийность и подлинную народность в искусстве и науке. При этом он не уставал повторять ленинские слова о том, что мы наследуем все лучшие традиции в культуре прошлого, вовсе не собираемся ограничиваться лишь их бережным хранением.

Он выступал за творческое использование и развитие лучших традиций народного эпоса, богатейшего фольклора. Оперный театр был открыт 13 января 1934 года. В этот день была поставлена музыкальная комедия «Айман-Шолпан». 1936 год в истории советского Казахстана запомнился Первой декадой казахского искусства и литературы в Москве. Подготовка к такому событию была поручена Т. Жүргенову. После завершения концерта зал аплодировал стоя и уже на следующий день отклики критиков и музыковедов заполнили советские газеты.

За большой вклад в дело развития народного просвещения Т. Жүргенов был удостоен ордена Трудового Красного Знамени. «Я не сомневаюсь,— говорил при вручении правительственных наград,— что социалистический строй в ближайшем будущем позволит всем нашим национальным республикам выдвинуть еще больше талантливых руководителей

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

и великолепных творцов в разных областях искусств; я не сомневаюсь, что и народ в целом еще плодотворнее будет создавать и отшлифовывать действительно высокохудожественные и гениальные произведения» В 1937 году в июне выдвинута его кандидатура в депутаты Верховного совета СССР по Семипалатинскому избирательному округу. Спустя два месяца Т. Жургенов был арестован. Жургенова арестовали по надуманному обвинению, а позже 25 февраля 1938 года расстреляли. Реабилитирован только в 1957 году. Его именем названы улицы, школы, Академия искусств в Алматы.

Темирбек Жургенов мечтал построить мир без богатых и бедных, где все имели бы равные права. Чтобы каждый человек, даже из самого дальнего и бедного аула, смог получить образование и проявить свои таланты. Он был мощным импульсом и огромным вдохновением для многих творческих людей того времени и сейчас. Благодаря ему расцвели таланты казахского творчества и развивалась культура. Его влияние на будущее страны огромно, ведь хорошая культура страны — это признак развивающегося государства.

#### Список литературы:

1. Жургенов, Темирбек Караулы // Казахстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. — Т. II.
2. Книга «Исторические личности».
3. "Борцы за великое дело. Темирбек Жургенев «, А. Баишин, Издательство „Қазақстан“, Алма-Ата, 1989
4. История Казахстана: белые пятна: Сб. Ст./Сост. Ж.Б.Абылхожин. – Алма- Ата: Қазақстан, 1991 г.

## **"НАРКОМ ЖҮРГЕНОВ" СПЕКТАКЛІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ТҰТАСТЫҚ ПЕН ҚОЙЫЛУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

*Карменова З.М.*

*Темирбек Жургенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академия  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
ғылыми жетекшісі - PhD Нурсолтан Е.*

#### Abstract

Kyzylorda Regional Musical Drama Theater named after Nartai Bekejanov staged the performance "Narkom Zhurgenov" about the life of the state and public figure Temirbek Zhurgenov. The author of the play is Rakhimzhan Otarbaev, writer, playwright, honored figure of Kazakhstan. The staging of the play about Temirbek Zhurgenov, the victim of an innocent shooting, on the eve of May 31, the day of commemoration of the victims of persecution and famine, which is specially celebrated in the country, is like the bow of the Kazakh people to Zhurgenov.

Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық музыкалық драма театрында Жазушы, драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рахымжан Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» пьесасын Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Хусейн Әмір-Темір сахналады. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары «Нарком Жүргенов» атанған Темірбек Жүргенов күллі қазақ жұрты игі істері арқылы таниды. Қойылымда Темірбек Қараұлының әдеби мұрасын, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің тарихына қосқан үлесін түбегейлі зерттеген. Тарихи оқиғаны негізге ала отырып жазылған

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

көркем шығармада қазақ төл тарихынынан ойып орын алатын тұлғалардың прототиптері яғни, 1936 жылы Мәскеу қаласындағы Қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігіне қатысқан өнерпаздарда қатысады. Темірбек Қараұлының бейнесі сахналаған қойылымы тәрбиелік мәнінің асқақтығымен бүгінгі ұрпаққа аса қажетті құнды туынды деуге болады.

Қойылым күміскөмей әнші Күләш Байсейітованың құйылжыта шырқаған әнімен басталады. Темірбек жас өнерпаздардың өнерін шыңдау мақсатында арнайы опера және балет театрын ашып, қазақ қоғамында таралмаған опера өнерін алып келеді. Жазушы, драматург Арай Көшімбаев Ғ. Мүсіреповті шақырып алып «Қыз Жібек» операсын жазып беруге ұсыныс тастайды. Қойылымдағы Темірбекті ақ пейілді, ақжарқын, жаны жайсаң, терең ойлы, сабырлы, білімді кейіпкер ретінде сомдайды. Жұбайы Дәмеште өнерден кенде емес жан, ән шырқағанда қазақи үнімен ерекшеленеді. Қойылымда музыкалық сүйемелдеудің молынан қолданылған. Қазақ өнерінің інжу-маржаны саналатын «Қыз Жібек» операсынан Жібектің ариясы және қазақ халық әндері мен билері ұтымды сахналанған. Жібектің ариясын актриса Ақтолқын Төлеуова Шараның биін Мәлике Сабитова жоғары деңгейде орындады. Темірбек Шараның биіне лайықты баға беріп, Ташкентке би өнерін кәсіби деңгейде меңгеріп келу үшін оқуға жібереді. Қазақ өнерінің онкүндігі жоғары деңгейде өтіп, елге абыроймен оралған өнерпаздарды халық ыстық ықыласпен қарсы алып, Нұрлыбек Шынәлиев-Жамбыл Жабаев терме орындайды. Малақаевтың әйелін Залипа Төлепова күйеуіне қарсы шыққан, өкіметтің таққан айыбын жоққа шығармайтын, қулығы басым, жағымпаз жан ретінде көрінеді. Орлов Олжас Аманов, тергеуші Еркін Асановта өз ролдеріне тыңғылықты дайындалып, терең ізденгені байқалады. «Ұлтжандылығының арқасында қазақ даласындай айқара ашылған кең құшағына Жамбыл Жабаев, Күләш Байсейітова, Қанабек Байсейітов, Шара Жиенқұлова, Елубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбеков, Серке Қожамқұлов, Жұмат Шанин, Ахмет Жұбановтардай талант иелерін сыйдырған. Қазақ, өзбек, тәжік азаматтарын білімдерін көтеруге Ресейдің орталық қалаларына жіберген. Олар өз кезегінде іргелі білім ордаларынан алған білімдерімен өз елдерінің мәдениетін, өнерін, әдебиетін көтерген. Бұл – Темірбек Жүргеновтің көрегендігінің және кеңдігінің дәлелі» [2, 5.б]

Темірбек Қараұлы Жүргенов заңгер мамандығы бойынша білім алған. Алған білімін, терең ізденісінің арқасында қазақтың сайын даласында көптеген оқу орындарын ашып, білім мен ғылым, өнері мен мәдениетін қалыптастыруға мұрындық болды. Киелі қазақ топырағынан шыққан даңқты тұлға, қазақ халқының өшпес шырағы болған, тарихпен тамырлас Темірбектің өмірі рухани терең «Нарком Жүргенов» қойылымында жан-жақты суреттеледі. Жазықсыз ату жазасына қиылған қазақ руханиятының шырағы Темірбек Жүргеновтің қилы тағдырды басынан кешіп жүріп қалдырған мұрасын зерттеу келешек ұрпақтың таным көкжиегін кеңейтетіні сөзсіз. Алмағайып заманның арпалысын бастан кеше жүріп руханият көшін түзеген Темірбек Жүргенов туралы жазылған «Нарком Жүргенов» пьесасы Қазақстан Республикасы Жазушылар Одағы ұйымдастырған республикалық бәйгеде 1-орынды иеленген болатын. Есімі алты алаштың аузында жүрген қоғам қайраткері, еліне қамқор болған тау тұлға Жүргеновті халық арасына қайта оралтып, қойылым қою қоғам қайраткерінің есімін жаңғыртты. Қойылымдағы кейіпкерлердің даралығы, сөзі, іс-қимылы, жағымды, жағымсыз шиеленіс тұстарына лайықты баға берілген. Кейіпкерлер өз орнымен ұтымды қолданылып, образдар легі сай таңдалған, оқиға мен кейіпкерлердің арасындағы шиеленіс дұрыс шешімін тапқан.

Темірбек Жүргенов Шығыс пен Батыстың мәдениетін қатар меңгерген қалың елге белгілі билік өкілі, өз заманының талабына сай қызмет қылған Қара Жүргенұлының перзенті. Дәулетті отбасыдан шыққан Темірбек тиянақты білім, ұлттық дәстүрлі тәрбие иесі. Жас Темірбектің ұстазы Сыр бойының белгілі ағартушы-ақыны Тұрмағанбет Ізтілеуұлы

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

орыс-қазақ мектебінде сабақ берген. Білікті ұстаздарының арқасында жас шәкірт бірнеше шығыс тілдерін меңгеріп, шығыс мәдениеті мен Еуропа, орыс мәдениетін, әдебиетін, тілін терең игерді. Билік басында жүргенде Темірбекті тіл мәселесі айналып өткен жоқ. Жоғары жақтан келген басымшылықты жиі көріп, жиналыстарды орыс тілінде яғни, Кремльдің тілінде жүргізуді міндеттеді. Оның ату жазасына кесілуі де осы тіл мәселесінің де қатысы болды.

Темірбек Қараұлы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жаңаталап аулында 1898 жылы дүниеге келген. Темірбектің әкесі Қара ауқатты адам болған. Әйелі Дәмеш апай Әлімхан Ермеков деген алаш көсемі, үлкен математик, қоғам қайраткерінің қарындасы яғни, Әлімжан деген ағасының қызы. Әкесімен сөзге келіп қалған Темірбек он жыл көріспегені шын өмірде болған оқиға. Жүргенов туралы жазылған шығармаларда әке мен бала арасындағы қарым-қатынас туралы әртүрлі айтылады. Ал Рахымжан Отарбаевтың пьесасында бас кейіпкердің әкесі Қара текті тұлға, айбынды ақсақал, адал еңбегімен дәулет жинаған кесек кейіпкер ретінде көрінеді. Әке мен баланың арасындағы болған Қара Жүргенұлының баласына айтқан өсиеттері терең ойға жетелейді. Әкесінің мал мүлкі тәркіленіп Қарқаралыға жер аударылғаннан кейін Темірбекті әкесі 1937 жылы баласын өзі іздеп үйіне келеді. Әкесі ұлы Темірбекке кінә тағып заманның аумалы-төкпелі кезін ықпалына қарай сөз алып, баласына ренішін білдіреді. Әке мен бала арасында кикілжің туындап әкесі кетеді. Темірбек жаңа заманды құрғысы келетінін әкесінің ескі көзқарасына қарсы екенін айтады. Әкесі қатты ашумен жаңа қоғамға қарсы екенін, қазақи ұғымға сай емес екенін алға тартады. Көп уақыт өтпей әкесі Қара атылып, Дәмеш апай халық жауының әйелі ретінде Алжирге қудаланады. Темірбек халық жауы атанған соң жалғыз ұлы 13 жасар Жұманазарды Қазалыға туыстарына жібереді. Соғыс басталған тұста 15 жасар Жұманазар өз жасына екі жыл қосып әкесінің атын ақтап алу үшін майданға аттанып, сол жерде қаза табады. Жалғыз тұқымынан айырылған Жүргеновтің ұрпағы ары қарай өкінішке орай жалғаспайды. Қойылымда баласы Жұманазарды Азидолла Әзімтай ойнайды.

Кейіпкер заманның ағымына қарай қазақтардың арасындағы сатқындықты айта келе, жау алыстан келмейтінін алға тартады. Басты кейіпкердің арпалыспен өткен саналы ғұмырын елі үшін жасаған ерен еңбегін бір қойылымға сыйғызу мүмкін емес. Драматург ұлт жанашырының өмірі мен қызметінің белгілі бір шеңберге лайықтап, маңызды бөліктеріне тарихы фактілерге назар аударған. Қойылымның басты кейіпкер Темірбектің бейнесін актер Сырым Әбдіразақов сомдады. Темірбек Жүргеновтің бітім-болмысы, биік рухы, үні, қимыл-қозғалысы нанымды шыққан. Зұлматты жылдар қасіретін суреттеп ұтымды сахналық шешімдерге барған қойылымда Жүргеновтің бойындағы қайрат жігерін, жанарындағы ұшқынды табиғи әрі шынайы қалпында жеткізген. Темірбектің зайыбы Дәмештің образы арын ешкімге сатпаған текті тұқымның ұрпағы, өресі биік, рухы жоғары, нәзік, сабырлы, ақылды азаматының қолдаушысы Дәмеш ана қазақ әйелінің жарқын бейнесін актриса Аягөз Дүйсенқызы жоғары деңгейде сомдады. Жұманазар - Азидолла Әзімтай, Қара - Бақытбек Алпысбай, Л. Мирзоян - Бауыржан Ошақбаев, Жамбыл - Нұрлыбек Шыналиев, Ғабит - Арай Көшімбаев, Күләш - Ақтолқын Төлеуова, Шара - Мәлике Сабитова, Құрманбек - Қанат Архабаев, Қанабек - Санат Жүзбай, Брусиловский - Данияр Сабыров, Тергеуші - Еркін Асанов, Қазақ - Бектеміс Ботбаев, Малақаевтың әйелі - Залипа Төлепова, Орлов - Олжас Аманов, Шукин - Нұржан Қараманов, Темірбектің көмекшісі - Сұлтанбек Бисеналиев қойылымды ерекше бейнелерімен көрінді. Спектакльдегі декорация қоюшы-суретші сол дәуірдің тынысын дөп баса білген. «Жүргенов өз кабинетінде мәжіліс өткізбек болды. Шамамен алғанда отыз шақты кісі жиналды, ішінде тек екі адам — қарағандылық Б.Н.Орлов және мен орыс жұртынан едік. Наркомның өзі де, басқа сөйлеушілер де тек қазақ тілінде сөйлеп отыр. Бір кезде Борис Николаевич орнынан тұрды да, Жүргеновтен қазақша

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

сөйлемейін өтінді, мұнда не жайында әңгіме болып жатқанын өзі ұқпай отырғанын, ол түсінетіндей болуы үшін сөйлеушілердің орысша сөйлегені жөн екенін айтты. Бір кезде Жүргеновтың қара көздері ұшқындап кетті. Жұрттың бәрі бүкшіе түсіп, тым-тырс бола қалды. «Сіз қайда отырсыз, Орлов жолдас!» Ашу найзағайы үрейлене бүгжиген қайраткерлерінің үстінен ойқастай шапшыды. «Сіз қайда жүрсіз өзіңіз!» – деп Жүргенов дауысын бұрынғыдан бетер қатайта сөйледі: «Сіз Қазақстанға келдіңіз екен, егерде мұнда жұмыс істегіңіз келсе, сіз республиканың мемлекеттік тілін білуге міндеттісіз! Сіз қазақ әндерін де орыс тілінде зерттемекшісіз бе?» — деп, өзге ұлттан қазақ тілін құрметтеуді талап етті» деген пікір дәлел бола алады. [1, б.7]

Темірбек Жүргенов 20-30 жылдарда өмір сүрген қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі. Оның ұлтты ояту, биік деңгейге көтеру, ұйқыдағы халықты серпілту және тәуелсіздік жолында күресу сынды азаматтық көзқарасымен алға шапты. Жүргенов ең алдымен қазақ халқының мүддесіне қызмет етті. Қазақ өнерінің өркендеуіне аянбай еңбек етті. Белгілі актер Құрманбек Жандарбеков: «Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз. Біз оны қазақ өнері мен әдебиетінің білімдары ретінде танимыз. Біз оны Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз», — дейді, ал академик А.Жұбанов: «Жүргеновтың кабинетінен шыққанда Алатауды айырып, Қаратауды қайырып шығатындай күш-жігермен шығатын едік», — деп, өнер басшысының қажыр-қайратын жоғары бағаласа, жазушы Ғабит Мүсірепов: «Жүргенов – тілді де тісті, жігерлі де іскер адам», – деп, талантына ерекше ден қойды [1, б.3]

Қазақстан мен Түркістанда Кеңес үкіметін орнатуға күшін салған Темірбек Жүргенов Өзбек, Тәжік, Қазақ ССР-інің халық комиссары болған. Қазақ халық ауыз әдебиетінен айтыскер ақындардың, жыраулардың шығармашылығынан «Терме» атты жинақ құрастырған. Тәжікстанның қаржы, Өзбекстанның оқу ісін жүйелеп сара жолға қойған. Қызметте жүрген құнды қызметкерді Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы болған Л. Мирзоян өз еліміздің игілігіне қызмет етуге елге шақыртып алып, Қазақ ССР-інің оқу-ағарту министрі етіп тағайындайды. Тоталитарлық режим озбырлығын, саясаттың құқайын көре тұра елдің іргетасын қалап, ұлтты ұйыстыра білді. Кеңестік заманның өзінде ұлттың рухын оятуға өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргеновтің қилы тағдыры бүгінгі ұрпақ өнеге. Отыз жетінің саяси қуғын-сүргінінің құрбанына ұшыраған ұлт перзенті еліміз Тәуелсіздік алғанға дейін ашық айтылмады. Кеңестік саясаттың қуғын-сүргініне ұшырап атылып кеткені, кейін ақталғаны жөнінде еліміз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін ғана зерттеу еңбектер жазылып, деректі кинофильмдер жарыққа шықты. Дегенмен, сан қилы тағдыр иелерінің әлі де бізге жетпеген беймәлім тұстары жетерлік. Нақты тарихи деректермен, асқан шеберлікпен, философиялық терең ойлармен, байыпты байламдармен өрілген тұлға хақындағы қойылымда ұлтымыздың бойындағы көре алмаушылық, қызғаншақтық, сатқындық сынды жағымсыз қасиеттерді астарлап жеткізеді. Заманның тынысын басатын сахналық көріністерге құрылған.

«1937 жылы 3 тамызда «халық жауы» деген жалған айыппен ұсталып, РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 10, 11-тармақтары бойынша ату жазасына кесілді. КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясының 1957 ж. 18 сәуірдегі шешімімен кінәсіз жазаланғаны анықталып, ақталған». [3, б.4] Сыр бойы – талай аңыздар адамдар мен тарихи оқиғаларға бай өңір. Найза көтеріп жауға шапқан батырлар, елінің білім мен өнер саласын дамытқан даңқты тұлғаларға осы Сыр өңірінің ауасын емірене жұтып, топырағына аунап өскен. Бүгінгі зерттеу жұмысына арқау болған көрнекті қайраткер Темірбек Қараұлы Жүргеновте осы өңірдің тумасы.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Әдебиеттер тізімі:

1. [www.kazakzaman.kz](http://www.kazakzaman.kz)
2. <https://turkystan.kz/article/217243-temir-narkom/>
3. Адайбаева С. «Нарком Жүргенов» пьесасының тұсаукесері: Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында «Нарком Жүргенов» пьесасының тұсаукесері өтті, Сыр бойы.- 2016. — 2 маусым (№ 81). — 4 б.
4. Б.Иманғалиев. Жүргенов Т. Таңдамалы. Избранное / Құрастырушы: Алматы: Арыс, 2001.- 274 бет.
5. Ибрагимқызы З. Тарихи тұлға тағлымы: Темірбек Қараұлы Жүргенов туралы тарихи-ғұмырнамалық естеліктер жинағы, Қызылорда: Полиграфия Баспа үйі, 2007.- 106 б.

## ӨНЕР - ӨМІР ӨРНЕГІ

*Максет А.А*  
*Алматы Менеджмент Университеті*  
*Алматы қ-сы, Қазақстан Республикасы*  
*ғылыми жетекші – п.ғ.м. Джубанова Г. Д.*

### Abstract

This article describes the close connection between science and art. Science and art have complemented each other for centuries. The life path of great people like Jurgenov will testify to it. The article shows the combination of science and art based on the life path of Temirbek Karayuly.

Ғылым мен өнер – қоғамдық сананың көріністері. Ғылым мен өнер ұштаса отырып бүкіл ғаламды сипаттайды. Ғылым мен өнер бір-біріне ұқсамайтын егіздер іспеттес. Екі ұғымның өзіндік ерекшеліктері бар. Ғылымды теориямен байланыстыруға болады, ал өнерді көркемдіктің бейнесі десек артық емес. Бір реттік көзқарасқа ғылым мен өнер бір-бірімен ұштаспайтындай көрінеді. Алайда, екі егізді біріктіріп қарастырсақ үлкен шыңдарды бағындыруға болады. Оларды бір-бірімен байланыстыруға болады: өнер – ғылымға айналады, ғылым – өнерге айналады.

Ғылым мен өнердің айырмашылықтарын барынша ескере отырып, ұқсастықтарын да ойдан шығармауымыз керек. Ойланып қарасақ, бұл екеуі бір-бірін толықтырып тұрады. Өнер - ғылымның анасы. Ойланып қараңызшы, сіз өнермен айналыссаңыз да, ғылыммен айналыссаңыз да ойыңыздағы жеткізесіз яки бірінде нәзіктікті бірінде қатаңдықты қолданасыз. Ғаламда болып жатқан жаңалықтарды белгілі бір ережемен шектелмей жеткізу немесе ережеге бағыну арқылы теориямен дәлелдеу. Бір қызығы қандай да бір оқиғаны сіз өнермен жеткізген жағдайда да теориямен дәлелденген дүниені айтасыз. Екі ұғым бір-біріне қажет, олар бірге болса біраз жетістікке жетуге болады. Осыны қалай дәлелдей аламыз?

Біздің ойымызша, Темірбек Жүргенов дәлел болады. Ол ғылым мен өнерді біріктіріп ұстаған адамдардың бірі. Бүгінде есімі бүкіл қазақ еліне танымал тұлға. Ол өмір сүрген заман сырлы да сызды еді. Отарға айналған елімізге жанашыр адамдар азайып, жастар теріс тәлім тәрбие мен өсіп келе жатты. Өз еліне қарсы теріс ағымда тәрбиеленген қоғамда болса да Темірбек атамыз ерекше елін сүйер тұлға болды. Теріс бағыттағы қоғамға қарсы тұрған талай жанашырлар лайықсыз өліммен қауышқаны бәрімізге мәлім. Теріс ағым дегеніміз қазаққа қазақты қарсы қойып, соғыс пен қырқыс бола қалса, қазақтарды итше жұмсап, құдайға сенген адамдарды қудалаған заманды көрсеткіміз келгені. Нағыз жанашыр қазақтың



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

мұндай қанауға көз жұма қарауы мүмкін емес-ті. Бірақ, әттеген-ай, қарсы да шығу мүмкін болмады ғой, сірә!

"Жігітті шешенсінген -дауда сына, есерді батырсынған-жауда сына",- деп Ақан сері атамыздың айтқанындай, талай сындардан өтті емес пе Темірбек атамыз? Даудың сынынан өтті дегеніміз, өз мақсатына жетті дегеніміз... Қарсы шығып, әділдік үшін сыр шерткің келсе я үйің түрме я болмаса өмірің өлім деген кездерде де, өзінікін нық айтып алаш зиялыларымен бірге шапқан батырымызды даудан жеңілді деу қате болар. Бүгінде ондай адамдар санаулы. Кейде айналамызға қарап тұрып не айтып, не істегенін білмей осындай зиялылардың істегенін жоққа шығаратын адамдарды көргенде, жағамызды ұстап, не деген сауаттылықтың болмауы, сонда көзі көрмейтін, құлағы естімейтін адам болғаны ма деп таң қаламыз. Қоғамда жастар арасында "олар елдің азаттығын ойлаған емес, олар билікке таласқан" деген сөзді естіген кезде өзіміздің арамызда сондай адамдардың болғанына ұяламыз. Олар деген кім? Біз қарапайым ауылда білім алып шет елде 2 жоғары оқу орнын өз күшімен оқып бітіріп, қазақтың ғылымы мен өнері дамысын деп алға сүйреген адамды айтып отырмыз...

Жауда женді дегеніміз түбінде Темірбек Жүргенов қалаған азаттық бізге жетті емес пе? Көзімізді осы кісілер ашты емес пе? Бұл кісінің ату жазасына кесілгені елімізге тағы да бір соққы болып, халықтың көзіне үрей толып, қорқынышпен өмір сүрген кездер болды. Соңында бүкіл халық аңсаған Тәуелсіз Қазақстан болдық. Мүмкін тарихта кейбір сәттер өшетін болар, олар бірақ жүректе өшпейді.

Т.Жүргенов өмірден өткен күні жұбайы Дәмеш Ермекова қамалып, Алжир түрмесінде 18 жыл азап шекті. Жүргеновтың аты ақталам деген күнге дейін 30 жыл яки 1957 жылға дейін жақсылықпен айналысты. Айта өткен дұрыс тек Жүргеновтың ғана емес басқа да «Халық жауы» деп атылған қайраткерлердің әйелдері мен қыздары Алжир түрмесінде азап шекті. Біздің көкейімізді кернеп тұрған бір сұрақ: олардың қандай күнәсі бар еді? Айыбы нар тұлғаның әйелі болуы ма әлде мақтанарлық әкенің қызы болғаны ма? Сансыз сұрақтарға жауап таба алмай қиналамыз...

Публицист, редактор туралы жазып, шығармалары мен мақалаларын айтпағанымыз үлкен қателік болар. Темірбек Жүргенов Қазақстандағы мәдениет революциясы, Қазақстандағы сауатсыздықты жою кітаптарының, саяси экономика оқулығының, Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері, Қазақ педагогикалық институтын құру, қазақ халқының ақындары, жыршылары очерктерінің авторы. Қаншама еңбектерден кейін бүгінде елімізде қазақ мектептерінің саны әлде қайда көп екенін, қазақ жастары өз елінің жоғары оқу орнында білім алып жатқанын тіпті, шетелге оқуға түрлі бағдарламалармен барып жатқанын мақтана айтуға болады деп ойлаймыз. Өткеннің арқасында болашағы жасалған мысалы біз өз елімізде туылып, ешқандай қысымсыз қазақша білім алып, жоғарғы оқу орында өз елімізде оқып жатырмыз. Бізден бұрын түлеп ұшқан жастар да бар. Талай шыңдарды бағындырған ер азаматтармен қайсар қыздарымыз да бар. Біз нық сеніммен қуана айта аламыз, біз бұл дәрежеге қалай келгенімізді ұмытпаймыз.

1993 жылы Қазақ ұлттық өнер академиясына Жүргенов аты берілді. Бүгінде Жүргенов академиясынан түлеп ұшқан жастар, халыққа белгілі бір тұлға ретінде белгілі. Еңбектің ақталғаны да керемет емес пе? Біз ойлаймыз бұл да бір үлкен жеңіс!

Жүргенов секілді тұлға бар ма қазіргі таңда? Біз нақты ештеңе айта алмаймыз, бірақ әр адам жеке тұлға өзіндік ерекшелігі бар. Бүгінде елім-жерім деген жастар жоқ демейміз, алайда Жүргенов секілді тұлға табылмасы анық.

Өз ойымызды қорытындылай келе, ғылым мен өнердің егіз екенін, алайда бойында осы екі егізді көре алатын адамдар аз екенін айтқымыз келеді. Сол екі егізді бойына жинаған, сол үшін еңбек еткен, Темірбек Жүргенов бүгінде ел есінде. Тек қана өнер жолында

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургунова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

жүрген емес заң жолында жүрген біз де Жүргенов атамыздан үлгі ала аламыз! Есте сақтау керек өткенге қарап болашақты жасаймыз. Бірақ өткенмен өмір сүрмейміз. Өткенге қарап сабақ аламыз, қателіктен тәжірибе жинаймыз. Осылайша біз жарқын болашақ құрамыз. Жүрегіміздегі елімізге деген алау оты өшпейінше, біз еліміздің болашағы үшін күресеміз. Бізге сеніп қалдырған елді, жерді, жәдігерлер мен тарихымызды болашақ ұрпақтарымызға жеткіземіз және ол жолда бізде өз тарихымызды қалдырамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 4 том;
2. Б.Иманғалиев, «АНА ТІЛІ» газеті /05,06, 2009/.

## **Т.ЖҮРГЕНОВ - ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ**

*Меңдалиева А. Б.*

*Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Алматы  
Ғылыми жетекшісі - доцент Айтқұлова Ж.Б*

Abstract

The article shows the contribution of T. Zhurgenov to the formation and development of the foundations of culture and art in Kazakhstan. Used archival sources showing the active participation of the people's commissar in cultural construction in Kazakhstan in the 30s. Analyzed the works of T. Zhurgenov on theater criticism, data on the All-Kazakhstan gathering of folk artists and the First decade Kazakh literature and art in Moscow. The culture and art of that period still play today a huge role in shaping the spiritual culture of the younger generation.

Темірбек Қараұлы Жүргенов – қазақ мәдениеті мен әдебиетінде өзіндік өшпес орнын қалдырған белгілі қоғам және мемлекет қайраткері. Бұл жанның есімі тек қазақ халқына ғана емес, бүкіл түркі елдеріне мәлім, Орта Азия мен Қазақстан еліне ортақ тұлға, қаламы қарымды сыншы көсемсөз иесі.

Темірбек Қараұлы Жүргенов – ғалым, публицист, қазақ мәдениетінің білгірі, мәдени революцияның белсенді қатысушысы. Дарынды тұлғаның өмір жолы көпшілік жанға үлгі боларлық десек артық емес. Себебі, бұл жанның өмірі нағыз қаһармандылықпен күреске толы. Мәдени революция кезеңінде, жаңа мәдениетті қалыптастыру жолында, надандық пен мәдениетсіздікке қарсы шығып, зиялы қауымның ортақ күш-жігерін біріктіріп, талантты жандардың білім алуына мүмкіндіктер жасаған.

Темірбек Жүргенов 1898 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Жанаталап ауылында дүниеге келген. Қазіргі таңда бұл ауылға дарынды тұлға Темірбек Жүргеновтың есімі берілген. Сол уақытта Ырғыз бен Сыр бойы аралығын жайлаған қалың көпшілікке танымал болған, ел басқарған билік иесі, елді татулық пен бірлікке шақырған, көпшіліктің пікірімен санасып, талабын аңғара білген көзі қарақты жан Қара Жүргенұлының ортаншы баласы. Осындай тәрбие мен өнегеге толы отбасында тәрбиеленген Темірбек өз кезеңі үшін тиянақты білім, ұлағатты тәрбие алды. Ата-анасы әрдайым баласының білім алуына оң әсерін тигізіп, қолдап, алдыға қарай қадам басуына өлшеусіз әрекеттер жасады. Оның ауылдағы алғашқы ұстазы Бұқар медресесінің түлегі, белгілі ағартушы-ақын – Тұрмағамбет Ізтілеуов болды. [1; 105]

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

1913 жылы Аламесек ауылындағы екі сыныптық орыс-қазақ ерлер мектебін аяқтады. 1917 жылы Перовскідегі Суханский атындағы орыс-қазақ мектебін бітірді. Сол уақытта Уфа қаласындағы училищеге оқуға түсті. Алайда, сол кезеңдегі азаматтық соғыс оқиғаларына байланысты оқуын нәтижелі аяқтай алмады. Студент кезінде революциялық қозғалыстарға қатысып, белсенділік көрсеткен. Алғашқы бой көрсетуі 1918 жылы Құзылқұмдағы Алашорда билігіне қарсы көтеріліс болды. Әліби Жангелдиннің ұсынысымен сол жылы Торғай Кеңестер съезін шақыру жөніндегі ұйымдастыру бюросының хатшысы болып тағайындалады. Біраз уақыттан кейін Темірбек жергілікті «Қазақ мұңы» газетінің редакциясына мүше болып сайланады. Сонымен қатар, Т. Жүргенов 1920 жылы Коммунистік партия қатарына қабылданып, Ырғыз уездік революциялық комитетінің төрағасы және уездік жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Кеңестерінің атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарды.

1921 жылы партия оны Орынбор жұмысшы факультетінің журналистика факультетіне ауыстырды. Темірбек 1923 жылы үздік жұмысшы факультетінің білімді студенті ретінде Орта Азия мемлекеттік университетінің заң факультетіне жіберіледі. Университет қабырғасы дарынды тұлға үшін белсенді практикалық саяси қызметке толы аралық болды. Осы аралықта оның «1916 жылғы көтерілістегі қала мен ауыл» және «Орта Азиядағы қазақтардың жағдайы» атты шығармалары жарыққа шықты.[1; 114]

1926-1929 жылдары Ташкент қаласындағы Қазақ педагогикалық институтының ректоры болып қызмет атқарды. Сол жылдары ол марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін және шетелдік саяси экономия мен құқықтану оқулықтарын аударып, ғылыми жұмыстарын жетілдіре түсті. Бұл аралық ол үшін ізденіс пен жаңашылдық кезеңі болды. 1933-1937 жылдар аралығында Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары қызметін атқарды. Сонымен бірге ол Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты жұмысына белгілі тұлғалар С.Аспандияров пен Ғ.Мүсірепов және Қ.Жұбанов секілді қайраткерлерді тартты.

Т.Жүргеновтің тікелей атсалысуымен «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылданып, қазақ орта мектептерінің санының артуына себепші болды. Т.Жүргенов Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендету штабына айналдырды. Ол 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының 1-слетінің негізгі ұйымдастырушыларының бірі болды. Бұл кезеңде дарынды тұлға басты назарды халық ағарту мәселелеріне аударды. Қалалар мен ауылдарды аралап, ондағы білім жүйесіне, қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігіне назар салып, жағдайды бақылады. Көп ұзамай Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының өлкелік комитетіне «Қазақстандағы мектептердің құрылымын ретке келтіру және қазақ орта мектебін өсіру туралы» қаулыны ұсынды, бұл қаулы Қазақстан халқы үшін тарихи маңызға ие болды. Партия мен Кеңес мемлекетінің қамқорлығынан рухтанған Т.Жүргенов қалалар мен ауылдардағы жаңа оқу ғимараттары мен басқа да мәдени нысандардың салынып, пайдалануға берілуін үнемі жеке бақылауында ұстады. Педагогикалық оқу орындарының желісін кеңейтіп, ретке келтіруге, педагог кадрларды қайта даярлау жүйесін жетілдіруге ұмтылған Темірбек Қараұлы Жүргенов ұстаздар арасында тәрбие жұмыстарын жүргізді. Ол конференцияларда, мәжілістер мен съездерде жиі лекциялар мен баяндамалар оқып, тәрбие жұмысы мен идеологиялық тақырыптарда мақалалар мен әңгімелер жариялап, мұғалімдерді діни және феодалдық-рулық көзқарастар мен дәстүрлерге қарсы белсенді идеологиялық күреске бағыттай білді.[2, 186 ]

Т.Жүргеновтің ана тілге деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығын белгілі композитор Е.Брусиловский өзінің «Дүйім дүлдүлдер» атты мемуарлық кітабында төмендегідей сүйсіне еске алады: «Жүргенов өз кабинетінде мәжіліс өткізбек болды. Шамамен алғанда отыз шақты кісі жиналды, ішінде тек екі адам - қарағандылық Б.Н.Орлов және мен - орыс

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

жұртынан едік. Наркомның өзі де, басқа сөйлеушілер де тек қазақ тілінде сөйлеп отыр. Бір кезде Борис Николаевич орнынан тұрды да Жүргеновтен қазақша сөйлемеуін өтінді, мұнда не жайында әңгіме болып жатқанын өзі ұқпай отырғанын, сөйлеушілерді ол түсінетіндей болуы үшін орысша сөйлеу жөн екенін айтты. Бір кезде Жүргеновтің қара көздері ұшқындап кетті... Жұрттың бәрі бүкшиіе түсіп, тым-тырс бола қалды. «Сіз қайда отырсыз, Орлов жолдас!» Ашу найзағайы үрейлене бүгжиген қайраткерлердің үстінен ойқастай шапшыды. «Сіз қайда жүрсіз, өзіңіз!» - деп Жүргенов дауысын бұрынғыдан бетер қатайта сөйледі: «Сіз Қазақстанға келдіңіз екен, егерде мұнда жұмыс істегіңіз келсе, сіз республиканың мемлекеттік тілін білуге міндеттісіз! ...Сіз қазақ әндерін де орыс тілінде зерттемекшісіз бе?» - деп өзге ұлттан қазақ тілін құрметтеуді талап етті». Осындай батылдық таныта білген бұл жанның өз ұлтына, тіліне деген құрметінің шексіздігін көруге болады.[2; 198]

Т.Жүргенов өз сөзінде былай деген болатын: «Біз өз ана тілімізді құрметтеп, қажетті сөздермен толықтырып, қазақ еліне жат сөздерді қолданыстан шығарып, тілдік жүйелілігімізді қалыптастыруымыз қажет» - деген болатын. Жүргеновтің қылышы жалаңдап тұрған сол 30-жылдардағы мәрттігі осы ұрпаққа зор тағылым. «Бүкіл дүниежүзілік мәдениетке өз ана тілімізді жақсы білгенде, соны үйренгенде ғана жетуге болады», - деген Темекеннің сөзі бүгін өз көкейкестілігін жоғалтқан жоқ. Тоталитарлық жүйенің осы қызып тұрған шағының өзінде Темірбек Жүргенов республикаға басшы болып келген Голощекинді қатты сынға алып, былай дейді: «Қазақстанға керегі – 7-10 жылдық мектеп жүйесін құру, ал сіз «қазақ тек хат таныса болады» дейсіз. Жоқ! Бізге үлкен білім ордалары қажет! Алда істейтін міндетіміз – қалың жұрттың ішінен шыққан білім қайраткерлерін, өз кадрларымызды дайындауымыз қажет. Қазақ тілін жете білудің өзі үлкен мәдениет!» - деп өз ұлтының болашағын құрметтеуді талап етеді. [2; 206]

Темірбек Жүргенов ұлттың болашағының жарқын, халықтың сауатты әрі білімге құштар болуын қалаған жан. Әрдайым еліміздің ұлт ретіндегі келешегін сақтап қалу жолында бар күш-жігерін аямай, алдыға әрекет ете білуге жағдай жасаған. Осындай дарынды тұлғаның әрбір әрекеті біз үшін үлгі. Оның «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою» кітаптары, «Саяси экономия» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары» және тағы басқа очерктер мен мақалалары мұра болып қала бермек. Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргенов өмірінің соңғы күндеріне дейін қазақ халқына, еліне адал қызмет етті, қалың жұртшылық арасында үлкен құрметке, зор беделге ие болды [4, 103 б.].

Қайраткер 30-жылдар басында әдеби сын мақалалар жазуға, соның ішінде театр сынына көбірек көңіл бөлген. Бұл өреде Б.Майлиннің «Шұға» пьесасының алғашқы қойылымына арналған «Ушуға» рецензиясын («Казахстанская правда», 1934ж., 21-маусым) атап айту жөн. Автордың пайымдауынша, ендігі жерде әдебиетке Меруерт тәрізді шарасыз бейнелер емес, Шұға сынды сындарлы, рухты, кесек образдар қажет. «Өнер өнер үшін емес, өнер әлеуметтің мұң-мұқтажына, арман тілегіне қызмет көрсетуі тиіс!» - дейтін өзекті ой Темірбек Қараұлының қаламынан қорытылып шыққан «О пьесе «Хан Кене» и ее критиках» («Казахстанская правда», 1934ж.,12 маусым) мақаласында жалғасын тапты.1928 жылы жазылғанымен, содан бергі уақытта сахналауға рұқсат берілмей келген М.Әуезовтың «Хан Кене» пьесасын алғаш драма театры репертуарына енгізген Т.Жүргенов. Спектакль 1934 жылы мамырда қойылды. «Хан Кенені» тірілткен Темірбек Қараұлы - өзінің тарихи принцип көзқарасын әдеби мұраны игеру ісіндегі тарихи сабақтастық принципіне ұластырған сыншы. «Казахский перевод» Шахнаме» атты көлемді мақаласы (Казахстанская правда, 1935, 1 сәуір) автордың осы өредегі көзқарасын толық танытты. Фирдаусидің туғанына 1000 жыл толуы

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

қарсаңында оның мәңгі өлмес мұрасы – «Шахнама» дастанын қазақ топырағында бірінші болып аударған Сыр бойының білімдар ақыны Молда Ораз нұсқасын ел ішіндегі бір қарапайым шаруаның қолынан таптырып алдырған Т.Жүргенов дастан жөніндегі алғашқы әрі күні бүгінге дейін біздегі бірден-бір толымды зерттеу болып саналатын көлемді еңбекті жазды. Т.Жүргенов өзінің сыншылық-зерттеушілік еңбегінде жекелеген шығармаларға ғана көңіл бөліп қоймай, әдебиетіміздің зәру мәселелері бойынша перспективалық бағыттарды белгілеп, әдебиет тарихындағы кесек дәуірлерге баға беріп отырған.

1925 жылы Ташкентте қызметте жүріп тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мақалалардан «Терме» деген жинақ құрастырды. Оған Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов т.б. авторлардың шығармаларын кіргізіп, Шернияз, Едіге, Базар жырау т.б. туралы құнды мәліметтер берген. Темірбек Қараұлының «Жерұйық» атты мақаласында («Қазақ әдебиеті», 1936 ж. 10 шілде) Асан қайғы, оның идеясына алғашқылардың бірі болып толымды баға бергенін атап айтқан жөн. Асан қайғы жөнінде зерттеу жұмыстары 1930 жылға дейін тоқтап қалған еді. Жүргенов мақаласы тоқырап қалған сол іске жаңадан серпін берді. Автор халық аңызы жасаған Асан Қайғы бейнесі белгілі бір дәрежеде тарихи Асанның кейпі, ол XIV ғасырда қазақ халқының жазба тарихы жасала бастаған дәуірде өмір сүрген деген ой айтты. Кейінгі зерттеулер оның бұл пікірінің дұрыс екендігін көрсетті. Темірбек Жүргенов – 30-жылдары А.Пушкин шығармашылығына да баға берушілердің бірі. Орыс ақынының дүниеден өткеніне 100 жыл толуы қарсаңында жарияланған «Орыс халқының ұлы жазушысы және қазақ халқы» деген көлемді мақаласында Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аудару дәстүріне тоқталған. Осы орайда, оның Абай үлгісіне берген бағасы биік. Сыншы орыс ақыны мен қазақ ақынының ақындық қуаты мен поэзия өрнегіндегі ұқсастықты нақты мысалдармен көрсетеді.

Ол туралы А.Затаевич: «Сырдария өлкесінің өлеңдерін өте көп білетін интеллигент, байсалды жас қазақ – Темірбек Жүргенов маған Хиуадан шыққан Қоңырат руының өлеңдерінен ерекше бағалы хабар берді. Амал нешік, өзінің туған Отанының ескі өлеңдерінен көп білетін – өзінен көп нәрсе алуға болатын адамды, қаншама тырысқанына қарамастан, пайдалана алмадым» деген өкінішін білдірген. Дегенменде, А.Затаевич өзінің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында №877-882 аралығында алты ән-жыр, жоқтау сияқты жанрлардан мәлімет берген.[3; 86]

Бірде А.Затаевич «Т.Жүргенов мен естімеген көне сарындағы әуенді орындап берген», – деп айтқан. Сол көне сарындардың бірі №877 «Жыршы әні» болып табылады. Бұл мақамның құрылымы жыраулық дәстүрге тән қайырмасын еске түсіреді. Жыраулық дәстүрдегі мақамның басталуы мен аяқталуы еш уақытта жоғарғы дыбыста тұрақтамайды. Бұндағы динамикалық, интонациялық құрылымның өзгеріп, түрленіп отыруы лидиялық ладпен дориялық ладтың үндесуінде. Осындай үндесулер қазіргі кезеңдегі жыраулық үрдісте де кездеседі. Мысалы: №877 «Жыршы әнінің» басталуы мен аяқталу кезеңдері: №879 «Ешнияз әнінің» құрылымы да дориялық ладта орындалғанын байқаймыз. Мұндағы әннің құрылымындағы кездесетін хроматикалық элементтер, кең тынысты лирикалық әндерге мүлде ұқсамайды. Бұндағы интонациялық құрылымның жыраулық дәстүрге тән орындалатын мақам екені даусыз. Т.Қ.Жүргеновтен алынған әндердің құрылымын зерттеу арқылы бұл мақам-саздардың құрылымы жыраулық өнерге тән дәстүр екендігі анықталды.

Темірбек Жүргенов шетелдік мәдениет пен әдебиет өнер туындыларының қазақ тілінде аударылып, жарыққа шығуына барынша әрекет жасады. Мәселен, ол ағартушы-ақын Т.Ізтілеуовты парсы елінің танымал ақыны Фирдоусидің «Шах-Наме» атты шығармасын аударуға қолдау көрсетті.

Темірбек Жүргенов Қазақстанның көптеген мәдениет және өнер қайраткерлерінің рухында өшпес із қалдырды. КСРО халық әртісі Күләш Байсейітова, композиторлар Ахмет

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургунова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Жұбанов, Евгений Брусиловский сияқты талантты тұлғалар өз мақалалары мен естеліктерінде Жүргеновтің Қазақстанның шығармашылық зиялы қауым мүшелерінің арасындағы зор беделі мен құрметі туралы аса мақтанышпен айтады. Ол бұл беделге өзінің жоғарғы білімімен жан-жақты ізденісінің және өнерді жан дүниесімен ұғына алғандығының арқасында жетті. [5, 511 б.].

1937-жылы басталған жаппай саяси қуғын-сүргін науқаны қыруар игі істердің басы-қасында жүрген Т.Жүргеновті де өзінің шеңгеліне іле кетті. Оған «халық жауы, ұлтшыл, Кеңеске қарсы терроршы-көтерілісші, шпиондық-диверсанттық ұйымдарға басшылық еткен, жұмыстарына белсене араласқан» деген сияқты бірнеше айыптар тағып, кейін сот оны ату жазасына кесті. Үкім 1938-жылы 25-ақпанда Алматының іргесіндегі Қандысай деген жерде орындалған. Бұл кезде есіл ердің жасы небәрі 39-да еді.

Алаш ардақтысы Әлімхан Ермековтің туған қарындасы, қайраткердің зайыбы - Дәмеш Ермекова-Жүргенова күйеуі атылғасын «халық жауының әйелі» деп оны 8 жылға бас бостандығынан айырып, «Алжир» лагеріне қамайды. Бас-аяғы 20 жылға жуық уақыт қуғыншылық көріп, ол Алматыға тек 1957-жылы ғана оралды. Дәмеш Әмірханқызы кейін айнымас адал жарын жазықсыз жаладан ақтап алу жолында ғалым Мардан Байділдаевпен бірге талай есікті тоздырып жүріп көптеген іс-шаралар, кездесулер өткізеді, естелік мақалалар жазады. Осындай адал жандар мен жанашыр бола білген азаматтардың арқасында Алматы қаласындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясына Темірбек Жүргеновтің есімі берілді. Сонымен қатар еліміздің Астана, Алматы, Қызылорда, Ақтөбе облыстарында көшелер мен мектептерге талантты жанның есімі беріліп, ескерткіштер қойылды. Ағарту комиссарының өміріне арналған деректі фильмдер мен пьеса жарық көрді. Өзі мерт болса да, оның ісі, атқарған қызметі, халқының болашағына сіңірген қалтқысыз еңбегі, атап айтқанда, артында мұра болып қалған әдеби-мәдени, оқу-ағарту саласында жазған құнды дүниелері шаң басқан мұрағат сөрелерінен алынып, жоғары бағасын ала бастады.

Себебі, осындай елім үшін деп жасаған әрбір қайсарлықты талап ететін әрекеттері қазіргі таңның ұрпағы үшін өшпес үлгі мен тәрбие деп білемін. Сол себепті талантты жанның есімін жадымыздан шығармай, әрбір әрекетінен үлгі алып, сол кісідей еліміздің ертеңгі болашағы үшін нәтижелі әрекеттер жасай білейік!

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Л. Варшавская, И. Самигулин «Известия-Казахстан», 11.11.2005 г.
- 2.Б.Иманғалиев. Т.Жүргенов. Алматы, 2012 ж., 439 б.
- 3.А. Затаевич. 1000 песен казахского народа. Изд. второе. М., 1963 г.
- 4.Қазақ ұлттық энциклопедиясы. 4 том. Алматы,103 б
- 5.Б.Ж.Оспанов. Дад дастаны. Музыкалық-этнографиялық жинақ. Алматы: Атамұра -2002.

## **РОЛЬ Т. ЖУРГУНОВА В РАЗВИТИИ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И КУЛЬТУРЫ КАЗАХСТАНА И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ**

*Мырзахмет А.Б.*

*Казахская национальная академия искусств имени Т. Жургунова*

*Алматы, Казахстан*

*научный руководитель- к.филос.н. Божбанбаев Б.М.*

### **Abstract**

This article is dedicated to the prominent statesman of the Kazakh USSR, Minister of Education, publicist, scientist, translator Temirbek Karaevich Zhurgenov.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

The article will touch upon his biography, achievements, positions, political and public activities and role in Kazakh history. This article can answer your questions about aspects of his life.

**«Железный нарком» Темирбек Жүргенов.** С именем Т.К. Жүргенова часто связывают культурную революцию нашей страны. В свое время он стал первопроходцем в таких сферах как: образование и культура. Он был одним из видных представителей казахской интеллигенции во времена СССР. Наравне вместе с Санжаром Асфендияровым, Сакеном Сейфуллиным, Ахметом Байтурсиновым и другими, он внес значительный вклад в создание казахстанской высшей школы. В 1934 г. при его содействии в Алма-Ате одновременно начали строительство шести крупнейших вузов всей Центральной Азии. Ещё одна огромная заслуга Жүргенова - звание министра просвещения Казахской ССР. Он был участником борьбы за упрочение Советской власти в Казахстане и Туркестане.

Темирбека Жүргенова часто называли "железным наркомом". Причиной тому послужила его принципиальность и настойчивость. Он всегда стремился доводить начатые дела до конца, строго соблюдал определенные правила. Люди описывали его как грамотного, работоспособного и целеустремленного человека. Это были основные качества характеризующие его личность. Эти качества сопровождали его всю жизнь. Жүргенов посвятил свою жизнь строительству мира без богатых и бедных. Будучи выходцем из знатного рода, он желал чтобы все граждане имели равные права и возможности. Благодаря этому его имя было известно не только в казахском народе, но и по всей средней Азии [1].

**Биография.** Темирбек Жүргенов родился в 1898 году в ауле Жанаталап в Кызылординской области. Он произошел из племени алимулы, рода шомакей. Его отец Кара был хорошим скотоводом, но, не имел образования. Отец и дед Куан имели многочисленные стада животных. Маму Жүргенова звали Жаншы. Она дарила сыну любовь и ласково называла «Темерши». Но когда мальчику исполнилось два года, его матери не стало. Она умерла от тяжелого заболевания. Спустя время роль матери перешла женщине по имени Кампит. Она тоже любила сыновей Кара, вложила в них воспитание и заменила родную мать. Братьев Темирбека звали: Досжан, Косжан и Ыскак. Среди них был только Темирбек, который отличался своим усердием и стремлением к учебе. Он поступил на двухклассную русско-казахскую мужскую школу и закончил ее в 1913 году. А также в 1917 г. окончил учебу в русском казахстанском училище им. Суханского в Перовске. В 1923 году он окончил учёбу в журналистском факультете, в Оренбурге, после чего перешел в среднеазиатский государственный университет [2].

**Трудовая деятельность.** Будучи представителем казахской интеллигенции, у Жүргенова было множество достижений, должностей и заслуг. В 1926 — 1929 гг. он начал свой карьерный путь в Ташкенте с должности ректора Казахского педагогического института. Знание нескольких языков помогло ему добиться огромных успехов в карьере. Жүргенов хорошо разбирался не только в казахском и русском, но и сумел овладеть узбекским, таджикским и еще двумя языками. В то время центральные власти искали человека, который был способен в Узбекистане и Таджикистане без труда поддерживать связь с местным населением, что как раз таки мог Темирбек Жүргенов. Таким образом, в Таджикской республике он стал комиссаром - министром финансов в 1929 году. А спустя год он становится комиссаром просвещения Узбекской ССР. На этом посту он проработал два года. За это время в разных районах были открыты десятки школ, училищ и театров. Позднее в 1933 г. Жүргенова переводят на родину, и он назначается народным комиссаром просвещения.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

На каждом шагу Жүргенов сталкивался с трудностями, так как порученная работа была нелегка, по причине того, что он должен был: открыть дорогу к знаниям гражданам самых удалённых аулов и устранить неграмотность. И ему это удалось - миллионы человек в эти годы сумели получить образование. Первым шагом было открытие полугодовых курсов начального образования. В Алма-Ате – за непродолжительное время построили 17 средних школ. Повсюду издавались учебники. Строились «кочевые школы-интернаты» где учились казахские дети. Но помимо начального и среднего образования, необходимо было внедрить систему высшие учебные учреждения. Так, были открыты Казахский горно-металлургический институт ( Казахский национальный технический университет им. К.И. Сатпаева), ветеринарный институт и Казахский государственный университет им. С. Кирова (Казахский национальный университет им. Аль-Фараби). Благодаря помощи Жүргенова в выстраивании начального и среднего систем образований, комплектования школ учебниками и преподавательскими кадрами — повысился уровень грамотности в КазССР [1].

Но к сожалению, несмотря на все заслуги, Жүргенов был несчастен, ведь в его семье произошла трагедия. В 1934 году погиб его единственный сын Шортай. Тяжелая и напряженная работа помогла Жүргенову остаться на ногах, с помощью работы он пытался отвлечься от горя и не опускать руки. Позже Темирбек вместе с женой по казахским традициям взяли на воспитание первенца своего старшего брата - Ыскака.

Железный нарком привлекал все большее внимание к своему имени. Он также заведовал Комитетом по делам искусств Казахской АССР и курировал работы учреждений связанных с искусством и культурой. А также, Темирбек Жүргенов старался исправить по грубые ошибки, допущенные в период коллективизации [2].

**Труды.** За свою жизнь Темирбек Жүргенов написал множество трудов, ниже перечислены самые известные и дошедшие до наших дней работы:

Кызылорда, 1927: «Проблемы разделения на районы по административно-хозяйственным признакам в СССР и Казахстане»;

«Казахская культурная революция», Алма-Ата, 1935 г;

Алма-Ата, 1936 г: «О работе по ликвидации безграмотности в Казахстане»;

1935 г, 17 и 18 мая: «Казахстанская правда», «О чуждых явлениях в казахском литературном языке»;

1935 г, № 6: «Большевик Казахстана», «Вопросы терминологии казахского языка» [3].

В своих трудах Жүргенов смог отразить проблемы исторической и культурной составляющей дореволюционной казахской истории. Он дал правильную оценку произведениям народных акынов, композиторов, таких как: Мухит Мералиев, Биржан, Курмангазы. Он один из первых обращался к поэзии знаменитого акына-философа XIV века Асан-Кайгы, который рассказал о своих безрезультатных поисках «Жер-уйык» [4]. Оценивая работы Жүргенова, следует также обратить внимание на переводы по популярным стихам. Благодаря Жүргенову на казахский язык было переведено произведение небезызвестного поэта древности Фирдоуси «Шахнаме». Он одним из первых начал переводить произведения классиков марксистского и ленинского творчество на казахский язык. Жүргенов участвовал в издании произведений: Пушкина, Лермонтова, Гоголя, Льва Толстого, Горького и других писателей [3].

**Роль Жүргенова в совершенствовании искусства, литературы и музыки.** На посту министра народного просвещения, он внедрял в страну не только образование, но и акцентировал внимание на искусстве.

В 1936 году, в Москве железный нарком отвечал за организацию Первой декады казахского искусства и литературы. Что позволило большинству гражданам в советской республике узнать о казахской эстраде, о композиторах, об актерах и танцовщицах, а также о



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

национальных казахских инструментах. Это событие запомнилось тем, что в столице участвовали: Куляш Байсеитова, Шара Жиенкулова, оркестр народных инструментов под управлением Ахмета Жубанова – прозвучали кюй Курмангазы «Сарыарка» и опера «Кыз-Жибек», а также игра Жамбыла Жабаева. Данное событие посетили лидеры правительства: Сталин, Молотов, Каганович, Микоян. Одной из первых звания Народной артистки СССР удостоилась Куляш Байсеитова. В свою очередь Темирбек Жургенов получил Орден Трудового Красного Знамени. То, что он организовал данное событие, подчеркивает его организационный талант и ответственность.

Жургенов также уделял большое внимание культурному и духовному наследию, делая много переводов. Он высоко оценивал значимость переводческого дела, говоря что:

*«Переводы классиков и советских писателей других народов — Союза, — писал он, — сроднили казахский народ с лучшими литературными произведениями Союза и Запада, укрепили интернациональные связи в казахском творчестве».* [4]

Т.К. Жургенов — один из исследователей истории культурного возведения среднеазиатских стран. Он собрал демографические и статистические сведения стран Средней Азии, исследовал литературные и оригинальные источники.

Помимо литературы и искусства, он совершил плодотворную работу в подъеме музыки. Так, в 1930-ых о нем писал в своих примечаниях к книге «1000 песен казахского народа» даже великий композитор А. В. Затаевич:

*«Темирбек Жургенов — интеллигентный и серьезный молодой казах, основательнейший знаток сыр-дарьинских песен, давший мне чрезвычайно ценные сообщения песен Конратовского рода, происходящего из Хивы. К сожалению, несмотря на все мои старания, мне не довелось более исчерпывающе использовать широкую осведомленность этого лица в старинном песенном творчестве его родины!»* [5, с.511]

Когда Т.К. Жургенов повстречал А. Затаевича, стал охотно отвечать на вопросы и помог ему собрать информацию о многих, раньше неизвестных композитору казахских песнях. А.Затаевич был изумлен столь высокой посвященности Жургенова в музыку. Железный нарком отвечал наиболее развернуто, красноречиво, тем временем как другие озвучивали лишь по одной-две композиции.

По словам очевидцев и людей, что знали Жургенова, он часто узнавал и записывал многие казахские произведения творчества акынов. В 1924 г. Темирбек издает одну из первых сочинений песен казахстанских акынов «Терме» (Сборник), которая была снабжена большим вступлением автора. В 1936 г. сборник значительно пополнился, редактировался и вышел на русском и казахском языке к Первой декаде Казахстанской литературы, искусства [3].

О Жургенове в сфере искусства и музыки хорошо отзывался не только А.Затаевич, но и другие казахские, советские артисты и акыны. Например, народные артисты СССР Куляш Байсеитова, композиторы А. Жубанов и Е. Брусиловский в своих трудах и воспоминаниях рассказывают о большом авторитете Жургенова среди творческой интеллигенции Казахстана. Он заслужил этот авторитет благодаря интересу к высокой культуре, тонкому пониманию искусства, настоящей заботе о её развитии и организаторским способностям. Помимо этого, он также разыскивал таланты и неустанно их поддерживал. Он зарекомендовал Абылхана Кастеева в мастерскую художника и этнографа Н.Г. Хлудова в начале 30-ых годов. Это помогло Кастееву набить руку и набраться знаний, чтобы отправиться на учёбу в Москву для последующего улучшения своего профессионализма. Сейчас Кастеев известен как известный народный художник Казахской ССР. Жургенов старался таким же образом поддерживать многие другие народные таланты.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

В июне 1934 года «Железный нарком» принял активное участие в созыве первого Всеказахстанского слета деятелей народного искусства. В 1936 году Жүргенов помог состояться в Алма-ате конференции работников культуры уйгурского народа. В этом же году он помог провести Декаду литературы и искусства Казахстана в Москве, за что получил награду труда [3].

В данной статье мы узнали о жизненном пути, профессиональной деятельности и вкладе железного наркома. На основе всего вышеизложенного можем сделать вывод, что Жүргенов вложил много усилий для культуры, творчества и образования в нашей стране. Он своим талантом организатора, содействовал большому развитию казахской национальной оперы, Казахскому музыкальному театру, киноискусства, казахской драматургии. Благодаря его труду и стараниям других членов казахской интеллигенции, мы живем в современное время и лицезрим облики наших городов в таком виде, в каком его оставили нам эти люди. Их вклад бесценен.

Также подтверждением тому, что Жүргенов был очень важным человеком в сфере культуры служат: национальная художественная академия, колледж и школа названные в его честь, где обучаются искусству, дизайну, актерскому мастерству и многим другим сферам. Такой разносторонний человек заслуживает чтобы о нем вспоминали. В течении всей жизни он побывал: общественным деятелем, публицистом, переводчиком, ученым, талантливым организатором и исследователем казахской культуры.

#### Список литературы:

1. «Касым Ахат (2019) блог на сайте world-nan.kz; // Темирбек Жүргенов - Трудовая деятельность» <https://world-nan.kz/blogs/tau-tulga-temirbek-zhurgenov?ysclid=If1c3ymhmq736775295>
2. «e-history.kz, Аян АДЕН: Первый нарком просвещения Казахстана» <https://e-history.kz/ru/news/show/4563>
3. «Википедия. Жүргенов, Темирбек Караевич // Биография, Труды, Роль Жүргенова в образовании и искусстве» [https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Жүргенов,\\_Темирбек\\_Караевич](https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Жүргенов,_Темирбек_Караевич)
4. «Электронный архив людей. Жүргенов, Темирбек Караевич // Роль Жүргенова в образовании и искусстве» <http://people-archive.ru/character/zjurgenov-temirbek-karaevich>
5. Александр Затаевич. 1000 песен казахского народа (песни и кюйи). Изд. второе. М., 1963

## О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТЕМИРБЕКА ЖҮРГЕНОВА

*Нормуродов Машираб, Жуманов Дилшод*  
*УОБ, г.Ташкент, Республика Узбекистан*  
*научный руководитель – к.п.н, доцент Туйчибаева Ш.Ш.*

#### Abstract

The article is devoted to the activities of an outstanding personality - Temurbek Zhurgenov, whose 125th birthday is celebrated this year. Some facts of his state and public activities related to his contribution to the development of education, culture and science are given.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

В этом году мы отмечаем 125-летие со дня рождения Темирбека Жүргенова – выдающегося государственного и общественного деятеля, публициста, переводчика, который внёс огромный вклад в развитие образования, культуры и искусства.

Он родился в 1898 году в Жалагашском районе Кызылординской области.

Т. Жүргенов с отличием окончил юридический факультет Среднеазиатского государственного университета в Ташкенте. В годы учебы в университете он исполнял обязанности уполномоченного представителя Казахской АССР в Туркестанской Республике (позже Узбекской АССР), а на последнем курсе по совместительству работал ректором Казахского института народного просвещения (Қазақ халық ағарту үністәті) в Ташкенте (1926-1929 гг.) [2]. Его дипломная работа была посвящена районированию казахских земель. Она получила высокую оценку и впоследствии была издана отдельной книгой «Проблемы разделения на районы по административно-хозяйственным признакам в СССР и Казахстане» в 1927 году. После окончания университета он начал преподавать здесь государственное право и одновременно занимался научной деятельностью.

Т. Жүргенов был ответственным секретарём газеты «Печаль казаха».

Он избирался членом Центральных исполнительных комитетов Казахстана и Туркестана, был делегатом областных, республиканских, краевых пленумов. Особое внимание он уделял праву, политэкономии, истории, занимался статистическими, демографическими исследованиями.

Т. Жүргенов свободно владел казахским, русским, узбекским и таджикским языками. Он считал очень важным знание родного языка будь то казахский, русский или другой язык и уделял этому особое внимание. Этому посвящены его работы «О чуждых явлениях в казахском литературном языке», «Вопросы терминологии казахского языка». По всему Казахстану были открыты кружки родного языка, что послужило глубокому изучению казахского и русского языков [3].

В 1933 году он был назначен Народным комиссаром просвещения Казахской АССР. Так началась его деятельность в области образования, науки, искусства и культуры. Свою деятельность на посту Народного комиссара он начал с ликвидации безграмотности. Под его руководством открылось очень много школ, были изданы учебники, решалась проблема с нехваткой преподавателей. Во всех областных центрах были открыты шестимесячные курсы под лозунгом: «Каждый учитель должен обучить грамоте не менее 35 человек!» [4]. Создаётся специальное управление по обучению взрослого населения, издаётся газета под названием «Төте оқу». В ряде областей были созданы двухгодичные учительские институты, образованы десятки техникумов для промышленности, транспорта и связи. Стали работать мединституты, рудно-металлургический институт. В период его деятельности были открыты высшие учебные заведения в Казахстане. Только в самой Алма-Ате в 1933 – 1934 гг. было создано шесть вузов. В 1934 году изданы и бесплатно розданы населению сотни тысяч учебников. В те же годы увеличилось количество начальных школ, а спустя три-четыре года в Казахстане число учащихся превысило один миллион человек [4].

Он внёс большой вклад в открытие Казахского государственного университета, развитие казахского театра. Благодаря его начинаниям, стала складываться новая волна высокообразованной казахской интеллигенции. Для этой цели казахская молодежь направлялась в высшие учебные заведения Москвы, Ленинграда и других российских городов [3].

Особое внимание Т. Жүргенов уделял развитию культуры и искусства. Он собирал и записывал произведения устно-поэтического творчества казахов, в том числе песни современных акынов. В 1924 году им издан один из первых сборников песен и поэм акынов Казахстана под названием «Терме» («Сборник»).

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Он считал, что переводческое дело играет важную роль в духовном сближении народов. При его участии были изданы на казахском языке произведения А. Пушкина, М.Лермонтова, Н. Гоголя, Л. Толстого, М. Горького и других писателей и поэтов. Он писал, что переводы классиков «сроднили казахский народ с лучшими литературными произведениями Союза и Запада, укрепили интернациональные связи в казахском творчестве» [5].

Творческое наследие Темирбека Жургенова, который внёс вклад в развитие культуры и образования не только Казахстана, но и всей Центральной Азии, требует всестороннего изучения, что может послужить источником научных исследований в дальнейшем.

Нам было очень интересно познакомиться с деятельностью выдающейся личности – Темирбека Жургенова. Его жизнь должна служить нам примером в деле беззаветного служения своему народу и родине!

#### Список литературы:

1. Баишин А. Борцы за великое дело. Темирбек Жургенев. – Алма-Ата, 1989.
2. Жанаберген Б. Всё остаётся людям. <https://qmonitor.kz/society/4767>
3. Оразбаков А.Ж., Ибраев У.С. Нарком просвещения Казахстана Темирбек Жургенов // Молодой ученый. – 2015. – № 1.1 (81.1). – С. 80–83
4. <https://moluch.ru/archive/81/14867/>
5. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Жургенов>

## **ЖҮРГЕНОВ - ОРТА АЗИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХИ, МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫС ЗЕРТТЕУШІСІ**

*Совет Мадина*

*Т. Жүргенов атындағы ҚазҰОА. Алматы  
ғылыми жетекшісі –аға оқытушы АлматоваН.А.*

#### Abstract

The article tells about Temirbek Zhurgenov's merits in the field of culture. He is considered one of the talented organizers of culture, literature, art in Kazakhstan and an outstanding state and public figure of the republic. He made a great contribution to the development and prosperity of Kazakh art.

Мәдениет - әрбір ұлттың рухани болмысын қалыптастырушысы. Ол адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Ал Қазақстандағы мәдениетті дамытушы адамдардың арасында өнер жолының қалыптасуына, жалпы Қазақстандағы мәдениеттің өркендеуіне әсер еткен бірден бір қайраткер-Темирбек Қараұлы Жүргенов.

Жүргенов Темирбек Қараұлы - Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Темирбек Қараұлы Жүргенов есімі тек қана қазаққа ғана емес, күллі түркі жұртына мәлім. Ол Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қаламы қарымды сыншы-көсемсөз иесі саналады.

Еңбек еткен уақытында ол көптеген білім ошақтарының ашылуына септігін тигізді. Атап айтқанда, қазақ кен-металлургия институты, яғни, қазіргі Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, ветеринарлық институт және С.Киров

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, яғни, қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ашылды. Ағарту жолында ғана емес, мәдениет саласына да үлес қосқан ол Қазақ АКСР-і Өнер ісі жөніндегі комитетті басқарған. Комитет төрағасы лауазымында ол дарынды жастарды барынша қолдаған және қорғап жүрген. Өз кезінде Қазақстанда алғашқы музыка театрын ұйымдастыруға үлкен үлес қосып, Қазақ әндері туралы А.В.Затаевичке көптеген мәліметтер берді. Және 30-жылдардың басында әдеби сын мақалалар жазуға, соның ішінде театр сынына көбірек көңіл бөлген. [1,16.].

Ол өз сөзінде: «Одақтағы ең жас қазақ музыкалық театрының жетістіктері, жоғарғы деңгейде көркем шеберлік көрсеткен қазақ филармониясының табысы, Қазақ республикасының ұлттық өнерінің дамуындағы үлкен жетістіктері - социалистік шаруашылық пен мәдениеттің дамуын қамтамасыз ететін лениндік-сталиндік ұлттық саясатты дұрыс жүзеге асырудың нәтижесі,» - деді. Қазақ театрының негізгі тірегі - халықтың ұлттық құндылығында, әндерінде, шығармашылығында. Өз еңбегінде халық мәдениеті мен театр ұжымдарының ішіндегі Совет одағы республикаларының алдағы уақыттағы жұмыс істеуіне ықпал етеді. 1926-1929 жылдары Орта Азия мемлекеттік университетінің 4 курсына оқып жүрген Темірбек Жүргенов Ташкенттегі Қаз ПИ-дің ректоры болып тағайындалған. Алғашқы оқу жылында 80 талапкердің ішінен 49-ы ғана қабылданды (47 қазақ 2 өзбек). Қоғамдық-экономикалық және лингвистикалық бөлімнен тұратын қоғамдық-лингвистикалық факультеті, жаратылыстану-географиялық және физика-математикалық бөлімнен тұратын жаратылыстану-математика факультеті 4,5 жылдық оқу мерзімімен ашылды. Т.Жүргенов ҚазПедВуздың ректоры ретінде "Қазақ Мемлекеттік Институтын ұйымдастыру туралы" (1927 жыл 24 сәуір), "Қазақ педагогикалық институтының 1 жылдық жұмысы" (1928 жыл) атты проблемалық мақалалар жариялады. Бұл мақалаларда ол сауатсыздықты жою жұмыстары мен мектептегі және жоғары оқу орындарындағы сабақтар қазақ тілінде жүруі тиіс екендігін, ол үшін Мәскеу, Ленинградтан білімді мамандар шақырып, әзірге сабақты орыс тілінде жүргізіп, бірте-бірте қазақ тіліне көшуге ұсыныс жасаған. Сонымен қатар, қазақ жастары да білім беруі үшін оларды Ресейге әртүрлі мамандықта оқытуға жіберген. 1929 жылы Жүргенов Тәжікстанның статистика басқармасында қызмет жасап, бірнеше айдан соң республика Қаржы комиссары қызметіне тағайындалады. Бұл кезеңде Тәжікстандағы жағдай аса қиын еді. Бұл жерде де абыройлы қызмет атқарған Темірбек Жүргенов 1930 жылы Өзбекстанға халық ағарту комиссары болып ауысады. Аса қиын жағдайларға қарамастан, 1931-1932 жылдары Өзбекстанда 4600 мектепте 19000 мұғалім бастауымен 514900 оқушы оқытылған. 1931 жылдың өзінде 14000 мұғалім аз мерзімдегі дайындық курсынан өткен соң, мектептердегі сабақ өзбек тіліне ауыстырылды. Самарқанд педагогикалық академиясы, Ферғана білім жетілдіру факультеті, Бұхарада педагогикалық техникумдары ашылып жұмыс істей бастады. Хамза атындағы мемлекеттік драма театры ашылғаннан кейін Бұхарада, Самарқандта, Ферғанада, Наманганда және басқа да аудан, ауылдарда халық театрлары ашыла бастады. [2, 30 б.]

Сонау еңбек жылдарынан бері Қазақ мәдениетіне қосқан орасан зор үлесінің арқасында бүгін Қазақ өнері құлашын кеңге жайып, қарқынды дамып жатыр. Т.Қ.Жүргеновтың атқарылған еңбектеріне қарап қоғамды, балаларды, жастарды рухани адамгершілікке тәрбиелеуде маңызы зор екендігін және қазақтың кәсіби өнері мен әдебиетінің қалыптасуына, дамуына баға жетпес үлес қосқандығын білуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аңыз адам журналы – №18, 2014 ж
2. Иманғалиев Б. Темірбек Жүргенов- 496 б., 2012ж.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

<https://www.inform.kz/kz/temirbek-zhurgenov-omirinin-sonyna-deyin-halkyna-adal-kyzmet-etti-rektor>

## **ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ – ЖАҢА МӘДЕНИЕТТІҢ ІРГЕСІН ҚАЛАУШЫ**

*Талипова А. А., Тлеуханова А. А.*  
*Қазақстан-Неміс университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы*  
*ғылыми жетекші – ф.ғ.к., доцент Солтанбекова Г.А.*

### **Abstract**

Every independent and sovereign State has its own culture. Culture is a set of stable forms of human activity, without which it cannot reproduce and exist as a whole. The history of the origin of culture in the Republic of Kazakhstan dates back to the XIX– XX centuries, when the Kazakh people began to change their nomadic lifestyle to a settled one, thereby forming a new cultural era. Kazakh culture is a reflection of the history of the entire nomadic people. For many millennia, the Kazakh people have wandered through the endless steppes and formed their own unique worldview, created their own customs and traditions. Today, the culture of Kazakhstan is a huge layer of various types of art, traditions and everyday life, imbued with the spirits of the nomadic past.

Темірбек Қарайұлы Жүргенов-КСРО-ның көрнекті кеңестік партия және мемлекет қайраткері. Түркістан мен Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату және нығайту үшін күреске қатысушы. РКП мүшесі, 1920 жылдан коммунист. Темірбек Жүргенов 1898 жылы қарашадарғыз уезінде дүниеге келді, 1938 жылы 25 ақпанда қайтыс болды. Темірбек Жүргенов өз өмірін бекер өткізбей, қазақ мәдениетіне зор үлес қосты. Оның мәдени қызметінің қалыптасуының алғашқы кезеңдерінен бастайық. 1913 жылы Перовск қаласындағы Суханский атындағы орыс-қазақ училищесін бітірді, содан кейін Уфа жер училищесіне оқуға түсті, бірақ азаматтық соғысқа байланысты білімін аяқтамады. Оқуды сәтті аяқтағаннан кейін ол басылымда жұмыс істей бастады

Торғай қаласы "Қазақ Мұңы" газетіне. Темірбек Жүргенов облыстық кеңестер съезін дайындауға қатысуымен де танымал ,рғыз уезінің жұмысшыларымен ақ гвардияшыларға қарсы күреседі. Ол сондай-ақ Қызылқұм шатқалында Алаш-Ордаға қарсы көтерілісті басқарды және Кенжеғар болыстық ревкомының төрағасы болды.

1923-1927 жылдар аралығында ол Орта Азия мемлекеттік университетінде оқыды, оны бітіргеннен кейін мемлекеттік құқық бойынша ғылыми қызметкер ретінде қалдырды.

Бір мезгілде университетте оқып, Түркістан Республикасындағы Қазақ АССР өкілетті өкілінің міндетін атқарды. Қазақстан және Түркістан ОСК мүшесі. Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік бөлінісі ісіне белсенді қатысты.

1926-1929 жылдары Ташкент қаласындағы Қазақ педагогикалық университетінің ректоры қызметін атқарды. 1929 жылы Тәжік КСР Қаржы Халық Комиссары, кейін Өзбек КСР Халық ағарту халық комиссары болды.

1933-1937 жылдар аралығында Қазақ КСР Білім министрі қызметін атқарды.

1933-1937 жылдар аралығында Қазақстан БКП (б) аудандық комитетінің және оның Бюросының мүшесі болды. 1937 жылдың маусым айында Қазақстан Компартиясы ОК бюросының мүшесі болды.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Темірбек Жүргенов халық ағарту халық комиссары қызметін атқарған кезде ол ұжымдастыру кезінде жіберілген қателіктерді түзетуге көп күш жұмсады.

Халықтық білім беру саласында оның ұйымдастырушылық таланты орта оқу орындарын қалыптастыруға, сауатсыздықты жоюға, мектептерді оқулықтармен және мұғалімдермен жабдықтауға байланысты мәселелерді шешуде көрінді. Оның қызметі кезеңінде Қазақстанда жоғары оқу орындары ашылды (тек Алматы 1933 жылдан 1934 жылға дейін 6 ЖОО ашылды).

Ол алғашқылардың бірі болып марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды. Орталық Азия мен Қазақстанның мәдени құрылысының тарихын алғашқылардың бірі болып зерттеді.

Темірбек Жүргенов 1930 жылдары Қазақстан мәдениетінің дамуына зор үлес қосты. Ол өзі қазақтардың көптеген ауызша-поэтикалық шығармаларын, соның ішінде қазіргі қазақ ақындарының әндерін құрастырып, жазды. 1924 жылы Қазақстан ақындарының "Терме" атты алғашқы әндер мен өлеңдер жинағының бірі жарық көрді. 1936 жылы жинақ Мәскеудегі Қазақ әдебиеті мен өнерінің бірінші онкүндігінде орыс және қазақ тілдерінде едәуір толықтырылып, редакцияланып, жарық көрді. Жүргеновтің еңбектерінде Қазақстанның революцияға дейінгі мәдениеті тарихының проблемасы көрініс тапты, Мұхит Мералиев, Біржан, Құрманғазы сияқты бірқатар халық ақындарының, композиторлардың шығармашылығы нақты бағаланды.

Жүргенов өзінің талантымен қазақ ұлттық операсының (оның ішінде қазақ музыкалық театрының), кино өнерінің, қазақ драматургиясының орасан зор қалыптасуына ықпал етті.

1934 жылы маусымда Жүргенов халық өнері қайраткерлерінің I Бүкілқазақстандық слетін шақыруға белсене қатысты.

1936 жылы оның бастамасымен Алматыда Ұйғыр халқының мәдениет қызметкерлерінің конференциясы өтті. 1936 жылы мамырда ол Мәскеуде Қазақстанның әдебиеті мен өнерінің онкүндігін дайындап, өткізді, ол үшін марапатқа ие болды.

Өркениетті революциядағы жетістіктерге үлкен, шынымен батыл жұмысшылардың арқасында, ұзаққа созылған күрестің арқасында жетті. Өркениетті революция бірлестіктің көптеген талантты бастамашыларының, сондай-ақ жаңа өркениет, күнделікті өмір және халықтың аздығы, надандық пен мәдениетсіздік үшін соғыстағы зиялы қауым өкілдерінің түрлі-түсті аренасын көрсетті. Олардың ішінде, әрине, ғалым, жазушы, қазақ мәдениеті жөніндегі маман, өркениетті революцияның белсенді қатысушысы, жалпыкеңестік, жалпыпартиялық, сондай-ақ Кеңес Одағының мемлекет қайраткері, партия мүшесі, іргелі, сондай-ақ кең білімі бар үлкен мәдениет адамы Темірбек Жүргенов болды. Жүргенов Қазақстанның көптеген мәдениет және өнер қайраткерлерінің жан дүниесінде өз ізін қалдырды. Оның шығармалары мен қойылымдары мемлекет пен қызметкерлердің мәдени құрылыс саласындағы орасан зор жасампаз жұмысын, халықтың рухани өмірінің терең өзгеруін шынайы және айқын көрсетеді. Қазақстан еліндегі өркениетті революцияның ағымдағы кезеңінің жазында 1930 жылдары біреу есеп беру басылымын таныстырды.

2022 жылдың желтоқсанында Көкшетау институтының ықпалды оқытушылары, сондай-ақ "мәдени-демалыс жұмысы" білім беру бағдарламасының студенттерінің қатысуымен А. Мырзахметова Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған Ассамблея нұсқасында "Ұрпаққа із қалдырған дара тұлға-Темірбек Жүргенов" атты муниципалдық карнавал өткізілді.

Темірбек Жүргенов өте дарынды адам болған, халық өнерін өте жақсы меңгерген және қазақ халқының білімі мен өнерінің дамуына зор үлес қосқан. Оның хоббиіне мыналар кірді: өлең жазу және жазу, домбырада ойнау және тағы басқалар. Ол туралы барлық ақындар, ақындар, музыканттар-этнографтар, композиторлар және басқалар жақсы сөйледі.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

А.Затаевичтің "қазақ халқының 1000 әні" кітабында ол "Сыр-Дарий әндерінің негізін қалаушы" деген лақап атқа ие.[2] Жүргенов өнер мен ғылымдағы партиялылық пен шынайы ұлт үшін үнемі табандылықпен күресті.

Жүргенов орыс және әлемдік мәдениеттің жетістіктерін кеңінен дамытуды белсенді қолдады, республикада аударма ісін кеңейту және жақсарту мәселелерін іс жүзінде шешуге тырысты. Мысалы, ақын Т.Ізтілеуовке ұлы парсы-тәжік ақыны Фирдоусидің "Шахнаме" туындысын аудару бойынша жұмысында көмек және көмек көрсетті.

Оның еңбектері мен қойылымдары мемлекет пен жұмысшылардың мәдени құрылыс, халықтың рухани өмірін терең өзгерту саласындағы орасан зор шығармашылық жұмысын шынайы және күшті көрсетеді. Ол 1930 жылдардағы Қазақстандағы мәдени революцияның қиын кезеңінің тамаша зерттеушісі және шежірешісі болды.

Бүкіл қазақ халқы біздің біліміміз, өнеріміз, тарихымыз бен мәдениетіміз Темірбек Қарайұлы Жүргенов сияқты керемет адаммен танымал екендігімен мақтануға тиіс

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://world-nan.kz/blogs/tau-tulga-temirbek-zhurgenov>
2. Александр Затаевич. Қазақ халқының 1000 әні (әндер мен күйлер). Басылым. екінші. М., 1963, Б. 511.
3. [https://www.kaznaru.edu.kz/page/news/?link=temirbek\\_zhurgenov\\_turki\\_aleminin\\_tulgasy\\_3286&lang=ru](https://www.kaznaru.edu.kz/page/news/?link=temirbek_zhurgenov_turki_aleminin_tulgasy_3286&lang=ru)
4. <https://kuam.edu.kz/ru/temirbek-zhurgenov-borec-za-novuyu-kulturu#gsc.tab=0>

## ТЕМІРБЕК ҚАРАҰЛЫ ЖҮРГЕНОВ – ОҚЫМЫСТЫ, АСА ДАРЫН ИЕСІ

*Төлеген Б. С.*

*Алматы технологиялық университеті, Алматы қ.  
ғылыми жетекші – лектор Смагулова Ш.К.*

### Abstract

The article tells a little about the life of T. Zhurgenov, reflects his contribution to the formation and development of the foundations of education and madeniet in Kazakhstan. In addition, works devoted to the culture and art of their time play a great role in shaping the spiritual culture of the younger generation. In 1936, an event dedicated to ten days of Kazakh art and literature was held in Moscow, and at its high level the great work of Temirbek Karauly Zhurgenov, who in those years was the commissar of public education, was noted.

Темірбек Қараұлы Жүргенов 1898 жылы қараша айында Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылындағы «Жүргеннің қыстауы» деген жерде дүниеге келген. Әкесі Қара да, атасы Қуан да мың- мыңдап жылқы айдаған дәулетті әулеттен еді. Шешесі Жәніш еркелетіп «Темірше» деп атаған. Анасы қатты ауырғандықтан, Темірбектің екі жасқа толған кезінде дүниеден озады. Әкесі Кампот есімді басқа әйелді үйге алып келді. Ол Темірбек пен оның ағаларының туған анасын алмастырып, олардың тәрбиесіне ананың барлық жылуы мен сүйіспеншілігін салды. Бала кезінен Темірбек қызығушылығымен, эрудициясымен, білімге деген құштарлығымен ерекшеленді. Бұл әкесінің назарынан тыс қалмады, ол әрқашан балаларына лайықты білім бергісі келді. Темірбек екі сыныпты орыс-қазақ ерлер училищесіне тағайындалды. Содан кейін Уфа жер училищесінде оқу болды. Кейінірек



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Қазақстаннан келген жас жігіттің өміріне, бұрынғы Ресей империясының миллиондаған тұрғындарының өміріне азаматтық соғыс араласып кетті. Ол оған оқу орнын бітіруге рұқсат бермеді. Бірақ бұл білім алуға кедергі болған жоқ. 1923 жылы Темірбек Орынбор рабфак журналисті дипломын алды. Дәл осы жерде ол полиглотпен, аудармашы Тұрмағамбет Ізтілеуовпен танысады. Оқу – білімге деген талабы оңынан туып тұр екен, діни, әдеби сауатын Сырдың атақты шайыры, «Шахнаманы» парсы тілінен аударған Тұрмағамбет Ізтілеуовтің дәрістерімен ашты. Темірбек Жүргенов Ташкентке жоғары білім алуға аттанды. Ташкент университетінің заң факультетін 1926 жылы үздік бітірді. Дәл осы жерде ол Алаш-Орданың көрнекті қайраткері Әлімхан Ермековтың әпкесі Дәметкен Ермековамен кездесті, ол болашақта оның жұбайы болады. Кейінірек Дәметкен Жүргенова Темірбектің оған бірден жақсы әсер қалдырғанын еске алды. Ол жас, өршіл жас жігіттің онымен кездесуге ұмтылғанын түсінді. Ол өзі оқыған институтқа келіп, үйіне шығарып салды, Жастар театрға бірге барды. Әр жолы ол өзінің туған Қазақстаны болашақта қандай болатыны туралы ынта-жігермен айтып берді.

Өзінің алғашқы тәлімгері Тұрмағамбет Ізтілеуовтың арқасында Темірбек Жүргенов өзі полиглотқа айналды. Ол алты тілді, соның ішінде өзбек және тәжік тілдерін меңгерген. Жүргеновтың арқасында Ежелгі ақын Фирдоусидің "Шахнаме" шығармасы қазақ тіліне аударылды. Жүргеновтің мансабында орталық билік Өзбекстан мен Тәжікстандағы жергілікті тұрғындармен оңай сөйлесе алатын адамды іздеген кезде бірнеше тілді білу шешуші рөл атқарды. Мәселен, тәжік Республикасында 1929 жылы Жүргенов қаржы комиссары – министрі қызметіне тағайындалды. Бірақ келесі жылы ол Өзбек КСР Ағарту комиссары қызметіне тағайындалды. Бұл қызметте ол екі жыл жұмыс істеді. Осы уақыт ішінде әртүрлі аудандарда ондаған мектептер, театрлар ашылды. Кейін Өзбекстаннан Жүргенов туған Қазақстанға көшіріледі. Оған сауатсыздықты жою, ең шалғай ауылдардың тұрғындарының біліміне жол ашу мүмкін емес еді. Қазақстанда оның бастамасымен алты айлық бастауыш білім беру курстары ашыла бастады. Қазақстан астанасы-Алматыда қысқа уақыт ішінде 17 орта мектеп салынды. Оқулықтар барлық жерде шығарыла бастады. "Көшпелі мектептер" деп аталатын мектеп-интернаттар үзілді. Мұнда көшпенділердің балалары білім алды. Осындай ауыр жұмыстың нәтижесінде Қазақстанда осы жылдары миллионға жуық адам білім алды. Бірақ, әрине, тек бастауыш және орта біліммен ғана шектелмеген. Жүргенов жоғары білім беру жүйесін құрғысы келді. Осылайша, Қазақ тау-кен металлургия институты (қазіргі Қазақ ұлттық техникалық университеті) ашылды. К. И. Сәтбаев), ветеринариялық институт және Қазақ мемлекеттік университеті. С. Киров (қазіргі Қазақ ұлттық университеті. Әл-Фараби). Мұның бәрі Темірбектің отбасында қорқынышты трагедия болғанына қарамастан жасалды. 1934 жылы Жүргеновтер Шоратайдың жалғыз ұлынан айырылды. Трагедия олардың жан дүниесінде өшпес із қалдырды. Қазақ дәстүрі бойынша олар Ермақтың үлкен ағасы – Жұманазардың ұлын тәрбиелеуге алды. Ол сондай – ақ мәдениет және өнер мекемелерінің жұмысын қадағалады-Қазақ АССР өнер істері комитетін басқарды. Ол 1936 жылы Мәскеуде қазақ өнері мен әдебиетінің бірінші онкүндігін ұйымдастыруға жауапты болды. Бұл Қазақстанның жеңісіне айналуға тиіс еді: бүкіл әлем сияқты орасан зор Кеңес Одағы республиканың жетістіктері туралы білуге тиіс еді. Елордада Күләш Байсейітова, биші Шара Жиенқұлова, Ахмет Жұбановтың жетекшілігімен халық аспаптар оркестрі өнер көрсетті-Құрманғазының "Сарыарқа" күйі мен "Қыз Жібек" операсы орындалды. Бұл қойылымдарға Мемлекет басшылары келді: Сталин, Молотов, Каганович, Микоян. Қазақстанның Мәскеудегі онкүндігінде өнер көрсеткеннен кейін КСРО Халық әртісі атағының алғашқыларының бірі болып Күләш Байсейітова марапатталды. Ал Темірбек Жүргеновтің өзі Еңбек Қызыл Ту орденін алды.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Т. Жүргеновтің тағы бір айрықша жағы-ол барлық оқу орындарының ішінен университеттерге тәнті болды. Менің ойымша, 1937 жылы Томск университетін әлі бітірмеген қазақстандық тоғыз студентті былайша бөлді. Біреуі педагогикалық техникумның директоры, екеуі орта мектептердің директоры, біреуі директордың оқу замест жөніндегі орынбасары, екіншісі педтехникумның оқытушысы, қалғандары қалалық мектептерге тағайындалды, дегенмен ауылдарда кадрлар тапшылығы сезілді. Халық ағарту комиссары ретінде жүктелген барлық жұмыстарға Т. Жүргенов бүкіл жанын салды. 1934 жылы қазіргі Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры өз жұмысын бастаған кезде. Абай, осы театрға кадрлар даярлау мақсатында Т. Жүргеновтың бұйрығымен 5 адамнан тұратын іріктеу комиссиясы құрылады, оның құрамында атақты композитор Брусиловский болды. Бұл комиссия Негізгі іріктеу жұмыстарын Алматы және Ақтөбе облыстарының Оңтүстік, Шығыс, Батыс Қазақстанның қазақ тілді аудандарында жүргізді. Егер мен дарынды нағдеттерді Байқасам, Т. Жүргенов оларға жоғары және атаулы стипендиялар тағайындады және оларды Кеңес Одағының әйгілі жоғары оқу орындарына оқуға жіберді. 30-шы жылдары опера және балет театрында кадрлардың жетіспеушілігін сезіне отырып, Т. Жүргенов Мәскеу консерваториясы жанынан Қазақ опера студиясының ашылуына ұмтылады.

Мәскеуде өткен қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігі сөзсіз еліміздің мәдени өмірінің елеулі тұстарының бірі болды. Отызыншы жылдардың алғашқы кезеңінде қазақ халқының басына түскен ауыр тағдыры мен зұлматты жылдарынан кейін ел еңсесін тіктеп, республикалық қана емес, Одақ көлемінде қазақ халқының мәртебесін көтерген шаралардың бірі – біздің зерттеу нысанымызға айналған онкүндік мәселесі болып табылады. 1936 жылғы қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігіне дайындық жұмыстары өте қызу түрде жүргізілген. Оған дәлел он күндік қарсаңындағы ұйымдастыру жұмыстары бола алады. Мәселеге қатысты архив құжаттарында он күндік қарсаңындағы дайындық жұмыстарына сол тұстағы Халық Ағарту комиссары болған Темірбек Қараұлы Жүргеновтің аса жауапкершілікпен қарағандығына көз жеткізуге болады. 1936 жылдың 17-23 мамыр аралығында өткен қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігінің табысты өтуі – жоспарлы жұмыс пен тыңғылықты дайындықтың жемісі болып табылады. Сондықтан да ғылымизерттеу жұмыстары үшін дәл осы дайындық жұмыстарына жете көңіл маңызды бола түспек. Байқағанымыз дайындық жұмыстары түрлі әртүрлі бағыттарда жүрді. Осындай дайындық жұмыстарының біріне арналған қазақ 148 Central Asian Journal of Art Studies N1 | 2019 өнері мен әдебиетінің он күндігін өткізуге жауапты комиссияның 1 сәуірінде болған отырысында бірнеше мәселелер талқыланады. [1, 125] Олардың қатарында он күндіктің өту уақыты мен театрландырылған қойылымдарға қажетті киімдер мәселесі талқыланған. Он күндіктің өткізілу уақытына қатысты 1936 жылдың 1 сәуірінде Т. Қ. Жүргенов өзі қатысқан отырыста Кеңестік Халық комиссарлар кеңесі жанындағы Өнер комитетінің ұсынысына сай қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігі 11-18 мамыр аралығында өтуі тиіс саналды және осы отырыстың қаулысына сай осы мерзім мақұлданған. Ал театрландырылған қойылымдар үшін қажетті киім-кешекпен қамтамасыз ету үшін жекелеген тұлғаларға сапиян, Ташкенттен бұлматериалдар және «Қыз Жібек» пьесасы үшін шапандар сатып алуға тапсырмалар беріледі. Әрине қойылымға қажетті киім-кешектер мәселесі бұдан басқа да жиналыстар мен отырыстарға арқау болған. Ал бұл архив құжатындағы мәліметтен байқағанымыз онкүндіктің алғашқы кездегі өткізілу мерзімінде болып отыр. Кейінгі тарихи оқиғалар көрсеткендей онкүндік алғашында белгіленген күннен басқа уақытқа ауыстырылған. Мәскеудегі онкүндікті жоғары деңгейде өткізудің маңыздылығы мен қазақ мәдениетін паш студияның тамаша мүмкіндігін көрсету үшін алдын-ала комиссия ұйымдастырлуы заңды мәселе. Міне сол комиссия құрамына А. Жұбанов, Ғ. Тоғжанов сынды қайраткерлермен қатар сол тұстағы Халық Ағарту комиссары болған Темірбек Қараұлы Жүргенов та болған еді. Жалпы

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

аталған он күндіктің тамаша әрі жоғары деңгейде ұйымдастырылуы да алдымен Темірбек Қараұлының атымен тығыз байланысты. Ол турасында сол он күндіктің белді қатысушысы Қанабек Байсейітов өзінің естелігінде Дайындық басы кеңесуден бас-талды. Кеңестен кеңес көре жүріп дәл осы жолғыдай кеңесті өз басым оған дейін де, одан кейін де көргенім жоқ. Екі жұма кеңестік. Кеңесіміз кәдімгі жиналыс. Сөйлейміз, таласамыз, дәлелдейміз. Күн сайын сол, демалыс күн дегеніміз жоқ. Және кей күндері таңғы тоғыздан түнгі он екіге дейін отырып қаламыз, тамақ ішудің өзін ұмытып кетеміз» деген болатын. Сонымен қатар Қанабек Байсейітов өзінің еңбегінде Темірбек Жүргеновті барша он күндікке қатысушылардың идеялық тұрғыдан шабыт беруші тұлға деп бағалап, он күндікті өткізуге жауапты тұлғаларды негізгі басшысы деп әділ бағасын берген. Өйткені шешімін тапқан мәселелердің түйіні Халық комиссарының араласуымен тез шешімін тауып отырғандығын айтады. 1936 жылдың 4 мамырында Мәскеуде қазақ мәдениетінің жеткен жетістігін көрсету үшін үш жүзден астам қазақ өнерінің майталмандары Мәскеуге арнайы пойызбен аттанды. Мәскеуге келісімен-ақ мерекелік көңіл күй бірден сезілді деп айтуға толық негіз бар. Өйткені Мәскеудің Қазан вокзалынан қазақ өнерпаздарын жергілікті әртістермен қатар, қазақ жастары салтанатты түрде қарсы алған. Бұл сөзсіз болатын он күндіктің салмағының ауыр әрі жауапты екендігін қазақ өнерпаздарына моралдық түрде сезіндірсе керек.

Мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің есімін ұлықтауға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес 26-қыркүйекте Астана қаласында "Орта Азия мен Қазақстанның білімі мен мәдениетін дамытудағы Т.Жүргеновтің ролі және рухани мұрасы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияның негізгі мақсаты - мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің өмірі мен рухани мұрасын кең көлемде дәріптеу, Орта Азия мен Қазақстанның ғылымы мен білімін, мәдениеті мен өнерін қалыптастырып, дамытудағы еңбегіне арналған ғылыми зерттеулер нәтижелерін баяндау, жаңа мұрағаттық құжаттарды саралап, ғылыми айналымға ендіру. Конференция қатысушылары Темірбек Жүргеновтің Орта Азия мен Қазақстанның ғылымы мен білімін, мәдениеті мен өнерін қалыптастырып, дамытудағы еңбегіне ерекше тоқталды. Баяндамаларда XX ғасырда орын алған мәдени жаңғыру үдерісін тәуелсіз көзқарас тұрғысынан пайымдау мәселелері және "Мәңгілік ел" ұлттық идеясын жүзеге асырудың басымдық факторлары мазмұндалды. Конференцияның секциялық отырыстарында 90-нан астам баяндама тыңдалды. Ғалымдар белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, танымал қазақстандық және шетелдік ғалымдар қайраткердің өмірі мен қызметіне байланысты баяндамалар жасап, сол заманның тарихи оқиғалары бойынша өз зерттеулерінің нәтижелерімен көпшілік қауымды таныстырды. [3, 15] Сонымен қатар Т.Жүргеновтің Қазақстан және Орта Азия тарихындағы ерекше ролін, оның шығыс халқын рухани азат ету, кеңес заманында қазақ мәдениетін нығайту мен қазақ халқын біріктіру жолында жасаған ерен еңбегін баса көрсетті.

Темірбек Жүргенов халық ақындарының, импровизаторлардың шығармашылығын қолдай отырып, өткеннің көркемдік мұрасына үлкен мемлекеттік қамқорлық көрсетті. Ол Қазақстанның жас театрларын талантты түйіршіктермен толықтыруға және бірқатар жаңа дарынды ақындарды, композиторлар мен аспапшыларды ашуға мүмкіндік берген I бүкілқазақстандық халық өнері қайраткерлерінің слетінің бастамашысы болды. Жүргенов слетіне дайындық кезеңінде баспасөзде сөйлеген сөзінде слетке "шынында да халық таланттары: домбырашылар, қобызшылар, сайқымазақтар, күлдрейндер, бишілер, халық әншілері, суретшілер түсуі үшін оны дайындауға үлкен көңіл бөліп, жауапкершілікпен қарау қажет екенін атап өтті. Слетті өткізудің мақсаты, - деді Жүргенов, - шынайы халықтық таланттарды, олардың шеберліктерін анықтау, Қазақстан өнерінің одан әрі даму перспективаларын айқындау болып табылады". Ол бұл жұмысқа бюрократиялық көзқарас

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

фактілері бар екенін, кейбір басшылар Халық музыкасы мен өнеріне тәкаппар және менсінбейтін көзқараспен қарайтынын, кейде әртістер емес, халық ағарту бөлімдерінің, партиялық және кеңестік органдардың қызметкерлері слетке баратындығын және бұл фактілерге мүлдем жол берілмейтінін алаңдаушылықпен атап өтті. Т. Жүргеновтың слетке дайындық жұмыстары бірқатар құжаттарда көрініс тапты Жүргенов слетте сөйлеген сөзінде: "... өнер майданындағы жұмысты бағалау керек.

30-шы жылдардағы Қазақстан мәдениеті халықтық мәдениет негізінде дамыды, алайда шамадан тыс идеологияландыру, партиялық, революциялық тақырыптарды таңу, ұлттық мәдениетке нұқсан келтіру есебінен интернационалдылықты күшейтуге ұмтылу руханият пен мәдениеттің дамуына кедергі келтірді, бұл қоғамда терең деформацияларға әкелді. Алайда, тарихи тұлғалардың шығармашылық мұрасын сауатты зерттеу, осы материалды ғылыми мұрағаттау ғасырдың басында болған ерекше мәдени процестерді түсіну арқылы мемлекеттік егемендік жағдайында ұлттық мәдениеттің қазіргі тенденциялары мен даму перспективаларын анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Темірбек Жүргенов // Қазақстанның педагогикалық ой антологиясы. - Алматы, 1995.
2. Жүргенов Т. К. Қазақстандағы мәдени революция. - Алматы, 1935.
3. Т. Жүргенов / Избранное-Алматы: Арыс, 2001. – 277с.
4. Жүргенов Т. К. // Алматы: Энциклопедия. - С. 58-59 Алматы, 1996 м

## ҰРПАҚҚА ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ДАРА ТҮЛҒА

*Төлен А.А.*

*Т.К. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Алматы  
ғылыми жетекшісі - доцент Ж.Б.Айтқұлова*

Abstract

The article tells about the work brought into culture by a publicist, teacher, editor, translator T.K.Zhurgenov. T. K.Zhurgenov is one of those who developed theater, opera, dance, cinema, music, fine arts, circus and fashionable arts and crafts in our country.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары «Темір Нарком» атанған Темірбек Жүргеновтың есімі бүгінде иісі қазаққа етене таныс. Ол Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы оқу-ағарту, мәдениет және әдебиет саласының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, сыншы-көсемсөзші. Биыл осынау Алаштың асыл азаматының туғанына 125 жыл толып отыр. Жалпы алғанда, Темірбек Қараұлының мемлекет қайраткері ретіндегі тұлғасын одан әрі жан-жақты сомдау, осы саладағы қызметімен қатар әдеби-публицистикалық мұрасын да түбегейлі зерттеп, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің тарихында алатын орнын нақты белгілеу міндеті мен парызы кейінгі ұрпаққа жүктелгені айдан анық.

Т. Жүргенов қазақ жастарының білім алуына және өнерін дамытуына үлкен көмегін көрсеткен азаматтың бірі.1933-1937 жылдары Т.Жүргеновтың басқаруымен жалпыға бірдей білім беру, халықтың сауаттылығын арттыру, кәсіби арнаулы орта және жоғары білімді мамандар мен ғалымдар дайындау, ғылыми-зерттеу жұмыстарын өрбіту, яғни білім беру мен ғылымды дамыту Қазақстанда тұңғыш рет жүзеге асырылды.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургунова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Т.Жүргенов «Қазақ тілін жете білудің өзі үлкен мәдениет!» - деп өз ұлтының болашағын құрметтеуді талап еткен азамат.1933 жылдан бастап қазақ тілінің дамуы, қоғамда қолданылуы арта түсті.Т.Жүргенов Халық ағарту комиссариаты жанынан Мемлекеттік терминология комиссиясын құруды, қазақ мектептерін, жоғарғы оқу орындарын ашуды, қазақ тілінде білім беруді, қазақ тіліндегі аудармалардағы қателіктерді жоюды, өзге ұлттан қазақ тілін құрметтеуді талап етуді қолға алды.1935-1936 жылдары қазақ тілін дамыту мақсатында «Қазақ халқының мақал-мәтелдерін» баспадан шығартты.

Т.Жүргенов өнердің халық өмірінде маңыздылығын атап өткен жандардың бірі. Ол жазушыларға, мәдениет, өнер қайраткерлеріне:«Біз театрларды қалпына келтіреміз және мәдени де сауатты репертуар үшін күресте көбірек жаңа «нәрселерді» жасаймыз, бұл көрермендерді сахнада ойналатын оқиғалардың белсенді қатысушыларына айналдыра алады» - деп айтқан болатын. Спектакльдерге қажетті костюм үлгілерін қазақ тұрмысының, этнографиясының білгірі ретінде өзі түсіндіріп, тігілген киімдердің алғашқы сыншысы өзі болған болатын.

1933 жылы 8 қыркүйекте Т.Жүргеновтың ұсынысы бойынша «Ұлт өнерін дамыту шаралары туралы» қаулы қабылданған болатын. Осы қаулыны орындау мақсатында 1933 жылы 9 қыркүйекте Қазақ драма театры жанынан музыка студиясы және балет бөлімі ашылды. Жаңа ашылған студия және балет бөлімі опера-балет театрын ашуға және классикалық би өнерін үйретуге, қазақ биін дамытуға көмегін тигізді.[1, 35]

1965 жылы Халық әртісі Қ.Жандарбеков: «Темірбек Жүргенов қазақ өнерінің қанат жаюына қыруар тер төкті. Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз» - деп жазған болатын. Бұлай айтуының басты себебі: 1934 жылы 13 қаңтарда қойылған «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясы және одан кейін «Жалбыр» мен «Қыз жібек» операсының халық алдында бірінші рет сахналануы. Осы қойылымдардың сахна төріне шығуына Т.Жүргенов үлкен еңбек етті.[2, 89]

1933 жылы Суретшілер Одағы, 1934 жылы «Алматы көркем фильм» студиясы құрылды.1934 жылы Москвада Шығыс мәдениетінің мұражайында Қазақ суретшілерінің тұңғыш көрмесі болып, ұлттық сурет өнері КСРО-да танылып бағаланды. Сонымен қатар 1935 жылы тұңғыш Қазақ мемлекеттік көркемсурет галереясы ашылды, Қазақ филормониясы, «Мемлекеттік хор капелласы» атты концерттік өнер ұжымдары құрылды.

1934 жылы 25 маусымда Т.Жүргенов тұңғыш Қазақ ұлт аспаптары оркестірін құруды талап етті.Тұңғыш қазақ балеті, операсы, Қазақ ұлт аспаптары оркестірімен қатар, Қазақ кәсіби би өнері және ұлт музыка өнері дамып, осының бәрі Қазақ кәсіби музыка өнеріне айналды.

1935 жылы мамыр айында Қазақстандағы мәдениет қайраткерлерінің бірінші съезінде Т.Жүргеновтің баяндамасы тыңдалды. Білім беру, халықты сауаттандыру, қазақ тілін, ғылымды, әдебиетті, мәдениетті, өнерді дамыту жұмыстарындағы жетістіктер мен кемшіліктер аталып, әр істің сапалы болуына мән беру қажеттілігі айтылып, мәдениет революциясын шұғыл жүзеге асыруға жаппай жұмылу міндеттері қабылданды.[1, 43]

1933-1936 жылдар аралығында тікелей Т.Жүргеновтың басқаруымен ашылған ғылыми - зерттеу институты, Қазақ операсы, балеті, Қазақ кәсіби биі, Қазақ ұлт аспаптары оркестрі, Қазақ кәсіби музыка өнері, суретшілер мен жазушылар одақтары, көркем фильм студиясы, Қазақ филармониясы, мемлекеттік хор капелласы, Қазақ көркемсурет галереясы ұлт мәдениетін қалыптастырды. Театр, опера, балет, би, музыка, бейнелеу, кино, цирк, сәндік қолданбалы өнер түрлері, әдебиеті Қазақстан тарихында бірінші рет өркениеттік жоғары дәрежеде дамыды.[1, 45]

Т.Жүргенов 1933-1937 жылдары ҚазКСР халық ағарту комиссары қызметін атқарды. Ол осы қызметінде жүріп С.Аспандияров, Қ.Жұбанов, Ғ.Мүсірепов сияқты қайраткерлерді

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Журганова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

ағарту ісіне тартты. Жүргеновтің тікелей ат салысуымен Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы қаулы қабылданып, қазақ орта мектептері санының артуына негіз қаланды. Т. Жүргенов Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендету штабына айналдырды. Ол 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының 1-слетін, 1936 жылы Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін ұйымдастырушылардың бірі болды. Осы жетістіктерінің финалы 1936 жылы Москвада өткен қазақ өнерінің бірінші Онкүндігі еді. Оны Нарком Т.Жүргенов өзі басқарып барып, «Еңбек Қылы Ту» орденімен марапатталды.[3]

Т.Жүргенов мәдениет революциясын жасай отырып, осы арқылы еліміздің өркендей дамуына үлкен үлесін қосты. Халық ағарту комиссариаты ұлттық мәдениетті өркендететін штабқа айналып, республика «артта қалған өлкеден, алдыңғы қатарлы өлкеге...» жетіп, өсіп, өркендей жаңа жолға түсті. Республика әлеуметтік-экономикалық дамуда жоғарғы дәрежеге жетті. Осылайша «1933-1937 жылдары Қазақстан өнеркәсібі жоғарғы қарқынмен дамыды ... СССР-де бүкіл өнеркәсіп көлемі 2.2 есе, ал республика бойынша 2.5 есе өсті».[1, 51]

Темірбек Жүргенов - ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою» кітаптары, «Саяси экономия» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары», тағы басқа очерктер мен мақалалары осыған дәлел. Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргенов өмірінің соңғы күндеріне дейін қазақ халқына, еліне адал қызмет етті, қалың жұртшылық арасында үлкен құрметке, зор беделге ие болды.[3, 104 ]

Темірбек Жүргенов туралы өзімен бірге жұмыс істеген атақты ғалымдар мен қоғам қайраткерлері оның нағыз асқан дарынды, кемеңгер мемлекет қайраткері болғандығын дәлелдейтін естеліктер қалдырған. Ғ.Мүсірепов:«Темірбек Жүргенов - аса принципшіл де, табанды да... тілді де тісті, жігерлі де іскер адам» десе, Ә.Тәжібаев:«Ерекше іскер және қайратты...Нағыз Темір Нарком...Ол шешіп сөйлей, кесіп істегенді ұнататын. Осындай іскер мақтаулы нарком» болған дейді, А.Жұбанов:«Алатауды айырып, Қаратауды қайырып жібергендей» жігерлендіретін «нағыз істің адамы» - деп сипаттайды. [1, 57]

1937 жылы 3 тамызда «халық жауы» деген жалған айыппен ұсталып, РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 10-11 тармақтары бойынша ату жазасына кесілді. Қайраткердің зайыбы - Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген дәрігері, Ленинмен кездескен тұңғыш қазақ Әлімхан Ермековтің қарындасы Дәмеш Ермекова. Темірбек Қараұлы атылған күні жары абақтыға жабылған және 8 жыл ғұмырын Алжирде өткізген. Күйеуінің де, өзінің де жазықсыз жазаланғандығы жөніндегі ақтау қағазын алғаннан соң 30 жылдан астам уақыт бойы ол бар күш жігерін игілікті іске - Темірбек Қараұлының халқына сіңірген еңбегін кейінгі ұрпаққа жеткізуге арнады. Айнымас адал жарының қажырлы ізденістері нәтижесінде Жүргеновтің екінші, мәңгілік өмірі басталды. 1957 жылы КСРО Жоғары сотының әскери коллегиясы Т.Жүргеновті толық ақтаған соң, Дәмеш Ермекова жарының адал есімін халқына жаңғыртам деп фольклорист М.Байділдаевпен көп шаруа тындырды. Қайраткердің туғанына 80, 90, 100 жылдық мерейтойларды атап өту тұрғысында естелік-әңгіме, кітап шығарып, ерінің еліне істеген ерен еңбегін жұртшылыққа жариялап жүріп, өзі де өмірден өтті.[3]

Қазақ халқының қол өнерiнiң бiр саласы – киiм тiгу. Ерте заманнан күнi бүгiнге дейiн өзiнiң қадiр-қасиетiн жоймай, қол өнерiнiң озық үлгiсi ретiнде ғана емес, әрi әсем, әрi ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан қазақтың ұлттық киiмдерi әлi де аз емес.

Қазақтың ұлттық костюмдерi, қысқы, жазғы, көктемгi және күзгi болып, ерлер мен әйелдер киiмдерi, балалардың, қыз бен жiгiттiң киiмдерi болып анықталады. Сонымен қатар, батырлар мен аңшылардың, салтанат пен мереке киiмдерi болып жiктеледi. Қазақ костюмдерi туралы шетел этнограф - суретшiлерi Н. Аткинсон, В. Краплет, А. Мартов, Е.Стасовтардың салған суреттерiнен иллюстрацияларынан, графикалық туындыларынан қазақтың ежелгi киiм үлгiлерiнiң көне нұсқаларын байқауға болады. Мұнан соңғы көне үлгiлер, Пазырық қорғанынан табылған алтын адамның киiмi де, бiзге сол кездегi ежелгi киiм үлгiлерiн елестетедi. Бiрқатар киiм үлгiлерiнiң ежелгi нұсқаларының көрiнiстерi археологиялық қазба жұмыстарының негiзiнде табылған бiлезiк, қапсырма т.б. алтын мен күмiстен жасалған әшекей бұйымдардан да адам бейнесiн және сол бейнедегi ежелгi киiм үлгiлерiн байқау қиын емес [3, 19 б.].

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Қазақ арулары мен батырлары киімдер үлгісінің бірқатары Ә. Қастеев, Е. Сидоркин, К. Баранов, Қ. Телжанов, Т. Ордабеков сынды көрнекті суретшілердің өнертанымдық, көркем шығармашылық бағыттағы ізденістерінің нәтижесі болып табылады. Көне ұлттық киім үлгілерін қазіргі тарихи - өлкетану және өнер мұражайларынан көруге болады. Қазақ жерінде айдауда болған жылдары шетел суретшілерінің бірқатар суреттері өмір шындығынан алынған шынайы суреттер салумен айналысқан. Украинаның суретшісі Т. Шевченко қазақ жерінде ересек адамдармен қатар балалардың суреттерін салған. Ол суреттерден қазақтардың күнделікті киетін тұрмыстық және шаруашылық киімдері шынайы бейнеленген.

Қазақтың сұлу қыздары кестелі ою - өрнектерімен көмкерілген, асыл тастармен безендірілген сәукеле, қамзол, қос етек көйлек пен аяқ - киім бойжеткеннің бет әлпетіне ерекше ажар беріп, дене келбетін ерекше көріктендіріп, тартымды ете түскен. Ұлттық костюмнің дизайнерлік жобасын жасау үдерісінде қазіргі шеберлер халықтың салт - дәстүріне, ырым - тиымдарына ерекше көңіл аударуда. Мысалы: адамның күші алақаннан шығып кетпесін деп, білезік тағып жүрген. Сақина, сырға тіл - көзден қорғауға қолданылған, ерлер көлемді үлкен жүзік таққан. Бұл аталғандар ұлттық киімнің қосымшасы ретінде қабылданған. Қалыңдық киімін оның шашбау, алқа, білезік, қапсырма, сақина, сырға сияқты аксессуарлардан бөліп қарауға болмайды. Мұны ұлттық костюмінің сән үлгілерін жасауда қолданылатын ұстаным ретінде тануға болады.

Қазақтың дәстүрлі костюм үлгілерін заманауи талаптарға сай қайта жаңғыртуда, оқу - әдістемелік құралдар даярлауда киім дизайнері С. Асанова еңбегі ерекше бағаланады [4, 25 б.]. Ұлттық костюмнің дамуына қазіргі қазақ дизайнерлері жаңа технологияларды шығармашылығында шеберлікпен қолданыуымен, ұлттық салт - дәстүрге құрылған композициялық ерекше үлгілерді өмірге әкелуімен, Қазақстандық дизайн кеңістігінде көрнекті орын алады. Олардың дизайнерлік жобаларында ұлттық ою - өрнектермен, асыл тастармен өрнектелген кестелер, жартастағы таңбалар, салт - дәстүрлер көріністері, көркемдік элемент ретінде кең көлемде қолданыс тапқан. Көптеген дизайнерлер ән мен би ансамбльдеріне арналған костюмдерге эскиз салуда. Қазақ дизайнері Балнұр Асанова шығармашылығы классикалық костюм, препопте үлгілерін жасап, салтанат киімдеріне кесте, шынжыр, біз, кесте қолдануымен ерекшеленеді. Құралай Нұрқаділова шығармашылығы ою - өрнектермен безендірілген ұлттық киім, күнделікті киім, мектеп формасын жасауға бағытталса, Берік Исмаилов шығармашылығы әншілер мен бишілерге сахына киімдерін тігуге бағдар ұстайды. Айда Кауменова шығармашылығы әншілердің сахына киімдерін ұлттық стильде жобаласа, Айя Бапани шығармашылығы жүннен ұлттық костюмдер тігіп, оған кестені безендіру элемент! ретінде кең қолданады. Жадыра Сахиева шығармашылығы сахына киімдері мен бишілер костюмдерін жобалау, Лария Жағамбаева шығармашылығы ұлттық костюмді жобалау бағытын ұстайды. Белгілі әншілер Бибігул Төлегенова, Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Майра Ілиясава, Гүлнұр Оразымбетова, Мадина Садуақасова, Алтынай Жорабаева, Айгүл Иманбаевалардың сахыналық костюмдері, осы аталған киім дизайнерлерінің ұлттық сән үлгісін негізге ала отырып жасаған, этнодизайнерлік жобаларының материалда орындалған тігу нәтижесі болып табылады. Қазақ ұлттық киімдерінің үлгілерін сараптау, бізге әлемдік көркем мәдениеттен қазақтың дәстүрлі және қазіргі костюмдерінің алатын орнын анықтауға, ежелгі дәстүрлі және қазіргі костюмдердің айырмаларын көрсетуге мүмкіндік туғызды.

Қазақтың көне ұлттық киімдеріндегі ою-өрнектерді сақтай отырып, қазіргі уақытқа ыңғайланған сан алуан киімдер мен әшекейлерді қолданысқа енгізуге, күнделікті гардеробымызды ұлттық үлгіде тігілген киімдермен толтыруға болады деп ойлаймын. Ұлттық үлгіде тігілген киім арқылы жастардың бойына патриоттық сезім ұялатуға болады.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Отандық өндірісті қолдай отырып, экологиялық таза материалдан бірталай киім мен әшекейлерді киюге жол ашу керек. Қазақтың болмысын аша білетін замануи үлгідегі қазақы брендті қалыптастыру өте маңызды. Бабалардан мирас болған асыл қасиеттерді қайта түлетіп, салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз бен мәдени құндылықтарымызды ел игілігіне айналдырудың маңызы артып келеді. Әсіресе, цифрландыру дәуірінде ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, осы замандағы озық дәстүрлермен үйлесім табуы аса құнды. Абайдың айтуынша, «киім кию салты арқылы адамның мінез-құлқы, қоғамдағы орны, болмысы анықталады». Сондықтан еліміздің жастары сәнді және әдемі киінсе, олардың өмір сүру сапасы да жақсара түседі және ұлттық бірегейлігімізді дәріптей түсеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki>
2. Huntington S. The Clash of Civilization // Foreign Affairs. Sum. 1993.P. 22.
- 3.Ералин Қ. Ералина Ф. Дизайн негіздері. Түркістан: Тұран, 2013 - 122 б
- 4.Асанова С. Қазақтың ұлттық киімдері. Алматы: Атамұра. 1995 - 160 б
5. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. С. Кенжеахметұлы. Алматы. «Алматыкітап» баспасы, 2007 ж.

## **ИСТОРИЯ ПОЯВЛЕНИЯ В РУССКОМ ЯЗЫКЕ ЗАИМСТВОВАННЫХ ТЕРМИНОВ ПИЩЕВОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ**

*Абылғазы А.Е., Аманжол М.А.  
Алматынський технологический университет,  
г. Алматы, Республика Казахстан  
Научный руководитель - Нурпеисова Г.М.*

Abstract

The article is devoted to the study of the history of the appearance of borrowed terms of the food industry. The paper examines the process of borrowing foreign words into the Russian language in connection with the development of the economy, industry, culture and other spheres of life.

Словарный состав современного русского языка в своей истории прошел длительный путь становления. Анализ словарного состава русского языка показывает, что лексика русского языка состоит не только из исконно русских слов, но и из слов, заимствованных из других языков. Иноязычная лексика пополняла и обогащала русский язык на протяжении всего процесса исторического развития.

История процесса заимствования лексики началась еще в древности, с тех пор как лексика с её основными особенностями внедряется в язык вместе с реалиями, ими обозначаемыми. Следовательно, процесс заимствования — это результат взаимодействия различных языков и культур. Сегодня существует весьма мало живых языков, сохранившихся в первоначальном виде. Освоение в разные эпохи русским языком иноязычных слов отражает историю обогащения его лексического фонда, на основе экономических, политических, культурных контактов с другими странами, а также военных столкновений, наложивших свой отпечаток на эволюционное развитие языка. В суждениях Долговой О.В. о том, что «Фундаментальная наука, методологическая безупречная научная теория -

«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.  
«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»

необходимые условия успешного развития языковедческой практики, нуждам которой она служит и с помощью которой эта теория повседневно проверяется и обогащается» [1, 89] - обретает свое научное воплощение как критерий практики прикладной лингвистики.

Первые заимствования из неславянских языков произошли еще в VIII–XII вв. Из скандинавских языков (шведского, норвежского) вошли в русский язык слова, связанные с морским промыслом, имена собственные. В официально-деловой речи Древней Руси употреблялись слова (ныне устаревшие) *вира, тиун, ябеда, плут, клеймо*. Из финно-угорских языков заимствованы названия рыб, а также некоторые слова, связанные с укладом жизни северных народов.

Научные термины имеют греческие и латинские корни, обозначая понятия, неизвестные в эпоху античности: *космонавт* [гр. kosmos - Вселенная + гр. nautes (море) - плаватель]. Заимствованная лексика постоянно требует уточнений, и потому для нормирования правил их употребления выдвигаются повышенные требования к правильности их использования.

Особое место в русской лексике занимают заимствования из старославянского (церковнославянского) языка, хотя, будучи языком богослужебных книг, старославянский язык вначале был далек от разговорной речи. Со временем он испытал заметное влияние восточнославянского языка и сам, в свою очередь, наложил отпечаток на народную речь.

Лексическое влияние европейских языков на русский стало заметно ощущаться в XVI-XVII вв., особенно в Петровскую эпоху, в XVIII в. Преобразование всех сторон русской жизни при Петре I, его административные, военные реформы, успехи просвещения, развитие науки - все это способствовало обогащению русской лексики иноязычными словами. В русскую лексическую систему вошли названия новых предметов быта, военные и морские термины, слова из области науки и искусства. Большею частью **немецкие** (*контора, пакет, преискурант, вексель, акция, агент, лагерь, штаб, командир, офицер, юнкер, ефрейтор, штопор, бутерброд, бухгалтер, штраф, шахта, парик, локон и др.*), **голландские** (*матрос, рейд, флот, флаг и др.*) и **английские** (*мичман и др.*) слова.

Ощутимое влияние на русскую речь оказал **французский** язык. В конце XVIII — начале XIX вв. в светском обществе считалось неприличным говорить по-русски. Галломания так захватила русское образованное общество, что иные дворяне знали французский язык лучше родного. Наследием этой эпохи являются слова *салон, лакей, авангард, капитан, генерал, лейтенант, рекрут, корнет, корпус, депрессия, сеанс, одеколон, авантюра, вуаль, котлета, декада, парламент* и многие другие. Через французский язык в русский язык попали некоторые **итальянские** слова: *барокко, карбонарий, кавалер, баррикада, кредит, карнавал, бандит, шарлатан, паста, пицца* и др.

Процесс преобразования языка начался в России в 1987 году и длится по настоящее время. Современный русский литературный язык ощущает небывалый наплыв новых слов. Особенно это заметно примерно с 1991 года - периода официального распада Советского Союза. На этом этапе развития процесса заимствований можно назвать несколько причин:

- 1) появление новых реалий, предметов, понятий в общественной жизни (*маркетинг, публицити, бренд* и др.);
- 2) обозначение явлений, присутствовавших в жизни общества, но не имевших соответствующего обозначения (*мафия, рэкет* и др.);
- 3) появление новых слов, заменивших прежние словосочетания (*рейтинг* - положение фирмы, политического деятеля, передачи в списке себе подобных; *имидж* - образ «себя», создаваемый тележурналистом, политическим деятелем, фотомоделью и др.);
- 4) формирование слов, подчеркивающих изменение социальной роли предмета (*офис* - контора, служебное помещение, *сбербанк* - прежде сберкасса);

«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.  
«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»

5) заимствование новых слов, появление которых обусловлено влиянием иностранной культуры, диктуется модой на иностранные слова.

Новая лексика появляется в языке для обозначения какого-то нового понятия, явления. Примерами активных заимствований XX века могут служить слова *юниор, перформанс, пиар, маркетинг, менеджмент* и т.п. Большинство новых слов появилось в связи с развитием науки, техники, культуры, экономики, производственных отношений. Многие из них прочно входят в жизнь, постепенно теряют свою новизну и переходят в активный словарный запас. Например, в 50-70-е годы появляется много терминов, связанных с развитием космонавтики: *космонавт, космодром, космовидение, телеметрия, космический корабль и др.* Народная речь быстро освоила их, поскольку слова эти используются постоянно. Новые слова появляются по-разному: одни создаются по образцу слов, уже имеющих в языке, - *автолавка, кинопанорама и др.*; другие заимствуются полностью; третьи представляют собой слова, в которых происходят семантические преобразования, или новое слово является результатом переносного употребления старого, что порождает его многозначность, обогащая язык. Заимствованные слова могут выполнять не только номинативную, но и экспрессивную функцию. Некоторые слова от обозначения предметов, понятий, явлений перешли к их оценке. Например, переосмысление слов *аутсайдер, бум, нокаут* в публицистическом стиле [2].

В русском языке XX-XXI веков большое распространение получили англицизмы и галлицизмы.

**Англицизм** - слово или оборот речи в каком-нибудь языке, заимствованные из английского языка или созданные по образцу английского слова или выражения [3].

**Anglicism** - an English word or phrase that is used in another language. (Cambridge Academic Content Dictionary) – английское слово или фраза, которая используется в другом языке [4].

Англицизмы в русском языке могут иметь следующие разновидности:

1. Заимствованные по фонации, например: *teenager* — подросток.
2. Гибридные, когда английские слова преобразились благодаря русским суффиксам или окончаниям, например: креативный - креатив-н-ый – *creative*.
3. Похожие, когда заимствованные слова похожие на русские и не отличаются по правописанию и звучанию, например: меню – *menu*.
4. Экзотизмы — англицизмы в русском языке, обозначающие действия или предметы, которые не наблюдаются в привычном языке, например: *хот-дог - Hot Dog*.
5. Варваризмы-синонимы, которые обозначают простые вещи, например: *вау – wow*.
6. Композиты — когда выражение создается из двух иностранных слов, например: супермаркет – *supermarket*.
7. Жаргонизмы — слова, заимствованные из английского и употребляемые в просторечии, которые засоряют речь, например: клёвый от *clever* – умный.
8. Лжеанглицизмы — это выражения, которые создаются из новых слов для двух языков и активно применяющиеся во время общения, например: *люкс-тур*.
9. Профессионализмы — слова или выражения, которые используются в конкретном направлении, например: *лизинг, коворкинг, бриф, инструкция*.

К другой группе заимствованных слов относятся галлицизмы.

**Галлицизм** (от лат. Gallicus - «галльский», фр. gallicisme) — слово или выражение, заимствованное из французского языка и воспринимаемая как чужеродный элемент, например: *мерси, нувориш, парвеню, пардон* [5].

Основной поток заимствований пришелся на XVIII и XIX века. В ту пору говорить на французском было модно, и французские слова заполнили русскоязычную речь. Так же

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Франция знаменита своей кухней и винами. Приготовление пищи также важно для французов, как любовь и искусство поддержать разговор. Из французского языка в русский язык пришли названия многих блюд (*рулеты, котлеты, омлет, бульон, пюре...*), а также кулинарные термины (*фуршет, панировать, сервировать...*)

Интересен и тот факт, при котором происходит обратный процесс: переход слов русского языка во французский. Конечно, надо отметить, что большая часть этих заимствований – реалии, то есть они обозначают предметы и явления, не имеющие лексических эквивалентов в других языках. Их условно можно разделить на несколько групп:

- 1) географические реалии, например: *merzłota* (мерзлота), *steppe* (степь), *tchernosem* (чернозём);
- 2) реалии меры и денег, такие как *rouble* (рубль), *kopeck* (копейка), *verste* (верста), *tchervonets* (червонец);
- 3) реалии, обозначающие предметы быта, например: *kacha* (каша), *samovar* (самовар), *zakouski* (закуски), *touloupe* (тулуп), *kvas* (квас);
- 4) реалии, обозначающие предметы искусства и культуры: *icone* (икона), *iconostase* (иконостас);
- 5) реалии, обозначающие особенности политического и административного устройства, например: *oblast* (область), *gosplan* (госплан), *kolkhose* (колхоз), *komsomol* (комсомол), *perestroika* (перестройка).

Процесс заимствования слов в любом языке, в том числе и в русском, является естественным. Русский народ с древних времён вступал в культурные, военные, торговые, политические связи с другими государствами, и это не могло не привести к заимствованиям. Постепенно заимствованные слова употребляются всё чаще и уже не воспринимаются как иноязычные.

Основными причинами проникновения заимствований в русский язык являются следующие:

- расширение межгосударственных и международных отношений;
- необходимость назвать новые предметы и факты (например: *такси, меню, ноутбук*);
- замена словосочетаний (ходить за покупками – *шопинг*);
- появление новых слов в науке и технике;
- появление Интернета;
- расцвет международного туризма;
- участие в различных мероприятиях международного масштаба (олимпиадах, фестивалях, показах мод и др.)
- появление на территории страны совместных предприятий;
- дань моде, когда более престижным и привлекательным становится использование заимствованных слов в речи для большего эффекта.

Эти причины способствуют порождению и развитию интереса к иностранным языкам, что объясняет значительный спрос их изучения среди молодого поколения.

В общественном питании – воспринимаемом нами как «общепит» - каждый год появляются новые термины, виды блюд и предприятий. Чтобы узнать, что же означают эти термины, необходимо понять сам термин «общепит».

*Общепит* – это отрасль народного хозяйства, занимающаяся производством и продажей готовой пищи и полуфабрикатов. Термином «общепит» называют и предприятия данной деятельности. К таким предприятиям относятся ресторан, кафе, бар, столовая, пиццерия, кофейня, кулинарные и кондитерские цеха, пельменная, блинная, а также различные виды «*фаст-фуда*» [6].



В наше время термин «*фаст-фуд*» используется на одном уровне с понятием «общепит» и/или заменяет его. Большинство современных людей не ходят в кафе или рестораны, чтобы поесть. Они предпочитают есть в McDonald`s, KFC, Burger King и т.д. Это все предприятия *фаст-фуда*. Так что же такое *фаст-фуд* и откуда появился этот термин?

Слово «*фаст-фуд*» (англ. fast food) в переводе с английского обозначает «быстрая еда». Поэтому правильно называть так любое блюдо, которое молниеносно готовится, сервируется и так же быстро съедается. Существует несколько разновидностей *фаст-фуда*:

- во-первых, это те блюда, которые готовятся в ресторанах или передвижных киосках быстрого питания. Сюда входят картофель-фри, картофель с наполнителями, бургеры, хот-доги, разогретая пицца, шаурма, донер и другие подобные кушанья;
- во-вторых, к *фаст-фуду* следует отнести все продукты быстрого приготовления, которые можно просто развести водой: лапша, картофельное пюре, супы и каши;
- в-третьих, *фаст-фудом* являются всевозможные мелкие закуски, продающиеся в киосках и магазинах: *чипсы, сухарики, орешки, печенье, поп-корн*. Этот список можно и продолжить. Но в целом *фаст-фуд* — это то, что можно съесть на ходу, почти не отрываясь от дел [6].

Блюда быстрого приготовления существуют в национальной кухне различных стран мира (например, итальянская *пицца*). В 1921 году в Канзасе открылась сеть быстрого питания «White Castle», фирменным блюдом которой были диковинные в то время *гамбургеры*. Устойчивая цена (5 центов вплоть до 1946 года) и диковинность привлекала покупателей, а сомнения в безопасности продукта были развеяны в результате хитрого хода владельца компании Билли Инграма, когда специально нанятые люди в белых халатах создавали впечатление, что даже врачи покупают гамбургеры. В конце 1940-х у компании «White Castle» стали появляться конкуренты, из которых самым серьёзным стал McDonald`s.

Преимуществом этих блюд является быстрота приготовления и употребления, дешевизна (относительно обычных ресторанов с официантами). С одной стороны, это находит отклик у потребителя (особенно в крупных городах с насыщенным ритмом жизни). С другой стороны, такая пицца очень технологична, что позволяет сетям *фаст-фуд* быстро развиваться. Не последнюю роль играет агрессивная реклама в различных СМИ.

Продуктов, относящихся к *фаст-фуду*, существует огромное множество. Ниже назовем наиболее распространенные из них.

Большой популярностью у представителей всех возрастов пользуется *картофель фри* - кусочки картофеля, обжаренные в большом количестве раскалённого растительного масла (фритюре). Изготавливается, как правило, в специальных приборах - фритюрницах. Картофель фри является популярным блюдом, подаваемым в заведениях *фаст-фуда* (например, McDonald`s). В США известна как «*картошка по-французски*» (*frenchfriedpotatoes, frenchfries* или просто *fries*).

Не менее известен и *гамбургер*, который представляет вид сэндвича, состоящий из рубленой котлеты, поданной внутри разрезанной булки.

Слово «гамбургер» заимствовано из американского английского (*hamburger*), где оно со временем стало обозначать бутерброд на основе булочки с рубленным бифштексом; слово может также трактоваться как «гамбургский», «по-гамбургски» и совпадает со словом Hamburger (житель Гамбурга). Среди видов гамбургеров отметим *чизбургер, фишбургер, чикенбургер*.

*Ланч* (англ. Lunch), употребляется и транслитерация *ленч* — в англоговорящих странах сокращение, образованное от Luncheon и обозначающее приём пищи в полдень. Слово *ланч* стало основой для образования зависимых от него понятий, например: lunch break — перерыв на ланч на работе; bag lunch («ланч в пакете»); lunchbox («коробка для ланча»).

«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.  
«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»

Англицизмы в пищевой промышленности встречаются и в названиях посуды/кухонной утвари: *кулер (cooler)* – приспособление для охлаждения напитков; *джиггер (jigger)* – измерительный прибор бармена, предназначенный для контроля количества добавляемых в коктейль ингредиентов; *капучинатор (cappuccinator)* – устройство для взбивания молочной пенки для приготовления напитков на базе эспрессо: капучино, латте, латте-макиатто [7, 8].

Анализ слов, используемых в пищевой промышленности, показывает, что иностранные термины, заимствованные русским языком, по-прежнему в основном остаются французскими.

Во Франции существует десерт *Glace Plombières*, названный так в честь города Plombières-les-Bains, где он был изобретен в 1822 году. Это не просто мороженое как *пломбир*, а сложный десерт с яйцами и цукатами.

Посуда для шампанского называется «*фужер*» от фр. *fougère*, что переводится как «папоротник». Город Fougères в Бретани давно был известен своим стекольным производством, техника которого была импортирована итальянскими мастерами в конце XVI века [7; 8; 9].

*Galette* - буквально «лепёшка, сухое печенье». Плоская сухая лепёшка, большей частью из пресного теста. *Liqueur* (ликёр) - фр. «наливка, напиток»; восходит к латин. *liquor* - напиток, жидкость, производному от *liquere* - течь, быть жидким, литься.

*Mayonnaise* – майонез: 1) холодный соус, приготовленный из растительного масла, яичного желтка, уксуса, горчицы, сахара, иногда и других приправ; 2) холодное кушанье из рыбы, мяса с этим соусом

*Эскимо* - фр. *esquimaux* - сорт (одетого) мороженого, детская одежда, вязаный комбинезон (для малышей, похожий на эскимосский костюм)

*Антрекот* – фр. *Entrecote* означает буквально «межрёберная часть мякоти»; от фр. слов *entre* - между и *côte* - ребро; жареный кусок говядины.

Отметим заимствования названий продовольственных продуктов и из других языков.

Одним из популярных продуктов являются **японские сүши, или сүси** (яп. すし, 寿司, 寿司, 鮓, 鮓, 寿司, 壽斗, 寿し сүси, [suci]) — блюдо традиционной японской кухни, приготовленное из риса с уксусной приправой и различных морепродуктов, а также других ингредиентов. С начала 1980-х годов суши получило широкую популярность в мире. В словарях встречаются два варианта названия блюда — «суши» и «суси». Большую популярность варианта «суши» можно объяснить тем, что мода на это блюдо пришла к нам с Запада (англ. sushi), а не из Японии.

*Лапша быстрого приготовления (рамен, рамэн, рамён)*— это специально обработанная (например, обжаренная в масле) **японское** блюдо с пшеничной лапшой, для приготовления которой достаточно добавить горячую воду и прилегающие приправы.

Интересным представляется и заимствование из **немецкого** *Waffel* (буквально «соты, ячейка») — это тонкое сухое печенье с клетчатым оттиском на поверхности. В русском произношении звучит как *вафля*.

*Паста* – это блюдо **итальянской** кухни, состоящее из двух основных компонентов: любого макаронного изделия и соуса. Рецепт приготовления пасты к нам пришёл из Италии, это блюдо настолько популярно, что сегодня как приготовить пасту знают многие кулинары [10].

В последнее время особое внимание получила **пӣцца** (итал. *pizza*). Это итальянское национальное блюдо, в виде круглого открытого пирога, покрытого помидорами и

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

расплавленным сыром (как правило, моцареллой), куда могут впекаться различные начинки (мясо, ветчина, салями, морепродукты, овощи, фрукты, грибы, зелень и др.) [9].

*Тако* (исп. *taco*; обычно во мн. ч. — *tacos*) — традиционное блюдо **мексиканской** кухни. Тако состоит из кукурузной или пшеничной тортильи с разнообразной начинкой — говядиной, свининой, курятиной, морепродуктами, чоризо, пережаренными бобами, овощами, тушёной мякотью мексиканского кактуса. В качестве приправы служат сыр, кинза, лук, сальса, гуакамоле. Тако едят без столовых приборов, складывая тортилью с начинкой пополам. Заведения, специализирующиеся на подаче тако, называются такериями.

*Шаурма, донер* (араб. *شاورما*, ивр. *שווארמה*, от тур. *çevirme*), в некоторых странах называемое дёнёр-кебаб (тур. *döner kebab*) — ближневосточное блюдо **турецкого** происхождения из питы или лаваша, начинённого рубленным жареным мясом (баранина, курятина, свинина, ребе телятина, индюшати́на) с добавлением специй, соусов и салата из свежих овощей [9].

Таким образом, заимствование иноязычных слов происходит по мере развития экономического, политического, культурного и других сфер жизнедеятельности человека, общества, государства, мира в целом. Этот процесс объясняется необходимостью коммуникации носителей языков разных народов, которая порождает взаимопроникновение лексического состава различных языков.

#### Список литературы:

1. Долгова О.В. Синтаксис как наука о построении речи / О.В.Долгова. - М.: Высшая школа.1980, 191 с.
2. <https://cyberleninka.ru/article/n/istoriya-zaimstvovaniy-slov-v-russkom-yazyke/viewer>
3. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка: 100000 слов, терминов и выражений: [новое издание] / Сергей Иванович Ожегов; под общ. ред. Л.И.Скворцова. - 28-е изд., перераб. - Москва: Мир и образование, 2015.
4. Cambridge Academic Content Dictionary. 2008. <https://obuchonok.ru/node/8487>
5. <https://rus-lingvistic-term.slovaronline.com/246-галлицизм>
6. <http://mir-restoratora.ru/?p=2295>
7. Русский язык конца 20 столетия. М., 2000, 480 с.
8. Шалина Л.В. К вопросу о сущности неологизма в современной лингвистике / Л.В. Шалина // Известия ПГПУ им. В.Г. Белинского. Вып.8. Пенза, 2007. С. 73-77.
9. Технология и организация производства продуктов питания: Словарь основных терминов и понятий / В.Д.Ершов, Е.И.Корчагина. - СПб.: ГИОРД, 2016. – 80 с.
10. <https://www.russianfood.com/-паста>

## **ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМ СУРЕТ**

*Айтуар А. Ж.*  
*Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА*  
*Алматы қ-сы, Қазақстан Республикасы*  
*ғылыми жетекші – PhD, доцент Айдар А.*

### **Abstract**

This article analyzes and reveals the artistic and visual thought of the authors of modern Kazakh poetry Sultankozha Aizharik, Toktarali Tanzharyk and Umyl Zarykkan. From various sides, the principles of the authors of modern poetry are considered and the subjective opinion of the author of the article is expressed.

### **Заманауи қазақ поэзиясындағы көркем сурет**

Поэзия – грек тілінен аударылғанда «poiesis» «жасаймын, тудырамын» деп аударылады. Тарих пен өркениеттің жаңа кезеңге көтерілуі жырлармен тікелей байланыста екенін ескерсек, тасқа қашалған жырлардан тартып, күні бүгінге дейінгі поэзияның даму жолы тікелей саяси әрі қоғамдық өмірмен, халықтың риханияты мен пайым-түсінігі, қиялымен байланыста. Сәйкесінше қазақ өлең құрылысы, поэзия тілі де ғасырлар салып дамып, өзгеріп отырды. Академик Зәки Ахметов «Өлең сөздің теориясы» атты зерттеу жұмысында өлең құрылысына жасалып жүрген талдаулар жайлы: «Біржақты құрылымды өрнектермен шектелу өлең өрнектерінің терең зерттеу ырғақтардың алуан түрлі комбинацияларын санамалап берумен шектеледі. Бұл бағыт аса өнімді емес, сондай-ақ өлеңнің құрылымдық негіздерінің өзара сабақтастығының күрделі қырлары, өлеңнің ырғақ өрнектерінің көркемдік бай мүмкіндіктері толық ашылмайды.» - дейді.[1, 273] Поэзия тілі - көркемдігімен, астарлы ой, ауқымды идеясымен ерекшеленетіндіктен, өлең құрылысына біржақты пайымдар жасауға асықпауымыз керек. Заманауи қазақ поэзиясының өкілдері өлең құрылысынан бөлек, идея, ой ұтқырлығымен, интонацияға, қабылдау ерекшелігіне негізделетіндігімен ерекшеленеді. Заманауи поэзияға автор ұстанымынан бөлек өлеңді идеялық тұрғыдан талдау - субъективті пікір болып табылады

Қазақ поэзиясының жаңа толқыны, жас ақын - Сұлтанқожа Айжарықтың бір өлеңін қарап көрейік. «Ескіше әдемі тігілген пальтомен бүгін екеуі ғана./ Екеуінің екеуі де пері./ Көне шіркеудің көшесінде туфлилері тық-тық.../ -Дегенмен де, қандай жақсы!/ -Иә...-деді екіншісі қолындағы қолшатырын жиып жатып./ -Мен білсем сіз әлі... ?/ -Әрине, әрине...» [9].

**Бірінші қыры.** Бірінші тармақ, өлеңнің алғашқы жолы: "Ескіше" мен "пальто" деген сөздер уақыт пен кеңістікті беруге қызмет қылатын сияқты, өз пайымымша, әрі маған елестейтіні: ретростильде киінген екеу. Оған себеп «ескіше» мен «пальто» деген сөздердің әсері. Екінші тармақ: "Екеуінің екеуі де пері". Махаббатқа мас болған, әрі сонысына іштей мәз болатын перілігі бар пенделерді меңзейтіндей. "Құдайдан тығылып" істеп жүрген істері бар секілденеді. Осы тұстан бастап өлең жұмбақ әрі терең бағытқа бастайды. Интимді қалыпта. Үшінші тармақ: "Көне шіркеу көшесі" - дегені мені бірден көне шіркеулері бар батыс елдерінің көшелеріне апарды. Шығыста да болғанымен, олардың "пальто" кигені батысқа тартып тұрады. "Тық-тық" деген туфли дауысының анық шығуы - көшеде олардан басқа ешкімнің жоқтығын, алғашқы тармақтағы "екеуін ғана" оңашалап алады да, түгел атмосфераны дыбыс арқылы сыйлайды. Айналаның жым-жырттығын да, ешкім жоқ уақытта әлгі екеудің "тығылып" жүргенін де қуаттайды, әрі өлеңді тыныштыққа бояй түседі. Төртінші тармақ: "-Дегенмен де, қандай жақсы". Бұл жерде "қандай жақсы" деп кейіпкер толық айта алмай, "дегенмен де" деп бөгелетіні қызық. Яғни, бір "жасырын, жұмбақ, бәлкім

ұяттылау" істен, ойдан, қаймығады, әрі оны «жақсы» деп бағалайды. Құпиялығы, жұмбақтығы имтимді күйден ауыспайды. Ал оқырман мен үшін не жақсы екені, "дегенменнің" артында не тұрғаны қызық болып қалады да, мен жауапты келесі жолдардан іздеймін. Бесінші тармақ: Екінші кейіпкердің "иә" деп алып, қолшатырын жапқаны визуалды түрде елестейді де, зонтиктің лып етіп жабылғаны, кейіпкерлердің де, жалпы өлеңнің де жұмбағын бұғып қалғанынан хабар беретіндей. Әрине, жай кадр ретінде, қолшатырын жауын тоқтаған соң немесе жаңбырды сезінгісі келгеннен жинады деп топшылай салсақ та болады. Бірақ келесі екі реплика алғашқы ойды растайтын іспетті.

Алтыншы тармақ: "-Мен білсем сіз әлі..?". Дәл осы тұста бір кейіпкердің (екіншісіне мәдениетті түрде сұраулы көзқияғымен) қарап, жүріп бара жатқаны елестейді. Ал сұрақ белгісі мен көп нүкте, алғашқыда басталған "дегенмен" тәрізді бір құпияны бұғып, жауап күткен оқырманға айтпай, екеуара сыр ретінде қалдырады. Тура жабылған зонтик секілді, кейіпкерлер де оқырман үшін жабылып қалатындай. Жетінші тармақ: Бір-бірін жақсы білетін, екеуіне ғана мәлім бір оқиға, тақырып, әңгіме, сырды "әрине" деп растай салады да, жауапқа ұмтылған оқырманды, "мойнын созған" қалпында тастап, тық-тық басып кете береді. Бөліспейді. Тылсым күйінде, интимді қалпынан айырылмайды.

Жалпы алағанда, қандай картина: туристтер көп жүретін Еуропа көшесінде ортақ сыры бар екеуі ғана кетіп барады. Ал ретростильдегі екеуді өлген мәдениеттің өкілі, яғни Еуропаның Еуропа боп тұрған кезіндегі, оны босқындар мен туристтар басып қалмай тұрған уақыттың, заманның "тық-тық" еткен соңғы жаңғыры деп алсақ болатындай. Олардың сөйлеу мәнеріндегі бір құпиялық пен әдептің көрінісі сол уақытқа жетелейді. Тұтас бір мәдениеттің жойылуына ұқсайды. Ал әлгі екеуі соның елесі десек те... Яки кәрі Еуропаның мәдениетін сақтай алған ең соңғы адамдар. Бірақ бұл тек бірінші қыры бойынша.

**Екінші қыры.** Бірінші тармақ: Пальто киген екеуді көреміз. Бәлкім адам, бәлкім сұлба... Әрі мұнда да "ескіше" деген сөз мені бағзы, баяғы, ертеректе деген түсінікке тірейді. Яғни уақыттың шегінісі, әрі бұл жерде оны ретроға заманға тірмей-ақ қойсақ болады, тек ертеректе... Екінші тармақ: Екеуі де пері. Алдыңғы тармақпен есептей отырып, уақытқа шегініс жасаған соң, өлең бізді аңызға (мифке) итермелейді. Перілер. Жын. Шоқан Уәлихановтың бақсылар жайлы кітабындағы келтірілгендей, «Ерекше бақсылық киімі, ерекше дайындалған дабылы болады» деп перілер де адамның бейнесіне ене алады, олардың да үстінде киім болатынын қуаттайды. [2.154] Мұнымен мен "пальто" деген реалды заттың да мистикалық түске боялатынын ескеремін. Үшінші тармақ:

«Көне шіркеу көшесінде туфлилері тық-тық.» «Көне шіркеу» дегенін, діннің күші азайғанын, әрі тиісінше перілердің тықылдатып тайрандап жүргенін береді. Перілердің жеңісі. Тек бұл жерде "туфли" деген сөз құртып тұрған сияқты, өйткені мына екінші ракурспен қарағанда, мені мистикалық, магиялық әлемнен күштеп реалды өмірге әкеледі. Егер туфлидің орнына "аяқтары" деген сөз болса, онда екінші қырын да қамтушы еді. Өйткені перілердің тырнақтары ұзын, әрі тұяқты болып келетіні аңыз-әңгімелермен өзара үйлесімін табатын еді. Үстіндегі киім киімімен, бірақ тырнақ пен тұяқ ажырамайтын сияқты өзіме. Жоғарыдағы, Шоқан Уәлихановтың кітабында, «айдалада түнеуге мәжбүр болған жігіт, түннің бір уағында жүрген қыз-келіншекке ұқсас біреудің адам әлде пері екенін білу үшін қолына зат береді де, әлгі ала бергенде оның тырнағына мән береді.» Әйтсек те, бұл жерде «тұяқ» деп алсақ, бірінші қыры қамтылмайды, «туфли» десек екіншісі шығып қалады. Төртінші тармақ: "-Дегенмен де, қандай жақсы".

Перінің аузынан шыққан ең күшті реплика болар еді. Яғни Құдайының мейірімінен күдер үзгенін, "дегенмен де" деген сөзбен ақтап, осылай жүргеніне, жүретінін, дәл қазіргі тайрандауын "жақсы" деп жұбататыны. "Бәрібір бір ұтыста" жүргеніне тоқмейілсіген, әйткенмен Құдайынан аздап қаймыққан сөз. Бесінші тармақ: Алайда осы өлең жолында

екінші перінің "иә..." деп келіскенсігенімен, "дегенменнің" әңгімесі "жақсыдан" да күрделілігін айқындай түседі. Алайда бұл жерде "қолшатыр" мені қайталап реалды өмірге, пері емес, оларды адам қалпына қайта түсіреді. Бұл жерде автор тағы да екінші қырын толық қамтымағандай сезіледі. Алтыншы тармақ: "Мен білсем, сіз әлі..?". Бұл да екінші перінің ең ұтымды сұрағы. Меніңше, былай: "Мен білсем, сіз әлі Құдайға қырсығып, қарсыласып жүрсіз бе?" дейтіндей. Ал бұл сұрақты қойып тұрған, мұның "дегенменінен" үрейленген, қаймыға "иә" деген екіншісі. "Дегенмен" деп бастайтын да, "әрине" деп аяқтайтында біріншісі. Бірінші пері. Ең бірінші пері. Бәлкім ең атақтысы. Қарсыласы көне шіркеуді жеңген пері. Көнерткен де осы. Жетінші тармақ: "Әрине, әрине"-деуімен жоғарыда мен айтқан жорамалдың бәрін растап тұр. Әрі екі рет қайталауы – ақыр соңына дейін, ақыр заманға дейін баратынына тым сенімді екенін байқатады.

Қысқаша айтсақ, Перілердің шіркеу көшесінде жүруі - дінді ойсырата жеңуі. Әрине бұл тек менің ойым, жорамалым. Бұл өлеңді екінші қырынан алсақ дегеннен шығып отыр. Бірақ өкінішке қарай, кей жерінде автор тек бір қырына ғана акцент береді. Яғни екінші қырына да автор кең мүмкіндік берсе екен деген ой. Әйтсе де, өлеңде пері мен шіркеуді, жұмбақ диалогтарды - сәйкестік деп ойламаймын. Бәлкім мұнда мен байқамаған қырлары болуы ықтимал.

Д. В. Веневитинов бағдарламалық мақаласында "Суретші кенеп пен мәрмәрді өзінің сезімін бейнелеу үшін қолданып, сол сезімнің күшіне көз жеткізу үшін салса, ақын өзінің өн бойыннан дәл осы құбылысты құбылтып, табиғатпен, тағдырмен күресуге бейсаналы түрде ауыстырады, сондықтан бұл қайшылықты санадан өткеру және ақыл-ойдың салтанат құрғанын мақтанышпен жариялау керек" [3] дейді. Яғни көркемдік бейнелеуде ақындардың суретшілермен арақатынасы сөз бен бояу ғана.

Заманауи қазақ поэзиясындағы көркем сурет Тоқтарәлі Таңжарықтың поэзияларынан да орын табады. «Мен түсімде ажал құшыппын деймін...» атты өлеңіне үңілсек:

«Мен түсімде ажал құшыппын деймін,/ Төрт маусымға да ұқсамайтын өзге шақ екен./ Көкірегіме күлгін сәуле тамшылап,/ буға айналып, қалқып барады.../ Көкке қадалған көзім ештеңені көрер емес./ «Дүние сонша қараңғы ма еді?!» деген ой/ және бір сәбидің тоқтаусыз шырылы маза бермейді,/ Маза бермейді толассыз құйған нөсер./ Мен Анамды, сосын Сені еске алыпшын./ Түсімде кенет ажал құшыппын деймін.../ Молданың дұғасын әлдебір тұстан талып жеткен/ Көкектің даусы бұза бергендей.../ Қаралы жиын көпке созылған жоқ./ Ешкімнің жоқтау айтпағанына қуандым,/ Тек Сенің жоқтығың жаныма батты.../ Көр топырағын лақтырған күректердің шықыры жүйкеме тиеді./ Мазардан алыстаған топтың аяқ дыбысы марш сияқты.../ Ұзаған сайын қара жер дүрсілдеп, қабырғам қайысты./ Мен түсімде ажал құшыппын деймін,/ Моламның үстінде жалғыз жауқазын өкситін көрінеді./ Жалғыз шыбықтан сыңсыған үнге балқимын бір сәт./ Зейнебін іздеген Көкектің даусы тыншымайды./ Мен жалғыз емеспін.../ Менімен бірге жалғыз қоңыр көлеңке түнейді./ ...Міне, қабірдің іші аппақ парақтарға толды./ Сенің жазған хаттарың секілді:/ Оқығым келмеген емес,/ Оқуға дәтім жетпеген хаттар... өртеніп жатты.../ ...Әне, атпен біреу келеді,/ маза бермейді олар, ән салып өтеді./ «Бұл не, ата?» — дейді сәби былдырлап,/ «Бұл – бақсының моласы...» — дейді Жолаушы...» [7]

Бұл өлеңді алғаш оқығанда бір түрлі күйде қалғаным есімде. Өзім ажал құшқан түстерімді есіме салды ма, содан, өлім алдындағы дәрменсіздік пе, жоқ қаза табудан шошыдым ба, әлде өліммен қарым-қатынасымды бір қарастыру керек екенін түсіндім бе, әйтеуір, топырлаған ойлар мен сезімдердің арасында қалған едім. Бұл жыр дүбірлетіп өте шығады, бірақ сананда жаңғырып тұра береді, «бір үйір жылқының шауып өткен дыбысы». «Өлеңнің мекен-жайы – оң мен түстің арасында, бейсана мен сананың қиылысында» деген сөзді жылдың басында айтқан екенмін. Өйткені поэзияның құдіреті сонда – сізге таныс

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

нәрселерді айтып келе жатып, кенет беймекен, бейтаныс бейсанадағы дүниелермен реакцияға түсіп кетеді. Осы жырды дәл қазір қаншасыншы мәрте оқып жатқанымды білмеймін, бірақ маған кей қырлары ашылған сияқтанады. «Мен түсімде ажал құшыппын деймін» -деген өлеңнің алғашқы жолынан бұл кейіпкердің түсі екенін түсінеміз. Яғни кеңістік – адамның түсі. Зигмунд Фрейд «Түс жору» атты еңбегінде, «адамның көретін түсіне оның бүкіл ағзасы әсер етеді (мысалы, іш-құрылысы ауыратын адамдар ұқсас түс көрген деседі), сосын ығыстырылған сезімдер түсте қылаң береді»[4] дегенге саятын ой айтады. Осыдан мынадай тұжырымға келе аламыз: «Түс – тұлкінің боғы» емес, түкке тұрмайтын нәрсе емес, керісінше біздің болмысымыздан, ағзамыздағы сан мыңдаған жасушалардан, нейрондардан, сезімдерімізден, жан-дүниемізден хабар береді». Егер Фрейд түске осылай анықтама бермегенде, бәлкім Луис Бунуэльмен, Сальвадор Дали т.б. сюрреалисттер шықпас па еді, кім білсін. Өлеңге оралсақ. Бізге кеңістік белгілі. «Төрт маусымға да ұқсамайтын өзге шақ екен» деген тармағынан біз уақытты анықтаймыз. «Төрт маусым» деген бізге таныс, ал «оған ұқсамайтын өзге шақ» деу арқылы өлең бізге таңсық беймекенге әкеледі. Яғни уақыт арнасынан бізді шығарып алады. Әрине, «түсте бәрі бола береді» деп қарауға да болады, бірақ асықпаңыз... Осы бір кеңістік пен бейуақыттың ішінде тұрып мына өлең жолдарына назар салыңызшы:

«Көкірегіме күлгін сәуле тамшылап,/ буға айналып, қалқып барады.../ Көкке қадалған көзім ештеңені көрер емес./ "Дүние сонша қараңғы ма еді?!" деген ой/ және бір сәбидің тоқтаусыз шырылы маза бермейді,/ Маза бермейді толассыз құйған нәсер./ Мен Анамды, сосын Сені еске алыпшын». Мұндағы автордың дауысы – санасы сергек, тірі кісінікі емес, адамның ұйқылы-ояу, бәлкім жантәсілім етер алдындағы сандырағына ұқсайды, сөйте тұра, оның болмысының ең шынайы көрінісіндей. Тіршілікте маңызды болған нәрселердің бәрі сыпырылып түсіп қалып, мәңгілік дүниеге бір қадам жасаған пенденікіндей, яки О дүние мен Бұ дүниенің дәл ортасында тұрған жандікі?.. Осындай түс көрген кейіпкердің қай жері ауыруы мүмкін деген ойға қаламыз, Фрейдке сүйене отырып. Оның көңілінен ығыстырылған сезімдер осындай ма? Бұлар ығыстырылған, сананың күшімен қысымға ұшыраған сезімдер мен ойлар болса, түс көріп жатқан тірі кейіпкердің өмірі қандай болғаны? Оның оянғаннан кейінгі хәлі қандай? «Көр топырағын лақтырған күректердің шықыры жүйкеме тиеді./ Мазардан алыстаған топтың аяқ дыбысы марш сияқты...

Ұзаған сайын қара жер дүрсілдеп, қабырғам қайысты.»-деген өлең жолдарын оқыған сәтте, өз санамда қандай реакциялар болғанын «фиксировать» етіп үлгердім. «Адамды жерлегеннен кейін, қырық қадам аттаған соң, бақилық болған кісіге Мүңкір мен Нәкір есімді періштелер келіп, сұрақ қояды», «Қабір азабы» болады деген сықылды өз еркімнен тыс естіген әңгімелер менің санамның, яки бейсанамның бір қуысында бұғып жатып, осы жолдарды оқығанда тірілгенін байқадым. Бұл ұғым дінге жақын болсын, болмасын, Құдайға сенсін, сенбесін, мейлі, әйтеуір, қаза көрген, жаназаға қатысқан әр қазақтың бейсанасында жатқаны анық. Ал автор осы жолдар арқылы оқырманның бейсанасы мен өзі жасаған әлемін бір-біріне жапсырып, қалам-инесімен «тігеді». Мұны – шеберлік деп атайды. Дәл осы мәселеге сөз соңында анықтап тоқталатын боламыз, әзірге әрмен қарай жалғастырайық.

«...Әне, атпен біреу келеді,/ маза бермейді олар, ән салып өтеді./ "Бұл не, ата?", – дейді сәби былдырлап,/ "Бұл – бақсының моласы...", - дейді Жолаушы...». Өлеңнің финалы осындай. Алдымен бақсының кім екенін анықтап алайық. Бақсыны қазақтан өзгелері жете тани ма екен, әлде оларға бір карнавалдық, мистикалық, реалийден тым алыс, есі ауысқан кейіпкер ретінде елестете ме, білмеймін, бірақ қазақтың дүние-танымында бақсының орны тым бөлек. Бақсы – әруақтармен, жын-перілермен байланыс жасай алатын, екі дүниенің ортасында тұрған адам. Діни миф бойынша, адамдар мен жындыр әлемін (тіптен, Барзақ әлемі де солай-ау, анығын білмедім) бөліп тұратын перде болады, көзге көрінбейтін. Соны

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

сыпырып ашып жіберетін кісілер, қарапайым адамдар өмір сүретін реалиймен қатар тірі пендемен тығыз байланысқа түсетін жындар әлемін көре алатын жандарды бақсы дейді. Білуімше, мықты бақсылардың үлкен аппақ Қодам жындары болады. Ал Қодамның деңгейі – періштелермен пара-пар деседі (қателесем, кешірім сұраймын). Олар әділдік үшін, мейірім үшін, көмек үшін ғана қожайын Бақсының айтқанын орындайды, арсыздыққа, қара ниет пен жамандыққа аттап баспайды деседі. (Бәлкім «мұсылман жын» деп сондайларды атайтын да болар?). Бұларды архетип үшін айтып отырмын. Яғни, арғы қазақтың таным-түсінігі осындай болған. Ал енді өлеңге келсек. Автор жырының соңында оның бақсы екенін айту арқылы, өлеңге мүлде өзгеше бояу береді. Бұл өлеңнің көлемі бұл дүниемен, кейіпкердің көрген түсімімен ғана өлшенбейді. Оқырманға мәлім нәрселерді айта отырып, аяқ-асты оны беймекен, беймезгіл бір кеңістікке алып барады. Бәлкім, сол беймекен, бейуақыт кеңістік – Мәңгілік шығар?..

Жоғарыдағы шеберлік жайлы әңгімемізді жалғастырып барып, түйіндейін. «Барлық жақсы кітаптар бір-біріне ұқсас, өйткені олар өмірден де шынайы» депті Хемингуэй. «Өнер – өмірді көшіруші, өмірге еліктеуші, өмір секілді тірі екенін көрсеткісі келетін нәрсе-ау?..»- деген сөйлем бар екенін менің «Параллель» атты романымда.[5] Мен соған анық сене бастадым, өйткені өнердің барлық түрі өмірден ұрлайды. Әдебиет, сурет, мүсін, музыка, опера, балет, театр, кино бәрі оқырман, көрерменін ең алдымен сендіруге тырысады. Ал адам сенуі үшін өзіне таныс нәрселерді (сезім, сенім, ой, зат т.б.) көруі керек. Енді мына нәрсені анықтап алайық, дәл осы біз сүріп отырған өмірдегі, елдегі, қоғамдағы «ашы шындықты», жылт етпе сезімдерді көшіретін, алдамшы сенімдерді, «тізесі шыққан» ойларды насихаттаушы, симуляция жасап, қайғыратын «өнер» - арзан, меніңше. Оның жасырын, бұғып, ашық айтылмайтын, кеудесінде шырмалған сезімдердің тымырын дөп басу, адамның болмысын, «оның қоңыр көлеңкесін» көшіру – шын өнер.

Ақпараттық-техникалық қызмет құралдары физикалық оқу ортасының құрамдас бөлігі болды, өйткені компьютерлер немесе розеткалар сияқты элементтер сыныптың дизайны тікелей байланысты. Шын мәнінде, оларды қосу сыныптағы температураны өзгертеді және экрандарда шағылысуына байланысты күндізгі жарықтың орнына жасанды жарықтандыруды қолдануды қажет етуі мүмкін. Олар оқушылардың өзара ара қатынасына және бірлескен жұмыс жағдайында оқуды ынталандыру мүмкіндіктеріне ықпал ете алады [12].

#### *8. Функционалды икемділік*

Функционалды икемділік кеңістіктің жекелеген компоненттерінің мақсаттарына қарай өзгеріп көпфункционалды қасиетке айналуын айтамыз. Бұл өзгерістер жас ерекшеліктеріне, сонымен қатар кеңістікті пайдалану сценарийлері қарай өзгеруі мүмкін.

Функционалды сыйымдылық тиімділік көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Өйткені осы көрсеткіш кеңістікті максималды түрде саналы пайдалануды көздейді. Яғни, максималды элементтер мен жиһаздарды минималды ауданы бар кеңістікке сыйдырып оның функционалды мүмкіндіктерін сақтап қалуды білдіреді.

Кеңістікті жобалау барысында оның құрылымындағы қоғамдық функциялардың белгілі бір композицияға үйлестіру арқылы жүзеге асырылады. Әр композициялық бөліктің өзіндік функциясы болып, ол өз кезегінде архитектуралық сюжеттер желісіне ұласыды. Сол арқылы кеңістіктің әрбір бұрышы өз қызметін толықтай атқарды [13].

#### *9. Трансформация мен мобильділік*

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Кеңістіктің жеке компоненттері (жиһаз, жабдық) трансформациялану әрі кеңістікте еркін жылжу арқылы оқушылардың жұмыс өнімділікті арттыра алады. Кеңістікте мобильді жиһаздар мен жабдықтардың орналасуы арқылы оның динамикасына әсер етуге болады. Яғни бұндай кеңістік кез-келген сценарийге бағынып, оқу процесін жеңілдетеді.

Трансформацияның екі түрі бар: олар жылжымалы қабырғалар мен мобильді әрі модульді жиһаздар болып табылады. Осы трансформацияның арқасында сынып бөлмелерін балалардың санына және сабақ барысына қарай өзгерту мүмкіндігі пайда болады [14].

### **Қорытынды.**

Жобалау кезінде сәулетші Витрувия үштігіне сүйенеді, яғни ол -пайда, сапа және сұлулық ұғымдарымен пайдаланады. Бірақ сонымен қатар кеңістікті жобалау барысында менталды тұрғыдан әсер ететін қағидаларды да ескерген жөн. Архитектуралық жобалаудығы маңызды болған бұл факторлар өз кезегінде оқушылардың өз арасында сонымен қатар оқытушармен қарым-қатынасты жақсартып, байланыс орнатуға көмектеседі.

Уақыт өткен сайын оқу процесі күрделене түседі, дамиды әрі тек алға ұмтылады. Сол себепті де оқу ғимаратының сәулеттік-жоспарлау құрылымын трансформациялау процесі де бір орынд тоқтап қалмау керек.

Мектеп салу барысында ең басты құрылыс талаптары мен архитектуралық заңдылықтарды ғана ескеріп қоймай, одан бөлек осы аталған факторларды ескере отырып жобалау өте маңызды.

Мақаланы жазу барысында шетелдік және отандық тәжірибені зерттей келе қазіргі мектептерді жобалаудың негізгі архитектуралық факторлары мен принциптері анықталды. Аталған факторларға негізделген жобалау барысында функционалды, эргономикалық және эстетикалық тұрғыда барлық талаптарға сай ұйымдастырылған кеңістік пайда болады.

Нәтижесінде алынған ғылыми зерттеулерге сүйене қазіргі заманның мектеп ғимаратының моделін қалыптастыруға болады. Сонымен қатар ол толықтай қазіргі қоғамның талаптарына жауап беретіні сөзсіз.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. "BUILD SCHOOL" көрмесінің материалдары [Электрондық ресурс]. – URL: <http://www.buildschool.ru/>
2. Анисимов В. Ю. мектеп архитектурасының тұрақты даму мәселелері ғимараттар [Электрондық ресурс] // сәулетші: жоғары оқу орындарының жаңалықтары. – 2011. – № 34. – URL: [http://archvuz.ru/2011\\_22/35](http://archvuz.ru/2011_22/35)
3. Галасиу, А. Д.; Вейч, Дж. А. Күндізгі жарық кеңселеріндегі жарықтандырылған орта мен басқару жүйелерінің тұрғындардың қалауы мен қанағаттануы: Әдебиеттерге шолу. Энергияны сақтау. 2006, 38, 728–742.
4. Ма, К. в.; Вонг, Х. М.; Мак, К. М. адамның дыбысты қабылдау аспектілеріне жүйелі шолу: ішкі және сыртқы дыбыстарға семантикалық дифференциал әдісін қолданудың мета-анализі. Салу. Қоршаған орта. 2018, 133, 123-150.
5. Пиглиаутиле, и.; Касачча, с.; Моррези, Н.; Арнесано, М.; Писелло, а. л.; Ревель, г. м. адамның қоршаған ортаның жайлылығын қабылдауына байланысты тұрғындардың жеке қасиеттерін бағалау: өлшеу процедурасы және деректерді талдау. Салу. Қоршаған орта. 2020, 177, 106901.
6. Лопес-Чао, В.; Лоренцо, А. А.; Мартин-Гутиеррес, Дж. Кеңістіктерді архитектуралық талдау: жоғары білім аудиториялары мен академиялық үлгерімнің өзара байланысын түсінуге біртұтас көзқарас. Тұрақты даму, 2019, 11, 6558.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

7. Ли, Ю.; Ян, Л.; Хэ, Б.; Чжао, Д. Қытайдағы жасыл құрылыс: үлкен ілгерілеуді қажет етеді. Қолдау. Cities Soc. 2014, 11, 6.

8. Маллори-Хилл с.; ван дер Вордт Т.; ван Дортмонт А. Нидерландыдағы инновациялық жұмыс орнының дизайнын бағалау. Ғимараттардың өнімділігін бағалау кезінде; Routledge: Лондон, Ұлыбритания, 2004.

9. Ван, К.; Чжан, Ф.; Ван, Дж.; Дойл, Дж.К.; Хэнкок, П. А.; Мак, К. М.; Лю, с. үй ішіндегі қоршаған ортаның сапасы тұрғындардың когнитивті қызметіне қалай әсер етеді: жүйелі шолу.. 2021, 193, 107647.

10. Күн, Дж.(2009).; Макилвенни, С.; Брэккли, С.; Тарантини, М.; Писелли, С.; Хан, Дж.; О 'Брайен, в.; Раджус, В. С.; Де Симоне, М.; Кьергаард, М. Б.; және т. б. адам ғимаратына арналған жеке интерфейстерге және олардың адамның мінез-құлқымен, энергияны тұтынумен және тұрғындардың жайлылығымен байланысына шолу.

11. Швейкер, М.; ампацци, Э.; Андарджи, м. с.; Андерсен, Р. К.; Азар, Э.; Бартелмес, В. М.; Бергер, к.; Бурикас, Л.; Карлуччи, с.; Чиназцо, г.; және т. б. ішкі ортаны қабылдау мен ондағы мінез-құлыққа пәнаралық тәсілдерге шолу. 2020, 176, 106804.

12. Корнелл П. оқытудағы өзгерістердің жиһаз бен оқу ортасына әсері. Жаңа режиссер. 2002, 2002, 33–42.

13. Лопес-Чао, В.; Лоренцо, А.А.; Саорин, Дж. Л.; Де Ла Торре-Кантеро, Дж.; Мелиан-Диас, Д. тиімді мектептерді жобалау үшін архитектуралық талдау арқылы сыныптардың ішкі ортасын бағалау. Тұрақты даму 2020, 12 ақпан 2020.

14. Макартур, Дж.А. Нұсқаушылар мен оқу кеңістігін таңдау: сынып кеңістігінің мінез-құлық, аффективті және когнитивті оқытуға әсері / Дж. Spaces 2015, 4, 16.

## **ПОСЛОВИЦЫ И ПОГОВОРКИ КАК ОТРАЖЕНИЕ ДУХОВНОЙ КУЛЬТУРЫ (На материале русского, казахского и английского языков)**

*Бакытжан М.К.  
КазНАИ им. Т. Жургенова  
г. Алматы, Республика Казахстан  
Научный руководитель - к.ф.н., доцент Алдабергенова Г. Д.*

### **Abstract**

The national mentality is manifested in the reflection of the peculiarities of everyday life, customs, history, and culture, mainly in its combat units, among which we include proverbs and sayings. The main purpose of proverbs is to give a popular assessment of objective phenomena of reality, thereby expressing a worldview. Proverbs and sayings express the mindset peculiar to the people, the way of judgment, and the peculiarity of the view; they manifest life and everyday life, spirit and character, customs, beliefs, and superstitions. Proverbs and sayings most clearly illustrate the way of life, geographical location, history, and traditions of a community united by one culture. Many scientific papers have been written on this topic.

С незапамятных времен человек воспринимает окружающий его мир через несколько видов чувств: химическое (обоняние и вкус), механическое (слух и осязание) и световое (зрение). На их основе человеческое сознание получает ту или иную базовую информацию, но с помощью языка, в роли коммуникативного инструмента для обмена более широким диапазоном знаний, человечество поднялось на несколько ступенек вверх в земной

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

иерархической системе. Говоря о языке, понятно то, что с развитием человеческого сознания он стал сложнее и давно перестал выполнять только одну коммуникативную функцию (хотя она является его основной задачей). В современном обществе язык является ценной составляющей частью национальной идентичности. Так как именно язык содержит в себе как общественно-исторический и общечеловеческий, так и национальный опыт.

Рассматривая менталитет общества как систему установок, мы относим к их числу и языковую установку. Выделение из общего числа глубинно-психических и социально-культурных установок обусловлено сложным характером взаимоотношений феноменов менталитета и языка. Справедливо предположить, что менталитет, который, как известно, в значительной степени определяется социальными условиями, выражается в языковых особенностях нации, народных способах социального общения и т. п. Язык, в свою очередь, оказывает определенное формирующее влияние на процесс становления и функционирования социального менталитета и ментальности отдельной личности.

«Ментальность – это система взглядов, задач и их решений, неявных установок, ценностных ориентаций, умозаключений, особенностей поведения, которая закрепилась в народном сознании, в культурных стереотипах; менталитет – это то, что отличает одни общности от других» [1, 157]. В каком-то смысле категорию менталитета можно отождествить с категорией сознательной духовности. Выступая как ядро смыслового пространства человека, ментальность одновременно является «системой, заложенной в основу культуры совместных универсалий, формой хранения, передачи фундаментального представления о мире и социальном опыте жизни в мире». [7, с. 60] Под менталитетом мы также понимаем и «исторически сложившееся долговременное умопостигаемое единство наиболее устойчивых представлений, стереотипов и архетипов, проявляющихся на осознаваемом и неосознаваемом уровнях в виде особого образа мыслей, мироощущения и мировосприятия, и имеющего аксиологическое, эмоциональное и поведенческое воплощение» [4, с. 35]

Во-первых, менталитет представляет собой целостную картину мира в его ценностных ориентациях, которая существует долгое время вне зависимости от конкретных экономических или политических условий, основанную на этнической предрасположенности и исторической традиции. В менталитете проявляется чувство, ум и воля каждого индивида общества, основанное на общей языковой и воспитательной общности и является частью народных духовных культур, которые создают этно-ментальные пространства народа на территории своего существования.

Во-вторых, национальный менталитет неразрывно связан с национальным характером, под которым понимается не только совокупность специфических, своеобразных, присущих только данному народу черт, но также своеобразный набор универсальных общечеловеческих черт.

Пословицы создаются всем народам, поэтому выражают общее мнение людей. В ней заключена народная оценка жизни, наблюдения народного ума. Удачный афоризм, созданный индивидуальным умом, не становится народной пословицей, если он не выражает мнение большинства. Во всяком случае возможно параллельное одновременное существование общенародного варианта и индивидуально-авторского.

Пословицы и поговорки чаще всего складывают языковую картину мира, определяющую восприятие мира носителями языка. Языковая картина мира — это выработанное веками опытом людей изображение всего, что существует как целостное и многоуровневое в своем построении и осмысленные языком связи своих частиц. При анализе картины мира, формируемой поговорками и пословицами, можно выделить его главный признак – антропоцентризм.



А.Н. Афанасьев писал, что «пословицы по самой форме своей не подвержены искажению и потому являются памятником издавна сложившихся воззрений. Пословицы являются главным источником мудрости предков, хранителями памяти и орудием передачи человеческого опыта» [6, с. 150] Пословицы принадлежат именно к сфере фольклора и указывает на устный характер передачи этих элементов. Пословица уже в самом названии содержит прямое указание о отношении к устной речи. В. И. Даль назвал пословицу как продукт используемый исключительно среди народа: «Что за пословицами и поговорками надо идти в народ, в этом никто спорить не станет, в образованном и просвещенном обществе пословицы нет. Готовых пословиц высшее общество не принимает, потому что это картины чуждого ему быта, да и не его язык; а своих не слагает, может быть, из вежливости и светского приличия: пословица колет не в бровь, а прямо в глаз» [2, с. 10]

Поговорки и пословицы, являющиеся частью этой культуры, всегда были и будут актуальными для этого народа. В любое время пословицы и поговорки будут характерным чертом народа, в котором они появились, а также предметом внимания и исследований. Одной из самых значимых теоретических работ по разделению понятий пословица и поговорка является типологическая классификация Г. А. Пермякова. В ней указывается, что «пословица – грамматически законченное (имеющее вид предложения) изречение с образной мотивировкой общего значения, т. е. требующее расширительного толкования». [4, с. 150] «Поговорка – грамматически незаконченное (не составляющее предложения) изречение с образной мотивировкой общего значения» [4, с. 155]

Пословицы и поговорки - важнейший материал для исследования исторических фактов, этнологии, бытия и мировосприятия народов. Они, выдержав оценку времени, органично соединились с речью, всегда украшают её остроумием и способностью точно и понятно описывать все многообразие проявления жизни. Сравнение пословиц и поговорок разных народов показывает, сколько общего есть между ними, что в свою очередь способствует их лучшему взаимопониманию и дальнейшему сближению, потому что в пословицах и поговорках хранится многовековая память народа, идентифицирующая его от других.

Для анализа можно сравнить пословицы казахского, русского и английского народа:

1. Во многих языках наблюдаются совпадения или различия в количестве пословиц и поговорок, отражающих следующие важные характеристики: вежливость, осторожность, решительность, образованность, отношение к труду.
2. В английском языке с более высокой, чем в русском, активностью во фраз-образовании преобладают следующие целостные смыслы: осторожность, трудолюбие, сдержанность в речи.
3. В содержательной области русской идиоматики заметно большее пространство, чем в английской, занимают следующие ценностные понятия: опытность, правдоискательство, справедливость.
4. В казахском языке чаще по сравнению с другими народами встречаются следующие понятия: единство, любовь к ближнему, храбрость и миролюбивость.

Русский народ – терпеливый и выносливый, не падающий духом от неудач и верящий в свои силы. Терпение, несомненно, является ценностью: «За терпенье даёт Бог спасенье», «Век жить, век ждать», «Век живи, век надейся», «Терпи, казак, атаманом будешь», «Подождем, а своё возьмём», «Не потерпев, не спасёшься», «Терпенье и труд всё перетрут».

Такие качества, как предусмотрительность, осторожность, представлены в английской идиоматике несколько богаче, чем в русской: «It is ill to waken sleeping dogs. Let sleeping dogs lie. Не следует будить спящих собак. – Не буди лихо, пока оно тихо. Put not your hand

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

between the bark and the tree. Не клади руки между корой и деревом. – Свои собаки грызутся - чужая не суйся».

Исторически известно, что чувство единства имело большое значение для казахского народа, а также он высоко ценил гостеприимство: «Бірлік болмай тірлік болмас. - Без единства жизни нет. Қонаққа кел демек бар, кет демек жоқ. - Гостю "приходи" говорят всегда, но, когда уходит не говорят никогда. Сыйлы қонағың келсе, итіне сүйек таста. - Если пришел уважаемый гость, и собаке его кинь кость».

Как мы выяснили, русская культура относит вербальное выражение эмоций к одной из основных функций человеческой речи, между тем как англо-саксонской культуре свойственно неодобрительное отношение к ничем не сдерживаемому словесному потоку чувств: «Pigs grunt about everything and nothing. Есть повод, нет повода – свинья все равно хрюкает. На чужой роток не накинешь платок. - Язык без костей: что хочет, то и лопочет. First think, then speak. - Сначала подумай, потом говори».

Русская душа тесно связана с любовью к Родине, и эта связь также ярко выражается в пословицах русского народа: «Жить - Родине служить. Человек без Родины, что соловей без песни. Кто Родину любит, тому она в долгу не будет».

В этом плане англичане реже употребляют такие слова как patriotic, motherland, fatherland, что в сравнительной степени делает их более прагматичными и менее эмоциональными. "Западная Душа" гораздо рациональнее, упорядочена, организовано разумом, чем душа русской, где всегда остаются иррациональные, неорганизованные элементы.

Бесспорно, пословицы и поговорки в казахском языке привлекают к себе внимание исследователей, так как имеют гораздо большее различие по сравнению с русским и английским народом. Причина заключается в том, что кочевой образ жизни сам по себе первый фактор, разделяющий мировоззрение казахского народа от других. Обычаи, традиции, географическое положение и даже религия разделяют и по-разному влияют на развитие этих трех народов.

История казахского народа полна ярких событий, которые определили будущее страны на несколько поколений. Внутри кочевого поселения до прихода письменности активно развивалась устная речь и формировался свой национальный характер, соответственно и менталитет. Таким образом, для того чтобы сохранить многовековой опыт и знание, накопленные народом за все время его существования, появились краткие изречения и точные высказывания, используемые в тех или иных жизненных ситуациях, которые в наше время называют народной мудростью или же пословицами и поговорками.

Говоря о происхождении пословиц и поговорок, надо отметить статью А.Байтурсынова «Пословица, как и стихотворения, основана на взглядах, описывающие обычаи и менталитет. Пословица важнее и честнее стихов. Поговорками в свою очередь является известные фразы, которые являются силой и плодородием художественных приемов». Понятие рода и знание своего происхождения с давних времен были основополагающими единицами в культуре, традициях и отразились в менталитете казахского народа. Известно, что кочевник по негласным правилам этикета должен знать историю своего рода, рода матери и после жены. Ему полагалось знать не только события произошедшие за последние несколько лет, но и многовековой опыт не менее семи поколений, выраженный в социальной информации, накапливаемый и транслируемый от поколения к поколению. Кроме того, существовали еще и социальные нормы и правила, применяемые в бытовой жизни, а также культурные составляющие, без которых жить в мире кочевого народа было бы проблематичным. Без письменности использовать и запомнить только устно передаваемую информацию было достаточно сложно. В таких случаях

пословицы и поговорки становились достаточно полезными в бытовом обиходе, так как по структуре они были краткими, точно передавали нужную информацию.

Темой многих пословиц становились отношения между родами и родственные связи. Казахский народ особенно тепло относился к кровным узам и отмечал, что родина начинается с семьи. Ведь народ с древних времен знал, что первым и самым важным социальным кругом, из которого формулируется коренное мироощущение, впоследствии становящееся фундаментом для личностного построения индивидуального сознания со всеми его характерными особенностями, является семейный и родственник круг. Сохранение единства и согласия между людьми с общей родословной было также важно, как и сохранение мира внутри народа.

В пример можно привести несколько казахских пословиц и поговорок, доказывающих важность межродового согласия внутри нации.

1. Сыйласуға жат жақсы,  
Жыласуға өз жақсы.  
Веселиться хорошо с чужими,  
горевать – со своими.
2. Жауда да бір үйің болсын.  
И в стане врага пусть будет хоть один свой дом.
3. Ағайын тату болса ат көп  
Абысын тату болса ас көп.  
Братья в ладу – коней много,  
невестки дружны – еды много.
4. Жаман да болса ағамыз,  
Жақсыны қайдан табамыз.  
Хоть и дурной, да брат родной.  
Где же взять хорошего?
5. Ағайын бірде араз, бірде тату.  
Родичи и ссорятся, и мирятся,  
но никогда не расходятся.

Таким образом, говоря о ментальности какой-либо нации, мы обращаемся к сложной, многослойной совокупности механизмов, способов действий, тесно относящихся к многовековой народной культуре, ее приобретенным и закрепляемым способам реакции на внешние изменения, определяющим поведение народа. В своей работе мы постарались дать сравнительные характеристики пословиц и поговорок на трех языках. Статья не претендует на завершение, потому что в рассмотренной проблеме очень много моментов, которые требуют глубокого понимания этнопсихологии, истории народа. Тема, поднятая в нашей работе, относится к нескольким видам наук: лингвистике, психологии, этнокультуре и т. д. Думаем, статья вызовет интерес у специалистов разных областей наук и станет источником дополнительной информации о языке и ментальности народа.

#### Литература

1. Маслова В.Л. Лингвокультурология. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 208 с.
2. Даль В.И. Пословицы русского народа. – М.: Издательство Эксмо, Изд-во ННН, 2003. – 616 с.
3. Михальская А.К. Русский Сократ: Лекции по сравнительно-исторической риторике. – М.: Просвещение, 1996. – С. 35-40.
4. Пермяков Г.А. От поговорки до сказки (заметки по общей теории клише). – М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1970. – 240 с.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

5. Афанасьев А.Н. Происхождение мифа. – М.: Высшая школа, 1996. –150 с.  
6. Хроленко А.Т. Основы лингвокультурологии. – М.: Флинта: Наука, 2004. – 184 с.

### **МӘТІН: ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ҰҒЫМЫ**

**Бердикожоева Г.Ж**  
**Абай атындағы ҚазҰПУ**  
**Алматы қ-сы, Қазақстан Республикасы**  
**ғылыми жетекші – филология ғ.д., профессор Г.С. Қосымова**

#### **Abstract**

The article reveals issues that have become relevant in relation to the concepts of textual science and text. The author focuses on the specifics of the field of textual science and evaluates what is encountered in the process of working with the text. In addition, in the course of the article, he analyzes the opinions found in the field of modern language science regarding the concept of text, analyzes the positions in research work. The existing concepts related to the concept of the text are revealed and their own conclusions are drawn, guided by scientific positions.

Тіл білімі ғылымында зерттеушілердің назарын аударып отырған мәселелер жетерлік. Дегенмен адамдар арасындағы ақпарат алмасудың жаңа деңгейге көтерілуі мәтін мәселесін зерттеудің қажеттілігін тудырып отыр. Адамдар арасындағы қарым-қатынастар барысында негізгі ойдың жеткізілуі мәтіннің пайда болуына жағдай жасайды. Осы қажеттіліктен пайда болған мәтіннің зерттеушілер негізгі түрлері мен бірнеше маңызды стильдік ерекшеліктерін анықтады. Алайда мәтін тақырыбының жекелеген мәселелеріне қатысты зерттеушілер тарапынан әлі де болса ортақ тұжырымды талап етіп отырған өзекті тұстары бар. Ортақ тұжырымның қалыптаспауы мәтіннің көп аспектілі және жан-жақты зерттеуді талап етуімен тығыз байланысты. Мақаланың мақсаты жазбаша мәтіннің ерекшеліктерін ашып, оның рәсімделуінде жанрлық-стильдік аспектілеріне түсінік беру, оның өзекті тұстарын айқындау болып табылады. Мәтін мәселесіне қатысты зерттеу ісінде оның стильдік ерекшеліктеріне ерекше мән беруді талап етеді. Заманауи стилистика саласында «стиль» мәнін ашып, жазбаша мәтін арқылы ақпарат алмасу барысында стильдің қызмет жүйесі дегеніміз не деген мәселеде өз шешімін табуы тиіс.

Мәтін – зерттеу нысаны ретінде сан қырлы, тәжірибелік және теориялық тұрғыдан таусылмайтын мәселелері жетерлік тақырыптардың бірі. Мәтін тек қана лингвистика ғана емес, сонымен қатар гуманитарлық ғылым салалары тарапынан да қызығушылық тудырып отыр. Осындай сұраныстардың ортасында мәтін арқылы сөйлемді қалыптастыру, сөйлем түрлері сынды маңызды тілдік заңдылықтар орын алады. Ортақ тұжырымға сай адамдар мәтін арқылы өзара қарым-қатынастарын қалыптастырады. Мәтінде қажетті ақпараттардан бөлек ойлар, заңдылықтар мен лирика, эпос және тағы да басқа маңызды мәселелер көрініс табады. Мәтін – тілдік қызметтің негізгі мақсаты мен нәтижесі болып табылады. Мәтін – сөйлемнің түрі және оның жоғары бірлігі деп айтуға толық негіз бар. Біз жоғарыда атап өткеніміздей мәтін ұғымын анықтауға лингвистика саласымен қатар, бірқатар гуманитарлық ғылым салалары да қызығушылық танытып отыр. Соның нәтижесінде түрлі пікірлер қалыптасқанымен, ортақ тұжырым әлі де болса пайда болмады. Демек мәселе арнайы қарастыруды қажет етеді.

Мәтінді зерттеу саласының өзекті тұстары өте көп. Ол алдымен зерттеу жұмыстарында мәтін, оның анықтамасы мен жанрлық, стильдік ерекшеліктеріне байланысты ортақ тұжырымның әлі де болса қалыптаса қоймауымен өлшенеді. Әрине мәтін және оның

жанрлық, стильдік ерекшеліктеріне қатысты тек Отандық қана емес, әлемдік тіл ғылымы саласында бірқатар ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, іргелі еңбектер жарық көрді. Мақала барысында И.Р. Гальпериннің «Грамматические категории текста» атты ғылыми-зерттеу жұмысын пайдаландық. Зерттеу жұмысы Кеңес дәуірінде жарық көрген. Ғылымға коммунистік партияның ықпалы басым болған жылдары жазылғанымен, ғылыми құндылығы жоғары пікірлер айтылады. Мәтін ұғымын анықтап, оның түрлерін жан-жақты ашуға тырысады [1]. Осындай еңбектердің бірі З.Я. Тураеваның «Лингвистика текста» атты іргелі еңбегін атай аламыз. Еңбекте мәтін түсінігіне мән беріліп, оның жазбаша түрінің ерекшеліктеріне тоқталады [2]. Қазіргі таңда осы мәселеге қатысты зерттеу жұмыстарының қатарында К.А. Филиповтің «Лингвистика текста» атты еңбегі бар. Аталған еңбек те мәтіннің жазбаша түріне ерекше мән беріп, оның стильдік және жанрлық ерекшеліктеріне тоқталады [3]. Сонымен қатар Н.С. Валгинаның «Теория текста» [4] және Ю.М. Лотманның «Структура художественного текста» [5] атты еңбектерін атап өтеміз. Отандық зерттеушілер қатарын Г. Смағұловтың «Көркем мәтін лингвистикасы» [6] және Д.Б. Бауыржанның «Көркем мәтін талдау лингвистикасының жан-жақты парадигмасы және оқыту үрдісіне бейімдеу» атты ғылыми зерттеу жұмыстарын көрсетуге болады [7]. Аталған еңбектерді қарастыра келе, біз мәтін түсінігін айқындап, оның жазбаша түрінің рәсімделуінде қолданылатын жанрлық және стильдік ерекшеліктері мәселесін зерттеудің тың бағыттары бойынша жүйелі жұмыстарды ұйымдастыра алдық. Ғылыми-зерттеу жұмыс барысында алдымен мәтін түсінігіне қатысты зерттеушілердің пікірі келтіріліп, өзіндік тұжырымдар жасадық. Зерттеудің келесі кезеңінде мәтіннің стильдік және жанрлық ерекшеліктеріне қатысты өзіндік ой түйіндей алдық.

Мәтіннің түсінігін анықтау ісі қазіргі тіл ғылымының өзекті тақырыптарының бірі. Мәтін түсінігіне қатысты отандық тіл ғылымы саласымен қатар, алыс және жақын шетелдік ғалымдардың пікірлері мен тұжырымдары белгілі болып отыр. Нәтижесінде аталған пікірлерді саралай келе біз мәтін түсінігіне нақты анықтама бере аламыз.

Жалпы ғылымда мәтінді зерттеу бірнеше негізгі бағытта жүріп жатыр. Мәтінді грамматикалық және коммуникативті ұстанымға сай зерттеу ғылымда көп кездеседі. Грамматикалық ұстаным мәтіннің грамматикалық рәсімделу ерекшеліктеріне ерекше мән береді. Мәтінді сөйлеу әрекетінің нәтижесі ретінде қарастырып, мәтінге экстралингвистикалық факторлардың әсеріне көп мән берілмейді. Экстралингвистикалық факторлар тілдік өзгерістерге алып келетін әлеуметтік жайттармен тығыз байланысады. Экстралингвистикалық факторлар тіл ғылымына тікелей әсер етпесе де, сөйлеу әрекеттерінде белсенді орын алады. Сөйлеу әрекеттері барысында әлеуметтік жайттарды кеңінен қолдану арқылы өзіндік стиль қалыптасады. Демек тілдің дамуына сыртқы факторлардың әсерін экстралингвистикалық деп бағалаймыз. Неліктен бұл факторлардың мәтінге әсеріне мән берілмейтіндігін зерттеуші И.Р. Гальпериннің мәтінге берген анықтамасымен түсіндіруге болады. И.Р. Гальперин мәтін дегеніміз коммуникативті үдерістің бір бөлшегі деп қарастырып, өзінің аяқталғандығымен ерекшеленеді және барлық тілдік құрылымдар сақталады деген пікір білдіреді. Сонымен қатар мәтін әртүрлі лексикалық, грамматикалық және логикалық, стилистикалық байланыстардан да тұрады деген тұжырымды ойын ортаға салады [1, с. 12]. Мәтін анықтамасына қатысты зерттеуші З.Я. Тураева болса, мәселені басқа қырынан қарастырып, «мәтін – сөйлеу үдерісінің нәтижесінде пайда болады» деген пікір білдіреді. Зерттеуші де ойдың аяқталуы, мазмұнның қорытындылануы мәтіннің басты ерекшелігі деп санайды. Зерттеуші мәтінді сөйлеу әрекеттерінің нәтижесінде пайда болғанымен жазба түрінде кездесетін әрі мәтінге қойылатын талаптарға сай рәсімделген және лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыстардан тұратын әдеби туынды деп атайды [2, с. 11]. Зерттеуші К.А. Филипов мәтінді тыныс белгілерінен тұратын

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

туынды ретінде түсіндіруге тырысады [3, с. 62]. Сонымен грамматикалық ұстаным негізінде зерттеудің басты ерекшеліктері мәтінді сөйлеу әрекеттері, стилистика мен тыныс белгілері сынды маңызды тіл ғылымының маңызды мәселелерін қамтитын туынды ретінде сипаттау болып табылады.

Мәтінді коммуникативтілік ұстаным бойынша зерттеген ғалымдар мәтін коммуникативті үдеріс нәтижесінде пайда болады және адамдар арасындағы байланыстарға бағытталады деген тұжырымға сай ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады. Мысалы зерттеуші Н.С. Валгина мәтінді адамдар арасындағы шынайы динамикалық қарым-қатынастар нәтижесінде пайда болады деп санайды [4, с. 4]. Әрине мәтінді коммуникативті тұрғыдан зерттеу ұстанымдары да сөйлеу әрекетін жоққа шығармайды. Дегенмен мұндай ұстанымдағы зерттеу жұмыстарына тән ерекшеліктердің бірі мәтіннің пайда болуына сыртқы фактор әсер етеді деген пікірді басшылыққа алады. Демек сыртқы фактор ретінде адамдар арасындағы қарым-қатынастар, коммуникативті қызмет деп түсіндіреді. Коммуникативті қызмет адамдар арасындағы қарым-қатынастардың өзіндік мақсаты мен қарым-қатынасқа түсетін адамдардың анықталуы арқылы жүзеге асады. Осы келтірген жайттарды басшылыққа ала отырып, біз мәтін деп белгілі бір мақсаттар мен тілдік элементтердің ортақ мазмұнға бірігуі деп айта аламыз. Мәтіннің басты белгілері ретінде өзара байланыстың жоғарылығы, толыққандылық пен адамдар арасындағы байланысқа бағытталуы, белгілі бір ойдың аяқталғандығы болып табылады. Осы ретте біз жоғарыда келтірген Н.С. Валгинаның пікірі назар аударарлық. Зерттеуші мәтінді мағыналық тұрғыдан аяқталған әрі толыққанды әдеби туынды ретінде қарастырып, ақпараттық және құрылымдық тұрғыдан коммуникативті бірліктің ең жоғарғы үлгісі ретінде сипаттайды [4, с. 10].

Демек мәтін түсінігіне қатысты жоғарыда келтірілген пікірлерді саралай келе, мәтін адамдар арасындағы қарым-қатынас қажеттіліктерінен туындап, сол қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында пайда болады деп нақты айта аламыз.

Мәтіннің жанрлық ерекшеліктерін анықтау үшін тек қана мәтіндегі қолданбалы сөздердің ерекшеліктерін ғана анықтап қою жеткіліксіз. Ең бастысы автордың айтар ойы, мәтіннің көлемі, мәтіннің эмоционалдық күйді жеткізуіне де ерекше назар аудару қажет. Мәтінмен танысқаннан кейінгі алған әсерге мән беруде маңызды. Мысалы жекелеген мәтінмен танысқаннан кейін күлкілі болатын күй кешу оның комедия жанрын айқындаса, бір мәтіндер оқырманға ой салады немесе кейіпкер мен оқиғалардың кейінгі тағдырына деген өкініш сезімі тудырады. Ол мәтіннің трагедиялық жанрын білдіреді. Мәтіннің көлемі мен айтар ойы, кейіпкердің дүниетанымы мен әлемдік үдеріске қосқан үлесі немесе бар болғаны кейіпкердің өмірінің бір сәттерін ғана баяндауға бағытталуы сынды мәселелерді анықтау арқылы да мәтіннің жанрлық ерекшеліктері мәселесіне толыққанды жауап бере аламыз.

Сөзсіз мәтін мәселесі бүгінгі тіл ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әсіресе қазақ тіліне деген үлкен сұраныс жағдайында мәтіннің анықтамасын сараптап, оның стилдік және жанрлық ерекшеліктерін айқындау тілдік сұраныстың толыққанды қанағаттануына жағдай жасайды деп санаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Гальперин И.Р. Грамматические категории текста. – Известия Академии наук СССР. – №6. – 1977. – 524 с.
2. Тураева З.Я. Лингвистика текста. – Москва: Просвещение, 1986. – 127 с.
3. Филипов К.А. Лингвистика текста. – Санкт-Петербург, 2003. – 336 с.
4. Валгина Н.С. Теория текста. – Москва: Логос, 1999. – 187 с.

## **КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР: ТҮСІНІКТЕРІ МЕН СИПАТТАМАСЫ**

**Болатбекқызы Тоты**  
**Абай атындағы ҚазҰПУ**  
**Алматы қ-сы, Қазақстан Республикасы**  
**ғылыми жетекші – Оразбаева Ф.Ш., ҚР ҰҒА корр-мүшесі, пед. ғ. д., профессор**

**Annotation.** The article reveals the scientific definition of polysemous words and reveals its differences from homonymous words. The author is guided by the opinions put forward in fundamental works and research papers in order to determine the scientific definition of polysemous words. The article draws its own conclusions regarding the problem of polysemous words.

Қазіргі тіл ғылымының маңызды мәселелерінің бірі – көп мағыналық сөздер тақырыбы болып табылады. Көп мағыналы сөздер тақырыбы көп қырлы. Көп мағыналы сөздер көптеген зерттеушілер тарапынан тұжырымдалып, оның заңдылықтары объективті жайт ретінде түсінікті болғанымен, әлі де болса көпшілік тарапынан түрлі пікір-таластарға негіз болып отыр.

Әрбір сөз өзіндік мағынаға ие екендігі даусыз. Ол бекітілген заңдылық болып та көрінеді. Алайда бұл тезисті тек болжам түрінде ғана қабылдай аламыз. Бір сөз нақты бір мағынаны ғана береді деген болжамға салатын болсақ, әр сөз өзге мағынадан барынша қорғалған және тек сол сөзге тиесілі ғана мағынаға ие бірлік түрінде кездесуі керек еді. Қазіргі таңда табиғи моносемантикалық тілдер жоқ. Тіпті әр заттың сипаты мен сынын, оның ерекшеліктерін білдіретін жеке әрі бірегей сөздер болған жағдайда тілдік қызмет өз дәрежесінде функциясын толыққанды атқара алмайтын еді. Мұндай жайт орын алса тіл өзінің көркем шығармашылық қызметінен де айырылады.

Көп мағыналы сөздер қазіргі тіл ғылымы, лексикамен қатар, грамматика саласында да маңызды. Адамның биологиялық ойлауы мен қоғамдық қызметінің де сапалық көрсеткіштерін айқындайды. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда көп мағыналы сөздер ұқсастық сәті, жалпы ортақ семантикалық элемент немесе ортақ семантикалық ассоциациялық ішкі байланысқа негізделеді. Демек көп мағыналы сөздер әртүрлі түсініктерді ортақ біріктіретін сөздердің ішкі үйлесімін білдіреді. Көп мағыналы сөздер шексіз қоршаған орта шынайылығын сипаттаудағы тілдің шектеулі болуынан туындайды. Қоршаған ортаның сан түрлі құбылыстары біздің санамызда бейнеленіп, түрлі түсініктер қалыптасады. Өз кезегінде оның барлығын тілдік бірлік ретінде түсіндіре отырып, жеткізу қиынға соғады. Бұл жайт көп мағыналы сөздердің пайда болып, қалыптасуына түрткі болады. Көп мағыналы сөздер түсінік пен сөз бірлігі заңдылығын бұзбайды. Керісінше тілдегі сөздік құрам құрылымы мен түсінік жүйесінің өзара үйлеспеуін байқап, дұрыс мағынаның пайда болуына әсер етеді. Ең бастысы көп мағыналы сөздер әр сөздің негізі түсінік мазмұны екендігін дәлелдейді.

Жоғарыда атап өткеніміздей көп мағыналы сөздер, оның түсініктері мен пайда болу мәселесі бірқатар зерттеушілердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының басты нысанына айналған болатын. Отандық зерттеушілермен қатар, алыс және жақын шетелдік ғалымдардың еңбектері арқылы біз көп мағыналы сөздер туралы нақты мәліметтер ала аламыз. Зерттеуші З.И. Бабицкене көп мағыналы сөздердің пайда болуы туралы мәселесін қарастыра келе, тілдік және тілдік емес себептер мен факторлар бар деген маңызды пікір білдіреді. Тілдік себептер мен факторлар қатарына тілдік бірліктерді үнемдеуге деген талпыныстарды атап өтеді. Сонымен қатар тілдің әр сөздің мағынасын түрлі түсініктермен

бере алу қызметінің болуымен де байланыстырады. Ал тілдік емес себептер мен факторлар қатарында зерттеуші заттар мен құбылыстардың шынайы байланыстарын ескере отырып, оның нақты мағынаға ие болуымен түсіндіреді. Зерттеуші З.И. Бабицкене көп мағыналы сөздердің пайда болуының осы екі себептері арқылы кез-келген сөз ерекше үйлесімді мағынаға ие болып, барынша ұйымдасқан сипат алады деп санайды [1, с. 24].

Сөздердің лексикалық мағынасы шынайы құбылыстар мен түсініктің түрлі тіл жүйесіндегі бірліктер арқылы анықталады. Тілдің ішкі, мағыналық жағы анағұрлым белсенді болады. Өйткені ол көп жағдайда тілдік коммуникациямен байланысқа түсіп, қарым-қатынастардың сипатына қарай сөздердің түрлі мағынада қолдануына жағдай жасайды. Зерттеуші М.А. Бертагаев қарым-қатынастар барысында сөздер семантикалық өзгерістерге жиі ұшырап, сөздер жаңа мағынаға ие болып отыру мүмкіндігін айтады [2, с. 30]. Зерттеушінің пікірімен толыққанды келісуге болады. Өйткені тілдің жалпы әмбебап қасиеттерінің бірі оның семантикасы болып табылады. Сөздердің тура және негізгі мағынасы қарым-қатынастар барысында екінші ауыспалы мағынасына да өзгеріп жатады. Бұл өз кезегінде көп мағыналы сөздердің пайда болуына да әсер етеді. Осы келтірген жайттарды басшылыққа ала отырып, біз көп мағыналы сөздердің пайда болуының негізгі екі себептерін анықтай алдық. Оның біріншісі үнемдеушілік принципі болып табылады. Тілдің дамуының кез-келген сатысында байқайтынымыз тіл барлық құбылыстар мен заттарды толыққанды сипаттап, тек сол заттың атауын білдіруге мүмкіндігі шектеулі болады. Көп мағыналы сөздің пайда болуына әсер ететін келесі бір себептердің бірі адам баласына тән ойлау жүйесі болып табылады. Адам санасындағы кез-келген құбылыс пен түсінік міндетті түрде тілдік қызмет арқылы бейнеленеді. Осылайша лексика мен сөздік қор тек сандық тұрғыдан өсіп қана қоймай, жаңа сапалық деңгейге де көтеріледі. Зерттеуші Р.А. Будагов өзінің еңбегінде көп мағыналы сөздердің пайда болуына әсер ететін жайттардың бірі ретінде белгілі бір халықтың күнделікті тұрмысы мен мәдениетінде, қоғамдық өмірі мен өндірісі барысында қолданыстағы сөздердің қажеттіліктерге байланысты өзгеру салдарын атап өтеді [3, с. 22]. В.В. Виноградов көп мағыналы сөздердің пайда болуы ұзақ үдеріс екендігіне назар аударады. Көп мағыналы сөздер толыққанды қалыптасуы үшін әңгімені баяндаушы адамның қолданған сөздері тыңдаушыға толықтай түсінікті болуы шарт екендігін алға тартады [4, с. 48]. Зерттеуші В.В. Виноградов пікірінің ерекшеліктерінің бірі грамматика категориялары, оның ішінде зат есім, етістік, сын есім түріндегі көп мағыналы сөздерге тоқталады. Ғалым етістік түріндегі көп мағыналы сөздердің мағынасы кең әрі белсенді қолданыста болатындығын атап өтеді. Сонымен қатар сөздердің басқа мағынаға ауысып, түрленуіне сөздердің сөйлемдегі қызметі, синтаксистік ерекшеліктерімен де тығыз байланысты екендігіне назар аударады.

Көп мағыналы сөздердің маңызды белгілерінің бірі – мағыналарының жүйелі түрде берілуі болып табылады. Сөздердің семантикалық бірлігі ең алдымен мағыналарының өзара байланысты болуымен түсіндіріледі. Қазіргі таңда тіл ғылымында көп мағыналы сөздердің құрылымдарының өзара байланысына қатысты үш көзқарас бар. Олар:

- көп мағыналы сөздердің мағынасы өз алдына дербес. Бұл пікірді өз зерттеу жұмыстарында А.А. Уфимцева білдіреді. Автор көп мағыналы сөздердің әрқайсы өзіндік түсінік пен мағынаға ие екендігін атап өтеді. Өз кезегінде біз зерттеушінің бұл пікірін қолдаймыз [5, с. 72];

- көп мағыналы сөздердің мағынасы иерархиялық тұрғыдан өзара байланысты болады. Аталған пікір Ф.А. Никитинаның «Полисемия и вопросы построения искусственных языкой» атты еңбегінде айтылады. Зерттеуші көп мағыналы сөздер әртүрлі мағынада қолданылғанымен, бір түбірден тарайтындығын атап өтеді. Аталған зерттеушінің бұл пікірі де қолдауға лайық [6, с. 36];



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

- көп мағыналы сөздердің мағынасы өзара байланысты иерархиялықпен қатар, дербес те болады. Бұл пікір Ю.Д. Апресянның «Лексическая семантика. Синонимические средства языка» атты еңбегінде көтерілді. Аталған пікір де көп мағыналы сөздердің ерекшеліктерін дұрыс ашып тұр деп санаймыз [7, с. 66].

Көп мағыналы сөздер мәселесінде әлі де болса пікір-таласқа негіз болып отырған мәселелердің бірі – омонимдермен шатастыру болып табылады. Рас бір қарағанда омоним сөздер мен көп мағыналы сөздер арасында ұқсастықтар бар болып көрінеді. Алайда олардың арасында үлен айырмашылықтар бар екені белгілі. Мысалы көп мағыналы сөздер әр сөйлемде әртүрлі мағынада қолданылғанымен, олар бір түбірден туындап, бір ұғымның аясынан шығатынын есте ұстауымыз қажет. Өз кезегінде омоним сөздер болса, мағыналық жағынан өзара алшақ жатқан сөздерді құрайды. Тіпті ол сөздердің жасалуы жолдары бөлек деп айта аламыз. Омоним сөздердің бір түбірден тарамайды. Мысалы қазақ тілінде қолданылатын «жақ» сөзін қарастырсақ. «Жақ» түрлі мағынада қолданылады. Ол адамның дене мүшесі болып табылады. Сонымен қатар «жақ» сөзін етістік (қызыл бояу жақ), бағыт-бағдар (оң жақ, сол жақ), адамдар арасындағы қатынастар (жақтасу) барысында да қолданылады. Омоним сөздер қазақ тілінде өте көп деп айта аламыз. Ең бастысы есте сақтайтын жайт омоним сөздер дыбысталуы бірдей, сөздердің сыртқы түрі ұқсас, алайда өзара мағыналық байланысы жоқ болып келеді. Омоним сөздер мен көп мағыналы сөздердің өзара жақындықтары бар екені рас. Сондықтан болар қарапайым оқушы осы екі ұғымды шатастырып жатады. Тіпті оларды бір-бірінен ажырату да қиындық туғызады. Көп мағыналы сөздер әр түрлі заттың атауын білдіру үшін қолданылғанымен, олар бір түбірден тарайды. Жоғарыда атап өткеніміздей көп мағыналы сөздер зат есім, етістік және сын есім арқылы беріледі. Мысалы сын есім түрінде келетін көп мағыналы сөздердің ішінде «ауыр» сөзінің қолданылуы. «ауыр жүк» және «ауыр мінез» немесе «темірдей тәртіп» және «темір сақина» сөздері көп мағыналы сипатқа ие болып тұр. Дегенмен екі сөздің шығу түбірі бір. Етістік түрінде келетін көп мағыналы сөздердің қатарында «ұшу» сөзін айта аламыз. «Ұшақпен ұшу» және «қуанғаннан ұшуға сәл қалдым», «махаббат – жаныңның қалықтап ұшу» сынды тағы да басқа сөздерді атай аламыз. Сонымен қатар көп мағыналы сөздер қатарында «бас» сөзін де мысал ретінде келтіре аламыз. «Адамның басы» деген тура мағынадағы сөз, мәтін барысында «таудың басы», «жұмыстың басы» деген сөз тіркестері түрінде де кездеседі. Осы келтірген сөздерге мән беретін болсақ, «бас» сөзі көп мағыналы сөз болып табылады. Оған себеп «бас» сөзі мәтіндегі барлық өзара байланысып немесе «бас» сөздерінің арасында мағыналық байланыстар бар екені анық. Салыстырмалы түрде алғанда «аяғынды бас» немесе «жұмыстың басы» деген сөз тіркестері омонимдер болып табылады. Өйткені бірінші мағынасында адамның дене мүшесі ретінде пайдаланылса, екінші мағынада кез-келген істің басталу мерзімін білдіріп тұр. Демек көп мағыналы сөздер мен омонимдердің өзара жақындығы бар болып көрінгенімен, оларды есте шатастыруға болмайды деп нақты тұжырымдай аламыз.

Отандық тіл ғылымында да көп мағыналы сөздерге қатысты жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нақты тұжырымдар жасалғаны белгілі. Мысалы зерттеушілер Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбайұлы өздерінің «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбектерінде көп мағыналы сөздер туралы мынандай пікір білдіреді. «Сөздердің сапа жағынан дамығандығын көрсететін бірден бір белгі – сөздің көп мағыналылығы. Бұл негізінде сөздік қордағы сөздерге тән қасиет. Олар ұзақ жылдар бойы тілімізде жаңа сөз, тың мағыналар жасауға ұйтқы болып келе жатқан байырғы тума сөздер. Соның нәтижесінде сөздік қордағы сөздер сан жағынан да, сапа жағынан да қарыштап дамып, тұрақтанып әбден қалыптасқан. Сондықтан да бұлар көп мағыналы болып кездеседі»

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

деп тұжырымдайды. Сонымен қатар олардың сөздік құрамды байытып қана қойма, синоним сөздердің молаюына өз септігін тигізетіндігін де нақтылайды [8, 37 б.].

Зерттеушілер Ш. Бектұров пен М.Серғалиев өздерінің «Қазақ тілі» деп аталатын еңбектерінде омоним сөздер мен көп мағыналы сөздерді ажыратуға байланысты мынандай мәліметтер келтіреді: «Сөздің көп мағыналығы мағыналары жағынан бір-біріне жақын болса, сөздің көп мағыналығы, ал сөздер мағыналық жағынан бір-бірінен қашық болса, онда оның омоним болғаны» деген пікірлері жоғарыда атап өткен анықтаманы толыққанды тұжырымдайды [9]. Өз кезегінде Ә. Хасенов өзінің «Тіл білімі» деп аталатын еңбегінде: «Омонимдер мен полисемияның ұқсастығы екеуінің бірдей дыбысталатылуында, айырмашылықтары омонимдер мағынасы жағынан басқа болса, полисемияға жататын сөздер мағыналары жағынан жақын болып келеді» деген пікір білдіреді [10].

Көп мағыналы сөздер қазақ тілінің байлығы мен сапалық көрсеткіші болып табылады. Сыртқы формасы мен қолданыс ерекшеліктеріне байланысты көп мағыналы сөздер омонимге ұқсайтындығын атап өттік. Оларды бір-бірінен ажыратуда кей жағдайда қиындық туындағанымен, тілдің қолданыс ерекшелігін түсінген адам барлығын ажыратып алады. Көп мағыналы сөзде басты мән беретін ұстаным мағыналылық бірлік болып табылады. Өз кезегінде омоним сөздің тек сыртқы формасына мән беруді негізгі қағида деп таниды. Негізінен көркем шығармада көп мағыналы сөз өте көп қолданыста болады. Автор немесе ақын көркемдік үшін ойын айқын жеткізу барысында және өзіндік стильдік бояуды қалыптастыру үшін көп мағыналы сөздерді жиі қолданады. Өйткені көп мағыналы сөздер бір мәтіннің ішінде қолданыла отырып бір сөздің бірнеше мағынасын ашып бере алатын мүмкіндікке ие. Көркем шығармаларда ақын немесе жазушының өлеңдері мен шығармаларынан сөздің негізгі мағынасынан басқа үстеме мағынасында қолданылатын қосымша мағыналық сипаттарды оңай байқауға болады. Көп мағыналы сөздерді қолдану әлемнің барлық тілдерінде жиі қолданылып келе жатқан құбылыс деп айтуға толық негіз бар.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бабицкене З.И. Регулярная полисемия и ее отражение. – Ленинград, 1985. – 154 с.
2. Бертагаев М.А. К вопросу о внутренних законах развития полисемии // Известия. – №6. – 1989. – 30 с.
3. Будагов Р.А. Введение в науку о языке. – Москва, 2003. – 502 с.
4. Виноградов В.В. Русский язык. Грамматическое учение о слове. – Москва, 2007 с. – 212 с.
5. Уфимцев А.А. Слово в лексико-семантической системе языка. – Москва, 1998 с. – 187 с.
6. Никитина Ф.А. Полисемия и вопросы построения искусственных языков // Семантические вопросы искусственного интеллекта. – Киев, 1975. – 36 с.
7. Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. Синонимические средства языка. – Москва, 1995. – 198 с.
8. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2003. – 95 б.
9. Бектұров Ш., Серғалиев М. Қазақ тілі. – Алматы, 1994. – 224 б.
10. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы, 1996. – 416 б.

## **НЕЙРОННЫЕ СЕТИ В СОВРЕМЕННОМ ИСКУССТВЕ**

**Болатова Д.М**  
**МУИТ, г. Алматы, Республика Казахстан;**  
**научный руководитель – к.п.н., доцент, ассоц. профессор Алиева Д.А**

### **Abstract**

This report examines the use of neural networks in contemporary art. The features of neural networks, their application in creative processes, and examples of their use in various types of art are described. The advantages and disadvantages of this approach are considered, as are possible directions for the development of this technology in the future.

В последнее время мы часто слышим о нейронных сетях, которые по прогнозам профессионалов, будут применяться в робототехнике и в машиностроении. Нейронные сети являются одним из направлений научных исследований в области создания искусственного интеллекта (ИИ), в основе которого лежит стремление подражать нервной системе человека. Нейронные сети основаны на примитивной биологической модели нервной системы [1].

Интересно, что нейронные сети находят применение и в различных областях искусства. Часть наступившего будущего — это буквально ежедневные успехи нейронных сетей, которые уже не только обыгрывают человека в шахматы, но и пишут музыку. Нейронные сети могут использоваться для создания уникальных произведений, имитации стилей известных художников и музыкантов, а также для анализа и классификации произведений искусства.

Технология, известная как генеративные нейронные сети, произвела настоящую революцию в мире музыкального творчества. Генеративные нейронные сети основаны на машинном обучении; их задача - обучиться создавать музыку, используя данные о том, какие ноты, мелодии и звуки звучат хорошо вместе. Это может быть достигнуто различными способами, например, путем анализа существующей музыки или путем создания обучающихся наборов данных.

Когда генеративная нейронная сеть обучена создавать музыку, она может создавать свои собственные композиции, которые могут звучать как что-то, что написал бы человек. Эта технология имеет огромный потенциал, и ее уже используют многие музыкальные компании и артисты.

AIVA (Artificial Intelligence Virtual Artist) - это нейросеть, которая может создавать оригинальную музыку для различных целей, включая фильмы, игры и рекламу. AIVA была создана в 2016 году французскими учеными компании Amper Music. Нейросеть использует алгоритмы глубокого обучения для создания музыки, используя базу данных тысячи композиций [2].

Алгоритм создания музыки в сайте AIVA довольно прост. Для начала нужно выбрать жанр и настроение, затем настроить инструменты, мелодии и ритмы. После этого можно прослушать созданную музыку и, если она нравится, загрузить ее на свой компьютер. Например, AIVA была использована для создания музыки в рекламной косметической компании L'Oréal. Используют ее и некоторые известные артисты: французский композитор Benoît Carré создал музыкальный альбом "Futurism" при помощи AIVA [3].

Одним из наиболее интересных и перспективных направлений использования нейросетей в искусстве является создание картин и рисунков. В изобразительном искусстве

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

нейронные сети могут использоваться для создания уникальных произведений и имитации стилей известных художников. Например, нейронные сети могут создавать портреты, пейзажи и абстрактные произведения, используя обучающие данные в качестве основы для генерации новых произведений. Также нейронные сети могут имитировать стили известных художников, таких как Пабло Пикассо, Винсент Ван Гог и Сальвадор Дали.

Мнения художников относительно использования нейросетей в изобразительном искусстве разнятся. Некоторые художники считают, что использование нейросетей может быть полезно для создания новых и интересных произведений искусства, тогда как другие художники считают, что использование нейросетей может привести к потере уникальности и оригинальности искусства.

В 2018 году галерея Саймона Ли организовала конкурс "AI Art", в котором участвовали художники, использующие нейросети для создания своих произведений. Конкурс привлек большое внимание общественности и показал, что нейросети могут быть полезны для создания красивых и интересных произведений искусства. В 2018 году британская художница Лора Планк создала серию картин, используя нейросеть, которая была обучена на основе ее собственных рисунков. Эта серия картин была выставлена в Лондоне и вызвала большой интерес у зрителей и критиков.

В 2018 году компания Christie's продала портрет "Edmond de Bellamy" за \$432,500, который был создан нейросетью. Также были проданы работы других художников, использующих нейросети, например, работа "Memories of Passers by I" цены \$3.1 миллиона, созданная художником Хуаном Фелипе Эррео.

По данным сайта iphones.ru житель США создал картину с помощью нейросети Midjourney и занял первое место на конкурсе искусств. Согласно официальному сайту, Аллен победил в категории цифрового искусства с работой под названием «Театр космической оперы». Для создания этой картины он использовал нейросеть Midjourney, которая может генерировать изображения на основе текстовых описаний [4].

Нейросети в области искусства, безусловно, быстроразвивающийся сегмент. Одним из главных преимуществ использования нейронных сетей в искусстве является возможность создания уникальных произведений. Нейронные сети могут генерировать произведения, которые отличаются от того, что создают люди. Это позволяет расширить границы творческого процесса и создать новые формы искусства.

Также использование нейронных сетей позволяет быстро создавать множество произведений. Нейронные сети могут генерировать произведения на основе обучающих данных за короткий промежуток времени. Это особенно интересно для художников и музыкантов, которые хотят создавать большое количество произведений быстро.

К преимуществам использования нейронных сетей в искусстве относится и возможность создания произведений с определенными стилями и настроениями. Например, нейронная сеть может быть обучена создавать произведения с темным или светлым настроением, с использованием определенных цветовых схем и текстур.

Видимым недостатком использования нейронных сетей в искусстве является ограниченность искусственного интеллекта. Несмотря на то, что нейронные сети могут создавать уникальные произведения, они не обладают творческими способностями человека. Это означает, что созданные нейронной сетью произведения могут быть ограничены в своей оригинальности и выразительности.

Еще одним недостатком использования нейронных сетей в искусстве является необходимость обучения их на большом количестве данных. Нейронные сети требуют большого количества обучающих данных для создания произведений и имитации стилей

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

известных художников и музыкантов. Это может быть сложно, особенно для небольших команд художников или музыкантов.

Применение нейронных сетей в искусстве требует контроля за творческим процессом. Нейронные сети могут создавать произведения, которые не соответствуют замыслу художника или музыканта. В этом случае необходимо проводить дополнительную работу над произведением, чтобы достичь желаемого результата. Нейронные сети являются сложной технологией, требующей специальных знаний и навыков для их создания. Это может быть сложным для художников и музыкантов, которые не имеют опыта работы с технологиями искусственного интеллекта.

В целом, нейронные сети в области искусства обладают неограниченными возможностями, они ускоряют процесс создания произведений, но и ограничивают творческий процесс и не могут полностью заменить талант человека. Чтобы использование нейронных сетей было эффективным, необходимо обладать как техническими, так и творческими навыками.

Вокруг данной темы возникает много споров, которые касаются этических вопросов, прежде всего. В частности, критиков беспокоит вопрос об авторских правах на подобное искусство: если художники и музыканты ничего не придумывали сами, а использовали готовый код, то кто является создателем картины? И вообще, можно ли считать это искусством? И тут надо сказать, что подобные вопросы возникали и в начале XX в., когда разгорелись жаркие споры вокруг искусства фотографии или кино, которые сейчас воспринимают как самостоятельные жанры искусства.

Быстро развивающиеся технологии искусственного интеллекта, частью которых являются искусственные нейронные сети, вышли за пределы научных лабораторий и стали доступными для обычных пользователей в повседневной жизни, став новым видом развлечений. В ближайшие годы нейросети могут значительно облегчить трудоемкие и монотонные задачи. Однако, они не могут заменить настоящий талант и являются всего лишь инструментом, который может помочь художникам и музыкантам в их работе. Важно понимать, что использование нейронных сетей в искусстве требует специальных знаний и навыков, и не всегда может быть эффективным и практичным для всех художников и музыкантов.

#### Список литературы

1. Иванько А.Ф., Иванько М.А., Сизова Ю.А. НЕЙРОННЫЕ СЕТИ: ОБЩИЕ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ // Научное обозрение. Технические науки. – 2019. № 2.–С. 17-23; URL: <https://science-engineering.ru/ru/article/view?id=1236> (дата обращения: 03.03.2023).
2. <https://www.iphones.ru/iNotes/virtualnye-muzykanty-s-iskusstvennym-intellektom-uzhe-nemymysel-kak-neyroseti-mogut-izmenit-muzyku-01-11-2022https://www.shutterstock.com/ru/generate>
3. <https://creators.aiva.ai>
4. <https://dtf.ru/life/1336949-zhitei-ssha-sozdal-kartinu-s-pomoshchyu-neyroseti-midjourney-i-zanyal-pervoe-mesto-v-konkurse-iskusstvhttps://medium.com/phygitalism/neural-networks-art-fe9fa6b7d79f>

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ МОНУМЕНТАЛДЫ КЕСКІНДЕМЕСІНДЕГІ ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ МЕН МОТИВТЕРІНІҢ АВТОРЛЫҚ ІЗДЕНИСТЕРІ**

*Ғалымжан А.Ғ., Ауганбаева Г.С.  
Т. Жүргенов ат. Қаз.ҰӨА, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
ғылыми жетекші – PhD, қауымдаст. профессор Е. Б. Кайранов*

**Annotation:** During the period of independence of Kazakhstan, modern development processes take place in monumental painting. It is known that various techniques of monumental painting, widely developed in the Soviet period, were carried out by state order in public facilities. Today, in the era of a market economy and globalization, large-scale collective orders for monumental painting are extremely rare. Therefore, experienced artists conduct creative searches to find their unique style, create original works of monumental easel painting. In this regard, the article analyzes the work of well-known monumental artists in this area, and also explores their author's search for folklore signs and motifs of the Great Steppe.

Қазіргі кезде жүзеге асырылып жатқан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасында атап көрсетілгендей - «Мәдени мұраны сақтау және жаңғырту, халықтың ұланғайыр мәдениеттік мұрасын зерттеу, оның тұтас жүйесін құру, мемлекеттік жетістіктерін негізге алу, жалпы білімнің құндылығын өркендету» болып келеді. Осы орайда, Қазақстан халқының мәдени мұрасы рухани-өнегелік дәстүрмен тікелей байланысты екенін, қайткенмен де мұндай халықтың мұрасын міндетті түрде ғаламат болуға қоғамның тәжірибесін бейнелеп сомдау, өзгеше тұрпаты көркем ой туғызатын эсермен ұрпақ тәрбиелейтін мәдени өнерді жалғастыру рөлін мақсат етуіміз керек. Мұндағы шығармашылық дүниелер, композициялық шешімдер уақыт ағымына қарай түрленіп тарихи құбылыстардан ой шертуде. Осыған орай, ғылыми зерттеу тақырыбына сәйкес заманауи суретшілердің шығармашылық туындыларын терең зерттеп, айқындап, талдау өзекті деп санаймыз.

Қазақ халқының баяғы заманнан бергі негізгі рухани азығы, мәдениеті, әдебиеті, философиясы, даналығы – ауыз әдебиеті болғандығы мәлім. Фольклор – жазба әдебиеттің іргетасы. Онсыз ешбір елдің әдебиеті кемел болмақ емес. Бүгінгі күні фольклор мәселесінің өзектілігі күннен күнге артып, барған сайын оған деген жан-жақты қызығушылық артуда. Этнография, тарих, тіл білімі, тіпті әдебиет тарихы сияқты гуманитарлық ғылымдардың ешқайсысы фольклорсыз өмір сүре алмайды [1]. «Халықтық фольклордағы жауын жалғыз жайратқан батырлар мен олардың адал серігі болған, ақылына көркі сай сұлулар және қиындықта қанатына айналған тұлпарлары халықтың болмысы мен мінезін, халыққа тән қайсарлығын суреттеуде үлгі-бейнеге айналды. Қазақ бейнелеу өнерінде де бұл кескіндер халықтық тұрмыс пен ерекшеліктерді ескере отырып, ұлттық мінез бен өмірлік қағидаларды суреттеуде басты тақырып болды. Халықтық фольклормен қаруланған қазақ суретшілері өз кенептерінде бейнелерді графикалық немесе кескіндемелік үлгіде көрсетуде халықтық тағдырдың, тыныс-тіршіліктің қайталанбас озық үлгілерін таныта бастады. Халықтық фольклорды бейнелі жеткізу арқылы қазақ кәсіби бейнелеу өнері де өз тарихының беттерін парақтай берді» [2, Б. 16 ].

Қазақстанның заманауи көркем эстетикасы жаңа саяси-идеологиялық бағытқа сәйкес өзгеріс тауып дамып келеді. Егеменді мемлекеттегі ұлттық нышандардың даму жолында мүсіндік ескерткіштер мен тарихи-мемориалдық кешендер бой көтеріп, монументалды-сәндік кескіндеменің түрлі туындылары жасалып келеді. Қазақстанның монументалды өнері

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

– бұл тау тастарындағы көптеген петроглифтерді, сақтар мен түркі қорғандарынан табылған монументалды мағынадағы мүсіндік пішіндерді, ежелгі кезден сақталып қалған тас мүсіндер мен құлыптастарды, орта ғасыр кесенелеріндегі оюланған өрнектерді, кеңестік кезеңнің (1960-1980 жж.) монументалды-сәндік кескіндемесі мен монументалды ескерткіштерін, сонымен бірге тәуелсіздік кезеңде бой көтерген мемориалдық кешендерді, мүсіндік ескерткіштер мен монументалды өнердің көптеген өзге де үлгілерін құрайтын үлкен кешен.

Заманауи монументалды өнердің келешегі мен даму ерекшелігін екі негізгі сәт анықтайды. Біріншісі – кеңестік дәуірдегі монументалды өнердің тәжірибесімен байытылған дәстүрлі қазақстандық монументалды өнер. Екіншісі – классикалық тәсілдері ұлттық мектеппен терең меңгеріліп, әрі қарай дамуына мүмкіндік беретін әлемдік түрдегі өнер. Негізінде, монументалды өнер ғаламдық әлеуметтік-саяси түрлену кезеңінде, қоғамдық өрлеу, зиялы және мәдени гүлдену уақытында, шығармашылық барынша өзекті идеяларын көрсете алатын жалпы мемлекеттік даму тұрақтылығына байланысты ерекше мәнге ие болады. Сонымен бірге, тәуелсіздікке ие болған Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде де бұл дәстүр өз жалғасын тауып келеді. Бұған мысал ретінде, туған жері мен қазақстандық халықтың бірлігін қорғаған көрнекті тұлғалараға, билеушілер мен батырларға арналған мемориалдар мен ескерткіштердің құрылысын, музейлердегі тарихи кескіндемелік паннолар жасалуын айтуға болады.

XXI ғасырдың басында қазақ монументалды өнері әлемдік монументалды өнер тәжірибесіне қосылу барысында серпінді даму жағдайында болуда. Монументалды өнердің сәулеттегі және қазақстандық қалалардың қазіргі заманғы бейнелерін жасаудағы анықтағыш мәні терең ойлы әлемдік тәжірибені қолдану қажеттілігін білдіреді. Суретшілер қазіргі заманғы монументалды өнердің табысты дамуы үшін үш маңызды міндет қоюы керек. Бірінші міндет – ұлттық дәстүрлерді жалғастыру және дәуірдің жаңа рухын көрсету. Екінші міндет – адамдардың эстетикалық сезімін, олардың өнер туындыларына дұрыс баға бере білу қабілетін тәрбиелеу. Монументалды өнердің болашақ суретшілері үшін үшінші міндет – әртүрлі сюжеттер қолдану, мазмұны бойынша терең және пішіні бойынша қызықты туындылар жасау. Олар халықтың өмірін көрсетіп, ғаламшар мәселелерін (табиғат экологиясы, болмыстың нәзіктігі, бейбіт әлем және т.б.) түсінетін отансүйгіштілігімен қатар, ғаламдық адам үшін де үлкен тәрбиелік және білімдік мәнін беруі керек.

Ұлы даланың фольклорлық белгілері мен мотивтерінің авторлық ізденістері бойынша отандық монументалды кескіндеме өнерін 40 жылдан бері дамытуға өз үлесін қосып келе жатқан ұлағатты ұстаз, әрі елімізде ғана емес, алыс шетелдерде де танымал суретші Әлібай Бапановтың шығармашылығына назара аударып, сонымен қатар, оның көптеген дарынды шәкірттерінің бірі, көрнекті монументалды кескіндеме суретшілері Әли Бахтыгереев пен Серік Тайновтың туындыларына да тоқтап, талдау жасау маңызды, мағыналы және қажетті деп санаймыз. Сондықтан, бұл суретшілердің авторлық туындыларындағы Ұлы даланың фольклорлық белгілері мен мотивтерін талдау жемісті болып, болашақта күрделі диссертациялық зерттеулерде жалғасын табады деп ойлаймыз.

Әлібай Қалтайұлы Бапанов ауқымды композицияларға бейім, алдымен гобелендер тоқып, содан кейін киізден текеметтер мен көлемді артефактілер жасап, кескіндемелік туындыларда айрықша эксперименттік ізденістер жасайды, олардың көбісі қазақ өнерінің тарихына арналған. Әлібай Бапановтың жұмысын қарастыра отырып, шебердің ежелгі кілемдердің үстіне және керісінше түпнұсқа метафоралық композицияларды қалай жасай алатынына таң қаласыз. Мысалы, өнердің таза түрлері мен стилистикасындағы жұмыстардан басқа, оның көркем өрісінде көне кілемдердің сақталған фрагменттерін батыл енгізетін туындылары бар. Әлібай Бапанов киізбен жұмыс істегенді ұнатады: ертеде қазақ ою-өрнегін сырмаққа тоқыған шеберлер сияқты, ол да өз суретін киіз кенепке тоқып үлгереді. Шебердің

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

халық көздеріне деген сүйіспеншілігі оған дәстүрлі қазақ қолөнерінің заманауи өнермен диалогын құруға көмектеседі. Әлібай Қалтайұлы – көптеген гобелен кенептерінің авторы [3].

Ә. К. Бапановтың көптеген шығармашылық жұмыстарының ішінде негізінен мифологиялық тақырыптар басым – бұл күн, ай, аспан, жер, әлем тауы, өмірағашы, ежелгі түркі жауынгерлері, көшпенділер, петроглифтер. Олар: «Ту ұстаушы», «Қасиетті ағаш», «Әлем тауы II», «Жауынгер», «Түнгі атқыш», «Саяхат 3», «Айналайын» және т.б. Ә. Бапановтың монументалды стилі суреттің қатаң, сезімтал-логикалық сызықтығына, тұрпаттардың стильдендірілген силуэттеріне және бейнеленген әлем кеңістігінің бір мезгілде көп қырлы және көп деңгейлі болуын тудыратын перспективаның изометриясына жатады. Қазақ монументалды өнерінің нағыз корифейі өз станоктік туындыларында көрерменді көркем образдардың ерекше стилистикалық шешімдерімен таң қалдырады, түркі көшпелі халықтарының этномәдениетінің символикасын «иконографиялық белгілерге» айналдырады. Қазіргі заманғы өнертануда иконография – бұл өнер тақырыптарын, рәміздері мен тақырыптарын, яғни бейнелеудің мағынасын зерттейтін жеке бөлім. Осындай туындылардың бірі – «Жауынгер» гобелені, мұнда батыр бейнесі иконографиялық белгінің қасиеттеріне толық ие. PhD докторы М. Ф. Муканов өз зерттеу еңбегінде атап өткендей: «бейнелеу-стилистикалық тұрғыдан» жауынгер «туындысы минимализм эстетикасының үздік дәстүрлерінде» – қазіргі қазақ гобелен өнерінде дамитын мәдени құбылыс ретінде шешілген. Жауынгердің бейнесі ішкі руханиятқа, ішкі батылдыққа және барлық жеке қасиеттерді идеалды эталонның мағынасына сәйкес келетін эпикалық кейіпкердің біртұтас сипатына біріктіретін жалпы ерік-жігерге толы. Тұтастай алғанда, бұл шығарма, қаһармандық эпос жанрының заңдарына сәйкес, өзінің сюжеттік кейіпкерлерін идеализациялай отырып, қазақтың дәстүрлі мәдениеті үшін көптеген қасиетті мағыналарға ие батыр - дала рыцарының есте қаларлық көркемдік бейнесін жасайтыны сөзсіз» [4].

Ә. Қ. Бапановты көшпенділер тақырыбы мен оларға байланысты барлық дүние шексіз тебіренеді. Заманауи шығармашылық көрмелерінде қойылған эксперименттік туындыларында көне түскиіз бен кілемдерге салған жаңаша ізденіс кескіндемелері: «Жарқын дүние» (2020 ж.), «Әлем айшықтары» (2021 ж.), «Мәңгілік» (2020 ж.), «Наурыз» (2021 ж.) таңқаларлық еркіндікте орындалған. Бұларда астынан сәуле шаша көріну эффектісі әр қатпардың қылаң беруі, түсті таңбалардың бірізсіздігі байқалуы, сызықтар мен өзге де белгілердің жоғары бетінде ойнауы қатар жүреді. Бұл кеңістікте көне мен бүгіннің «бөлшектері», ою-өрнек пен адам бет-бейнесінің бірге өрілуі, сондай-ақ жануарлардың шағын сұлбалары тізіліп тұтас және бөлінбес көшпенділер әлемін құрайды. Белгілі өнертанушы Баян Барманкулова бір пікірінде: «Суретші қазақ мәдениетінің кеңістігінен» ешқашанда шет шықпайды. Бір ғана талантты адамның өткен шаққа деген махаббаты өшкенді тірілтіп, үндес-тілектес, көрермен үшін маңызын арттырады» - деп қорытындылайды.

Заманауи монументалды кескіндеме суретші Әли Бахтыгереев туралы белгілі отандық өнер қайраткері, ғалым, философия ғылымдарының кандидаты, профессор Ж. Т. Беристенов терең ойлы мақала жариялаған болатын: «Жанрлық-стильдік ізденістермен батыл жұмыс жасаған Ә. Бахтыгереев, шығармашылығындағы жаңашылдық бағыты арқылы, қазақ бейнелеу өнерін ілгерлетті. Күрделі жаңа сапалық деңгейге жету үшін тың жол іздеді. Өйткені бұндай көптұрпаттылы композицияны типтендіруге оның шеберлігі де сай келеді. «Ауылда» атты диптихы сол бағыттағы жемісті шығармаларының бірі. Ауылда өскен әр адамға бұл көрініс өмір тіршілігі, тұрмысы өте нанымды екені талас туғызбайды. Ешбір артық бейне, не орынсыз қимыл мұнда жоқ. Суретші тап осы жерде, алып отырған объектіні көрсетерде өз мүмкіндігін толық көрсеткен. Яғни басқа суретшілерге қарағанда көп фигуралы композициямен бейнелеу өнеріндегі тосын проблематиканы шешіп отыр. Осы



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

тосын шешімнің өзі даусыз жетістік. Былай қарағанда бәріміз көріп жүрген ауыл адамдары сияқты болғанмен, ол ауыл болмысын басқамыздан өзгешелеу түйсініп, типтендіргеннен туған шығарма». «Сарын» туындысы бұл Ә. Бахтыгереев шығармашылығының жаңашылдық кезеңінің прологы іспетті. Сарын атауы айтқандай музыкалық эпикаға құрылған. Тақырып аясы өте кең. Бірінші планда Қозы Көрпеш Баян сұлу көрінісі тәрізді оқиға бейнеленген. Жауынгердің басын ұстап отырған қалыңдықтың жоқтауын кішкене шырылдаған аққұс пен бейнелеген. Ортаңғы пландағы қобыз аңыратқан жырау үстелеп әуез қосып тұр. Екінші пландағы бақыс қыздың сыбызғысы да тылсымдықта тартқан. Қазақ тарихының мистикалық тылсым таңбалары бұқа, күн басты бейне, көкбөрі де фантастикалық тылсым бейне тәрізді құпиялық қасиетті күшейтіп тұр [5].

Ә. Бахтыгереев шығармашылығының жаңашылдық кезеңіндегі екінші ірі туындысы сақ дәуіріне арналған. «Сары үн» кескіндемесі көркем ойдың тереңдігімен, тарихи фольклорлық жинақтаудың кеңдігімен, эпикалық тынысымен ерекше. Алдыңғы қатарда Алтын киімді сақ жауынгері және сәукеле киген қалыңдық отырса, ортада арқар мүйізді сақ патшасы орналасқан. Ежелгі гректердің түп төркін түркі мәдениетімен тамырлас екені белгілі. Грек мифологиясында Гераклге Зевс құдай арқар мүйізімен көрінген. Сол тылсым мистика осы кескіндемеде ерекше әсермен көрсетілген. Артқы кеңістікте Берелдің (археологиялық артефакт) алтын мүйізді жалқысы бейнелеген. Тарихи дәуірді бейнелгенде әр суретшінің өзінің шешетін проблемалары болады. Артқы кеңістікте, әсіресе көк аспанды автор мистикаға тіреу үшін фантастикалық, сюрреалистік тылсым бейнелермен әсерлеп көрсетеді. Бұл жерде суретшінің авторлық мақсаты музыкалық эпикалық әуенге орау. Ә. Бахтыгереевтің шеберлігін танытатын тәсілдің негізгі түйін де осы.

Келесі «Жаназа» туындысы – бұл Ә. Бахтыгереевтің ерекшелігін танытқан аса көлемді эпикалық салмақты туынды. Қазақ кескіндемесінде картинаның музыкалығын көбі колорит арқылы шешсе, авторы образ бейнелермен шешкен. Айтқысы келген ойда, көрсеткісі келген тарихи этнографиялық бейнелерде көп. Көптұрпаттылы композицияның әр бейнесінде тылсым образдар бар. Мифтік фольклорлық санадағы ағын, ой ағыны ретінде ғажап әуенге толы. Айырықша көркемдік шеберлігімен қоса тарихи дерекнамаларды саралап, барынша көркем етіп беру шеберлігін ерекше атап айтуымыз керек. Ә. Бахтыгереевтің «Жаназа» туындысы авторлық ойдың аса тереңдігімен, көркемдік ойды жинақтаудың кеңдігімен, эпикалық тынысының құлашымен, көп фигуралы композицияны тылсым музыкалық әуенге бағындыруымен құнды. 1994 жылы Ә. Бахтыгереев «Абай, менің халқымның көзімен» тақырыпта монументалды кескіндемеден дипломды үздік қорғады. Дипломның екі үлгісі бұл монументалды кескіндеме бітіруші жастар үшін үлкен оқулық. Айтар ойдың композициясының дәлдігі, әсіресе шебер жасалуымен кімді болса да таң қалдырады. Абай өмір сүрген ортаның да, жыр сипатын да байқату, сонымен бірге ұлттық ұғым көріністері молдығымен, күрделі бейнелердің қазақ халқының өкілдерінің тұрмыс салты, этнографиялық дерек түсініктердің көркемдігі баурап аларлықтай өте әсерлі. Барлық теңеу, бейне, этнодеректерден іріктеліп алынған. Ә. Бахтыгереевтің өте салмақты жұмыстарының бірі «Әбілхайыр хан» бейнесі. Хан салтанатын әспеттеуде тосын көркемдіктерге барған. Ұлттық сипат пен ханның идеялық-психологиялық образын, бар бояумен көркемдеп даралаған. Суретші Әбілхайыр хан образын ерекше ықласпен жазғаны байқалады. Қазақ хандығының рәміздік көріністері, киім-кешегі, этнографиялық бұйымдары, бәрі әбден зерттеліп, шебер суреттеліп көрсетілген. Бұл шығарма бұдан бұрын суретшілер жасалған көптеген хандар бейнесінің ешқайсына ұқсамайды. Ә. Бахтыгереев осы Әбілхайыр хан бейнесімен тарихи портреттердің көркемдік аясын кеңейті. Алғаш бұл шығарма «Ұлық Ұлыс-Алтын орда» альбомында жарияланып көпшіліктің жоғары бағасын алды» [5].

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Серік Айтқазынулы Тайнов – заманауи көрнекті қазақ суретшілерінің бірі. Оның туындылары монументалды-сәндік реңктермен реалистік түрде орындалған ұлттық және патриоттық әсерімен ерекшеленеді. Суретшіге шабыт көзі – дала хош иістері, шауып келе жатқан тұлпарлар, көне зергерлік бұйымдар, қолөнершілер жәрмеңкелері және мал өсірумен айналысатын қарапайым адамдардың күнделікті өмірі. Серік Тайновтың станоктік кескіндеме туындылары негізінен қазақ халқының тарихы, дәстүрі, аңыздары мен эпостарына арналған. Оның пікірінше, монументалды кескіндемеде өз стилін іздеу барысында Ерте Ренессанс монументалды өнері, әсіресе Джотто Ди Бондоне, Сандро Боттичелли және Пьеро делла Франческа сияқты танымал итальяндық суретшілердің шығармашылығы арқау болды. Фреска техникасындағы олардың көркемдік стильдерінің әсері С. А. Тайновтың монументалды кескіндемесінде өзіндік қолжазбаның қалыптасуында маңызды рөл атқарды [6].

С. А. Тайнов жұмсақ тыныш түстермен жазады және туындыларын жақсылық пен жарықтың қуатымен толтырады. Ол қазақ костюмінің тарихын егжей-тегжейлі зерттеп, ескі қару-жарақ пен музыкалық аспаптарды жақсы меңгеріп, көшпенділердің салт-дәстүрлері туралы көптеген кітаптар оқыды. Суретші отбасылық қасиетті насихаттауға және халықтық әдет-ғұрыптарды сақтауға ерекше көңіл бөледі. Оның шығармашылығындағы кейіпкерлер аң аулауға шығады, тұлпарлармен мен ит тұқымдыларына қамқорлық жасайды, үлкендерді құрметтейді және қарапайым заңдар бойынша өмір сүреді, әділеттілік пен абыройды бірінші орынға қояды. Серік Тайновтың өнер жайлы пікірінде: «Өкінішке орай, қазіргі уақытта заманауи адамдардың құндылықтары айтарлықтай өзгерді. Көптеген адамдар үшін ақша табу, қымбат заттар мен керемет автокөліктер сатып алу, экзотикалық елдерге саяхаттау және жоғары деңгейлі курорттарда демалу өмірдің мәні болып табылады. Бұл уақытша құбылыс деп үміттенемін және де біз көп ұзамай адамның ең маңызды және қажетті ішкі рухани байлығын ақшаға сатып ала алмайтынымызды түсінеміз. «Жеті қазына» туындыда мен биязы мінезді қыз баласын, тазы тұқымды итті, асыл тұқымды жылқыны, бүркіт және қару-жарақ, кітап ұстаған жігітті бейнеледім. Міне, халқымыздың шынайы құндылықтары осы, бұл туралы ұмытпауымыз керек. Өйткені, ежелгі даналық айтқандай, өзінің өткенінен бас тартқан адамның болашағы болмайды» - деп ойларымен бөлісті [7].

Тайнов Серік Ұлы Дала игілігі үшін кенеп бетіне тендесі жоқ Шығыс сұлуларын, әлем тербеген бақытты аналарды, жауға тойтарыс беруге сақадай сай батыл жауынгерлерді, жастарға бағыт-бағдар, нұсқау беретін ақсақалдарды бейнелейді. Дарынды суретшінің туындыларын әлемнің әртүрлі елдерінен келген коллекционерлер таласып тұрып сатып алады. «Жеті қазына» графикалық туындысы қазіргі уақытта Лондон мұражайында сақталып тұр. Суретшінің туындылары көшпенділердің тарихы мен дәстүрлі мәдениетіне қызығушылықты арттырады. «Саятшылар», «Наурыз», «Толағай туралы толғау», «Дала мергендері», «Жеті қазына», «Шорға шайқасы» және т.б.

Белгілі қазақстандық өнертанушы Баян Барманқұлова пікірінше: - «Серік Тайновтың шығармашылық қызығушылықтары әртүрлі бейнелі әлемге арналған. Бұл тарих, аңыз-ертегілер, туған жер мен балалық шақтың уақыты. Ол көп жағдайда ауылдың көріністері мен оқиғаларын бейнелеп қана қоймай, ауқымдылы көлемде әрі жұмбақтылы таңғажайып образдарды жасап, қияли композициялар құрастырады. Мысалы, «Атамның өтірік әңгімелері» туындысында атасының өзенінде жүзіп жүрген үлкен балықтың үстінен арба тез жүріп, жылқы аспанға секіріп, ал аласа бойлы бойжеткен қысылмастан орамалмен қол бұлғап қоштасып жатады. «Су тамшысы» жұмысында су мен ауа сияқты екі мұхит өмірінің қызықты метафорасы бейнеленген. Аспанда қалықтаған қанатты бала құмырадан су құйып жатса, ол су жерге үлкен балықтар қоныстанған салмақты тамшы болып құлайды, ал айналасындағы басқа балықтар аспан кеңістігін жұмбақты түрде игерген. Бойында бар

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

қалжындағыш сезімінің арқасында суретші осы таң қалдырарлық композициялардың барлығында жақсы үйлесімін тауып құрастыра алады. Суретші балалық қабылдауының күші мен тазалығын сақтай келе, «Жаз» бен «Жұмбақ әлем» туындыларында ағаштар сияқты үлкен көлемді көбелектер мен шегірткелерді бейнелеп, балалардың көздерін магниттей тартатын адам өміріндегі күлкілі және шынайы бейнелердің пайда болуына ықпал етті» [8].

«Бала кезімнен бері маған мынау шексіз дала бәрі сиятын үлкен кеңістік сияқты көрінетін», – дейді автор. – Осы үлкен кеңістікте шынайы әлемнен басқа адамдардың, жануарлардың, құстардың бейнелері, ертегі кейіпкерлері, аңыздар мен мифтердің кейіпкерлері болды. Өзіңіздің туған ауылыңыздан, қазіргі шындықтан алыстаған кезде, сіз тек қиял әлеміңізге ерік беріп, елестетсеңіз болды, бірден сиқырлы әлемге басқаша шындықпен еніп кетесіз. Әрине, осы бейнелердің пайда болуына алғашқы серпін берген ауызша халық шығармашылығы және көптеген кітаптар арқау болды. «Әуен» - деп аталатын туындысы Шығыс миниатюрасы стилінде салынған, онда қой бағып, сыбызғы ойнап тұрған жас жігіт пен қыз бейнеленген. «Ирандық, үнділік, қытайлық, жапондық көптеген керемет миниатюралар бар», – дейді автор. – Олардың барлығы өте әдемі. Мен бір кездері ойландым: Егер қазақтар миниатюрамен айналысса, онда ол қандай болар еді? Егер біздің ежелгі қалаларымыз жойылып кетпегенде біздің елімізде бейнелеу өнерінің бұл жанры бірнеше ғасыр бұрын пайда болуы мүмкін еді. Қазақтың қолөнершілері миниатюраны қалай жасайтынын қиялымда елесетіп көрдім. Менде ауыл тақырыбына осындай сюжет пайда болды, өйткені қазақтар үнемі мал шаруашылығымен айналысып, қой, ешкі бағып, қамыстан балауыз жасап, музыка жазды. Бұл туындыда мен адамдар мен табиғаттың үйлесімділігін көрсетуді шештім» - дейді С. Тайновтың шеберханасына барғандағы өз сұхбатында.

Серік Тайновтың көптеген шығармалары аңыздармен, ертегілермен, эпостармен байланысты. Халық айтқандай: «Өнерлінің қолы алтын, өлеңшінің сөзі алтын». Суретшінің барлық жұмыстары еліне, туған жеріне, тарихына деген үлкен махаббаты, құрметімен, қарым-қатынасымен ерекшеленбек. Портреттердегі кейіпкерлер өте тартымды, көңіл-күйлері айқын берілген. Суретші олардың жүзіне ғана зер салып қоймай, айналадағы бүкіл әлемді де зор ықыласпен суреттейді, оның өмірімен сабақтас бұйымдарға көңіл аударады. Бұдан суретшінің шүбәсіз көркем де эстетикалық талғамға ие екендігін көресің. Классика мәдениеті мен суретшінің шеберлігінен жасалған түрлі-түсті гамма модельдің жастығы мен әсемдігін жан-тәнімен суреттейді.

«Жеті қазына», «Жаңа дала» деген ерекше жазылған еңбектері бар. Суретші майлардың және қылқаламның көмегімен ерекше бейнелерді тудырады. Қыз бен жігіттің көйлегіндегі қою нәзік бояулар, алқызыл еріндер мен құстың тұмсығы, қара шашы мен құс қауырсыны, таздың сымбатты тұрысы. Бұл қыз да шынайы өмірден алынған сияқты. Бұл образда поэзия рухы байқалады. Суретшінің басқа шығармаларында да шығыстың фольклорлық кейіпкері Қожанасыр мен Қазақ ертегісінің кейіпкері Қанбақ шалды кездестіруге болады, ол соншалықты жеңіл болғандықтан, кез-келген жел оны көтеріп, дөңгелетіп алып кететін болған. Өзінің тапқырлығының арқасында Қанбақ шал кез келген алыпты айла-тәсілмен жеңіп кете алды.

С. Тайновтың шығармаларының ішінде пейзаждар да бар, олардың бірінде автор туып өскен ауылының айналасын бейнелеген. Ол бұл жерлерді жадынан қайта жасағанын айтады, өйткені ол жерде ұзақ уақыт бойы болмаған. «XVII ғасырдағы француз суретшісі Николя Пуссен сияқты ауыл мотивін классикалық етіп жасағым келді, маған оның жұмыстары өте қатты ұнайды», - дейді автор. «Аң аулау» туындысы сүйікті монументалды жұмыстарының бірі. Онда ежелгі фрескаға ұқсайтын, аң аулауға жетекшілік ететін дала шабандоздары, тазы иттер мен қыран бүркіттер бейнеленген. «Мен мақтан тұтатын, тәуелсіз, өздерінің құндылықтарын білетін дала аңшыларын көрсеткім келді», - дейді Серік Тайнов.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Қазақ бейнелеу өнерінде өзіндік қайталанбас қолтаңбасы қалыптасқан суретші С. А. Тайновтың «Фариза Оңғарсынова әлемі» тақырыбындағы туындысында «Фаризаның жұмыс столында отырған бейнесі сомдалған. Ақынның арқа жағында әже мен атаның символикалық бейнесі көрініс табады. Осы арқылы суретші ақынның арғы ата-бабаларымен байланысын, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан Ұлы даланың ақындық өнерінің жалғастырушысы екенін білдіреді. Туындының сол жағындағы қанатты қазанаттың бейнесі, шығармашылық ортада кеңінен таралған шабыт пен творчествоның символына айналған ежелгі гректердің мифологиялық персонажы «Пегас» және соның жетегінде енді-енді рухын оятып, шабыт көзін ашайын деп тұрған жас ақын қыздың бейнесі көрінеді. Осы образдарға артқы фон беріп тұрған теңіз көрінісі бір жағынан ақынның өскен жерін меңзеп тұрса, екінші жағынан оның ішкі жан-дүниесі теңіздей шалқар және терең екенін, онда жүзіп жүрген аққулар оның творчествосы әсемдікке, махаббатқа және ішкі сезімге бай екенін көрсетеді. Фаризамен қатар өз тұғырында орын алып тұрған қазақтың қара домбырасы поэзия падишасының қазақтың дәстүрімен, өнерімен және бай рухани әлемімен тығыз байланысын көрсетеді» [9].

Қорыта келе айтқанда, халық ауыз әдебиеті кейіпкерлерінің фольклорлық мәтіндеріндегі бейнелеу барысын, ұлттық колоритін сақтай отырып, монументалды кескіндеме туындыларын жасау ерекше қасиет деп білуге болады. Отандық суретшілеріміз Ә. Бапанов, Ә. Бақтыгереев, С. Тайнов шығармаларында Ұлы дала фольклоры мен мотивтеріне қарасты көш, ана мен бала, жастар, мергендер, дала көрінісі, қазақтың батыр тұлғалары, дастархан сияқты көптеген негізгі ортақ тақырыптар орын алған. Әлібай Бапанов гобелен, киіз, көне кілемдердің фрагменттерінен эксперименттер жасап, дәстүрлі ою-өрнекті көне сырмақтар үзіндісін қолданып қайталанбас монументалды кескіндеме туындыларын жасайды. Семантикалық белгілер мен ұлттық архетиптерді көркем стилизацияға жеткізіп, қайталанбас жоғары кәсіби құндылығы бар көшпелі фрескаларды дүниеге әкелді. Және де, 40 жылдан астам ұстаздық қызметте көптеген дарынды шәкірттер тәрбиелеп, қолтаңбасының ізбасарлары көбейді. Сөйтіп, отандық бейнелеу өнерінде суретшінің бірегейлі болып келетін стилінің өз мектебі қалыптасты. Әли Бақтыгереев көрермендерді тарихи өмірлік жағдайлармен таныстыра отырып, көп фигуралы композициялармен жұмыс істейді. Тылсым образдардың, элементтердің реалистік элементтермен үйлесуі оның кескіндемесін салиқалы өнерге тән әдістермен жақындастырады. Туындыларында мифология, фольклорлық сарындар фон ретінде ғана емес, шығарманың бүкіл мазмұнының өзіне айналып кеткен. Оның романтизм бағытындағы ізденістері көркемөнердегі мифологиялық-фольклоризм құбылысын тудырды. Серік Тайновтың жұмыстары монументалды-сәндік реңктермен реалистік түрде орындалған ұлттық және патриоттық әсерімен ерекшеленеді. Суретшіге шабыт көзі – дала хош иістері, шауып келе жатқан тұлпарлар, көне зергерлік бұйымдар, колөнершілер жәрмеңкелері және мал өсірумен айналысатын қарапайым адамдардың күнделікті өмірі. Станоктік кескіндеме туындылары негізінен қазақ халқының тарихы, дәстүрі, аңыздары мен эпостарына арналып, көптеген шығармалары аңыздармен, ертегілермен, эпостармен байланысты болып келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1989. – 360 б.;
2. Кенжакулова А.Б. Қазақ графика өнеріндегі фольклорлық мотивтерді интерпретациялаудың өзектілігі: Тәуелсіздік кезеңі. / 6D041600-Өнертану филос. докт. (PhD) диссерт. / Алматы: Т. Жүргенов ат. ҚазҰӨА. 2021 ж., 161 б.;

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

3. Имена. Алибай Бапанов. Абай TV. – URL: <https://youtu.be/uDBftJUnB2s> (сұрау күні: 25.10.2022 ж.);
4. Муқанов М. Ф. Художественный образ в искусстве современного гобелена Казахстана. – Алматы: КазНАИ им. Т. Жургенова, диссертация. PhD, 2016 г., С. 173;
5. Берістен Ж. Ағыны терең дария (суретші Әли Бақтыгереевтің шығармашылығы хақында). 31.08.2022. – URL: <https://turanart.kz/archives/2601> (сұрау күні: 27.10.2022 ж.);
6. Кайранов Е.Б., Карымсаков А.Ж., Сатаев Н.К., Тайнов С.А. Станковые произведения художников монументальной живописи Казахстана: новые стили и техники / Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ-нің «Хабаршы» журналы, «Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы, № 1(50), 2017 ж., Б. 146-151;
7. Аладьина Т. Тайнов казахского мира. – Алматы: газета Экспрес К. 03.02.2016 г. – URL: <https://clck.ru/348AsL> (сұрау күні: 28.10.2022 ж.);
8. Сатбаева И. Степные пасторали. 29.12.2015 ж. – URL: <http://old.vecher.kz/how2live/stepnye-pastorali> (сұрау күні: 29.10.2022 ж.);
9. Наурызәлі Т. Суреттер шерткен сыр... Атырау қ., Мәдениет порталы газеті, 04.10.2019 ж. – URL: <http://www.madeniportal.kz/article/4243> (сұрау күні: 30.10.2022 ж.).

## САЛТ-ДӘСТҮР - САН ҒАСЫРЛЫҚ МҰРА

*Далихан А.М.  
Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА  
Алматы қ-сы, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі – филос. ғ.к., доцент Божбанбаев Б.М.*

### Abstract

The life of the Kazakh people, from the cradle of will to the cradle of the earth, every step is connected and rooted in traditions. There is reason to say that willow starts from the cradle, even from the mother's womb.

Бір тақырып төңірегінде қолға қалам алып, қағаз бетіне қара жолдар түсіргенде ұзақ толғанасың, ойға батасың. “Салт-дәстүр-сан ғасырлық мұра”... Салт-дәстүр дегенде менің ойыма бірден оралғаны-Зейнеп Ахметова апамыздың “Күретамыр” кітабы. Қыстық демалыс кезінде туған жерім Шу өңіріне барғанда кітапханаға бас сұққан едім. Менің көзім бірден сөредегі мұқабалары менмұндалаған, баспадан қайта жаңарып шыққан кітаптарға түседі. Сол жолы “Күретамыр” кітабы көзіме оттай басылды. Бірден қолыма алып, беттерін парактай бастадым. Кітаптағы сан ғасырдан арқауы үзілмей келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарымызды оқығанда біз біле бермейтін көп сырға қанық болдым. Сонда аңғарғаным, қазақ халқының тал бесіктен жер бесікке дейінгі ғұмыры, әр қадамы салт-дәстүрмен сабақтас әрі тамырлас екен ғой. Тал бесіктен деймін-ау, тіпті ана құрсағынан бастау алады деуге де негіз бар.

Бұл күндері көпшілігі “дәстүрдің озығы бар, тозығы бар” деген желеуді айтып, көбісін бұрмалап, заманға сай икемдеп алғаны да баршылық. Қазақ халқының салт-дәстүрі талай-талай тарихи кезеңдерді басынан өткеріп, небір алмағайып замандарды артта қалдырып, сан алуан дәуірлердің таңбасын бойына сіңіріп, бізге жетіп отыр. Халқымыз басып өткен белестермен бірге талайы тарих қойнауында қалып, көзден ғайып болғаны да бар. Көргені мен түйгені мол Зейнеп апамыздың салт-дәстүрімізді саралап, бүгінде орын алып жүрген ағаттықтардың ара-жігін ажырата жазғанына қарап, мұндай кеменгерлік қайдан дарыған

деген ойға батасың. “Тәрбие тал бесіктен” демекші, әже мен ананың өнегесіне қанық болып, сол тәлім-тәрбиенің тамызығынан нәр алып, өресі биік, өнегелі жанұяға келін болып, танымы кеңейген Зейнеп апамыздың өзі ақ жаулықты әже болған шағында кейінгіге қалдырған бұл еңбегі құнды қазына деуге әбден лайық. Бұл кітапқа хас батыр Бауыржан Момышұлының да сеп болғанын айтпай кетуге болмас. Бойында ұлттық рухы басым батырдың келіні болу-екінің біріне беріле бермейтін бақ. Бауыржан атамыздың “Ұшқан ұя” кітабында да ұлттық құндылықтарымыз ұлықталып, ұрпаққа аманат реиінде қалып отыр. Бір шаңырақ астында бір дәмді бөле жеген ата мен келіннің аталған екі кітабын оқып-ақ салтымызды сары майдай сақтауға, дәстүрімізді дәріптеуге жол ашамыз.

XIX ғасырда қазақтың салт-дәстүрін тереңінен зерттеген орыс ғалымы Семенов Тянь-Шанскийдің өзі “Бұларды оқытудың қажеті жоқ. Салт-дәстүрлері түгел тұнып тұрған білім” деп бекер айтпаған. Сондықтан келер ұрпақ өзінің салт-дәстүрін ұмытпай ұлықтаса, толық меңгерсе, оның ұлт ретіндегі болашағы жарқын болмақ. Ықылым заманнан арқауы үзілмеген салт-дәстүрлеріміздің мәні зор, өнегесі терең. Рухани жаңғыруға бет бұруымыздың да алғышарты-салт-дәстүрлерімізді жаңғыртудан бастау алуы тиіс.

Еліміз басынан қилы-қилы замандарды өткерсе де ұлттық құндылықтарды сақтау жолында аянбай күресіп келеді. Осындай сын сағаттарда тарих көшінің бағыт-бағдарын белгілеп, ел мен жер, тіл мен діл тағдыры, дін мен дәстүр тұтастығын сақтау үшін мойнына жауапкершілік жүгін байлап, басын бәйгеге тіккен тұлғаларымыз қаншама?! Ел мүддесі үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген жандар да бұл күндері біршама.

Ұлт келешегін ойлаған ел ұрпақ тәрбиесіне көбірек көңіл бөледі. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңірмесек, рухани бұлағымыздың бастауынан сусындатпасақ, өткеннің өнегесіне бойлатпасақ, болашағымыз бұлыңғыр болмақ. Бұл күндері жастарға жол көрсетіп, жөн сілтеуге бағытталған түрлі іс-шаралар жоспарға бекітіліп, жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Тәрбие-тал бесіктен деп халқымыз текке айтпаған. Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек деген әлемнің екінші ұстазы Әл Фарабидың даналық сөзі тағы бар. Тәрбиені қолға алсақ, әдіс-тәсілдер жетерлік, өскелең ұрпақтың өн бойына өнеге дарытар өсиет сөздеріміз де баршылық.

Біздің текті халқымызда дәстүрдің басы үлкенді сыйлаудан, үлкеннен бата алудан басталады. Көрген-білгені, түйгені мол қариялардың ақылы дариядай. Төле би бабамыз “Үй сыртында төбең болса-ерттеулі тұрған атың ғой, елі ішінде қарияң болса-жазулы тұрған хатың ғой” десе, қаз дауысты Қазбек биіміз “Жалтылдайды деп жастықты сөкпе-бәріңнің шыққан тегің сол, қалтылдайды деп қарттықты сөкпе-бәріңнің жетер шегің сол” деп тауып айтқан ғой. Сондықтанда өскелең ұрпаққа өнегелі, қазыналы қарттарға жүгініп, ақыл-кеңесін тыңдау артықтық етпейді.

Әйтеке бабамыз да даналығымен жол тауып, қарсы келген кісіге жөн көрсетуден тартынған емес. Әулие Әйтеке биіміз “Дәулетіңнің қадірін ұлың өскенде білерсің, абыройыңның қадірін қызың өскенде білерсің” деп тауып айтқан ғой. Алдыңғы буынның бар үміті біз секілді тұлымды ұлдарымыз бен бұрымды қыздарымызда. Болашақтың іргетасы берік қалануы үшін “сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан” деп Абай атамыз айтқандай, әрқайсының өз орнын табуға күш жұмсауымыз керек. Жастарымыздың жүгенсіз кетуіне жол бермеуіміз керек. Ата тұрып ұл сөйлегеннен без демей ме, қазекем?! Ең бірінші жастарымыз үлкендерді сыйласа деймін. Жоғарыда атаған үш биіміз де бала күнінде үлкендердің қолына су құйып ақылы асқан абыздарды арнайы іздеп барып ақ батасын алған. Батамен көгерген билеріміз төбе билік дәрежеге төрелік айтар төрлерде болғаннан, тауып сөйлер ата-бабаларын тыңдағаннан жеткені тарихтан белгілі.

Батаны халқымыз киелі тілеу деп бағалайды. Қазақтың ақ батасы ұрпақтарын адамгершілікке, имандылыққа, ақыл мен парасаттылыққа баулыған. Қазақ халқында

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

дастарқаннан батасыз тұрмаған. Рухани қазынасы болып табылатын бата-тілек халықтың тұтастық пен бірлігін, салт-дәстүрін, адамгершілік қасиеттерін сақтауда ерекше қызмет атқарады. «Ботаның құны бір-ақ жұт, бата – балаға мәңгі құт» деп бекер айтылмаса керек. Сондықтан да тек жақсылық пен бақытқа жол ашатынын ескеріп жүргеніміз абзал. Үлкеннің батасы – берекенің жарасымды жалғасы. Ақ бата әрбір жанның көгеріп, өркендеуіне септігін тигізері хақ.

Өкінішке орай еліміздегі құндылықтардың қадірін түсінбей ана тілін жетік меңгеруді қоя тұрып орыс, ағылшын тілдеріне үйренуді міндеттеп шетелге баруға әуеспіз. Шетелге саяхаттауға әуес жандарға өз еліміздің туризм саласының дамуына ат салысып, сапарларын туған елінен бастауын сұрасақ, көбісінің ойы қызмет көрсету сапасының төмен екенін сөзге тиек етеді. Ендеше туризм сервисін жақсартпасақ, алға қадам жасай алмайтынымыз анық. Өз тарихымызды білмесек алға қарай жылжуымыз мүмкін емес. Салыстырмалы түрде алар

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

болсақ көрші Түркия мемлекетінде қазба байлықтарыда біздіңкіндей емес, білім саласыда мақтанарлықтай емес. Барлық елі күн көрісін туризм саласына қатты көңіл бөлуінің арқасында. Ал түрік халқының ерекшелігі сан ғасырдан бұрынғы көне мұраларын мұртын бұзбастан сақтап, бір жері ойылып қалса, реставрациядан өткізіп қата өңдеп қалпына келтіріп, ескі ғимараттарымен тарихын дәріптеп әлемді өзіне қаратып туризмің саласын дамытып отыр. Біздің мемлекетімізде де ауыз толтырып айтарлықтай ескі әрі мәдени ошақтар, тарихи аңыз бар жерлер өте көп. Айта кететін болсақ Маңғыстау облысының өзінде жер асты мешіттері, Марс ғаламшарына ұқсас қыраттар, Торыш атауымен танымал дөңгелек тастары, тылсым дүниеге толы тамаша жерлеріміз тағы бар. Түркістан облысындағы кесенелер, ішіне сырларын жасырған жұмбар орындар, жер жәннаты Жетісудағы Айқайқұм, Көлсай көлдері, Шарын Шатқалы, Бурабай өлкесінің әрбір қия тасына аңыздар негізінде және бейне ерекшелігіне қарай ат қойылған, Оқжетпес, Жұмбақтас, соның бірі «Жұмбақтасты» бір қырынан қарағанда – бұрымды жас қызға ұқсатамыз, екінші қырынан көретін болсақ - орамал тартқан келіншектен аумайды, үшінші қырынан қарайтын болсақ – бетіне әжім түскен кемпірге балап таңқаламыз [4, 150 б.].

Бурабай көлдеріне келер болсақ, Бурабай, Шортанды, Үлкен Шабақты, Кіші Шабақты, Қотыркөл жатады. Сонымен қатар, Сары-арқаның, Көкшетау тауларының аралығында бір-біріне жақын орналасқан кішкене көлдер толып жатыр. Олар суының тазалығымен, мөлдір бұлағымен көзге түсіп ерекшеленеді.

Осындпай керемет, әсем, көрікті жерлеріміз бар екенін білмейтін жастарымыз көп екені қынжылтады. Ал осыларды елге таныту үшін әлбетте туристік жерлердің жарнамасын көбірек жасау керек. Мәне осындай тарихи мәдени жерлеріміз туралы көбірек мәлімет жинап жарияласақ, осы жерлерге отандастарымыз өз аяқтарымен барып, сқлулығына көз тоймай, таң,ажайып күй кешіп, туризм саласының дамуына тамшыдай болсада үлес қосар еді. Осы адамдар шектелге барып өзіміздің еліміздегі мақтауға тұрарлық кереметтей жерлер бар екенін сөзге тиек етсе, шетелдіктердің қызығушылығы артып, ауыздан-ауызға тарап елімізге де шетелдіктер келіп қонақ болуына жол ашар еді.

Туризм индустриясының дамуының қазіргі ахуалын талдаудан кейін Қазақстан мемлекетінде туристік қызметті оңайлатуға және дамытуға бағытталған бірнеше іс-шараларды ұсынайық, солардың бірі:

- Туристік қызметтер нарығының инфрақұрылымын дамыту;
- Туризмдегі білім бері саласының сапасын жоғарылату;
- Туристік қызметтер нарығының нормативтік-құқықтық реттеу механизмін күшейту
- Мәдени- тарихи, көне ескерткіштерімізді сақтау;
- Материалдық-техникалық базаны жетілдіру;
- Туризмді дамыту жолында экономикамыздың басқа да салаларының дамуына қосымша әсер етуін (жол құрылысын жөндеу, тамақ өнеркәсібін жақсарту);
- Мемлекеттік жұмыс орындарының санын өсіру;
- Туризм саласына жұмсалған қаражаттың айналымға тездетіп түсу бейімділігі;
- Басқа мемлекеттің капиталын тарту және басқа мемлекеттің валюталарындағы кірістер;
- Туризм индустриясынан түскен қаражаты жылда түсіп отырады;
- Мемлекетіміздегі экономикалық имиджді басқа мемлекеттерде яғни шетелде қалыптастыру;
- Өз ұлтымыздың парктерін және қорықтарын құру;
- Өнер туындысымен қоса дәстүрлерімізді сақтау.
- Кері әсері де бар факторлар бар, олардың бірі:

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

туризм саласын дамыту үшін, үлкен инвестицияларды негізінен талап етеді, ал дамушы елдің көптен бірі капиталдың тапшылығын байқайды, сондықтан да табиғи ресурстар және туризм индустриясын дамыту қиындық әкеледі;

туризмдік маусым кезінде қызмет бабындағы адамдардың барлығы бірдей босатылуы, жұмыспен қамтамасыз ету көрсеткішінің төмендеуіне тура келуі;

жалақыларының төмен болғаны және жұмыс мерзімінің ұзақ болуына байланысты кадрлардың орнынан кетуі.

Туристік қызметтер қазіргі қоғамда бірнеше елдерде ірі бизнестің дамыған саласына айналған ұлттық экономикалық кешеннің серпімді саласы болып отыр.

Шет елден туристердің келуінің аз болуына байланысты елімізде мемлекет тарапынан кейінгі жылдары туризмді дамытуға көптеген қаражат бөлінуде. Негізінде мемлекетіміз шетелдік фирмалар үшін үлкен инвестициялық тартымдылыққа ие. Елдің әуелеті бірқатар перспективалы бағыттарды дамытуға мүмкіндік берері хақ. Осыған орай Қазақстан Республикасының туризмді дамытуда туристік имиджді қалыптастыруда үлкен көмек көрсетіп отыр. Мемлекетіміздің туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейін тұжырымдамасы қабылданып, бірнеше жұмыстар іске асырылып отырғаны да дәлелдердің бірі. Негізінде туризм индустриясын шешудің маңызды істерінің бірі Қазақстан Республикасы үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымда №406 қаулысымен тұжырымдамасын бекіту туралы бағыттары болған. Тұжырымдаманың жобасындағы атқарылған қаржыландыру бағыттары:

Қазақстан мемлекетінің ең перспективалы туристік аумағында қазіргі қоғамға сай заманауи туристік рекреациялық кешендерін құру;

Туристік кешендердің туристік қызметтерінің сапасын жақсарту;

Қазақстандық туристік өнімдерді шетелдерге және отандық туристік нарықтарға жіберу;

Тұжырымдамадағы бағытталған ұлттық туристік өнімді жылжытудың негізгі бағыттары:

Қазақстандағы туризмді ақпараттық қамтамасыз етудің мемлекеттік дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етуін және ішкі туризмді дамыту үшін автоматтандырылған жүйелерді құру;

Мемлекетіміздегі туризм туралы әлеуметтік жарнамаларды сонымен қатар телеарналарда, электронды және баспа түрінде де бұқаралық ақпараттық құралдарында, жан – жақты сыртқы да жарнамаларда және ақпараттық орталықтарды жұмыспен қамту;

Ауылдық, ауандық, облыстық, республикалық, халықаралық туристік форумдарды іне тағы басқада іс- шараларды өткізіп ұйымдастыру;

Әлемдік және ішкі туристік нарықтарды мемлекетіміздің яғни Қазақстанның туристік өнімін жоғарылату үшін инновациялық технологияларды енгізу үшін іс- шаралар жүргізіп қызмет көрсету.

«Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы» туралы жүзеге асырудың әсері:

Мемлекетіміздің туризмді дамыту үшін қолайлы ел ретінде имиджін қалыптастыруын қамтамасыз етуі;

Мемлекеттік және жеке меншік кешендердің қызметін қамтамасыз етіп, экономикалық тұрғыдан көрікті бизнес- ортаны ұамтамасыз етуде туризм секторына қосымша секорына инвестициялар тарту арқылы қол жеткізілгені;

Қазақстанның бюджет жүйесінің әр түрлі жұмыстарға бюджеттеріне болжанған сомалардың түсімін ұамтамасыз етуі және мемлекеттік бюджеттің қаражаттарының үнемдеуі қарастырылды;

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Туристiк инфрақұрылымды дамыту арқылы және қосымша жұмыс орындарын ашу арқылы, әлеуметтік мәселердi шешумен қатар азаматтардың өмiр сапасын жақсартуда жағдайлар жасалғаны.

Туризм мемлекеттік маңызы бар саласы ретiнде, елдiң экономикасына үлес қосатын және бюджет кiрiстерiне көп табыс әкеледi. Қазiргi қоғамдағы Қазақстандағы туризмнiң экономикалық сипаты, маңызы, мазмұны, дамуының жапы көрiнiстерiнiң мәселелерi бiздiң отандық ғалымдармен зерттелiп отыр. Десекте елiмiздiң туризм саласы бойынша экономикасымыздың қазiргi даму кезеңiнде, оның жұмыс iстеуi, туризмнiң қаржылық мәселелерi, қаржы механизмдерiмiнiң құрамы мен құрылымы жағынан жетiк дамымаған [5, 85 б.].

Сондықтанда туризм кешенiн дамыту үшiн шетелдiк инвесторларды тарту мүмкiндiгiн жақсарту керек. Қолымыздағы бар әлеует Қазақстанды туристiк орталыққа айнала алмай отыр. Туризм нысандарын қаржыландыру үшiн оны дамытудың жолдары шетелдiк немесе жеке инвесторлардың қаржысын тарту. Туризм индустриясынан түсетiн қаржылар негiзiнен мемлекеттік бюджет кiрiсiнiң көздерi екенi айқын.

Негiзiнде туризмнiң дамуы үшiн бөлiнген қаржының тиiмдi жолы халықаралық тәжiрибелiк қарым-қатынас көздерiмен байланысты. Сондай- ақ ынтымақтастықты дамыту, неше түрлi шешiмдер iздеуге көмектесетiн туризмдi қаржыландыруға көзқарасты дамытуға әкеп соғады.

Халықаралық стандартқа сай туристiк кешен салу, осы салада қызмет көрсететiн кәсiпкерлерге кәсiби бiлiм берiп, сол жерде еңбек жасайтын қызметкерлердiң әлеуметтік тұрмысын жақсарту керек. Туристiк бизнестiң дамуына басты бағыт - ол туризм индустриясына қызмет көрсететiн инфрақұрылымды жақсарту. Оған туристердi орналастыру, қазiргi заманғы байланыс түрлерiмен, көлiкпен қамтамасыз ету және түрлi ұлттық тағамдар ұсыну. Бәсекеге қабiлеттi туризм - бiр жағынан қазақстандық және шетел азаматтарының туристiк қызметтегi тұтыну қабiлеттiлiгiнiң қанағаттануына, екiншi жағынан өнiрдiң экономикасының дамуына үлкен үлес қосады.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейiнгi стратегиялық даму жоспары Қазақстан Республикасы Президентiнiң 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекiтiлген. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейiнгi стратегиялық даму жоспарына келер болсақ, орта мерзiмдi кезеңге арналған мемлекеттік жоспарлау жүйесiнiң құжаты болып табылады және ол Қазақстанның 2050 жылға дейiнгi ұзақ мерзiмдi даму стратегиясын iске асыру үшiн әзiрлендi. 2025 жылға дейiнгi негiзгi мақсат – адамдардың әл-ауқатын экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерiнiң деңгейiне көтеруге алып келетiн экономиканың сапалы әрi тұрақты дамуына қол жеткiзу.

Туризмнiң жылдам және тұрақты өсуiн, қоршаған ортаға мықты әсерiн, экономиканың барлық секторлары мен қоғамның жақсы тұрмыстық жағдайын назарға ала отырып Үкiмет Қазақстанның ұзақ мерзiмдi даму бағдарламасында туристiк саланы басым сипатқа ие сала етiп анықтады. Бұл тұжырымдама туризм саласындағы мемлекеттік саясат толықтай құрастыруды, Қазақстандағы туризм саласында қазiргi заманғы бәсекеге қабiлеттi құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негiздi қалыптастыруды болжайды

Көне Тараз, Түркiстан шаһарының маңайында менмұндалаған әсем мешiттер мен кесенелер, мұражайлар, тарихи- мәдени жәдiгерлер – халқымыздың рухани мұрасының сарқылмас қазынасы.

Осынау рухани қазынамызды сақтап, ұрпаққа жеткiзудi көздейтiн мемлекеттік деңгейдегi бұл бастамаларымыз берекелi, нәтижелi болғай.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Әдебиеттер тізімі:

1. Хасенов Ә. Қазақстанның XIV-XVIII ғасырлардағы мәдениеті. 2013. – 150 б.
2. Байпақов К.М. Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан-Алматы Қазақстан 1992-208 б.
3. Проблемы развития туризма и возрождение историческрий значимости Шелкового пути. Шымкент 1998-102б.
4. Ердаuletов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика. – Алматы, 2000.
5. Хасенов Ә. Қазақстанның XIV-XVIII ғасырлардағы мәдениеті. 2013. – 150 б,
6. Есенқұлов Е. Көне түркі жазбаескертікштеріндегі қосымшалар. Алматы, 1976. 10б.
7. К.М. Байпақов, Н.О. Алдабергенев. Отралқабы, Археология өнер, қолөнерескертікштері. Алматы., 2005 - 85 б.
8. Асан Д.С., Абишева А.О. Туризм менеджменті: оқу құралы / – Түркістан: "Тұран" баспасы, 2009. – 197б.
9. Ғабитов Т.Х. Мәдениеттану. А. 2000. – 260 б.
10. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – Астана 2006-2011 жылда
11. Қазақстан Республикасының мәдени мұралары [электрондық ресурс].- Кіру тәртібі: <http://www.madenimura.kz/2011>
12. Назарбаев Н. Ә. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. Қазақстан халқына жолдауы. 11 қараша 2014 жыл
13. Әбішұлының жолдауы, Н.Н. «Қазақстан 2030» стратегиясы
14. «Түркістан» газеті, №16,21 сәуір 2005

## **САХНАЛЫҚ БЕЙНЕНІ ЖАСАУДА ГРИМНІҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ**

*Есиркеп А.Б.*

*Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы  
Алматы қ-сы, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі - доцент Ж.Б.Айтқұлова*

### **Abstract**

The article is all about the art of makeup and its history. The article's author aimed to convey to the reader that the art of theatrical make-up is closely connected and interdependent with all the components of the stage work unit.

Грим өнері - бұл сахналық бейнені толықтырып тұратын, актерге өз кейіпкерін сезініп, сахнада еркін ойнауға көмектесетін өнер түрі. Дұрыс грим жасай білу, актерге өзін толықтай сенімді рөлін алып шығуға әсерін тигізеді. Грим өнері «жас өнер» қатарына кіреді. Дегенменде, бетке бояу жағу бұрынғы Қытай театр өнерінен келе жатыр. Ғалымдардың пайымдауынша, грим сахнаға тек XVIII ғасырдың басында келді, ал сахналық элемент ретінде тек XIX ғасырда келген болатын. Ежелгі грек театрында гримді пайдаланған жоқ, тіпті оны керек етпеді. [1,12 б.]

Грим тарихы дегеніміз – сахна тарихы. Грим өнері сонау алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі әдет-ғұрыптардан, жан-жануарлар «тотеміне» табыну заманынан бастау алған. Ежелгі заманда адамдар түрлі жануарлар бейнесіндегі маскаларды киіп, беттерін бояп, әрқайсысы өз тайпаларының ерекшеліктерін көрсететін болған. Гримнің уақыт өте келе түрлі өзгерістерге ұшырағанына қарап, мәдениет эволюциясын жасауға болады. [1,13 б.]

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургунова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Грим өнерінің қашан, қалай пайда болғанын нақты айту қиын. Бірақ болжамдар бар. Бұрынғы заманнан адамдар табиғаттағы заттардан әртүрлі бояулар ала білген. Айта кетер болсақ, шөптен, жапырақтардан, ағаштан және батпақтан қандай түсті бояулар алу керектігін жақсы білген. Болжаммен, тарихы сонау Антик заманнан бастау алатын грим өнері, театрмен бірге дамып келе жатыр десек артық айтқанымыз болмайды. Әрине, ол кезеңдерде қазіргі заманғыдай заманауи бет әрлеу құралдары, түрлі гримдік бояулар болмағаны белгілі. Оның орнына Ежелгі грек, рим театрлары маскаларды қолданған болатын. Маскалар тек комедиялық және трагедиялық жанрға сай дайындалды. Масканы қолдануда көптеген қиыншылықтар, кедергілер болды, масканы өте ауыр заттардан жасаған болатын. Оны киіп шешу оңай болмады. Және де масканың түрлері шектеулі болғандықтан, актерлерге түрлі кейіпкерлер мен эмоцияларды көрерменге толықтай жеткізу мүмкін болмады деп айтуға негіз бар.

Осындай қиыншылықтар грим өнерінің сахналық бейнені толықтыруда алар орны ерекше екенін ұғындыра білді. Шығыс елдерінің актерлері өздеріне шеберлікпен грим жасай бастады. Ол кезеңдерде гримдегі әр сурет, әр түс белгілі бір мағынаны білдіріп отырды. Барлық әйелдердің рөлін ер адамдар ойнады, сол себепті актерлердің беттеріне ақ тон жағып, екі беттеріне кішкене қызыл бояу қолданды және қастары мен көздерін де бояған болатын. Жапондық және қытайлық бояулар еуропалық бояуларға қарағанда ерекшеленді. Оларды суға ерітіп, содан соң май қосып араластырды. [1,14бет]

XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басындағы француз театрында Корней мен Расин трагедияларында, Мольер комедияларында және сол кезеңдегі басқа пьесаларды ойнаған актерлар гримге жүгінген. Грим аса қатты дамымаған соң, олар тек бір жолмен бояй білді. Беттерін ағартып, екі бетіне қызыл бояу жағып, көз бен қасты барынша бояп, еріндеріне қызыл бояу жаққан болатын. Бұл үрдіс кейінірек, яғни Француз революциясы кезеңінде (1789-1799) пайда болды. Көрнекті француз жазушысы Тальма, Карл IX рөлін ойнау үшін, осы корольге ұқсайтындай портреттік грим жасаған. Осы қойылымнан кейін гримнің маңыздылығын сезініп, өзінің әр қойылымында гримді жан-жақты зерттеп, образды шығаруға тырысты. Ал, орыс театрындағы алғашқы гримнің авторы белгілі трагедия жанрында еңбектер жазған В.В.Самойлов болды. XIX ғасырда Самойловтың грим өнеріне келуі мына шығармалармен тікелей байланысты: Гамлет, король Лир, Шейлок, Отеллоның образдары.

Осы жылдар, ғасырлар бойы дамып келе жатқан грим өнері әртүрлі жетістіктерге, сонымен қатар кедергілерге де қол жеткізіп отырды. Мысалы, зерттеулерге сүйенер болсақ XX ғасырдың 50 жылдары грим өз күшін жоғалтып алған болатын. Яғни, көптеген елдерде заманауи театрлар пайда болып, гримнің актерге керегі жоқ, театрдағы жарық және түрлі жабдықтар актерлерге онсыз да рөлін сомдап шығуға көмектеседі деген қате пікірлер туындай бастады. Тек 80 жылдары театрда жаңа безендірулер құрылып, гримсіз толыққанды қойылым, образ жасау мүмкін еместігіне көз жеткізді.

Гримнің қазіргі таңда сахналық бейнені жасауда атқаратын рөлі үлкен. Актерге дұрыс грим жасау үшін ең алдымен адамның анатомиялық ерекшеліктерін дұрыс меңгеру маңызды. Яғни, адамның бет сүйегін, бұлшық еттерінің орналысуын, бас сүйек ерекшелігін білу керек. Бұның барлығы грим жасау барысында көмегін тигізеді. Жалпы гримнің 2 түрі бар: көркем және көлемді. Көркем грим дегеніміз тек қана гримдік бояуларды қажет етеді, ал көлемді грим әртүрлі арнайы заттарды қажет етеді. Көлемді гримнің пайда болып, даму кезеңі XXI ғасыр. Мысалы, сақал, мұрт, париктер, силиконды заттар, жапсырмалар, латекс және т.б. Сахналық бейнені толықтыру мақсатында пастиж саласының алар орны ерекше. Пастиж өнімдері дегеніміз – арнайы шаштардан тоқылған сақал-мұрт, париктер. Жасанды сақал-мұрттарды жасау – көп уақыт пен дәлдікті қажет ететін күрделі процесс. Бұл өте жұқа



тюльдегі кішкентай ілмектің көмегімен шаштың әрқайсысын кішкене ұяшыққа орналастыру арқылы жүзеге асады. Бұл процесс «тамбуровка» (жеделдету, түйіндеу) деп аталады. Париктер көбінесе трес арқылы жасалады. Трес – парик тігуге арналған арнайы құрал. [3]

Грим сөзі француз тілінен алғанда «күлкілі, қызықты» деген мағынаны білдіреді. Алғашында клоундар ермек үшін шөптің сығындысын бетіне жағып шығып, көрерменді күлдіру үшін қолданса, бүгінгі таңда өнер түріне айналған. Иә, расында грим маманы актердің бетін әрлеп, тиісті образ жасайды. Грим мамандары әркімнің жас ерекшеліктерін ескеріп, соған сай бояй білуі керек. Жоқ кейіпкерден бар жасау – гримдеушінің шеберлігі. Біз сүйсіне тамашалайтын қойылым мен актердің сахнадағы сұлулығы – грим маманының ізденісі мен қиялына тікелей тәуелді. Грим өнерінің көпшілік көрермен біле бермейтін қиындығы мен құпиясы жетерлік. Грим мамандары театрда бекітілген әр рөлдегі кейіпкерлерді шынайы етіп көрсету үшін көп ізденеді. Мәселен, заманауи спектакльдерге қарағанда, тарихи кейіпкерлердің, елге белгілі тұлғалардың сахналық бейнесін жасау жан-жақты ізденуді талап етеді. Кітаптар мен журналдарды, тарихи деректерді қарастырады. Кинолар мен танымдық фильмдер де көптеген ақпарат бере алады. Әрине, театр мен кино гримінің арасында үлкен ерекшелік бар. Дегенмен, кейіпкер бейнесін ашуда, қиялдағы мінез штрихтарын байытуда мұндай ізденістердің де маңызы зор. Грим – өте кірпияз өнер. Грим тек 10-15 минутқа созылатын жұмыс барысы емес, қойылым алдында бір актерге 1,5-2сағат уақыт кетіп қалады. Бұл жағдай, әсіресе, портретті бейнелерге тән. Сонымен қатар бояумен ғана шектелмей, сақал-мұрт, шаш деген дүниелерді де гримдеуші өзі тоқып, өзі жасап шығарады. Бұл да үлкен еңбек. Грим мамандарын да суретшілер деп айтуға болады. Егер, қылқалам шеберлері туындыны кенепке салса, гримдеуші қиялын кейіпкер бетіне түсіреді. Суретшінің еңбегі ғасырлар бойы жасайды, ал гримдеушінің жұмысы ұзақ дегенде 2-2,5 сағат қана «өмір сүреді». Бар айырмашылық осында ғана. Есесіне, грим маманының еңбегі театрға келген әр көрерменнің жүрегінде сақталады. Сол себепті де сахналық бейнені жасап шығаруда гримнің алар орны ерекше. [2]

Қазіргі театр өнерінде гримнің түрлері өте көп. Сахнадағы қойылымның жанры мен стиліне, режиссерлік шешіміне, актердің физикалық ерекшелігі мен образдың пластикалық трактовкасына орай грим де әртүрлі болып келеді. Жалпы алғанда, гримді реалистік және шартты деп екі түрге бөлуге болады. Реалистік гримнің негізгі мақсаты – персонажды барынша шынайы өмірге жақындау етіп көрсету. Айталық, гримнің бұл түрі жасты кәрі, кәріні жас етіп көрсете алады. Ұлттық және нәсілдік ерекшеліктерді де, белгілі бір тарихи кезеңдегі адамдардың образын да реалистік грим арқылы жасауға болады. Ал Абай, Абылай хан секілді белгілі бір тұлғаларды жасау үшін портретті грим пайдаланылады. Реалистік грим жасауда тек адамның беті ғана өзгертілмейді, дененің ашық тұстарының барлығы өзгертіледі. Шартты гримнің принциптерін атап айтар болсақ, бұл реалистік дәстүрден ауытқыған, персонажды барынша өзгертетін немесе эстетикалық ағымға сай жасалатын грим түрі. Мысалы, жанрлық шартты грим антикалық дәстүрде, сайқымазақтар секілді комедиялық персонаждарды жасауда кеңінен қолданылады. Ертегідегі ойдан шығарылған персонаждарды бейнелеуде шартты гримнің алар орны ерекше. Ертегі фильмдерде жалмауыз кемпір, жезтырнақ, жалғыз көзді дәу секілді кейіпкерлер грим және маска арқылы баланың есінде қалады. [2]

Қорытындылай келе, грим тек сыртқы кейіпкердің сызбасының құрамдас бөлігі ретінде ғана емес, сонымен қатар рөлдің көркемдік бейнесінің толыққанды бөлігі ретінде де маңызды екендігін атап өткім келеді. Мақаланың өзектілігі театрлық грим өнерінің сахналық шығарма бірлігінің барлық құрамдас бөліктерімен тығыз байланыста және өзара тәуелділікте берілгендігінде. Қазіргі уақытта бетті ғана емес, денені де безендіру: шашты бояу, костюмге дене контурын салу және т.б. грим шеберінің жан-жақты болуын айқындайды. Грим

кейіпкерді психологиялық тұрғыдан ғана сипаттайтын жылжымалы символдық безендірудің түріне айналып қана қоймай, ол театр қойылымының көркемдік безендірілуінің басқа компоненттерімен (жарық, костюм, декорация және т.б.) бірге театрлық қойылымдар жасауға ықпал етеді. Дұрыс тандалған грим пьесадағы қаһарманның тағдырын, демек, жалпы пьесаның сәттілігін шешеді. Спектакльді қою процесінде мәтіндегі «импровизация», актерлік ойын, костюмдер мен гримдер елеулі орын алады. Грим мен костюмнің арақатынасын, костюмнің түсін есте сақтау қажет, сондықтан актер грим шеберімен жұмыс істеу барысында костюмдер мен бас киімнің түсін білуі керек. Бұл құбылыстың барлығы әрине бір-бірімен тікелей байланысты. Гримге әсер ететін тағы бір өте маңызды фактор - грим үстеліндегі электр шамдарының жарығынан әлдеқайда ерекшеленетін сахна жарығы. Сахнадағы жарықтандыру біркелкі емес, әр түрлі түсті және мұндай жарықтандырудағы грим бүкіл түс жүйесін түбегейлі өзгертеді, мысалы, актердің бетіндегі барлық қызыл реңктер қызыл түске боялады. Сондықтан грим шебері қойылыммен жұмыс істеу барысында сахналық бейненің өзіне тән белгілері қойылым идеясына сәйкес келетіндей макияж реңктерін таңдауы керек. Демек, актер үшін гримге, макияжға ие болу актерлік шеберлікке ие болудан кем емес.

XXI ғасырда денеге түрлі сурет салу бүкіл әлемде сәнге айналды. Алайда нағыз өнер саналатын стилист-гримдеуші мамандығын біз әзірге өзіміздің ұлттық ерекшелігімізге қарай бейімдей алмай отырмыз. Бозбаланы – шалға, құбыжықты – сұлуға, ақ адамды – қараға, қараны аққа айналдыруға мүмкіндік беретін грим, бетперде жасау өнерін театр сахнасында, кино саласында дұрыс қолдана алмағандықтан, көпшілік бет әрлеуді өнер деп қабылдай алмай жүр. Осындай қате пікірлер қалыптаспауы үшін, өте нәзік өнер түрі болып есептелетін грим өнерін жастарымызға дұрыс меңгерту керек деп санаймын.

#### Әдебиеттер:

1. И.С.Сыромятникова. Искусство грима. Москва «Высшая школа» 1992. 12-14 стр.
2. [https://mobile.studbooks.net/2492172/tovarovedenie/znachenie\\_grima\\_sozdaniya\\_hudozhestvennogo\\_obraza](https://mobile.studbooks.net/2492172/tovarovedenie/znachenie_grima_sozdaniya_hudozhestvennogo_obraza)
3. <https://egemen.kz/article/166562-layla-sqaqova-grim-%E2%80%93-ote-kirpiyaz-oner-bir-akterge-15-2-saghat-uaqytymyzdy-arn>
4. <https://alashainasy.kz/culture/kazaktyin-kolyinan-grim-jasau-da-kelmegen-me-50359/amp/>

## ТҰРАҚТЫ ТУРИЗМ ЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

**Қ.А. Жиенбай**  
**Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА**  
**Алматы қ., Қазақстан Республикасы**  
**ғылыми жетекші - аға оқытушы, педагогика магистрі Т. Т. Еспенова**

#### Abstract

The article is devoted to the role of sustainable tourism in the socio-economic development of the country. The concept of sustainable development and its place in the preservation of ecological diversity is revealed. The goals and objectives of sustainable development and the main regulations for the development of sustainable tourism in the world and in the Republic of Kazakhstan are defined.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

**Кіріспе.** Туризм әлемдік экономиканың ең жылдам дамып келе жатқан салаларының бірі және валюталық түсімдер мен жұмыс орындарының маңызды көзі болып табылады. Бұл сала көптеген елдердің, ең алдымен дамушы елдердің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық әл-ауқатымен тығыз байланысты.

Дүниежүзілік туристік ұйымның анықтамасына сәйкес, тұрақты туризм «туристердің, туризм индустриясының, қоршаған ортаның және қабылдаушы елдердің қажеттіліктерін қанағаттандыру кезінде оның қазіргі және болашақ экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салдарын есепке алуды толық қамтамасыз ететін туризм».

2017 жыл БҰҰ Бас Ассамблеясының ұсынысымен - Халықаралық тұрақты туризм жылы болып жарияланды. 2030 жылға дейінгі Даму жоспарына сәйкес «2030 жылға қарай жұмыс орындарын құруға, жергілікті мәдениетті дамытуға және жергілікті өнім өндіруге ықпал ететін тұрақты туризмді ынталандыру стратегияларын әзірлеуді және жүзеге асыруды қамтамасыз ету» мақсаттары алға қойылған. Тұрақты туризмнің маңыздылығы жұмыс орындарын ашуға, жергілікті мәдениетті дамытуға және жергілікті өнімді өндіруге ықпал ететін тұрақты туризмнің тұрақты дамуға әсерін бақылау құралдарын әзірлеумен және енгізумен байланысты.

БҰҰ-на мүше мемлекеттер тұрақты туризм саласындағы іс-шараларға қолдау көрсету және экологиялық сауаттылық деңгейін арттыруға, қоршаған ортаны, жабайы табиғатты, флораны, биологиялық әртүрлілікті, экожүйелерді және мәдени әртүрлілікті сақтауға, сондай-ақ адамның тіршілік ету ортасын және жалпы табиғи ортаны жақсартуға және қорғауға ықпал ететін, жергілікті экономикаға қолдау көрсету арқылы халықтың әл-ауқатын арттыруға және табыс көздерін құруға әкелетін тиісті әлеуетті арттыру қажет деп санайды. БҰҰ құжаттарында елдер орнықты дамуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында дамушы елдерде орнықты туризм саласындағы іс-шараларға және тиісті әлеуетті арттыру жөніндегі тиісті шараларға неғұрлым ауқымды қолдау көрсетуі тиіс делінген.

БҰҰ мүшелері тұрақты туризмге, соның ішінде экотуризмге және мәдени туризмге инвестицияларды ынталандыруды ұсынады. Бұл өз кезегінде шағын және орта бизнесті құруды және қаржылық ресурстарға қол жетімділікті жеңілдетуді қамтуы мүмкін, соның ішінде кедей аудандар үшін және экотуризм тұрғысынан айтарлықтай әлеуеті бар аудандардағы жергілікті қауымдастықтардың мүдделері үшін тиімді болмақ.

Қазақстан Республикасы туризмді, оның ішінде тұрақты туризмді дамытуға қызығушылық танытуда. Тұрақты туризм табиғи аумақтарға келетін туристердің де, экономикалық пайда алатын жергілікті халықтың да қажеттіліктерін қанағаттандырады. Ұлттық саябақтардан тыс жерлерде де, туристер үшін арнайы бөлінген ұлттық парктер аймақтарында да экологиялық туризмді дамыту арқылы тұрақты туризмді қамтамасыз етуге болады. Экологиялық туризм - табиғатты қорғауға ықпал ететін және жергілікті халықтың әл-ауқатын жақсартатын табиғи аумақтарға жауапты саяхат. Тұрақты туризмді дамыту потенциалына статистикалық мәліметтерді келтіруге болады. Мысалы, 2019 жылы «Іле Алатау», «Чарын», «Көлсай», «Алтынемел» туристік орталықтарына 428 мың адам барған болса, 2021 жылдың 8 айында олардың саны 499 мыңға жетті.

**Негізгі бөлім.** Тұрақты туризм, жаңа перспективалы әлеуметтік-экономикалық стратегия ретінде, гуманитарлық бағытта ағартудың жаңа нысанын қалыптастыра отырып, туристік қызметтің барлық сегменттерін, бағыттары мен түрлерін дамытудың кешенді тұжырымдамасы болып табылады.

Тұрақты туризм терминінің пайда болуы екі өзара байланысты әлемдік тенденцияларға байланысты. Бір жағынан, бұл туристік бизнестің ауқымының күрт өсуі мен жаһандану үдерісіне байланысты болса, екінші жағынан, климаттың күрт өзгеруіне, табиғаттың шамадан тыс пайдаланылуы мен деградациясына, оның биоәртүрлілігінің

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

жойылуының жоғары қарқынына, қоршаған ортаның ластануына байланысты экологиялық проблемалардың шиеленісуіне байланысты.

XXI ғасырда туристік индустрия капиталистік кеңейтілген өндірістің бәсекеге қабілеттілігінің шешуші факторларының біріне айналды. Жаһандық туристік ағындар қарқынды дамып, туристік технологиялар мен өнімдер көбейіп, өзара біртұтас жүйені құрауда.

Тұрақты дамудың әлемдік жоспарларына назар аударар болсақ, әлемнің дамыған елдері қатарына кіретін әрбір мемлекеттің осы салдағы өзіндік жоспары бар.

«Бұл жоспарлардың маңызды ерекшелігі, олардың көпшілігі тұрақты туризм саласындағы ақпараттық-технологиялық және әлеуметтік-мәдени инновацияларды жүзеге асыратын жаңа инвестициялық платформаларды, мамандандырылған аумақтық және тақырыптық кластерлерді құруға бағытталған, оның басты мақсаты – қоршаған ортаны қорғау» [1; 53]. Мәселен, Финляндияда бұл «Фин туризмінің өсуі мен жаңаруының жол картасы (2015-2025)», Ирландияда «Халық, Бейбітшілік және саясат: 2025 жылға қарай туризмді дамыту» жоспары, Испанияда «2019-2030 жылдарға арналған тұрақты туризмді дамыту стратегиясының жалпы бағыттары», Грецияда «Қоршаған ортаны, көлікті және инфрақұрылымды тұрақты дамытудың 2014-2020 жылдарға арналған бағдарламасы». Қазақстан Республикасында туризм мен тұрақты туризмді дамытуға арналған нормативтік құжаттар қатарына «Қазақстан Республикасында туризмді дамыту тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 наурыздағы N 333 қаулысы», Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы, «Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуінің 2007-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы N 216 Жарлығы жатады.

Қазақстанда туризмнің тұрақты дамуын қамтамасыз ету оның әлеуетті ресурстарын, атап айтқанда табиғи және климаттық ресурстарды пайдаланудың оңтайлы жолдарын іздеумен, білікті кадрлар санымен, оларды даярлау сапасымен, қажетті ақпараттың саны мен сапасымен, техникалық жарақтандыру деңгейімен тығыз байланысты. Туристік өнімді қалыптастыру елдің экономикалық әлеуетінің ажырамас бөлігі болып табылады және ұлттық экономиканың дамуына және оның тұрақты өсуін қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді.

Жалпы, тұрақты туризм «тұрақты дамудың» бір компоненті. Тұрақты даму идеясы алғаш рет 1987 жылы жарияланған Гру Харлем Брундтландтың Халықаралық қоршаған орта және даму комиссиясы алдындағы баяндамасында айтылды. Баяндамада «Тұрақты даму - болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігін шектемей, қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын даму» ретінде анықталды. БҰҰ-ның Рио-де-Жанейродағы конференциясында (1992 ж. маусым) халықаралық қоғамдастық ресми түрде тұрақты дамуды XXI ғасырға бағдар және мақсат деп жариялады. Тұрақты даму болашақ ұрпақты қалыпты өмір сүру деңгейімен қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстармен қамтамасыз ететіні атап өтілді. Сонымен қатар, бұл үдеріске барлық адамдар қатысуы қажет делінді.

Туризмнің тұрақты дамуы (немесе тұрақты туризм) туристер мен қабылдаушы аймақтардың қазіргі қажеттіліктерін қанағаттандырып, болашақтағы мүмкіндіктерін қорғайды, әрі оны арттырады. Туризмнің мінсіз моделін қалыптастыру үшін халық арасында жақсы ойластырылған тәрбие, білім беру және түсіндіру жұмыстарын ғана емес, сонымен қатар туризмді ұлттық және аймақтық деңгейде реттеудің нақты саясатын қалыптастыру қажет. Тұрақты туризм ұғымының пайда болуы жалпы туризмнің қарқынды дамуымен және оның әлемдегі бірқатар экологиялық проблемаларды шиеленістірген жағымсыз салдарымен,

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

сондай-ақ қоршаған орта проблемаларына қоғамдық көзқарастардың өзгеруімен, табиғи ресурстардың құндылығын түсінумен байланысты.

Тұрақты туризм жүйесі әлеуметтік салаға, оның ішінде әлеуметтік ұтқырлық үдерістеріне айтарлықтай әсер етеді. Ол халықтың жұмыспен қамтылуына тікелей немесе жанама түрде ықпал етеді. «Қазіргі уақытта әлемдегі әрбір он бірінші жұмыс орны туризм саласына, әрбір жетінші орын экономикалық жағынан біріктірілген салаларына тиесілі» [2; 307].

Тұрақты туризм тұрғысынан қызметкерлердің біліктілігін арттыру, мансаптық өсу мүмкіндіктері, жаңа перспективалық бос жұмыс орындарын ашу және соның салдарынан жұмыссыздықты азайту маңызды міндеттер болып табылады.

Туризмнің тұрақты дамуының негізгі бағыты - байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты төмендету, дамушы аймақтардағы өмір сүру деңгейін арттыру. Нәтижесінде, туризм индустриясының дұрыс дамуы әл-ауқаттың артуына және әлеуметтік шиеленісті жеңілдетуге ықпал етуі мүмкін. «Туризмді жергілікті экономиканы күшейтуге ықпал ететін, табиғи ресурстарды ұтымды және ұқыпты пайдаланатын, тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету арқылы жергілікті халыққа пайда әкелетін, жергілікті қолөнер мен кәсіптердің дамуына ықпал ететін, туристерге жергілікті тұрғындарға пайда әкелетін инфрақұрылым мен қызметті жақсартатын етіп дамыту керек» [3; 214].

Туризмді тұрақты дамыту жүйесі әлеуметтік саланың маңызды міндеттерін – адамдардың өмір сүру деңгейін көтеруге, жергілікті тұрғындардың жұмыспен қамтылуын барынша арттыруға, мәдени және табиғи мұраны сақтауға мүмкіндік береді.

Тұрақты даму-бұл табиғи ресурстарды пайдалану адамның қажеттіліктері мен ұмтылыстарын қанағаттандыру үшін қазіргі және болашақ әлеуетті нығайтатын экономика мен қоғамның әлеуметтік аспектілерінің тұрақты дамуүдерісі. Ендеше, тұрақты туризм - бұл экономикалық, әлеуметтік, экологиялық жағдайлардың тепе-теңдігіне қол жеткізілетін әртүрлі мақсаттармен саяхатқа шыққан азаматтардың уақытша сапарлары.

Тұрақты туризм - бұл қоршаған орта ресурстарын оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ететін, қабылдаушы елдердің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін қолдайтын, барлық мүдделі топтар үшін олардың пайдасын ескере отырып, ұзақ мерзімді экономикалық үдерістердің өміршеңдігін қамтамасыз ететін туризмнің бір түрі. Туризмнің тұрақты дамуы - бұл осы саладағы тұрақты өзгеріс, бір сапалы күйден екіншісіне ауысу.

Туризм көптеген елдердегі адамдарға кедейліктен босап шығуына және олардың әл-ауқатын арттыруға көмектесетінін атап өту маңызды. Туризмді гендерлік теңдікке ықпал ететін фактор ретінде қарастыру қажет. 2017 жыл Әлемдік туристік ұйым тарапынан Тұрақты туризм жылы болып жарияланғандығынан, туризмді дамытуда туризмнің бес негізгі бағыттағы ролі анықталды. Оларға: инклюзивті және тұрақты экономикалық өсу; әлеуметтік инклюзивтілік, жұмысқа орналасу және кедейлік ауқымын қысқарту; ресурстарды, қоршаған ортаны қорғауды және климаттың өзгеру үдерістерін тиімді пайдалану; мәдени құндылықтар, әртүрлілік, мәдени мұра, өзара түсіністік және қауіпсіздік.

Жоғарыда аталған салаларда туризмнің ролін нығайту жөніндегі міндеттерді орындау үшін ақпараттық-ағартушылық, халықтың хабардарлығын арттыру; туризм саласындағы саясатты әзірлеу; білім беру саласындағы әлеуетті арттыру сияқты қызмет түрлерін жүргізу қажет. Ақпараттық-ағарту қызметінде даму құралы ретінде тұрақты туризмді насихаттауға бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізу маңызды. Тұрақты туризмнің ролін, тұрақты даму экономикасындағы ролін анықтау да қолға алыну қажет. «Тұрақты экотуризм табиғи және мәдени тұтастыққа, тұрақтылыққа, білім беру қызметіне баса назар аударады, жергілікті қоғамдастыққа ықпал етеді және қоршаған ортаны қорғайды. Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мен Қазақстандағы Үлкен Алматы көлі табиғаттың әсемдігі, рекреациялық

ыңғайлылығының және жоғары туристік белсенділігінің арқасында экотуризмнің әлеуетті орындары ретінде айқындалды» [4; 27].

Тұрақты дамудың маңызды көрсеткіштері әлеуметтік, экологиялық, экономикалық даму аспектілері болып табылады. Тұрақты туризмнің дамуы үшін келесі маңызды мақсаттарды орындау қажет. Бұл, ең алдымен, кедейлікті барлық нысандарда жаппай жою. Туризм - бұл көптеген жұмыс орындарын құруға бағытталған экономиканың бірнеше салаларының бірі. Екіншіден, тұрақты туризм салауатты өмір салтын қамтамасыз ету, барлық жастағы адамдардың әл-ауқатын арттыру арқылы өмірді сақтауға үлкен мән беретін фактор ретінде әрекет ете алады.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері де маңызды мәселе болып табылады. Бұл мұхиттардың, теңіздердің, өзендер мен көлдердің су ресурстарын сақтауға қатысты мәселелер.

**Қорытынды.** Тұрақты туризм үдемелі, толық қамтылған және тұрақты экономикалық өсуге, толық жұмыспен қамтылуға және барлығына лайықты жұмыс істеуге, гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге жәрдемдеседі. Тұрақты туризмді дамытудың арқасында тұрақты инфрақұрылым құруға, жан-жақты және тұрақты индустрияландыруды құруға және инновацияларға ұмтылуға болады. Туризмнің тұрақты дамуы елдер арасындағы және елдер ішіндегі аймақтар арасындағы теңсіздіктің төмендеуіне әсер етеді. Ол үшін болашақта қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет. Тұрақты туризм тұтыну мен өндірістің ұтымды модельдеріне көшуді қамтамасыз етеді. Тұрақты даму мақсатына жету жолында бейбіт және ашық қоғам құру үшін тұрақты туризм ерекше рөл атқарады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Понеделко Г.Н. Устойчивый туризм как фактор регионального развития стран ЕС // Региональная экономика и управление, №4 (64). 2020. С.48-61
2. Пирогова О.В. Роль устойчивого туризма в мире // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований №7, 2017. – С.305-309
3. Пономарева И.Ю. Устойчивое развитие туризма и его влияние на социальные процессы // Известия Тульского государственного университета. Гуманитарные науки. 2010. – С. 209-215
4. Каирова Ш.Г. Устойчивый экологический туризм в Казахстане // Ш.Г. Каирова, Д.Д. Есимова, Ф.М. Маликова. Наука и туризм: стратегии взаимодействия. 2018. – С.22-28

### **ТЕРМЕ - НЕЗАСЛУЖЕННО ПОТЕРЯННЫЙ ЖАНР КАЗАХСКОЙ НАРОДНОЙ МУЗЫКИ, ПРОШЕДШИЙ СКВОЗЬ ВРЕМЯ**

*Жумагалеева А.Ж.  
КазНАИ им. Темирбека Жургенова  
г.Алматы, Казахстан*

*Научный руководитель: Шаймерденова М.Д., к. и. н., профессор, академик МАИН*

#### Abstract

The article is devoted to the problems of Kazakh folk music in the context of the lost genre of culture. The author pays attention to such an important problem as the preservation of historical memory in modern conditions, in connection with the

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

emergence of a new generation, which is gradually moving into the reins of foreign temper.

Изливающиеся, прекрасные звуки домбры в руках его исполнителя, созвучный голос переплетенный с нею как нити шелка и слова, произнесенные будто сквозь эпоху от голосов предков к нам, только так по праву полагается интерпретировать один из самых уникальных жанров казахского фольклора, давно позабытый и неподвластный даже самому опытному и знающему толк в музыкальном творчестве күйши, оратору, жырши- терме. Незаслуженно забытый жанр со времен советского периода, по сей день является самой огромной тайной, энигмой в версии 21-ого века, для изучающих в казахской музыке каждую тонкость и каждую деталь, в поисках новых открытий, которые напрочь изменят взгляд на отечественное творчество.

Насквозь проникнутый опытом и мудростью всех прошедших поколений, терме заслуженно с почтением именуют как энциклопедия времени, впитавшая интеллектуальный промысел величайших умов, от чего и следует невероятно огромная смысловая нагрузка. Для того, чтобы в полной мере оценить масштаб и значимость терме, в первую очередь следует изучать и рассматривать каноны самой цивилизации народа, каковы они и каков их облик, что хочет преподнести и о чем говорит народ в своей культуре, на какой основе проходила воспитательная работа всех поколений, которая и порождает характер жизни, через какие трудности и застои проходила Великая казахская степь, преодолевая невзгоды и создавая свою культуру, ведь данный жанр подкован философией многовековой человеческой жизни.

Музыка в краях конно-кочевой империи стала главным очагом духовной культуры, так как причиной этому как ранее было упомянуто стал стиль жизни и обитания. Не смотря на великолепную физическую силу, выносливость, на такие способности как высокоразвитая, верховая езда, изящное умение владеть саблей и боевыми искусствами, а также подход к военному делу и создаваемому ремеслу в степном пространстве тюркский народ, не мог развивать те жанры искусства, которые требовали специальных или стационарных условий, и в добавок к этому городского быта. По данной причине, классификация таких видов искусств как живопись, скульптура и монументальная архитектура, а также жанры театрального искусства развились значительно позднее. Эта же основная причина послужила толчком к развитию устного художественного и музыкального творчества, те разделы мирового искусства, которые предполагают отражение действительности путем устной формы. Этому свидетельствует даже и тот факт, что в письменный вид наша культура была преобразована спустя 13 веков устного склада. Таким образом вся духовно-культурная энергетика номадической цивилизации была сосредоточена в музыке, слове и орнаменте. Потому мы можем смело полагать, что тюркская ветвь по истине знала толк как в стихосложении, так и в музыкальности многочисленных фраз, потому как ни один народ, стоящий на той же ступени развития, что и казахи, не уделял столь огромное внимание музыкальному искусству, искусству многослойного смысла.

Данная основа подкреплена и такими аргументами как искусное умением исполнять и создавать музыку. Казахи во всей своей красе были великолепными исполнителями и музыкантами, но что самое главное в их традициях была обязательная передача опыта молодым поколениям. Именно так до нас дошли изысканные достояния нашей культуры до современного поколения, однако не смотря на такой огромный потенциал, как передача наследия следующим поколениям все больше появляется множество вопросов. В следствии чего народный фольклор и его классификация жанров утратила свою полноту и некую популярность среди современной молодежи? Этот дискуссионный вопрос по сей день считается актуальным и дает нам благотворную почву для размышления. Истина

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

заключается лишь в том, что часть культуры тюркских народов, а далее и казахского народа потеряна. Как известно, в свою очередь это чревато такими последствиями как, потеря носителей культуры, а далее и самого этноса. Таков конечный исход ситуации будет правдивым, если нынешним носителям не развивать, а также не обогащать свою культуру, искусство, науку на достижениях прошлого. В целом, данный ряд проблем в паллиативном вопросе можно рассмотреть с нескольких точек зрения. Это линии исторических бедствий и бытующие катастрофические последствия после них, а также актуальность нашего достояния на уровне мирового масштаба.

В первую очередь объем культурного наследия, который передавался из поколения в поколение, параллельно этому действию пополняясь излишками творческой импровизации, которые вносила последующая молодежь, был утрачен виной огромного исторического блока и его событий. Период, длиною почти целый век, названный в общественных явлениях как «Век удачных и неудачных эпизодов развития социализма» принес не мало изменений как в техническом росте человечества, так и в психологии, и понимании жизни, которая резко менялась под давлением чередующих последствий. Должно подчеркнуть, что за плечами нашего народа было пережито много бедствий. Невольно в такие моменты вспоминаются две самые масштабные войны под названием Первая Мировая и Великая Отечественная, Октябрьский переворот, образование СССР, Сталинские репрессии, периоды голода, оперативные отслеживания населения, гонения, миграции народов, расстрелы великих умов и личностей казахстанского народа, «митинги» с ложной оценкой ситуации. XX век, переполненный несправедливостью, тоталитаризмом и кровью на руках не дал даже возможности восстанавливаться после каждой потери, каждого события. Этот плачевный отрывок из истории, изменивший ход самого существования, в первую очередь ставил под угрозу вопрос естественного развития, из-за чего вопросы духовного развития и культуры отходят на второстепенный план. Исчезновение информационного блока по причине сжигания материалов в 20 веке, безграмотность основной массы населения, а также переход на письменность, который не состоялся своевременно приносит нам полное незнание и дезинформацию.

Было проведено еще одно очень интересное исследование профессором финансов из Оксфордского университета Рене Адамс. Она показала участникам опроса пять картин авторов-мужчин и пять, написанных женщинами, и попросила определить пол художника. Участники эксперимента одинаково выбирали как и женские работы, так и мужские. Это довольно яркое доказательство того, что качество мужской работы ничем не лучше женской. Затем Рене Адамс показала картину, созданную искусственным интеллектом, группе коллекционеров и случайным образом присвоила ей имя автора — либо мужское, либо женское. В этом эксперименте коллекционеры отдавали свое предпочтение картинам, авторы которых, якобы являются мужчины [1].

Подводя итоги, стоит отметить, что такие стереотипы закрепляют исторические преимущества, которыми пользовались художники-мужчины, для которых было предоставлено больше художественного образования и больше возможностей выставлять и продавать свои работы. С другой стороны, от женщин часто ожидалось, что они останутся дома и будут воспитывать своих детей, что ограничивало их карьеру в искусстве. А если женщина делала свой выбор в пользу творчества, то это значит, что она была обязана оставаться бескомпромиссной на своём пути и оставаться только художницей, лишая себя семейного счастья. Выбор, который приходилось делать мало кому из мужчин. Однако, на данный момент, ситуация с миром искусства постепенно начинает меняться. Музеи пытаются сбалансировать свои коллекции. Некоторые даже продают произведения искусства, авторами которых являются мужчины, чтобы купить больше произведений искусства женщин. Аукционные дома сейчас продвигают женщин-художников, и Венецианская биеннале в этом году была особенно ориентирована на женщин. Коллекционеры тоже замечают эти изменения. Несмотря на то, что базовая цена на работы женщин-художников намного ниже, она растет на 29% быстрее, чем на произведения искусства за авторством мужчин. Таким образом гендерная дискриминация на сегодняшний день не такая отчетливая, как это было в предыдущие века, да и возможностей у женщин с каждым днем возрастает для развития своих навыков и потенциалов, но тем не менее этот вопрос имеет место быть.

#### Список литературы:

1. Почему картины, написанные мужчинами, стоят в десятки раз дороже женских полотен?

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

<https://mospravda.ru/2022/08/03/555033/>

2. Список Forbes «10 самых дорогих казахстанских художников»

[https://forbes.kz/leader/10\\_samyih\\_dorogih\\_kazahstanskih\\_hudojnikov?](https://forbes.kz/leader/10_samyih_dorogih_kazahstanskih_hudojnikov?)

3. Julia Voss "Baselitz und die Frauen : Besser malen!"

<https://www.faz.net/aktuell/feuilleton/kunst-und-architektur/georg-baselitz-und-die-wahrheit-des-kunstmarkts-13607493.html>

4. Почему не было великих художниц? (Линда Нохлин, 1971)

[http://contemporary-artists.ru/Why\\_Have\\_There\\_Been\\_No\\_Great\\_Women\\_Artists.html](http://contemporary-artists.ru/Why_Have_There_Been_No_Great_Women_Artists.html)

5. Почему в искусстве так мало великих женщин? Виноваты мужчины.

<https://lenta.ru/articles/2018/12/08/femart/>

6. Natalie Ratkovski, Женское искусство хуже мужского?

<https://conjure.livejournal.com/1400305.html>

7. <https://ok.ru/chitaemsm/topic/153380466439618>

8. Sarah Cascone, In a Series of Behavioral Experiments, Viewers Preferred Works by Women Artists—But Assumed Works by Men Were More Famous and Valuable

<https://news.artnet.com/art-world/gender-discrimination-art-study-2171375>

## **БҮГІНГІ СУРЕТШІ ӘЙЕЛДЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ІЗДЕНІСТЕР**

*Көпжүрсін Ә. А*

*Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА*

*Алматы қ-сы, Қазақстан Республикасы*

*Ғылыми жетекші – ф.ғ.к Оразкулова Қ.С.*

### **Abstract**

The article is devoted to the consideration of modern searches in the work of women artists of Kazakhstan today. The main plot in the work of women artists is based on everyday life, and the female image is chosen as the main character. And one of the first and main images in the depiction of the female image is the image of Umai. Today, this image is associated with the appearance of modern fragile people and has undergone facial stylization. In the course of the article, the modern mythologization, transformation and allegorical reflection of female images are considered.

Қазақ бейнелеу өнерінің беттерінде жаңа стильдегі жаңа есімдер пайда болып, бұл өнерге сұраныс күннен-күнге арта бастады. Бейнелеу өнерінің тарихында әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар. Осы кезеңде көркем қылқалам иелері Қазақстан бейнелеу өнеріне жаңа стильдер мен жазу мәнерлерін ұстанып қосыла бастады. Олардың әрқайсысы әр салаға жаңа серпін берді. Соған сәйкес суретшінің тек өзіне ғана ие авторлық қолтаңбасы мен қылқаламынан қалыптасқан еңбектерінен-ақ айқындалып тұратын өзіндік ерекшеліктері болары анық. Суретшіні басқа суретшіден өзгешелеп тұратыны да осы.

Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның бейнелеу өнері бірнеше жылды қамтығанымен, ол кең кеңістік пен жүйелі уақыт аралығына негізделген. Осы уақыт ішінде қазақ суретшілері шығармашылық жолында көркемдік стильді қалыптастыру және іздестіру үшін бірнеше мектеп тәжірибесін сынап көрді. Себебі, бұл кезең қазақ өнерінің жаңаша көзқарастағы даму кезеңі болды. Осыны ала отырып, суретшілер тәжірибелік қадамдар жасай бастады. Өзге ұстаздардан не болмаса шет ел суретшілерінен үйренгендерін,

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

көргендерін тәжірибелік жолмен сана кеңістігінде жүйелеп, шығармаларына жаңаша стиль берді және оны ұлттық нақыштауға ұмтылды. Бейнелеу өнерінің тарихи қалыптасуының бұл беттерінің әрқайсысы қазақ кескіндемесінің даму, өсу деңгейін көрсетті. Халықтың сана-сезімі мен талғамының дамуына ықпал етті десек те артық айтқандық болмас.

Бүгінгі таңдағы суретшілердің шығармашылығын біріктіретін ерекшелік – өз халқының төл тарихына, оның ғылыми негіздері мен мәдени өзгешеліктеріне сүйенуі болып табылады. Егер XX ғасырда Қазақстан кескіндеме өнерінің дамуы мемлекеттік кеңестік жүйесі жағдайында болса, ал жаңа уақытқа, яғни, XXI ғасырдың легіне суретшілер шығармашылығындағы ықшамдылық, ой-талғамының ұшқырлығы тән. Туындыларды ұлы даланың көне түсініктеріне, мифтік ұғымдарына «интерпретация», яғни талдау жасай отырып, қайта жаңғыртты, жандандырды. Бейненің рухани өмірдегі сезімін, көзге көрінбейтін қасиеттерін көркем жазу стилінде өрнектеген суретшілер болды. Бұл суретшілердің әрқайсысы образдарға ұлттық көзқарасты біріктіріп, заманауи бірегей композициялық шешім тапты.

Қылқалам шеберлері шығармашылықтарында мифологиялық кейіпкерлерді, тарихи наным-сенімдердегі кейіпкерлерді көптеп бейнелеп жатады. Десе де әр суретші оны сезінуімен, елестетуімен түрліше суреттей түседі. Яғни, кейіпкерлердің образдары интерпретацияға ұшырайды. Қазақ кескіндемесінде Ұмай бейнесі, Көк бөрі, Көк Тәңірінің образы көптеп кездеседі.

Суретші әйелдердің шығармашылығындағы негізгі сюжет күнделікті тұрмыс-тіршілікке құралса, негізгі кейіпкер ретінде – әйел образы таңдалады. Олар өздерінің ішкі жағдайын, сезім мен көңіл-күйін, іштегі «мен»-ін көрсету үшін барынша әйел образын, яғни, өздерін суреттеп жазады. Кеңес дәуірі кезеңіндегі суретші әйелдер замандарына сай әйелдерді қазан-ошақ басында, балалардың ортасында, қазаки дәстүрге сай бейнелеп жатты. Ал қазіргі таңда заманауи суретші әйелдер дәстүрлі нақышты заман талабына сай өзгертіп, жаңаша стильде суреттеу үстінде. Ерекше келбет қалыптастыру барысында олар әйел образдарын трансформацияға не болмаса мифологизацияға ұшырату үстінде.

Заманауи суретші әйелдер шығармашылығындағы әйел образдары кескіндемелік жұмыстарында мифологизациялану бойынша көрініс табады. «Мифологизация» термині қазіргі заманда жиі кездесетін гуманитарлық зерттеулердің бірі. Бұл тарихтан айтылып келе жатқан, дегенмен белгілі бір мерзімде қалыптаспаған, нақты уақыты, бейнесі көрсетілмеген, тек адамдардың сезінуімен, түсінуімен қалыптасқан образдар. Ал мифологизациялану мифологиялық қалыптасқан образдардың өзгеріске ұшырауы, өзгеше бейнеленуі.

Әйел образын бейнелеудегі алғашқы және басты образдардың бірі – Ұмай бейнесі. «Ұмай» атауы алғаш көне түркі мифологиясында әйелдік жердің бастауы мен құнарлылықтың бейнесі ретінде пайда болды. Ол балалардың, әйелдердің, жауынгерлердің қамқоршысы болып саналады. Ұмайдың белгісі болып садақ бейнеленеді, онымен ол балаларды қорғайды. Бірақ әуел бастағы түрік аңыздарында «Қара Ұмай» жөнінде де түсінік қалыптастырылған. Осыған сай Ұмай бір жағынан өлім періштесі болып есептелген.

Ең көне түркі тайпалары арасында Ұмай культінің болғанының ең алғашқы дәлелі «Алтынды күзететін лашындардан» қалған [1, 306]. С.Руденконың анықтауы бойынша Алтай тауындағы юечжи қорғандарындағы су басқан мұз қабаттарында кілем сақталған. Кілемнің бетінде қолына өсімдік ұстап ғұрыптық күйде отырған, басында қырлы бас киімі бар әйел бейнесі бар. Бірақ бұл осы уақытқа дейін сақталып келген түркілердің Ұмай туралы түсініктеріне қайшы келеді [2, 2316]. Деректерге сәйкес Таулы-Алтай қорғандарындағы кілем бетінде тарақ тәрізді басы бар тәңірі бейнеленген, бұл оның бойындағы Ұмай тәңіріні көруге мүмкіндік береді. Иә, бастапқыда «Ұмай» бейнесі көзі домаланған, басында үшбұрышты тәжі бар күйінде суреттелетін. Ал қазіргі таңда образдың өзгергендігін,



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

заманауи бейнеленіп жатқандығын аңғарамыз. Бүгінгі «Ұмай» бейнесі заманауи әйел образдарында көрініс табады.

Суретші әйелдер бұл тақырыпты да шеткері қалдырмады. Заманауи кеңістікті бағындырып жүрген суретші Айгерім Кәрібаева қылқаламынан туындаған «Ұмай» (1-сурет) иллюстрациясы басқа Ұмай бейнелерінен өзгешеленген. Суретші ертегі әлемінің кейіпкері секілді бейне қалыптастырған. Көк түсті кенеп бетінде қырымен бейнеленген әйел келбеті көрініс табады. Кейіпкердің қолында ішінен шуақ шашылған табақша суреттелген. Басына шалпыншақтары бар алтын түсті тәж кигізілген. Алтын түсті тәждің сәулесінен күн бейнесі көрініс табады. Үстіне киген көк түсті көйлегі мен жамылғысы стилизацияланған ою-өрнектермен көркемделген. Артындағы самал желмен тербеле көтерілген жамылғысынан қалықтап ұшқан екі қыран құсты және жұлдыздармен қоса айды көре аламыз. Барлығы жинақтала күн мен түн, ашық аспан, аспан мен жер символына ұласады. Қыздың денесін тік ұстап, көзінің қиығымен көз тастауы билікке ие екендігін көрсетеді. Көк пен сары түстің өзара контрастынан қалыптасқан Ұмай бейнесі иллюстрациялық көркемдікке ие болған. Айгерім Кәрібай бейнелеген «Ұмай» заманауи қыз образында көрініс тапса, Дина Буксикова Ұмай бейнесін екі түрлі жас шамасында сипаттайды.

Заманауи суретші Дина Буксикованың ерекше сюжетке құралған кезекті жұмыстары «Ұмай көктем» және «Ұмай қыс» деп аталады (2-сурет). Біздің түсінігімізде «Ұмай» мифтік әңгімеге құралған кейіпкер. Ұмай ана жалпы адамзат баласына өмір сыйлаған, жалпы адамзат баласының анасы ретінде саналады. Кезекті туындысында суретші осы тақырыпты негізге алған. «Ұмай көктем» туындысында жас қыз көрініс тапса, «Ұмай қыс» туындысында егде тартқан, үлкен жастағы ана образы суреттелген. «Ұмай көктемде» шаштары өрілген, басында мүйізі бар жас қыздың бет-әлпетін көре аламыз. Ол өзінің мүйіздерімен көркем әрі сүйкімді берілген. Қыр мұрынды, қиылған қара қастары, шиедей еріндері, сопақшаланып келген басының пішіні кейіпкерді сұлулық символымен теңестіре түскен іспестес. Кейіпкер жанарының төмен қарауы қыз баласына тән нәзіктікті, сыпайылық пен инабаттылықты көрсетеді. Оның көздері жартылай жабық және беттері ою-өрнектермен көркемделген. Туындының артқы аясындағы гүлденген оюлары, фонындағы сары түс көктем мезгіліне тән жылулықты сездіреді. Картинаға қарау барысында сенің де өмірің гүлденіп, жаңаша бір әсерге, жылулыққа бөлейтін сықылды.

Керісінше «Ұмай қыс» туындысында егде тартқан әйелдің келбетін көреміз. Оған қарап сіз оның өмірі аяқталуға жақын екенін, өмірінің аз қалғанын түсінесіз. Дегенмен, картинаға қарау барысында қорқыныш, қайғы мен өкініш сезілмейді. Яғни суретші осы бір қорқыныш үрейін есігі ашылған киіз үйді бейнелеу арқылы баса түскен. Бұл оның шеберлігін арттыра түседі. Суретші сюжет құрастыру барысында бәріне деталді қарайды. Мәселен, ол «Ұмай қыс» туындысына жұлдызды аспан мен киіз үйді қосу арқылы ұрпақтар сабақтастығын дәріптеп тұр. Жоғарыда атап өткендей киіз үйдің есігі ашық тұр және қараңғы түнекте көрініс тапқан киіз үйдің ішінен жарық шашылып тұр. Яғни бұл жерде өмірдің өлім үстіндегі жеңісі туралы баяндалады. Өмір бір орында тоқтап қалмайды. Ол өзінің жалғасын табады. Өмір әрқашан өзгеріс үстінде жүреді. Осындай сарынды түсініктерді суретші Ұмай ананы және жарық шашқан киіз үйді бейнелеу арқылы тиянақтаған. Туындыдан символизмнің ырғағы байқалады.

Қазақстанның жаңа буын суретшілері аға жолдастарынан кем түспейді. Ақмарал Әбілқайыр жас жасампаздар тобына жатады. Оның алғашқы жұмыстары да ұмытылмас әсер қалдырады. «Ұмай» бейнесі жас буын суретшісі Ақмарал Әбіқайыр шығармашылығында да көрініс табады. Суретші өзінің соңғы көрмесін әйел затын сақтау тақырыбына арнады. Көрсетілген кенептер А.Әбілқайырдың тривиалды емес көзқарасын көрсетті. Мұндай тақырыптың таңдалуының себебі: «Қазақстан бір кездері көне әйел құдайы Ұмай

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

кастерленген Ұмайжердің аумағына жатады» деп түсіндірді суретші Ақмарал өз жоспарын. Бұрын қазақтар әйелдің ішкі сұлулығын жоғары бағаласа, қазір ханымдарға деген көзқарас өзгерді. Қазір әйелдік қасиеті үшін күресуге тура келеді. Оның барлық дерлік жұмысы жалпы адамдық және тікелей әйелдік сұлулыққа арналған. Ақмарал Әбілқайырдың шығармалары өте символикалық, олар нақты түсіндіруге бағынбайды. Суретші өз замандасында ежелгі құдай Ұмайдың бейнесін көреді. Дәл осы ойды қылқалам шебері шығармаларында жеткізуге ұмтылып, көрерменге тылсым күшке толы әсер етеді. Алтын бетперде, көздің жоқтығы және түстердің қоюлануын – қазіргі өнердегі қазақ символикасы ретінде қолданады.

Суретшінің Ұмайжер тақырыбына жазылған туындысы сериялық үлгіде көрініс тапқан. 4 сериялы жұмыс 4 түрлі күшке ие. «Ұмайдың бейнесі» сериясы: «Сенім-Сенімсіздік», «Су-Жер», «Соғыс-Махаббат», «Өткен-Болашақ» атты тақырыптарды біріктіреді (3-сурет). Әрбір тақырып сюжетінде Ұмай әртүрлі күшке ие екендігі баяндалады. Олар жазылу символикасы жағынан да бір-бірінен өзгешеленеді.

Ақмарал Ұмай бейнесін жазу барысында жаңа технологияларды емес кенеп, майлы бояу және сазды пайдаланады. Осылайша оның картиналарындағы әйел бетперделері үстіңгі жағы бояумен жағылған дөңес саздан жасалған рельефті секілді қалыптасты. Саз кенеп бетіне өте жақсы бекітілген. Материал шыныменде ерекше сиқырға ие және өзіне тартады. Ол сюжетпен байланысып Ұмай тәңірінің ешқайда кетпей, оның қос қасиетімен бірге арамызда өмір сүріп жатқандығын көрсетеді.

Алдыңғы Ұмайлармен салыстырғандай А.Әбілқайыр бейнелеген Ұмай мүлдем басқаша сипат алады. Ақмарал Дина Буксикова секілді Ұмай келбетіне ғана акцент береді. Яғни, тек бас формасын ғана бейнелейді. Дегенмен Ақмарал бейнелеген Ұмайдың көзі жоқ, алтын түсті бетперде киген секілді әсер қалдырады.

Қазақстандық басқа да жас суретшілер сияқты Ақмарал да ең алдымен адамды, нақтырақ, әйел болмысын танып-білуге, оның қазіргі өмірдегі орнын түсінуге, салт-дәстүрмен, тарихмен байланыстыруға ұмтылады. Суретші қарапайым адамдық сезімге, рухани ізденіске, тұлғаның қалыптасуына көп көңіл бөледі. Осы ізденіс барысында әйел образын түрлі образдарда интерпретацияға ұшыратады. Ол үшін әйел – Ұмайдың әртүрлі бейнесі. Ақмарал Әбілқайыр шығармашылығында бесікке иіліп тұрған әйелдер, бас киімі тұтас ғарышқа айналған апаның портреті секілді тұрмыстық дәстүрлі көріністер бар. Сондай-ақ заманауи аллегориялық картиналарда кездеседі.

Заманауи суретші әйелдер шығармашылықтарында әйел образдарын бейнелеуде заманауи мифологизацияланудан бөлек трансформациялап жатты. Әйел образдарын трансформациялау Жамиля Тәкен шығармашылығында ерекше көрініс табады. Суретші негізгі кейіпкері ретінде әйелдердің бейнелеуіне байланысты болар, қоғамда орын алған жағдайларды әйел образында бейнелеуге ұмтылады.

Жәмиля Тәкен де өз шығармашылығында әйел образдарын әртүрлі ракурстан қарастырып бейнелеуге тырысады. Нәтижесінде суретші әйел образдарын белгілі бір аңыз әңгімелердің мазмұнына бағынышты етпей, бүкіл жаратылыс әлемінің өзінде аллегориялық сипатта қарастырады. Әйел образдарының аллегориялық көріністеріне байланысты жазылған туындылар ретінде суретші шығармашылығындағы 2020 жылы бейнеленген «Айсұлу» және «Күнсұлу» жұмыстарын тілге тиек етіп өтуге болады. Екі туындыда композицияның орталығында орналасқан сұлу әйел бейнесі негізгі кейіпкер қызметін атқарады. Дегенмен, ол екі туындыда екі түрлі сипат алып, екі түрлі суреттелген.

«Айсұлу» (4-сурет) туындысында үстіне мөлдір шәлі жамылған, басында айдың пішініндегі бас киімі бар, тау арасындағы жазықтықта отырған қыз бейнеленген. Венералар секілді тұрақты әйел пішінін жасауда суретші идеалдылыққа көп үнілген сықылды. Оң

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

қолын алдына созып, алақанында түндігінен түтіні шыққан киіз үй ұстаған қыз жайлылықты меңзейді. Айлы түн болып жамылып, ауыл тұрғындарын тәтті ұйқыға еліте жатқызуы Жамиля Тәкен бейнелеген «Айсұлу» бейнесінің негізгі функциясы іспетті.

Шоқан Уәлихановтың қазақтағы Айға тағзым ету ғұрпы туралы жазып қалдырғанына үңілсек, мынандай деректерді кездестіруге болады: «Қазахи говорят, что на луна есть старуха (вероятно, вследствие округленности и пятен, которые кажутся частями лица). Казахи не смотрят долго на луну, боясь, чтобы старуха не сосчитала ресниц, если это случится, то человек должен умереть» [3]. Келтірілген мәліметтен «Айда кемпір бар» деген түсінікті ұғынуға болады. Дегенмен, суретші шығармашылығын жазу барысында айдың прототипіне үңіле отырып, керісінше жас әрі сұлу қыздың образында бейнелейді.

«Айсұлу» туындысы ай мен сұлуды өзара байланыстырып, жайлылықты, тыныштықты бейнелесе, «Күнсұлу» туындысы күн мен сұлуды байланыстыра отырып, құнарлылықты, молшылықты, кеңшілікті көрсетеді.

Кенеп бетінде майлы бояумен жазылған «Күнсұлу» (5-сурет) туындысында басына күн пішіндес бас киім киген нәзік жанды ару бейнеленген. Үстіне киген көйлегі жалындаған күн түстес сары реңке боялған. Жанарын төменге тастай суреттелген сұлу қыз қолына оюланған желпуіш ұстаған. Кейіпкердің артқы планында жазық дала, алқапты жер және ағаштар жазылған. Жалпы егістік жердегі егіндер, негізгі жаратылыс иелері күн көзінен нәр алу арқылы өсіп-жетіледі. Суретші осы тұрғыда Күнсұлудың артқы планында ағаштарды, алқапты бейнелеу арқылы молшылық пен құнарлылықты көрсеткісі келген сынды.

Әйел затының тәнімен қоса жанының да сұлулығы, табиғат пен жаратылыстың қыр сырын ашатын тылсым болмысы ай мен күннің бейнесінде «Айсұлу» және «Күнсұлу» атты кенептерінде шешім тапса, оның қарама қарсы мағынадағы зұлымдықты тұспалдайтын бет бейнесі «Қонақ» (6-сурет) атты туындысында көрініс тапқан. Бүгінгі заман қоғамында өшпес ізін қалдырған, әрбіріміздің тағдырымыздан жайсыз орын алған қонақ тәжтажалдық (коронавирус) бейнесін басына тәж киген, шарап ұстағап жалғыздықты жаны мен қоса ғаламға серік етуге тырысқан дастархан басында отырған суық жүзді әйелдің бейнесінен көреміз.

2020 жылы індеттің белең алып тұрған уақытында жазылған «Қонақ» туындысында қалқыл жүзді әйел адам бейнеленген. Ол үстіне жасыл түсті көйлек. Жанындағы шарап бөтелкесі мен стақаны қан түстес шарапқа толы. Сонымен қатар, үстелдің үстінде бетперде суреттелген. Композиция тұтастай келе, бір короновирустық инфекцияның жалпы сипаттамасын көрсетіп тұр. Бұл тіпті түстік шешімдерінде де көрініс табады. Бұл тұста суретші короновирус пішінін әйел образында трансформациялап отыр.

Әдетте көркем шығармашылықта әйел образы муза ретінде белгілі және көбінде ер адамдардың шығармашылығында кең тараған. Ал суретші әйелдер шығармашылығында әйел образы әртүрлі мазмұнда талқыланады. Зерттеу барысында әйел бейнесі нәзік жандылардың шығармашылығында тіршіліктің, өмірдің бастауы, көбеюдің ұрпақ жалғастығының символы ретінде қарастырылды. Көбінде ол осы функцияны атқаратын мифологиядан кең тараған кейіпкер Ұмай бейнесімен ассоциациялады.

Біз өмір сүріп жатқан қоғам – ХХІ ғасыр философиялық ойлар мен ғылыми жаңалықтар қатарласып жүретін заман. Бұл кескіндеме өнерінің тақырыбына, композициялық құрылымына, түстік шешімдеріне әсерін тигізбей қоймады. Суретшілердің кенептеріндегі композициялық құрылымы шынайылықтан ауытқып отырды. Сюжеттер ғана емес, қылқалам шеберлерінің ұлттық мінез-құлқы, менталитеті, суретшіні қоршаған ортаны түсінуі, бейнелеу тәсілдері ұлттық сезімнің қайталанбас лебінің жанасып тұруына ықпал етті. Сонымен қоса, кескіндеме өнері өзінің жазу мәнері, әлеуметтік қызметі тұрғысынан

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

алғанда Батыстан әкелінген өнердің жаңа болса да, оның бүкіл даму жолы қазақ өнерінің қуатты дінгегінің жаңа көгерген бұлағы тәрізді үйлесе дамуға толы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Кондыбай С. Казахская мифология. Краткий словарь. – Алматы: изд «Нурлы Алем», 2005. –272с.
2. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Екінші кітап. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2004. – 516б.
3. Қазақстан кескіндемесі. Живопись Казахстана. Painting of Kazakhstan. Фотоальбом/кұраст I том. Титенев В. – Алматы: Тау-Қайнар, 2016. 416стр.
4. Каирбеков Б. Мир кочевья. Мифы Великой степи. Казахский этикет. – Астана: Казахский научно-исследовательский институт культуры, 2014. –256с.
5. Современное искусство Казахстана: проблемы и поиски/Сост. КабдиеваС., ЯрухамедоваИ. –Алматы: Фонд Сорос, 2002. – 248с.

### *Иллюстрациялар тізімі*



1-сурет. А.Кәрібай.  
«Ұмай» картинасы  
К, м.б. 180x130. 2021ж



2-сурет. Д.Буксикова  
«Ұмай көктем» және «Ұмай қыс»  
картинасы  
К, м.б. 2018ж

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*



3-сурет. А.Әбілқайыр  
 «Ұмайдың бейнесі» сериясы  
 К, м.б, саз. 2015ж



4-сурет. Ж.Тәкен  
 «Айсұлу» картинасы  
 К, м.б. 90x90. 2018ж

5-сурет. Ж.Тәкен  
 «Күнсұлу» картинасы

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*



6-сурет. Ж.Тәкен  
«Қонақ» картинасы  
К, акрил. 90x70. 2020ж

## **ЖАҒАНДЫҚ МӘДЕНИЕТПЕН ДӘСТҮРШІЛ МӘДЕНИЕТТІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ**

*Кудерина А. Н.*  
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы*  
*Алматы қ., Қазақстан Республикасы*

### **Abstract**

This article deals with the trends of the global culture of novelty in the Kazakh society and continuity in the transfer of the rich cultural heritage of the Kazakh society to future generations in one cultural space.

Қазақстанның бай мәдени-тарихи мұрасы, ұлт мәдениетін дамытудың сарқылмас ресурстары болып табылады. Бүгінгі таңда мәдениет пен мәдени әлеуетті дамыту, әлемнің көптеген халықтары мен мемлекеттерінің маңызды әрі басымдық жолдарының бірі болып табылады. Әрбір дамушы мемлекеттің жетістікке жетудің ең маңызды критерийлерінің біріне мәдениеттің даму деңгейі жатады, мәдени институттардың тиімді жұмыс істейтін инфрақұрылымының болуы, ұлттық және әлемдік мәдени мұраны сақтаумен байытуды қамтамасыз ететін прогрессивті механизмдердің болуы, құндылықтарды тарату мен тұтыну жолдары, тұлғаның өзін-өзі рухани-шығармашылық деңгейде жетілдіру әр өркениетті елдің басты ұстанымы болып табылады. Бүгінгі күні мәдениет саласындағы жетістіктер, тек ведомстволардың жұмысымен, мәдени мекемелері, статистиканың сандық көрсеткіштері және танымал есімдердің болуымен өлшенбейді. Кез-келген мемлекеттің мәдениетінің даму деңгейін, сол мемлекеттің мүшелерінің адамгершілік категориялары мен сапалық сипаттамаларымен анықтайды. Мәдениеттің деңгейін, қоғамның үйренген әдеп пен моральдық құндылықтарымен және сол құндылықтарды құруға қатысқан адаммен де анықтайды. Мәдени құндылықтарды қалыптастыратын, рухани іргетасының бірі, адамзаттың өмір сүру ережесі, заңнамасы, қоғамда реттеуші функцияны орындайтын салт-дәстүрді айтуға болады. Кезекте Еліміздің мәдени жетістіктерінің деңгейін көрсететін және көтеретін,

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

функционалды жағынан маңызды рөлді орындайтын мәселелерге көңілді аударсақ, мысалға: Қазақстан мемлекетінің мәдени тарихи бай мұрасы, отандық өнер туындыларында, соның ішінде; балаларға арналған анимациялық мультфильмдерінде, сапалы тарихи кинофильмдерде, әдебитетте, ғылыми-танымдық документалды фильмдерде, театр, музей, туризмде көрініс таппай жатқанын байқаймыз. Мәдени мұра мәселесі он жыл бұрын актуалды мәселе етін, бүгінде оның актуалдылығы түскен жоқ. Он жылдың төңірегінде уақыт өтседе, сол уақытта көтерілген сұрақтар, яғни бұқаралық ақпарат құралдары есептелетін сфераларда төл мәдениетімізді дәріптейтін насихаттау жұмыстары әліде толықтыруларды талап етеді. Сонымен қатар ұлттық рухани құндылықтар мен бағдарларды бейнелейтін заманауи өнер туындыларының аздығы байқалып; заманауи әдеби шығармалар, анимация, бейнелеу өнері, кино және театр, музей және тб. салалардың бүгінгі күйі алаңдатады. Отандық тәлім тәрбие беретін телебағдарламалардың аздығы, ұлттық салт-дәстүрді дәріптейтін жобалардың рейтингісінің төмендігі, ұлттық мәдениетімізді дәріптейтін қазақ тіліндегі мультфильмдердің тапшылығы, ұлттық каллоритті тасмалдайтын қолөнердің даму қарқыны бүгінде көңілімізден шықпайтыны рас. Осы атап өткен сфералар, кез келген мемлекеттің басты мәдени шығармашылық образдары, бүгінгі күнде бұл сфералар мәдениетті тасмалдайтын және таратын ең басты құралдар емес па? Әлемдік мәдениеттің тәжірибесіне жүгінсек, ағылшын тілінің статусы, жапон мәдениетінің құндылықтары, корей поп музыкасы және тб., кең етек жайюына яғни әлемдік деңгейге өтуіне үлкен көмек еткен жоғарыда атап кеткен сфералар.

XXI ғасырда әлеммен бірге, қатар аяқ басу үшін бізге жоғарыда атап кеткен сфералардың, яғни кино және медиа, әдебиет және өнер, театр мен музей қызметін ілгері дамыту қажет. Әсіресе, нүктесін басып атап кететін жері, бүгінгі күнде ұлттық рухани құндылықтарды әлеуметтік желілер, интернет ресурстары арқылы әлемге танытатын, заманауи саланың бірі, өнер саласы екенін естен шығармауымыз қажет. Мәдениетіміздің ұлттық құндылықтардың рейтингісін көтеретін элементарлы өз елімізде шығаратын ұлттық сувенирлердің, ұлттық нақыштағы ойыншықтардың, салт-дәстүрді дәріптейтін телебағдарламалардың, дәстүрлі этникалық ерекшелігімізді көрсететін ұлттық киімдердің стилінің өзгеруі және оның жоқтығы алаңдататын мәселе. Жаһандану заманында әлемдік мәдениетке айналу менің ойымша өте оңай, ең бастысы әлемдік мәдениет деңгейіне жеткен мемлекеттердің тәжірибесіне үңілсек, нені байқауға болады? Батыстық Еуропа немесе Шығыстық мұсылман мемлекеттеріне өз мәдениетінен қымбат, өз мәдениетінен қызық, әрі құндылығы жоғары мәдениет жоқ! Оларға өздерінің төл мәдениетінен жоғары әрі жетілген мәдениет жоқ, соның нәтижесі «Еуроцентристік көзқарастың» қалыптасуы, туризмнің Шығысқа арабия елдеріне ығысуы дәлел. Жаһандық прогресстен бас тарту мүмкін емес, дамушы мемлекет үшін жаһанданудан бас тарту абсурд, сол себепті жаһандық үдерістен өзімізге тиімді жақтарын алып, үйреніп, жаһанданудың құралдары мен тәсілдерін пайдаланып, ілгері даму басты ұстанымыз болуы тиіс.

Мәдениет адамзат тарихының өнімі болып табылады, онда халық тәжірибесінің жетістіктері бекітіліп, беріледі. Ол материалдық және рухани еңбек өнімдерінде, әлеуметтік нормалар жүйесінде жүзеге асырылады. Қоғам дамуының әр кезеңінде мәдениет күрделі құрылымды және көп қырлы құбылыс екенін білеміз. Ол адамның маңызды күштерін қалыптастырудың, көрсетудің және материалданудың барлық салаларын қамтиды. Сондықтан "мәдениет-адамның, оның рухани әлемінің дамуының сапалық сипаттамасы" [1. 4б.] Белгілі француз ғалымы К. Леви-Стросс мәдениеттің қоғамдық өмір нормаларымен ажырамас байланысы фактісін былай білдірді: "Мәдениет ережелерден басталады ..."демекші, әлемдік прогресстің күші жетпеген, мыңдаған ғасырлар бойы қалыптасып,

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургунова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

атадан балаға өзгеріссіз беріліп келе жатқан ережелер жиынтығы, өмір сүру моделі болып сінген, құндылық ол – салт-дәстүр.

Дәстүр мәдениеттің бастапқы құрылымдық ірге тасы, негізгі өзегі, өмір сүру заңнамасы, десек асыра сілтегендік болмайды. Жер бетінде бүгінгі күнге дейін өмір сүріп, мәдениеті сақталған, әр-түрлі ұлт өкілдерін ерекшелендіретіні ол – тілі, ділі, діні, наным-сенімдері, рәсімдері, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері және т.б. Ұлттық ерекшелікті сақтау не үшін қажет десек? бұл адамдардың әлемді, қоршаған ортаны, адамзатты танып білудегі қызығушылықты арттырып, өмірін мән мен мағынаға толтыру үшін қажет деп ойлаймын. Егер жер бетіндегі мәдениеттердің ұлттық мәдени мұрасы болмаса, өмір сүрудің еш қызығы болмайтын тәрізді. Әрине ұлт бар жерде оның мәдениетін қалыптастыратын салт-дәстүр орын алады, ал олар тек қоғам бар жерде ғана қалыптасады. «Ұлт тарихи –мәдени фактор болғандықтан кез-келген мәдениеттің негізін құрайды» [2. 56,]. Мәдениет ол – тек қана керемет өнер шығармалары ғана емес, сонымен қатар ол қоғамның рухани өмірі, өнер мен ғылымның дамуы, тәлім - тәрбиесі, жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін өмір сүру ережесі, яғни салт-дәстүрі. Әр-бір салт-дәстүр, негізінде белгілі бір топтың өмірінің көрсеткіші, ал бұл көрсеткіштің пайда болуы қоршаған ортаның шынайылығын рухани және эмпирикалық түрде танып білуіне байланысты. Басқа сөзбен айтқанда әдеп-ғұрып пен салт-дәстүр ол – халық өмірінің теңізіндегі, өмірлік шынайылықты тәжірбиелік және рухани тұрғыда танудың қорытындысы ретінде ғасырлар бойы жинақтаған інжу маржан. Қандай да бір салт-дәстүрдің түбірін зерттей келгенде, біз мынандай қорытындыға келеміз, яғни толық зерттелмегендік пен ескіліктің түбінде тірі ақыл-ойға жүгінген өнім бар. Қандай да бір халықтың әдеп-ғұрыпы мен салт-дәстүрі, бұл жер бетінде өмір сүретін адамзаттың үлкен жанұясына кірудегі «жолдамасы». Әр-бір этнос өзінің тіршілігімен оны байытып жетілдіреді. «Мәдениет жүйесінде артық ештеңе жоқ, бәрі бір бірімен функционалды байланысты» [3. 19 б.]. Дәстүр (латынша -жалғастыру) тарихи қалыптасқан қоғамға ұрпақтан-ұрпаққа беріліп және белгілі уақыт аралығында сақталып отыратын адамзат тәжірбиесінің жалғастығы мен жиынтығы, ал мәдени мұрасы ретінде мыналарды жіктесе болады: әдет-ғұрыптар, ырымдар, жүріс-тұрысы мен тәртіптері, үрдістер, жөн-жоралғылар, мейрамдар және т.б. Негізі адамзат қажеттілігін өтейтін барлық құндылықтар-материалдық, әлеуметтік және рухани құндылықтар-дәстүрді құрайды. С.А. Артюнов Халықтар мен мәдениеттер атты еңбегінде «Салт-дәстүр–тіл мен мәдениет бастауларының анасы» деп дәстүрдің терең мағынасын бір ауыз сөзбен тамаша жеткізген. Дәстүр бұл ұрпақтан ұрпаққа ұзақ уақыт бойы белгілі бір қоғамдастықта сақталатын әлеуметтік және мәдени мұраның элементтері. Дәстүр – бұл заңды қағидалар мен реттелетін, қоғамдық көзқарас күші мен қолданатын, қазіргі ұрпаққа берілген таптың, қоғамның және идеологиялық (саяси, өнегелік діни, эстетикалық) қатынастық өмірінде қалыптасқан тәсілдерді беру формалары яғни мәдениет тарихы. Мәдениет тарихы дегеніміз ол жалпы әлеумет тарихы деген сөз. [4. 19 б.]

Мақаламның басында айтып кеткенімдей, қазақ елінің сарқылмас мәдени мұрасы ол – дәстүрі, адамның әр-бір іс-әрекетін дәстүр қадағалап отырмайды, ол әр-бір іс-әрекетті рухани тұрғыдан шешуге тырысады. Әрине бұл әрекеттердің бәрі қоғамдық өмір мен жеке өмірдің тәртібін түзейді. Осыдан біз мынандай мәселені байқаймыз, яғни дәстүр бүткіл әлеуметтік жүйелерді қамтыған және қоғамдық іс-әрекеттерде өз қызметін атқарып, әр қазақ атты адамның қандай да бір әрекетіне түсініктеме берері хақ. Осыдан алар түйіндіміз, дәстүр жалғасын тауып, нығайту арқылы әр түрлі әлеуметтік тәжірбені қолдап сонымен қатар ұрпақтар арасындағы рухани байланысты айқындайды. Дәстүр ол адамның материалдық және рухани қажеттіліктерін өтеуге негізделіп, сол себепті ол заман талаптарына сай өзгеріске түсіп жаңартылып отырады. Жаңашылдық пен дәстүршілдік арақатынасы кез-келген халықтың әлеуметтік-мәдени динамикасында, әртүрлі қоғамдарда күрделі және



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

қайшылықты мәселелердің бірі болып табылады. Негізі жаңашылдыққа қарсылық көрсетіп, оны теріске шығарып, ескі тәртіппен өмір сүруге болады, немесе жаңашылдыққа бейімделе отырып ескіні жоққа шығарып та өмір сүруге болады, бірақ ондай қадам прогреске емес, регреске әкеледі. Дәстүрдің екі әлеуметтік қызметі бар: қазіргі қоғамдағы нығайған қатынастардың тұрақтылығын сақтайтын құралы ретінде және де осы қатынастардың жаңа ұрпақ өмірінде орнын табуға ықпалын тигізеді. Дәстүрдің осы қызметтерінің жүзеге асу жолдары: дәстүр адамның рухани әлемі мен тығыз байланысты, тұрақтандыру ролін атқарып, қоғамдық қатынастарда рухани әрекетшілдікті талап етеді.

Бүгінгі күнде «діни дәстүршілдік» үрдістің кеңінен таралғанын байқаймыз, әсіресе ислам дәстүршілдерін заманның өзгеріп бұрынғы өмір салты мен дәстүрлі құндылықтар жүйесі бұзыла бастаған өтпелі қоғамдарда көрініс табатын тенденция деп өзін танытуда. Дәстүршілдер жаңашылдықтарды қабылдамай, өтіп кеткен қоғамдық құрылыстарды пір тұтып, оны қайтадан қалпына келтіруге ұмтылады [5. 277 б]. Діни дәстүршілдер типіне қоғамдық жағдайының тұрақсыздығын өзінің ұлттық дәстүрін күшейткісі келетін аз ұлт өкілдері жатады. Діни дәстүршілдік пен халықтың яғни этникалық дәстүршілдік айырмашылығы бар. Халықтық дәстүршілдік ол белгілі мәдениет өкілдерінің ерекше мінез құлқы мен өмір сүру заңдылығын, ережесін білдіретін құбылыс. Салт-дәстүрдің мәні мен әлеуметтік маңызы оның қоғам өміріндегі атқаратын қызметтері өте зор: сараптаушы, әлеуметтік, коммуникативтік, идеялық – тәрбиелік және т.б. Дәстүр мен әдет-ғұрыптардың құрылымына саяси, адамгершілік, эстетикалық, діни, ережелер, нормалар мен принциптер, тұлғаның рухани қасиеттері, көзқарасы, сезімі, қажеттілігі мен идеалдары кіреді. Бұл жағдайда қоғамда дәстүршілдік, архаистік, жаңашылдық, батысшылдық және т.б. тенденциялар пайда болады. Т.Х.Ғабитовтың айтуынша: дәстүр арқылы индивидуумдардың белгілі бір ұжымы мұрагерлік бойынша өзін-өзі дамыту және өмір сүру үшін қажетті білімді береді. Яғни, бұл терминді ұжымдық коммуникацияның белгілі бір тетігі ретінде түсіндіруге болады.

Бірақ кез келген дәстүр өзінің консерватизміне және орнында нық тұрғанына қарамастан, әлсірей бастайды. Қоғамның даму процесінде дәстүр қосымша күштермен толықтырылып (идеология, құқық, дін, саясат және руханилықтың басқа түрлері), мәдениеттің нығайуына себепші болып, төл мәдениетіміздің сақталуына зор үлесін қосатыны хақ. Мәдениеттің диалектикалық түрде дамитын процесстердің тұрақшыл және дамушы жақтары бар. Қазіргі жаһандану кезеңінде, орын алып жатқан жаңашылдық дәстүрге сай формаларға бейімделмегендіктен қоғамда мәңгүрттену немесе маргиналдану үрдісінің етек жайғанын байқаймыз. Сол себепті қазақ қоғамын рухани дағдарыстан сақтап қалар, ұлттық мәдениетке деген немқұрайлықтан алып шығатын жол, ол мәдени кодымызды сақтап әрі дәріптеуден басталады.

Ұлттық мәдениеттің тұрақты жағы - ол тарихтағы адамзат тәжірибесінің жинақталып ұрпаққа таралуы болып табылады. Дәстүршіл қоғамда адам жаңа мәдениетті қабылдай отырып, дәстүрдің шеңберінен шықпай халқының мәдени бай мұрасын піріндей қастерлеп, мәдениеттің басқа сфераларындағы прогрессивті жаңашылдықты бірге ұштастыра алуы тиіс. Мысалаға Жапон мәдениетінің ерекшелігін айтар болсам, ол ең прогрессивті өркениеттердің бірі, ғылыми техникалық жетістіктерімен қатар ұлттық мәдени мұрасы да тең дамып жалғасын тауып келеді. Халықтық салт-дәстүрі культтық деңгейге жеткен, тек өз ұлтты үшін ғана емес, өзге ұлттарға қызығушылықты оятқан Жапон мәдениетін, барі қастерлеп тануға асық. Жапон мәдениетінде дәстүр шығармашылықтың үстінен қарайды. Қандай да жаһандық жаңашылдықты дәстүр шеңберінен шығармайды. Ал шығармашылықтың бастауы, адам өзін мәдениеттің субъектісі ретінде қалыптастырғаннан кейін пайда болады. Осындай тұрақты мәдени дәстүр адамзат ұжымдарының рухани тіршілік етуіне қажет құнылықтардың бірі

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

екені сөзсіз. Көзіміздің жеткені, адамзат дәстүршілдіктен бас тарта алмайды, себебі дәстүр мәдени бірегейліктің кепілі болып есептеледі. Кез келген мәдениет дәстүрсіз өмір сүрмейді. Сонымен қатар, бүгінгі қоғамның заманауи талаптарына сай, мәдени досуг, яғни көңіл көтеру контеттерін, әлеуметтік желілер, интернет ресурстарын, кино және медиа сферасын, әдебиет және өнер, театр мен музей мәдени кеңістіктерін заманауи талапқа сай, жоғарғы деңгейде жетілдіріп, қазақ әлеуетін дамыту біздің басты назарымызда болуы тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары бұқаралық сананы қалыптастыратыны барімізге мәлім, мақсат, ақпарат құралдары арқылы, кино және анимация арқылы, ұлттық мәдени мұраны, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды тынымсыз насихаттау қажет. Егер мемлекеттік деңгейде жүйелі түрде, саяси бағдарға айналса, көп күттірмей, еліміз үлкен рухани табыстарға жетері ақиқат. Қазақстан мемлекетінің зайырлы саясатының басты ұстанымы дәстүрлі мәдениетімізді сақтау әрі дәріптеу. Бүгінгі күнде дәстүрді қайта жаңғырту және оны жаңарту өзекті мәселелердің бірі болып отыр, және бұл мәселе өз актуалдылығын жоғалтпайды. Біздің басты міндетіміз ұлттық дәстүрді заман талабына қарамастан сақтай отырып, жаңашылдықты дәстүрге қарай бейімдеп, модернизацияны ұлттық мәдениетке қауіпсіз жол мен жүзеге асыру қажет. Негізінде мәдени жаңашылдықты қадағалап, бұқаралық медиа кеңістікте, яғни әлеуметтік желілер; фейсбук, инстаграм, тик ток, вконтакте платформаларында халық назарына, мәдени бай мұрамызды үлгі өнеге тұрғысынан насихаттап отырсақ, кеңінен талқыға салып, таратып, сараласақ, ортамызды түзетер едік. Егер біз осы принцип пен бастан ұстанып дамыған болсақ, мүмкін бізде осындай көкейкесті мәселелер азаятын ба еді. Салт-дәстүр ол тек мәдени мұра болып қана қоймай, өмір сүру моделі болуы керек. Орысша айтқанда: «Традиции и обычаи это не только культурное достояние, это образ жизни Народа!»

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. Габитов Т.Х. Культура и этнокультура. Алматы – 2014.
2. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. – М.: Наука, 1983.
3. Заковоротная М.В. Культурная антропология: история и современные проблемы. Ростов на Дону 2009.
4. Каган, М. С. Введение в историю мировой культуры: в 2 кн. / М. С. Каган. –Санкт-Петербург : Петрополис, 2003. – Т. 1. – 383 с.; Т. 2. – 320 с.
- 5.Артюнов С.А. Народы и культуры. Развитие и взаимодействие.-М.: Наука, 1989
6. Карабаева А.Г., Исмагамбетова З.Н. КазНУ имени аль-Фараби. Современные проблемы развития цивилизации и культуры. Том 63 № 1 (2018): Вестник КазНУ Серия "Философия, культурология, политология"

## **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДИЗАЙННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК–МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ**

**Қалымбетова Ж. С**  
**Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰОА**  
**Алматы қ-сы, Қазақстан Республикасы**  
**ғылыми жетекші – п. э. к. Кусимисов Е. Т.**

Abstract

The article discusses the possibilities of various directions, tools of Environmental Design and its socio-cultural role in solving environmental problems of society's consumption, currently it has become global, affects all spheres of life. The

influence of generally accepted socio-cultural processes and the subject-spatial environment is analyzed, options for solving the problem in the context of the rational use of natural resources are studied. Design as a project activity meets the pressing problems of our time: economic, political, socio-cultural, including the search for ways to solve the problem of interaction between society and nature. At the same time, highlighting the environmental aspects of design, considering it not only as an aesthetic activity, but also as an integral part of the production process, considering the possibilities of integration, the cultural model of Environmental Design focuses on the processes of production of human goods, the rationality of the design solution. The article also notes that the formation of environmental competence and the study of the basics of Environmental Design in the education system will allow future specialists to form valuable ideas about the interaction of the environment and humanity. The main components of the formation of the environmental competence of the future designer are: psychological and pedagogical training, technological training, targeted organization, planning and support.

**Кіріспе.** Ғылыми-техникалық прогресс және ақпараттық технологиялардың дамуы 20 ғасырдың екінші жартысында адамзатты "ақпараттық" қоғамның жоғары деңгейіне көтерді. Дамыған елдердің экономикасы ғылымды қажет ететін және ақпараттық технологияларға негізделі бастады, бұл ретте ресурс үнемдейтін технологияларға көбірек көңіл бөлінуде. Алайда, әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелерден басқа, жағымсыз құбылыстар - ыдырамайтын және қайта өңделмейтін материалдарды, жаппай тұтыну қоғамы қалдыратын коқыс тауларын - ойлап табу болды. Адамзат заттардың айналымы бар және әр зат үшін оларды өңдейтін басқа заттар мен организмдер бар табиғи процестерді, табиғи ортаның механизмдерін бұзды. Экологиялық мәселелер айқын бола бастады және ластануға қарсы құқықтық және әкімшілік шаралар, сондай-ақ жаңа табиғи емес материалдар мен технологияларды, қайта өңдеу және қайта пайдалану мүмкіндіктерін зерттеу арқылы шешілетін болды. Жалпы, постиндустриалдық қоғамда құндылықтарды қайта бағалау маңызды рөл болып саналды, оның дамуының басты мақсаты экономикалық өсу емес, әлеуметтік және гуманитарлық мәселелерді шешу [1]. Кейінірек антропоцентризм, адам жасаған әлемді ізгілендіру қоршаған ортамен өзара әрекеттесудің эоцентристік тәсілімен алмастырыла бастады. Адамның табиғатпен қарым-қатынас жүйесінде адам оның органикалық бөлігіне айналады, адам мен ол өмір сүретін ортаның үйлесімді өмір сүруі қазіргі заманның дереу шешілуін талап ететін негізгі мәселелердің біріне айналады. Адамзаттың өндірістік қызметінің қоршаған ортаға зиянды әсері қоғамның адам әрекеті мен табиғи тіршілік ету ортасының экологиялық деградациясы арасындағы себеп-салдарлық байланысты түсінуіне түрткі болады. Шектеу шаралары толықтырыла бастап, адам мен табиғи ортаның қатар өмір сүруін ұйымдастырудың басқа формалары, яғни басымдық - табиғатты қорғау мәселесінің шешімдері, өнімдерді қоршаған ортаға органикалық енгізу идеясы - яғни өндірістің жобалық мәдениетіндегі экологиялық тәсіл алға шығады.

**Экологиялық дизайнды әлеуеттік-мәдени тұғырлау.** Қазіргі уақытта, күнделікті жобалық тәжірибеде және ғылыми әдебиеттерде, "экодизайн" ұғымы кеңінен қолданылады, оның проблемалары өндіріс пен ғылыми білімнің әртүрлі салаларымен – өнеркәсіптік дизайн, сәулет пен қолданбалы өнерден бастап тығыз байланысты педагогика, психология, философия, әлеуметтану және медицина саласындағы заманауи зерттеулермен - аяқталады. Осылайша, қазіргі дизайндағы экологиялық бағыт туралы айтатын болсақ, оны адам қызметінің барлық материалдық салаларын қамтитын мәселелерді шешу тәсілі ретінде қарастыруға болады. Дизайн адамның алдында тұрған жеке және жаһандық сын-қатерлерге

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

жауап береді, бірақ мәселе туындаған кезде ғана оны жобада шешу жолдарын іздеу басталады. Экологиялық проблемалар айқын және жан-жақты, сондықтан экологиялық мәселелерді шешуге жүйелі "жобалық" тәсіл қажет.

Экологиялық дизайнды заманауи мәдениеттің біртұтас құбылысы ретінде қарастыру үшін зерттеу материалдарының гуманитарлық мәселелерін, экологиялық дизайн құбылысын тарихи ретроспективадағы жобалау практикасының басқа салаларымен салыстыруды, оның құрылымын, қарым-қатынасын және құбылыстың құрамдас бөліктерінің басқа салаларымен байланысын анықтауды қамтитын мәдени талдау әдістеріне жүгінген жөн, яғни қоршаған ортаның тұжырымдамалық сипаттамалары мен ішкі қайшылықтарын бөліп көрсету - дизайн, оның даму тенденциялары мен заңдылықтарын талдау. Әр түрлі гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарында, дизайнда және көркемдік қызметте болатын экологиялық проблемалары бар жобалық тәжірибелер, экологиялық мәдениет және оны қалыптастыру мәселелері туралы білімді жүйелеу және синтездеу, сонымен қатар зерттеулерге мәдени көзқарастың қажеттілігін тудырады [2].

Экологиялық аспектілер жобалық қызметтің барлық салаларында көрінеді. Мысалы, архитектурада, ғимаратты табиғи ландшафтқа бейімдейтін, адамдар үшін ең қолайлы жағдай жасайтын материалдар туралы сөз болғанда; өнеркәсіптік дизайнда қайталама шикізаттан өнім өндіру немесе энергия шығынын азайту жөніндегі бағдарламаларды қарастыру кезінде және т. б. сәулетшілер мен дизайнерлер адам экологиясы және қолданбалы экология (коммуналдық экология, елді мекендер экологиясы) саласындағы зерттеулердің нәтижелерін ескеруі тиіс [3].

Экологиялық психология тұрғысынан адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесу функцияларын келесідей бөліктермен ескеру қажет:

- *Психофизиологиялық (стрессті жеңілдету, жүйке жүйесінің жұмысын қалыпқа келтіру);*
- *Психотерапиялық (тұлғааралық қатынастарды үйлестіру);*
- *Бірінші оңалту (психологиялық және әлеуметтік оңалту);*
- *Эстетикалық (эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру және жеке даму);*
- *Когнитивтік (когнитивтік қажеттіліктерді қанағаттандыру, интеллектуалдық дамуға ықпал ету);*
- *Өзін-өзі жүзеге асыру (адамның ең жоғары қажеттілігі);* [4]

Тұрақты даму экологиялық, экономикалық және әлеуметтік аспектілерден басқа көптеген аспектілерді қамтиды: саяси, құқықтық, Халықаралық, ақпараттық, технологиялық, білім беру. Осы әртүрлі көзқарастарды үйлестіру және оларды тұрақты дамуға қол жеткізудің құралы болып табылатын нақты іс-әрекеттердің тіліне аудару қиын міндет болып табылады, өйткені тұрақты дамудың барлық үш элементі теңдестірілген түрде қарастырылуы керек. Тұрақтылық негізінен дуалистік сипатта болады, бұл біздің дизайн процестерін бағалауымызбен таң қалдырады. Адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру антропоцентризмнің мақсатын анықтайды және тұрақты даму тұжырымдамасының талаптарын ескере отырып, осы мақсатқа жету құралдары эоцентристік болуы керек деп ескеріледі [5]. Бұл жалпы мәдениеттің екі факторлық детерминациясын көрсетеді. Бір жағынан, ол материалдық және рухани құндылықтарға, екінші жағынан, жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген қоршаған орта мен табиғи ресурстарды сақтайды. Тұрақты дамудың дуализмі оның барлық компоненттеріне сипаттама беретін процесс ретінде қаралады.

Мәдениеттегі заттық орта барған сайын қысқа өмір сүреді, сән кейбір заттарды басқалармен үнемі ауыстыру қажеттілігін анықтайды. Жарнама тұрақты сұранысты сақтауға көмектеседі және заттардың моральдық ескіруіне, өнімді қысқа мерзімді пайдалануға ықпал

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

етеді. Оның көптеген тасымалдаушыларының көмегімен ақпараттық әсер етуі, адамдарды қанағаттанбауға және тіпті ақаулы сезінуге, жаңа формалар мен бейнелерді іздеуге мәжбүр етеді. Адамдардың өміріне үйлесімділік пен тәртіп әкелетін Дизайн, өндіріс пен тұтыну процестеріндегі теңгерімсіздікті, тұтыну психологиясының үйлесімсіздігін, өнімнің нақты және нарықтық құны арасындағы негізсіз сәйкессіздікті тудыратын фактор мен құралға айналды [6].

Экологиялық дизайнның интегративтік мәдени моделінде келесі үш жетекші компонент ерекшеленеді:

- *Дуниетанымдық, аксиологиялық, философиялық-этикалық, онтологиялық, семантикалық, тарихи-генетикалық, мотивациялық-мақсатты, психологиялық, социологиялық, экономикалық және әдіснамалық компоненттерді қамтитын мазмұндық компонент;*

- *Технологиялық компонент, оның ішінде: өндірістік, жаратылыстану, ғылыми-техникалық, нормативтік, білім беру, тиімді компоненттер;*

- *Эстетикалық компонент, оның ішінде: ресми, стиль және көркемдік компоненттер (Li et al., 2005; Ахерн, Силлиерс және Нимела, 2014)*

Экологиялық құзыреттілікті қалыптастыру және білім беру жүйесіндегі экологиялық дизайн негіздерін зерттеу болашақ мамандарға қоршаған орта мен адамның өзара әрекеттесуі туралы құндылық идеяларын қалыптастыру, сондай-ақ табиғи жобаларға ұқсас жобаларды құруға кепілдік бере алатын объектілерді жобалау кезінде қолданылуы керек көгалдандыру принциптері мен әдістерімен танысу мүмкіндігі болып табылады. 20 ғасырдың басындағы дизайн теоретиктері дизайнды әлемді үйлестірудің гуманистік идеяларына негізделген жүйелік қызмет ретінде анықтады. Ғалым және зерттеуші Л. Глазычев өз еңбектерінде форманы құру туралы емес, жаңа өмір салты, дизайнның тәрбиелік және идеологиялық рөлін, оның мәдени-гуманистік мақсаты мен дизайнердің әлеуметтік жауапкершілігін инвестициялаудың маңызы туралы айтып кеткен [7].

Болашақ дизайнер мен кәсіби мұғалімнің дизайн саласындағы экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі компоненттері (олар процестің тиімділігін қамтамасыз етуі керек):

- *Экологиялық мәдениетті қалыптастыратын психологиялық-педагогикалық дайындық және жобалау мен кәсіби қарым-қатынастағы жауапкершілік;*

- *Жобалау технологияларын, ойлауды, технологиялар мен кезеңдерді білуді қамтитын технологиялық дайындық, өндірістік процестер;*

- *Экологиялық құзыреттілікті қалыптастыру процесін мақсатты ұйымдастыру, жоспарлау және қолдау (Fich et al., 2014; Smith et al., 2015).*

**Қорытынды.** Соңғы онжылдықтарда жобалық мәдениетті экологияландырудың жаһандық процесі тұтынушылық және технократиялық көзқарастардың үстемдігінің теріс салдарын гуманитарлық сыннан экологиялық қозғалыстар мен ұйымдарды қалыптастыруға, өзара әрекеттесу мен табиғи ортамен қатар өмір сүруді үйлестіру принциптерін әзірлеуге, сәулет пен дизайнда жаңа технологиялардың пайда болуына жол ашты.

Экологиялық дизайн - бұл қоғам мен қоршаған орта (табиғи және антропогендік) арасындағы қатынастарды үйлестіруге, дуниетанымды, экологиялық мәдениетті, табиғаттың мүмкіндіктеріне сәйкес адамның тұтынушылық және эстетикалық талаптарын қалыптастыруға, оның сақталуын қамтамасыз етуге және зиянды әсерлерді азайтуға бағытталған дизайн бағыты мен парадигмасы, жобалау объектісінің өмірлік циклінің барлық кезеңдеріне (өндіріс, пайдалану және кәдеге жарату) әсер ету болып табылады. Объектінің эстетикасымен, функционалдылығымен, эргономикасымен және үнемділігімен қатар келесі талаптар сақталуы керек: ресурстарды (материалдарды, соның ішінде орны толмас

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

материалдарды және энергияны) үнемдеу, өндіріс пен пайдалану кезінде адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтірмеу, өнімнің беріктігі, оны жоюдың қарапайымдылығы мен қауіпсіздігі, қайта пайдалану немесе қайта өңдеу мүмкіндігі (Гордон Дэвид, 1990; Суреш М., Дианна С. & Джил Ф., 2006). Экологиялық дизайн философиялық, этикалық және психологиялық мәселелерді шешіп, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге ынталандырып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруы керек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Гордон, Д. (1990). Жасыл қалалар: қалалық кеңістіктерге экологиялық тұрғыдан негізделген тәсілдер. Монреаль: "қара раушан", экологиялық қалалар туралы идеялар жинағы.
2. Панкина М. В. Экологиялық дизайн дизайнерлердің кәсіби дайындығының интеграциялық мазмұны ретінде және экологиялық білім беру саласындағы мамандар / М. В. Панкина, С. В. Захарова // іргелі зерттеулер. 2012. № 6-2. 373-377 ББ.
3. Ахерн Дж., Силлиерс С., Нимела Дж. (2014). Адаптивті қала құрылысы мен дизайнындағы Экожүйелік қызметтер тұжырымдамасы: инновацияны қолдаудың негізі. Қала жоспары, 125:254-259.
4. Ахерн, Дж., Силлиерс, С., Нимела, Дж. (2014). Адаптивті қала құрылысы мен дизайнындағы Экожүйелік қызметтер тұжырымдамасы: инновацияны қолдаудың негізі. Ландскнехт. Қала жоспары, 125:254-259.
5. Уваров А. В. Экологиялық дизайн. Экологиялық дизайн тарихы, теориясы және әдістемесі / А. В. Уваров. М.: Сәйкестік, 2015. 192 б.
6. Альберти М., Марцлуф Дж. (2004). Қалалық экожүйелердің экологиялық тұрақтылығы: қалалық модельдерді адам және экологиялық функциялармен байланыстыру. Қалалық экология, 7: 241-265
7. Глазычев В. Л. Дизайн как он есть / В. Л. Глазычев. М.: Европа, 2011. 320 с.

## ТҮРІК ТІЛІН ШЕТЕЛ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

*Қуандық Н.Қ.*

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті  
Атырау қ-сы, Қазақстан Республикасы  
ғылыми жетекші – PhD Аширханова Қ.М.*

#### Abstract

There are many definitions in linguistics. To this day, there are theories that have studied and defined language from different perspectives. One such theory is that language is an integral part of culture. Language is the main element that distinguishes one nation from another. In addition, according to some scholars, language is defined as the main bearer of cultural values and the foundation of culture. The article discusses the language as the main element of cultural value and the opinions of scientists who consider the correct methods aimed at additional study of the culture of the society that uses this language in the study of the language.

As one of the conditions for the rapid development of the period of globalization, the study of a foreign language in addition to the languages used in one's

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

own society is considered a requirement of the times. Turkish as a foreign language is also in demand by representatives of many countries of the world. In the field of Turkic studies, many methods and methods of teaching Turkish as a foreign language have been proposed and developed. Our article notes that a positive result can only be achieved if the Turkish language teacher chooses these methods taking into account the characteristics of his teaching audience and knows how to use them correctly. The use of multimedia materials in language teaching increases the interest of the language learner in the lesson, the feedback between the language learner and the teacher affects the formation of other skills. In addition, our article also considered the requirements for language learners. That is, not only is the material used in the lesson, it is the ability of the audience to choose material according to the topic of the lesson, age, interest, etc. The requirements for a teacher are also mentioned. The article discusses the skills that need to be considered when using digital materials in teaching Turkish as a foreign language, how to use them and the necessary conditions for achieving effective results.

Тіл – келісім мен қарым-қатынас құралы, сонымен қатар мәдениет пен мәдени құндылықтарды тасымалдаушы құнды элементі болып табылады. Тіл мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтыратын құбылыстар. Тіл үйрету де мәдени тәрбиенің бір түрі болып табылады. Шет тілін оқытуда, сол тілді сөйлейтін ұлттың (қоғамның) рухани болмысы, жазбаша және ауызша құндылықтары, сонымен қатар мәдениеті негізге алынады. Тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде қарастыру, тілдің басқа ерекшеліктері мен функцияларын ескермеу дегенді білдіреді.

Жиырма бірінші ғасырда адамдардың өзара қарым-қатынасының дамуының нәтижесінде өзара әрекеттесудің табиғи нәтижесі шет тілін үйрену қажеттілігін тудырды. Дамыған технологиялар көмегімен заманауи әлемде адамдар мақсаттарына қол жеткізуді сәтті жүзеге асыруда. Яғни, әлемнің кез келген жерінен адамдар көптеген мәдениет өкілдерімен тіл арқылы араласа алады. Адамдардың басқа шетелдік туризм, сауда және білім беру сияқты салаларда қарым-қатынас жасауы да шет тілінің маңыздылығына ерекше маңыздылық берді.

Халықаралық қарым-қатынастар саласының дамуының жаңа сатысы ұлттардың ана тілдерімен қарым-қатынаста жеткіліксіз екендігін сездіндіріп, шет тілін үйренуге міндеттілігін тудырды. Қазіргі заманның жастары шетелдердің мәдениеттермен таныса алуы, шетелдерде білім және зерттеулер жүргізе алуы т.б. мәселелерге қойылатын талаптар артып отырған жиырма бірінші ғасырда шет тілін білудің маңыздылығы өте жоғары.

Жаһандану кезеңінің жағымды ерекшеліктерінің бірі жаңа ғасырдың білімге құштар жастары ана тілінен бөлек шет тілін меңгеруге деген ұмтылысы. Ақпарат ғасырында шет тілін меңгеруге арналған түрлі материалдар (жазбаша, цифрлық және т.б.) жеткілікті. Тек тіл үйретуші мен үйренуші тілді үйретуге арналған тиімді әдісті және қажетті материалдарды дұрыс таңдай біліп меңгеруі қажет.

Түрік ғалымы Токлуның [7, 203] пікірінше, «тіл – сол тілде сөйлейтін қоғамның мәдениетін көрсететін айна болып табылады». Меланлыюғлу [6, 65 б] пікірінше, тілдің функцияларының бірі мәдени құндылықтарды сақтау және дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар, тіл мен мәдениет арасында тығыз байланыс бар екендігі туралы әртүрлі зерттеулерде пікірлер бар. Тіл және мәдениет ұғымдары бірін-бірі толықтыратындықтан, оларды бір-бірінен бөлек бағалау мүмкін емес. Тіл мәдениет элементтерінің негізгі тасымалдаушы қызметін атқарады және бұл процесстің үздіксіздігін қамтамасыз етудің ең маңызды құралы ретінде саналады [1, 83 б]. Бұл бағытта тілді тек шет

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

тілі ретінде оқыту оны тілдің грамматикасын оқыту немесе сөздік қорын беру деп қарауға болмайды. Сонымен бірге сол тілдің мәдени кодтары да тіл арқылы қарастырылады [9, 25 б].

Түркияның геосаяси орны, тарихи-географиялық туризмі, өнеркәсіп, сауда, халықаралық қатынастар және т.б. салаларындағы жетістіктер түрік тілін үйренуге деген сұраныстың артуына себеп болатын факторлар болып табылады. Бұл себептер түрік тілін оқыту мен үйренуге деген сұранысты арттырып маңыздылыққа ие болып отыр.

Тіл ғылымында 1900 жылдардан бүгінгі күнге дейін тіл үйрету саласындағы әртүрлі тәсілдер мен әдістер қолданылып келеді. Тіл үйрету саласындағы ескі тәсіл болып табылатын дәстүрлі әдісте грамматикалық ережелер, мақал-мәтелдер, әдебиет, жалпы мәдениет сияқты пәндерді оқытуға баса назар аударылды. Тіл біліміндегі тілді үйрету әдісі туралы көзқарастар 1950 жылдарға қарай өзгере бастады және «Тіл – қарым-қатынас құралы» мағынасындағы пікір өрбіді. Осы уақыттан бастап тілдің күнделікті өмірде қарым-қатынасы мен қолданылуына байланысты зерттеулер жүргізілді. Ал, конструктивистік көзқарастағы «Тіл - әлеуметтік өзара әрекеттесу құралы» деген пікір бойынша тіл – ақыл-ой, эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларды дамытуға басымдық береді [5, 123 б].

Тілдік білім; тілді білу, сөйлеу, жазу, тыңдау және оқу дағдылары қамтитын күрделі жүйе болып табылады. Түрік тілін шет тілі ретінде оқытуда тіл үйренуші топтың жағдайын, мақсаттары мен қажеттіліктерін, тілдік дағдыларды және мәдени элементтерге тұтас көзқараспен қарау керек.

Шет тілін үйренуде/үйретуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану үлкен маңызға ие. Шет тілді оқытуда тілдерді оқытуда цифрлық материалдармен және бағдарламалармен қамтамасыз ету тілді үйренуде оңды нәтиже беретіні сөзсіз. Тілді үйретуде түрлі бағдарламаларды қолдану арқылы тиімді нәтижеге қол жеткізуге болады.

Қазіргі уақытта түрік тілін үйренуге арналған түрлі әдістер мен материалдар жеткілікті. Атап айтсақ: Түркия Республикасының шетелдіктерге түрік тілін үйрету қызметін жүзеге асыратын Юнус Эмре институтының А2, В1 және В2 бағдарламаларының tojumper, Animoto, Canva, Powtoon кітаптарынан таңдалған мәтіндер, Canva, Powtoon және т.б. материалдары бар. Веб-технологиялар қарқынды дамып жатқан қазіргі әлемде цифрлық қосымшаларды қолдана білу де маңызды. Мысалы, Movie Maker, PhotoStory, Storyjumper, Pixton, Storyboard That, Storybird, Animaker Vyond, PowToon, Joomag, Wattpad6 Web 2.0 қолданбалары бар [9, 25 б].

Осы қосымшаларды қолдану процесі үш кезеңнен тұрады:

1. Дайындық:

- оқиғаны құру және ұсыну тәсілін анықтау;
- сюжеттік карта мен хронологияны құру;
- сценарий жазу; түсінігін дайындау; процесті бағалау айдарын жасау.

2. Өндіріс:

- қажетті мазмұнын [сурет, дыбыс, мәтін, музыка] анықтау;
- әртүрлі жасанды вокализацияны қолдану;
- бейне форматында дайындау;
- CD немесе DVD форматында мұрағаттау.

2. Презентация:

- дайындалған сандық әңгімені көрсету;
- интернетте тарату [9, 25 б].

Тілді оқыту процесінде шетелдіктерге түрік тілін үйрету қазіргі заманға сай тәсілдер мен әдістерді қолдануға негізделген сәйкес материалдармен жабдықталған кешенді оқыту орталығын орнықтыру қажет [4, 808 б]. Сабақта қолдануға болатын материалдардың негізгі мақсаты – сабақтың тиімді өтуі және оң нәтижелерге қол жеткізу болып табылады. [Türkben,



2020]. Бұл тұрғыда түрік тілін шет тілі ретінде оқытатын оқытушылардың оқыту технологияларын пайдалануы өте маңызды.

Дәстүрлі материалдармен сабақ өту тіл үйренушінің ынтасын төмендетіндіктен оқытушылардың сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ететін материалдар оқу орталарында қолданылуы керек [2, 65 б]. Ол үшін сабақты қызықты ететін, оқытушыларды оқуға ынталандыратын және шет тілін оқытуда тиімді және тұрақты оқуға мотивациялайтын материалдардың сапасын қалыптастырудың маңызы зор.

Шетелдіктерге түрік тілін оқытуда цифрлық кешенді материалдарды қолдану алға қойылған мақсаттар мен табыстарға жетуде жұмысты жеңілдетеді. Түрік тілін шет тілі ретінде оқытуда тіл үйренуші топтың мақсаттары мен қажеттіліктерін және тілдік дағдыларын алдымен анықтап алған жөн.

Вейис [10 66-67 б] шетелдіктерге түрік тілін үйрету үшін мультимедиялық материалдарды қолдана отырып төмендегі дағдыларды негізге алады ұсынады:

- бұл әдіс тіл үйренушінің сабаққа деген қызығушылығын арттыруына;
- \* тіл үйренушімен тиімді кері байланыс жасай алуына;
- \* тіл үйренушіге қолайлы оқу ортасын қамтамасыз етуіне;
- \* оқу ортасы әртүрлі қызмет түрлерімен байытылуына;
- \* тіл үйренушінің үлгерімін неғұрлым ыңғайлы бақылауды қамтамасыз етуіне;
- \* тіл үйренушілердің барлығының бірдей білімді тиімді пайдалана алуына;
- \* оқытушы мен тіл үйренуші үшін тиімді жұмыс ортасының қалыптасуына;
- \* қызықты іс-шаралар арқылы тіл үйренушілердің ынтасының артуына әсер етеді.

Шетелдіктерге түрік тілін үйретуде қолданылатын материалдарда ескерілетін ерекшеліктерді төмендегідей тізімдеуге болады [3, 8 б]:

1. Мақсатты аудиторияның дайындық деңгейі анықталуы керек, олардың түрікше деңгейі бірдей болуы керек. (Мысалы: тіл үйренушінің әртүрлі тілдік топ ерекшеліктері ескере отырып сынып құрылуы тиіс.) Тіл үйренушілердің әр түрлі тіл тобының өкілдерінен құралуы, яғни топтық ерекшеліктің біртекті болмағандығы мақсатталған нәтижеге жетуді баяулатады.
2. Түрік тілін шет тілі ретінде оқытуда ескеретін тағы бір мәселе сабақ барысында қолданылатын материалдардың оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге, нақтыдан дерексізге дейінгі тізбегінің болуы.
3. Шетел тілін оқытуда төрт негізгі дағдыны меңгеру қажет: сөйлеу, жазу, оқу және тыңдап түсіну дағдылары. Шетелдіктерге түрік тілін үйретуге арналған материалдар осы аталған төрт дағдыны қамтуы қажет.
4. Шетелдіктерге түрік тілін үйрету үшін дайындалған материалдар тіл үйренушіні оқу процесіне ынталандыруы керек. Сонымен қатар тіл үйренушілердің сабаққа қатысуы тұрақты, ал тапсырмалардың орындалуын міндетті ету қажет. Шетелдіктерге түрік тілін үйрету үшін дайындалған материалдар тіл үйренушінің сабаққа белсенді қатысуына көмектеседі.
5. Материалдар тіл үйренушінің білім деңгейіне сай дайындалуы қажет. Ескі материалдардың меңгерілгендігіне көз жеткізілгеннен кейін ғана жаңа сабақтағы жаңа ақпаратты беру керек. Оқу деңгейлерін бағалау нәтижелері бойынша қалыс қалған тіл үйренушінің дағдыларын дамытуға бағытталған жаңа материалдарды қолдану қажет.
6. Тіл үйренуші топқа арналған материалды таңдау мен мазмұнын анықтауда аудиторияның жасы, қызығушылықтары, тіл үйренудегі мақсаты да ескерілуі қажет.

Қорытындай келе, түрік тілін шетелдіктерге үйретуде әртүрлі материалдар неғұрлым көп қолданылса, оқу процесі сол дәрежеде тұрақты дамиды. Қосымша материалдарын пайдалану сабақты көрнекті етеді және сабақтың бір сарынды болуына жол бермейді.

Материалдарды дайындау және пайдалану үшін техникалық жабдықтардың болуы сияқты элементтер тіл үйренудегі айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге әсер етеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, бір тілді үйрену үшін оқу, тыңдау, сөйлеу және жазу дағдыларын қалыптастыру қажет. Осы төрт дағдыны жан жақты дамытқанда ғана тіл үйрену нәтижелі қорытынды бере алады. Бұл дағдыларды дамыту үшін қажетті материалдарды тиімді пайдаланудың ролін ерекше атап өту керек. Сабақ өтетін кабинеттер компьютерлер мен проекциялар сияқты технологиялық әзірлемелерге қажетті материалдармен жабдықтауы тиіс. Бұл жағдай студенттерге түрік тілін үйренудегі ынтасын арттырады. Сонымен қатар, шетелдіктерге түрік тілін оқытатын әрбір оқытушы осы материалдарды белсенді түрде пайдалана білуі керек және қажет кезде өз материалын дайындай алатындай мүмкіндігі болуы керек. Түрік тілін шет тілі ретінде оқыту мен үйренудегі материалдардың маңыздылығымен қатар, осы материалдарды қолданатын оқытушының тіл курсына дайындығы да маңызды фактор болып табылады. Оқытушы - оқу-үйрету процесінің ең маңызды элементі болып табылады. Оқыту-оқыту процесінде оқытушы сабақ барысын жоспарлау, тіл үйренушілермен кері байланыс орната білу, қажетті материалдарды сабақ тақырыбына сәйкес таңдау, әдісті таңдау және сабақ процесін бағалау жұмыстарын сапалы жүзеге асыруы тиіс. Сабақ барысында оқытушының материалдарды пайдалана білуімен қатар тіл үйренушілердің сабаққа дайындық деңгейі де сабақтың нәтижелі өтуінде маңызды болып табылады. Оқытушы тіл үйренушінің сабаққа қатысуын сұрақ-жауап әдісі арқылы қамтамасыз ету керек. Нәтижесінде түрік тілін шет тілі ретінде оқытуға арналған оқу материалдардың түрлі әдіске бейімдеп бұл мүмкіндіктерді аудиторияға ұсынуы керек. Сабақ барысында қолданылатын материалдар болса тіл үйренушінің қатысу деңгейіне қарай таңдалуы керек, жеке ерекшеліктерді ескеруі керек, тәжірибе арқылы үйрену принципі бойынша құрастырылуы керек, оны пайдалану оңай, қарапайым және түсінуге оңай болуы керек.

Бүгінгі таңда технология өмірдің ажырамас бөліктерінің бірі болып табылады. Заманауи білім беруді түсіну басым болған қазіргі әлемде оқу және оқыту үдерісінде цифрлық құралдарды белсенді және дұрыс пайдалана білу уақыт талабы. Бұл тұрғыда тіл үйренушіге және үйретушіге педагогикалық және техникалық жағынан көп артықшылықтар қамтасыз етілген. Цифрлық құрал – қазіргі замандағы тіл үйретудегі қуатты және аса қажетті оқыту құралы болып табылады. Цифрлық материалдар арқылы түрік тілін шет тілі ретінде оқытуда және мәдени элементтерді беруде тиімді пайдалануға болады. Сабақ барысында цифрлық материалдарды пайдалану әдісі барлық білім деңгейлерінде және әртүрлі жас топтарында тілді оқудың деңгейінің дамуына, тұрақтылығына, сабаққа қатысуына, тыңдау және жазу дағдыларының қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді. Сабақ барысында тіл үйренуші өздерінің негізгі тілдік дағдыларымен қатар технологиялық дағдыларын да жетілдіреді, қолданылған қосымша материалдар да олардың оқуға деген ынтасын арттырады. Бұл әдіс қолданылатын дәстүрлі әдістермен салыстырғанда қызықты және әртүрлі материалдармен қамтығандықтан, сабаққа қатысушы тіл үйренушілердің тілге деген белсенді талабын және оқу процесінің нәтижелі өтуін дамытады. Оқу материалдарын цифрлық материалдармен қамтамасыз ету оқу ортасын байытуға ықпал етеді, студенттердің оқу жетістіктерін арттырады және олардың мотивациясына оң әсер етеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Akarsu, B. [1998]. Wilhelm Von Humboldt'da Dil-Kültür Bağlantısı. İstanbul: İnkılap Kitabevi.
2. Arslan, M. ve Adem E. [2010]. «Yabancılar Türkçe öğretiminde görsel ve işitsel araçlardan etkin kullanımı». Dil Dergisi, 147, 63-86.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

3. Duman, G.B. [2013]. «Türkçenin Yabancı Dil Olarak Öğretiminde Materyal Geliştirme ve Materyallerin Etkin Kullanımı», Ana Dili Eğitimi Dergisi, 1[2], 1-8.
4. Göçer, A. ve Moğul, S. [2011]. «Türkçenin Yabancı Dil Olarak Öğretimi İle İlgili Çalışmalara Genel Bir Bakış». Turkish Studies, 6[3], 797-810. DOI: <http://dx.doi.org/10.7827/TurkishStudies.2470>
5. Firdevs Güneş, «Dil Öğretim Yaklaşımları ve Türkçe Öğretimindeki Uygulamalar», Ankara Üniversitesi, Eğitim Bilimleri Fakültesi, Mustafa Kemal Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi, Mustafa Kemal University Journal of Social Sciences Institute, Hıl/Year: 2011, Cilt/Volume: 8, Sayı/Issue: 15, s. 123, <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/183308> [18.03.2023.]
6. Melanlioğlu, D. [2008]. «Kültür Aktarımı Açısından Türkçe Öğretim Programları». Eğitim ve Bilim, 33[150], 64-73.
7. Toklu, M. O. [2003]. Dilbilime Giriş. Ankara: Akçağ Yayınları.
8. Tosun, G. [2016]. «Yedi İklim Türkçe Öğretim Seti B1, B2 ve C1 Seviyesi Ders Kitaplarındaki Metinlerin Yabancılar Türkçe Öğretiminde Kültür Aktarımı Açısından İncelenmesi» [Yayımlanmamış yüksek lisans tezi]. Başkent Üniversitesi Eğitim Bilimleri Enstitüsü, Ankara.
9. Tuncay Türkben, Emre Alptekin, «Yabancılar Türkçe Öğretiminde Dijital Öyküleme Aracılığıyla Kültürel Öğelerin Aktarımı», <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/2265012>, [17.03.2023.]
10. Veyis, F. [2015]. «Yabancılar Türkçe Öğretiminde Etkileşimli Çoklu Ortam Materyal Kullanımı», Dil Dergisi, 166[2], 59-67.

## **АҒАШ ҰҚСАТУ ӨНЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ГЕНЕЗИСІ**

*Мағзумов М.М.*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан  
ғылыми жетекші – филос. ғыл. кандидаты, PhD Мұханбет Ә.А.*

### Abstract

Culture, art and many traditions inherited from our ancestors have not lost their significance to this day. However, in the era of globalization, the threat of preserving them unchanged prevails. Their distinctive features have been preserved in the life and crafts of the Kazakh people, being the basis of works of art, and living as a precious sign, passed down from generation to generation.

The article briefly describes the stages of the development of woodworking art and its history and discusses the Kazakh people's main directions of decorative and applied art. In addition, the scientific article systematically analyzes ancient versions of wood products, methods and techniques used by craftsmen in decorative and applied woodworking art.

The study analyzes the masterpiece of modern young craftsmen who continue the art of woodworking from generation to generation which is considered an integral main element of the traditional culture and customs of the Kazakh people.

In the research work, the author made a literary review of the woodworking art of nomadic people, characterizing the stages of the historical development of traditional woodworking art by methods of secondary research, and also defining its role in the Kazakh national culture.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Қазақ халқы – кең-байтақ республика жеріндегі ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы. Бұл процеске әр кезеңде Қазақстан жеріне жан-жақтан келген көшпелі тайпалар мен халықтардың, сондай-ақ, Оңтүстік Сібір, Орта Азия мен орыс халқының да мәдениеті әсер етті. Сайып келгенде, жергілікті көне мәдениет сырттан келген мәдениет элементтерінің сан толқынын бойына сіңіріп, үнемі жақсару, жаңару, жаңғыру үстінде болды революцияға дейінгі қолөнердің дамуына қазақ қауымының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, көшпелі өмір, біртіндеп отырықшылыққа көшу процесі, бұры үстем болып келген тұйық шаруашылықтың ыдырай бастауы, көрші елдермен сауда қатынасының шаруашылық пен мәдени байланыстың арта түсуі және тағы да басқа ішкі-сыртқы факторлардың әсері айтарлықтай ықпал жасады. Ол кездегі қазақ ауылдарының көпшілігінің қаламен байланысы болмады. Сондықтан, олардың өзіне қажетті заттарын, үй бұйымдарының басым көпшілігін қалалардан сатып аларлықтай мүмкіндік болмағандықтан, негізінен, халық шеберлерінің қолына қарады. Олардың белгілі бір қолөнер түріне мамандана кәсіп етуі шеберлердің негізгі күнкөріс көзіне айналатын [1, 5 б.].

Қазақ халқының қолданбалы өнерінің дәстүрлі түрлеріне киіз басу, тоқу, кесте тігу, күмістен әйелдердің зергерлік бұйымдарын жасау, ағашты, металды, былғары мен сүйекті көркем өңдеу жатады. Қазақ халқының өмірінде ежелден беру ағаштан жасалатын бұйымдарының алатын орны ерекше.

Көшпелі мал шаруашылығымен және отаршылықпен, егіншілікпен айналысқан қазақ қауымының күнделікті тұрмысына қажетті бұйымдар көбіне ағаштан жасалған. Сондықтан қазақ қолөнеріндегі кеңінен таралған өнердің түрі ағаш ұқсату болып табылады. Қолөнер шеберлері ағаштан киіз үйлер, шағын жиһаздар, ер-тоқымдар, музыкалық аспаптар мен ыдыс-аяқтар жасады. Азық-түлік сақтауға арналған сандықтар ою-өрнектермен әсемденген, музыкалық аспаптар – домбыра мен қобыз, асадал ыдыс – аяқ шкафтары, ағаш кереуеттердің бөлшектері сүйекпен қапталған.

Арнаулы жиһаз жасайтын шеберханалары болмаса да халық арасынан шыққан шеберлер, ұсталар әр отау, әр шаңырақтың қажетін өтеп, халықты керек-жарағымен қамтамасыз етіп келеді. Жасалған жиһаз көшпенді халықтың өміріне бейімделген, ықшам әрі жеңіл болды. Заттардың барлығы дерлік киіз үйдің ішін әсемдеп көрік беріп сәндеп, үйге ерекше мағыналы әсер береді. Жиһаздардың әрқайсысының орны, қойылатын жері бар, ішіне затты салып жинауға қолайлы болады. Соған орай сыртқы формалары да әр қилы, оюлап нақышына келтірілген. Кебеженің, ағаш төсектің беттері сүйекпен, терімен, не күміспен көркемделіп отырады. Көпшілік ою-өрнектер рельефті, бедерлі болып келсе, ал кейбіреулері әр түсті бояулармен боялады [2].

Сонымен қатар, орманды жерлерде тұратын қазақтардың арасында шеберлер екі дөңгелекті ашық және жабық арбалар жасайтын болған. Бұл туралы ортағасырлық тарихшы Рузбихан былай деп жазған: “бұл елдегі көптеген ағаштар өте берік және мықты. Олардан киіз үйлер орнатылатын әдемі төрт дөңгелекті арбалар жасауға болады” [3, 31-32 б.].

Ағаш ұқсату өнері ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан дәстүрлі қолданбалы өнердің сарқылмас қайнар көзі, халық мәдениетінің айнасы ретінде қазақ мәдениетінен ерекше орын алды.

### **Зерттеу материалдары мен әдістер**

Қазіргі таңда жасалынған археологиялық зерттеулер біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдықтың екінші жартысында Қазақстан даласында материалдық мәдениеті, рухани құндылықтары бар ежелгі малшылар мен фермерлердің (сақтар, скифтер, ғұндар, үйсіндер) өркениеті пайда болғанын көрсетеді. Тұрмыстық заттарды өндіруге арналған негізгі

материалдар ретінде жүн, жануарлардың терісі, сүйектер, мүйіздер пайдаланылған. Киіз және одан жасалған бұйымдар сақ уақытында пайда болды. Тарихшылар мен этнографтар осы кезеңге киіз үйдің пайда болуы мен оның интерьерінің дамуын жатқызады. Эстетикалық қажеттіліктер мен технологиялық дағдылар дамыған сайын киіз үйді безендіру қажеттілігі де туындай бастады, оның безендіру заттары да пайда болып, дамуы қарқынды түрде жалғасты.

Ағаш шеберлері ұстаханада өз кәсіптерімен шұғылданды, онымен бірге отырықшы аудандарда аулалық құрылысты атқарды, ал көшпелі жағдайда шеберлер ескі киіз үйді жиі пайдаланды және қалқаның астында жұмыс істеген. Дегенмен, қазақ қолөнер шеберлерінің күнделікті еңбегінің тым ауырлығының бір белгісі-олардың басым көпшілігінде жабдықталған арнайы шеберханалардың болмауы. Қолөнерші ауылмен бірге көшіп қонып, тапсырыстарды қабылдап, басқа жерлерге елмен бірге кетіп отырды. Бай адамдар әдетте қызына жасау дайындау кезінде алыс жерлерден ең дарынды деген шеберлерді алдыртқан. Кейде өнер иесі еңбегін алдын-ала сатып, ауқатты адамдардан қарызға мал алып, қарымтасын қолөнер бұйымдарымен қайтарып, қажетіне жұмсаған.

Қазіргі таңда қазақ халқының қолөнер табиғатын жан-жақты этнографиялық тұрғыдан зерттеудің ғылым үшін де, өмірлік тәжірибе үшін де маңызы зор. Өйткені қазақтың қолөнері жалпы халық мәдениетінің ішіндегі негізгі салалардың бірі [1, 5 б.] .

Мақалада тарихқа шолу жасай отырып, сапалық зерттеу әдісі арқылы ғылыми жұмыстың “ағаш ұқсату өнерінің қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің қалыптасуындағы рөлі қандай?” деген сұраққа жауап алу мақсатында зерттеудің түрлі әдіс-тәсілдер мен технологиялары кеңінен қолданылып, ақпараттар сараланады.

Зерттеудің мақсаты ағаш ұқсату өнерінің қолданбалы қолөнердің негізгі элементі ретінде оның қалыптасу тарихына тоқталып, мәдени генезисін ашу.

Көзделген мақсатқа жету үшін зерттеу жұмысы аясында атақты ғалымдардың туындылары мен ғылыми-зерттеу бағытындағы еңбектері кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу жұмыстары дәстүрлі ағаш ұқсату өнерінің қазақ мәдениетінде қолданбалы өнердің дамуындағы үлесін анықтап қана қоймай, оның тұрмыс-тіршілікте пайдалану аясын айқындап, дәстүрлі өнердің жаһандану заманында қазақ қоғамындағы қолданысының болмысын нақты көрсетуге ықпал етеді.

### **Әдебиеттік талдау мен зерттеуді талқылау**

Қазақ ұлттық мәдениетінің ең байырғы, аса құнды тармағы ретінде дәстүрлі ағаш ұқсату өнері көптеген ғалымдардың назарынан тыс қалдырмаған. “Тарих патшасы” деген атпен танымал Геродот, аңызға айналған аргиппейлерді сипаттай келіп, былай деп жазды: “Олардың әрқайсысы ағаштың астында өмір сүреді. Қыста ағаш кез келген сәтте тығыз ақ киізбен жабылады, ал жазда жабусыз қалдырылады” [4, 193-194 б.] .

Дегенмен, қазақтың дәстүрлі қолөнер саласының негізі болған “ағаш ұқсату” өнері туралы зерттелген еңбектер мен тарихи қалыптасу кезеңдері туралы ақпараттар әлі күнге дейін жоқтың қасы.

Қазіргі таңда XVI ғасырдың небір ағаш бұйымдарының басым көпшілігі Эрмитажда сақтаулы. XVI ғасырда ибн Рузбихан ханның соғыс жорықтарының біріне қатыса жүріп, мол олжаның мүлкімен қоса қазақтардың он мыңға жуық киіз үйлерінің қолға түскенін мәлімдейді [5, 89-95 б.] . Ал, Джанабаева Ғалия “Искусство народов Центральной Азии” атты еңбегінде киіз үйді сәулет өнеріндегі бірегейлік ретінде қарастырады. Киіз үй - (қазақша “киіз үй”, қырғызша “боз үй”, “қырғыз үйі” түрікмен “ак оу”, “gara оу”, Қарақалпақ “қара уй”, Өзбек “О ‘tov”) Орталық Азия халықтарының көшпенді тұрғын үйлері [6, 22-23 бб.] . Көшпелі мәдениеттің көркем-құрылымдық феномені киіз үй болды. Тұрғын үйдің бұл түрі оңай және тез орнатылады, бөлшектенеді, сондай-ақ тасымалдауға өте ыңғайлы. Киіз үйдің сүйегі, яғни уығы мен керегесі өзен жағасында өсетін

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

әр түрлі талдардан жасалған. Тал, халық тәжірибесі бойынша, киіз үй сүйегін эсауға ең қолайлы ағаш түрі деп танылған. Сондай-ақ киіз үйдің сүйегін ұқсату үшін ағаш шеберлері арнайы ағаш сырықтар мен бұтақтарды, құба талды, сәмбі талды, боз талды, құба талды, ақ талды, теректі, қайыңды және тағы басқа талдарды да пайдаланған. Киіз үйге сүйегін жарайтын ағашты үйшілердің өздері ерте көктемнен бастап әзірлеп, кемінде бес-алты ай, кейде жыл бойы көленкеде кептірген. Киіз үй сүйегіне арналып дайындалатын ағаштың ұзындығы мен жуандығы кереге-уық жасауға жарамды болса болды, ал олардың қисықтығына аса мән берілмейді.

Сонымен қатар, киіз үйдің ішіндегі барлық бұйымдар ағаштан жасалынып, олар тек утилитарлық қызмет атқармаған. Олардың әрқайсысы оюмен безендіріліп, белгілі бір стильдегі қолданатын сәндік элементі болды.



Сурет 1-Қазақтың киіз үйі [6, 22-23 бб.].

Қазақ этнограф, археолог, тарих ғылымының докторы, профессор Халел Арғынбаева “Қазақ халқының қолөнері” атты еңбегінде “революцияға дейінгі қазақ халқының өмір жолы көшпелілік, жартылай көшпелілік, отырықшылық жағдайда өтті. Осыған орай, олардың күнделікті тұрмыста пайдаланған ағаштан жасалатын үй іші жиһаздары мен ыдыс-аяқтары да көші-қонға немесе отырықшылыққа бейімделіп жасалынды” деп ағаш ұқсату өнерінің қазақ халқының ежелгі тарихынан сыр шертетін көне дәстүрлі өнер екендігін айқын көрсеткен. Сонымен қатар, ағаштан жасалған күнделікті керек-жарақтардың қазақ даласында кеңінен қолданылуы жайлы “Decorative and applied art of the Kazakhs Tarbagatai” атты ғылыми мақаласында Меруерт Егизбаева мен Ринат Жуматаев “Тарбағатай қазақтарының күнделікті өмірінде ағаштан жасалған бұйымдар көптен бері қолданылып келеді. Бұның себебі ағаштың қол жетімділігі мен өңдеудің қарапайымдылығында ғана емес, сонымен қатар бұл материалдың жеңілдігі және сапасының беріктігі болып табылады” деп сипаттаған [7, 236-239 бб.].

Қазақтардың көшпелі өмір сүру салты тұрғын үйде ағаш жиһаздарды барынша азайтуды анықтады, бұл былғары бұйымдармен, сондай-ақ тоқымадан жасалған әртүрлі ыдыстар мен сөмкелермен алмастырылды. Көбінесе жиһаз тасымалдауға ыңғайлы болу үшін жиналмалы етіп жасалынды. Жиһаздың тек бет жағы ғана безендірілді, өйткені ол киіз үйдің периметрі бойынша орнатылды [8].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында кең тараған ағаштан жасалған жиһаздардың бірі – төсек ағаш болған. Ел арасында “төсек ағаш” атауы “төсағаш”, “кереует” деп те аталатын болған [9].

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*



Сурет 2-Төсекағаш: ағаш, сүйек, шегелер, ою, кескіндеме, инкрустация, XIX ғ. [6, 22-23 бб.].

Қазақстанның барлық аумақтарында ежелден бері көп жасалатын бұйымдардың бірі-қол сандық. Қол сандықты бой жеткен қыздарға арнап жасататын, ол ұзатылған кезде жасау құрамына енеді. Қол сандықтиар бой жеткен қыздар мен жас келіншектердің еншісіндегі өте сәнді бұйымдардың бірі болып саналған.



Сурет 3 – Әрленбеген қазіргі замандағы кебеже [10].

Қазақ елінің кеңінен тұрмыста қолданатын ыдыстарының бір - саптаяқ. Саптаяқ ағаштан ойылған, тостаған тәрізді сабы бар ыдыс. Оны халық шеберлері қайыңнан, үйеңкінің тошынынан, қара ағаштан жасайды. Ағаш шеберлері саптаяқты жонып болған соң, тұзды суға қайнатып, кептіріп, жылқының майын сіңіріп, майлап қояды. Майлаған ыдыстың өңі ашылып, ағаштың бетіндегі табиғи өрнегі айқындала түседі. Саптаяқты малшылар мал бағуға шыққанда қоржынына салып, қанжығасына байлап жүреді.

Қазір тұрмыста сирек қолданатын, көбінесе мұражайлардан табылып жүрген заттың бірі - күбі. Күбі - көже, ашымал ашытатын, кейде саба орнына қолданылып қымыз, шұбат ашытатын, май шайқайтын, ағаштан жасалған ыдыс. Оның ауыз жағы жіңішке келеу келеді де, дөңгелек қақпағы үстіне піспек өткізетін тесік жасалады. Күбі көбінесе қайың, емен, арша, жидеден жасалады. Материал дайындалып, өлшемін анықтаған соң, керек саймандар: балта, шаппа, шот, сүргі, тағы басқа құралдардың көмегімен тақтай ағаштың екі жағын шауып алады да, сүргілеп, әрбір ағаштың арасын жіп шығармай қосады. Осылайша даярланған тақтай ағаштарды да бір-біріне қосып, түбін орнатып құрсауларын салады. Осылай- ша күбі (шелек) деген атауға ие болады. Ағаш шелекке бөлек құлақ бау орнатып, бау тағады. Бауды көбіне қайыстан жасайды. Шелектің құлағына әртүрлі асыл тас байлау, күмістеу, құрсаулау сияқты әшекейлер жасайды. Ағаш шелекте сүт, айран, қымыз сияқты сусындар ашымайды, дәмі бұзылмайды.

Қазақтың тағы бір көне ағаш ыдысы - қазіргі кезде сирек пайдаланылатын астау. Астау сопақша және дөңгелек бейнемен жасалып, іші терең ойылады. Астауды қайың, терек, қара ағаштан жасайды, жылқының майына қайнатады. Сыртын қырлап, оюлап, әртүрлі өрнек

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

жүргізіп әшекелейді. Сырлап, күмістеп те пайдаланады. Астау дөңгелек болса екі құлағы, сопақ болса төрт құлағы болады. Астауды халық кір жууға немесе тамақ сақтауға да пайдаланған. Сөйтіп, қазақ халқы тұрмыста ыдыс-аяқ бұйымдарын шеберлікпен жасап, пайдаланған. Қазақ халқы кейбір бүркіт жабдықтарын да ағаштан жасаған [11, 20-26 бб.].



Сурет 4- қамыр жаюға арналған “Астақта” және саптыаяқ. Ағаш ұқсату XIXғ. [6, 20-22 бб.].

Ағаштан жасалатын шаруашылық және үй жиһаздары сан алуан түрде әзірленді. Қазақ арасында ағаш ұсталары көптеген құрал-саймандар, әр түрлі жабдықтар және басқа да үлкенді-кішілі үй жиһаздарын жасаған. Қарастырылған жәдігерлердің эстетикалық-бейнелігі мен жарқын ерекшелігі оларды XIX ғасырдағы қазақтардың ағаш ұқсату өнерін жаңа деңгейіне көтерді және оның қарқынды дамуына зор ықпал еткен. Талданған туындылар әлемнің көркем бейнесінде ұлттық ерекшелікті көрсете отырып, дәстүрлі өнердің жалпы әлемдік қазынасына ерекше үлес қосатыны анық.

#### **Зерттеу нәтижелері**

Ағашты ұқсату өнері ерте кезден келе жатқан дәстүрі осы күнге дейін шеберлер арасында сақталып, үлкен сұранысқа ие болған қолөнер түрі. Қазақ халқының қолөнерінде ағаш ұсталығының орны ерекше болды. Қазақтарда ағаштан түйін түйген шеберлер жетерлік. Ағаштан жай қарапайым жұмыс жасайтын “балта шеберлері” болады. Ер жасаушыларды “ершілер”, киіз үйдің сүйегін жасаушыларды “үй ағашшылары” деп атаған.

Шеберлер аралайтын, шабатын, кесетін, бұрғылайтын, ажарлайтын құралдарды пайдаланды. XIX ғасырдың екінші жартысында капиталистік қатынастардың дамуымен, қалалық базардың қарқындауымен байланысты көптеген ауыл шеберлері бәсекелестікті сезіп, ресейлік құралдарды: сүргілерді, қысқыштарды, егеулерді, бұрғыларды, сондай-ақ қайрау және тегістеу станоктарын сатып ала бастады. Техникалық тәсілдерден шеберлер дәстүрлі түрде аралауды, нақыштауды, оймалауды (сұлбалық оймыш, жайпақ бедерлі оймыш, екі немесе үш қырлы шұңқырлы оймыш, сондай ақ көлемді және өтпелі селдір өрнекті оймыш) меңгерді. Сондай-ақ ағашты әшекейлеуді пайдаланды.

Этнограф Х. Арғынбаевтың еңбектерінде ағаштан жасалатын үй бұйымдарының бетін безендіру тәсілінде жергілікті ерекшеліктер бар екендігін музейлердегі сақталған жәдігерлерден көруге болады. Мысалы, еліміздің оңтүстігінде түрлі бояулармен сәндеу, нұсқалы оюлар жүргізу басымырақ болса, солтүстік, орталық, шығыс өңірлерде сүйекпен, күміспен, тастармен көмкеру жиі кездеседі екен. Батыс өңірінде ағаш түрлері аз болғандықтан одан жасалатын бұйымдардың көбіне бедерлі ою ойылып, боялып, көркемделген. Ағаштан жасалатын бұйымдардың бетіндегі ою-өрнектердің мотивтерінде де жергілікті ерекшеліктер байқалады. Оңтүстік Қазақстанда стильденген қошқар мүйіз оюы мен геометриялық фигуралар қолданса, Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстанда



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

стильденген зооморфты люлар басым. Сондақ-ақ Батыс Қазақстанда стильденген зооморфты оюлар өсімдік тектес өрнектермен жақсы үйлесім тапқандығын айқын көруге болады.

Дәстүрлі ағаш ұқсату өнері қолданбалы өнердегі ең күрделісі де, халықтың тұрмыс-тіршілігіне ең қажеттісі болған.

Халық арасында “ел іші-өнер кеніші” дегендей қазіргі таңда он саусағынан өнер тамған шеберлер де аз емес. Олар ата-баба мұрасын көздің қарашығындай сақтап, оны дәріптеп, дәстүрлі өнеріміздің сан мың ғасырлар бойы ұрпақ сабақтастығында ұстау, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мақсатында талмай еңбек етуде. Мұндай ағаш шеберлерін еліміздің барлық өңірлерінен кездестіруге болады: Батыс Қазақстандық Есен Берікұлы-өте сирек кездесетін өнер иесі, ағаш шебері [12]. Сондай он саусағынан өнер тамған қазақ баласының - Әлібек Нұртай. Қолөнермен айналысып келе жатқанына 18 жылдан асқан оның қолынан тек ыдыс-аяқтар ғана емес, көптеген үй интерьеріне арналған бұйымдар жасалған. Атап айтқанда, ою-өрнекпен көмкерілген қобдишалар, кітапқа арналған тұғырлар, түрлі ағаш әшекейлері, кәдесыйлар мен сандықтар, шағын киіз үй мен киіз үй жабдықтары [13].

Дәстүрлі қолөнердің қазақ халқының тарихында ертеректе пайда болып, дамып келе жатқанындығын осы уақытқа дейінгі жасалынған зерттеулерден анық байқағанымыздай халқымыздың сонау мәдени өміріне ой жүгіртіп көрсек, он саусағынан өнер тамған ісмер, зергерлердің, қолөнер шеберлерінің мыс, қола, алтын, күміс сияқты металдардан қорытып әсем бұйымдар мен елін қорғаған батырлар үшін қару-жарақтар, сауыт-саймандар, ертұрмандар соққаны таңғажайып шежіре, естелік болып шертіледі. Олардың көбінің аттары аталмай, тарих беттерінде сақталып қалмағанмен, қолтаңбалары түскен өшпес мәдени мұралары кейінгі ұрпақтар өміріне өнегелі үлгі, әсемдікке баулитын өнер жәдігерлеріне айналуға.

Сондай-ақ еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тұңғыш президент Н. Назарбаев “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” атты мақаласында “Халқымыздың ұлттық салт - дәстүрлері мен тіліміз, музыкамыз бен жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс” – деп ұмыт бола бастаған ұлттық мәдениетіміздің негізі болған өнер салаларының қайта жаңғыруына жаңа серпін бергенді.

### **Қорытынды**

1960 жылдары дербес ғылыми сала ретінде пайда болған күнделікті өмір тарихы пәнаралық зерттеу саласы ретінде қарқынды дамыды. Соңғы онжылдықтарда бұл ғылыми сала әлеуметтік-мәдени процестермен және құбылыстармен байланыста адамның күнделікті өмірінің сан алуан қырларын ашатын көптеген ұғымдармен әдістермен нақтыланды. Зерттеушілер күнделікті өмірдің тарихи эволюциясы мәселелеріне ғана емес, сонымен қатар күнделікті тәжірибе деңгейінде көрінетін қазіргі мәдениеттің өзекті мәселелеріне де назар аударды.

Сонымен қатар, ғылыми айналымға жаңа өте ерекше зерттеу объектілері енгізілді – оларға тамақ, киім кешек, жалдамалы пәтерлер, шопинг жасау т.б ... Мұның бәрі күнделікті өмір мәдениетін зерттеудің қызығушылық саласына айналды.

Күнделікті өмірді зерттеушілер күнделікті өмірлік тәжірибеден, кейде нақты және түсінікті құбылыстардың жаңа белгілерін ашатын жоғары мәдениеттің көрінісін көруге мүмкіндік алады. Мәдениет туралы заманауи білімді оның мамандандырылған және күнделікті салаларын салыстырусыз елестету мүмкін емес, сондықтан «Күнделікті өмір мәдениеті» курсы мәдениеттану бакалаврын кәсіби дайындаудың қажетті элементіне ұсынып отырмын.

Сондай-ақ, күнделікті өмірді адам өмірінің ерекше саласы ретінде сипаттауға болады. Бұл жағдайда ол «адамның бүкіл өмір сүру ортасын, тікелей тұтыну саласын, материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру аясын, әдет-ғұрыптарды, ырымдарды, мінез-құлық формаларын, сана әдеттерін» қамтиды. Бұл жағдайда күнделікті өмір құбылыстардың әр түрлі шеңберін, яғни әдеттегі еңбек қызметі, мінез-құлықтың этикеттік формулалары, кәсіби және тұрмыстық мәселелерді шешу әдістері, ойын-сауық сегменті, сонымен қатар біз өз қызметімізде басшылыққа алатын стереотиптер мен әдептерді қамтиды.

Белгілі әлеуметтанушы Альфред Шюц күнделікті өмірдің нақты түріндегі сипаттамасы күнделікті өмірді дінмен, ойынмен, ғылыми теориямен қатар қояды. Ол күнделікті өмірдің алты белгісін анықтайды:

- 1) сыртқы дүниені өзгертуге бағытталған белсенді еңбек қызметі
- 2) арнайы табиғи қондырғы
- 3) өмірге шиеленісті қатынас
- 4) уақытты нақты қабылдау
- 5) тұлғаның жеке сенімділігі
- 6) әлеуметтіктің ерекше формасы – типтік әлем

Баяндама барысында Берменгем мектебінің негізін салушылар Р. Хоггарт, С. Холл, Л. Альтюсер, А. Грамшидың мәдени талдау әдісі де зерттеу үшін маңызды болды. Сондай – ақ феноменология мен феноменологиялық әлеуметтануда ұсынылған: П.Бергер, Э.Гуссерль, Т.Лукман, А.Шюц еңбектері негізгі алдынды. Сонымен қатар Тарту-Мәскеу мектебінің еңбектерінде Ю.М.Лотман, В.В.Иванов, В.Н.Топоров және т.б. ұсынылған мәдени семиотикалық тәсілі де қолданылды.

Күнделікті өмір мәдениеті - күрделі және сонымен бірге мәдениеттің мәні жеке адамның күнделікті қажеттіліктерінде көрініс табатын, барынша түсіндірілетін категория болып табылады. Оған (күнделікті өмірге) назар аудару қазіргі уақытта болмыстың барлық салаларында көрінетін дамудың әлеуметтік ынталандыруларын мәдени ынталандырулармен ауыстырудың күшті үрдісінен туындайды. Осыған байланысты мәдениеттанулық көзқарас ғылыми түсіндірудің ерекше түрін бөлуді көздейді. , онда қоршаған шындықтың бүкіл онтологиялық қатары мен құбылыстары мәдени кеңістікте негізделіп, мәдениет категориялары арқылы түсіндіріледі [2, 160 б.]

Қазіргі кезеңдегі күнделікті мәдениеттегі модельдердің болу және оның жасалу механизмдерін зерттеу бірқатар салаларда ерекше маңызды болып көрінеді - олар ұлттық, әлеуметтік, тұлғалық, дүниетанымдық аспектілерін сақтай отырып, осылайша мәдениеттің ішкі «өзегін» - сыртқы әсерлерден, белсенділік-функционалдық әсерлерден қорғайды. Мәдениеттің жаңа үлгілерін жасау немесе модификациялау шарттарын белгілейтін платформа олардың күнделікті өмірде бекітілу дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді.

Күнделікті оқиғалар, құбылыстар, нысандар сөзсіз функционалды және тәжірбиелік мақсаттарға жетуге бағытталған. Бірақ олардың маңызы тек утилитарлық ойлармен шектелмейді. Күнделікті өмірде қолданылатын заттардың көпшілігі иесінің мәртебесін көрсетеді сонымен қатар жеке өмірдегі маңызды оқиғаларды есте сақтайды, сондай ақ құндылықтарды, қарым-қатынастарды, идеялар мен идеалдарды білдіреді. Сол сияқты, көптеген күнделікті әрекеттердің өмір сүру мақсаттарынан басқа, экзистенциалды мәні бар болып келеді. Басқаша айтқанда, өмір сүруіміздің әр минутында біз өзімізді құрып, әлемдегі өз орнымызды түсінеміз және оны растаймыз. Ал біздің кез келген іс-әрекетіміз тәжірбиелік мағынадан басқа құндылық-символдық өлшемге де ие болып табылады.

Дегенмен, символдық шындықты жасау күнделікті өмірдің мәдени сипатының дәлелі ретінде қызмет етсе, онда бұл мәдениеттің ерекшелігі оның табиғатқа жақындығына байланысты. Табиғаттан алшақтайтын мәдениеттің мамандандырылған түрлерінен негізгі айырмашылығы, яғни күнделікті өмір мәдениеті табиғи қиындықтармен және адамның биологиялық қажеттіліктерімен тығыз байланысты, өйткені ол «бастапқыда қарапайым тіршілік ету талаптарынан туындайды [3, 47 б.]

Күнделікті өмір – адам үшін бірінші кезектегі адам мен қоғам болмысының ерекше түрі болып табылады. Күнделікті өмірді зерттеудің мәдениеттанулық көзқарасы күнделікті өмірдің құндылық-символдық аспектісі болып табылатын күнделікті өмір мәдениетімен байланысты. Мәдениеттің әртүрлі ұғымдарының ішінде күнделікті өмірдің мәні халықтың,

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

топтың немесе кезеңнің өмір салты ретіндегі идеясына сәйкес келеді. Ол осы нысандардың материалдық деңгейін сондай-ақ нормалардың, құндылықтардың, сенімдердің, нанымдардың, идеялар мен принциптердің рухани деңгейін көрсетеді.

Күнделікті өмірге жақын тағы бір ұғым - бұл жеке өмір болып келеді. Жеке өмір үй мен тұлға аралық жанұя ішілік қарым-қатынастың шекарасымен шектеліп, жақындық ұғымымен байланысты. Көбінесе ол әйелдер мен балалар әлемімен байланысты, ол үшін ол негізгі аймақ болып табылады. Ерлердің күнделікті өмірінде жеке өмір салыстырмалы түрде кеш – яғни Жаңа дәуір кезіңінде пайда болды деп айтуға болады. Нақтырақ жеке өмір тұжырымдамасы негізінен қалалық өмірдегі қоғамдық және жеке салалар қатар өмір сүретін ортада сондай-ақ олардың арасындағы шекара айқын болатын әлеуметтің сол формасына таралады.

Осылайша, күнделікті мәдениет күнделікті өмір сүрудің объективті жағдайлары мен мінез-құлық пен мәселелерді шешудің тұрақты стереотиптік үлгілерін ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірге тән субъективті тәжірибелерді, пікірлерді, бағалаулар мен дүниені қабылдау тәсілдерін қамтитын жалпылаушы ұғым ретінде пайда болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Лотман Ю. М. Беседы о русской культуре. СПб. : Искусство-СПБ, 1994. С. 10.
2. Лелеко В. Д. Пространство повседневности в европейской культуре-ре. СПб. : С.-Петербург. гос. ун-т культуры и искусств, 2002. С. 160.
3. Вальденфельс Б. Повседневность как плавильный тигль рациональности // Социо-Логос. Вып. 1 / сост. и общ. ред. В. В. Винокурова и В. Ф. Филиппова. М. : Прогресс, 1991. С. 47.

## **АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ САЯСАТЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КИІМНІҢ КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ШЕШІМІНІҢ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІК ЖАЛҒАСТЫҒЫНЫҢ ӘЛСІРЕУІ**

*Наханова Б.У., Даулетова А.М.  
ҚазҰӨУ, Астана қ.*

### **Annotation**

This article discusses the changes in the artistic and aesthetic decisions of the Kazakh national costume in the 19th and 20th centuries and the causes of this phenomenon.

Тақырыптың өзектілігі. Қазіргі таңда жастар арасында ұлттық болмысты күшейтуге деген талпыныс артып жатыр. Осы мақсатта жасалып жатқан алғашқы қадамдардың бірі қазақтың ұлттық киімін жандандыру болып табылады. Алайда ұлттық киіміміз туралы ақпарат толыққанды қанағаттарлық емес. Ізденіс барысында ХХ ғасырлар тұсында ұлттық киімнің көркемдік-эстетикалық шешімі мен дәстүрлік жалғастығының әлсіреуі байқалды. Әр түрлі тарихи оқиғалардың осы үрдіске әсері қандай болғанын зерттеу маңызды. Бұл қазіргі таңда ұлттық киіміміздің тарихын танып білуге септігін тигізеді деген ойдамыз.

Ұлттық киім – ол өткен ғасырлардағы халқымыздың салт-дәстүрлері, ой-өрісі, өмір сүру салты, ахуалы мен мәдениеті туралы мол ақпарат беретін материалдық мәдениетіміздің жетістігі. Халықтың киім үлгісі әрқашан қоғамда орын алған өзгерістер ықпалының әсерінен трансформацияланып отырды. ХІХ-ХХ ғасырларда Қазақстан территориясындағы




*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

индустрияландыру, ұжымдастыру және орыстандыру саясаттары негізінде орын алған саяси-экономикалық өзгерістер қазақ халқының мәдениеті мен өнеріне әсер етпей қойған жоқ. Бұл қазақ ұлттық киімінде көрініс тапты. Ең алғашқы белгілер қазақ-орыс сауда-саттық қатынастарының дамуымен сипатталады. Қазақ өңірлеріне ресейлік көпестердің тауарлары ене бастады. Бисембаева Л.А. «Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының күнделікті өмірі (1867-1917 жж.)» атты диссертациясында «Өңірдің Ресейдің экономикалық жүйесіне тартылуы, бұл жердегі ортаазиялық саудагерлердің ықпалын әлсіретіп, нарықтан олардың тауарларын ығыстыра бастайды. Осылайша, Жетісудағы сауда негізінен орыс көпестерінің, татар саудагерлерінің қолына көше бастады»-дейді.[1, 79б.] Бұдан қазақ жеріндегі нарықтың басым бөлігін ресейлік көпестердің тауарлары құрағанын түсінуге болады. Бұл ойды Ж.М. Молдағазинаның «Шығыс Қазақстан аумағындағы XX ғасырдағы қазақтардың дәстүрлі костюмінің эволюциясы» атты зерттеу жұмысындағы «Сауда қатынастарының дамуымен орыс киімдері мен бас киімдерінің дайын түрлері қазақ даласына ене бастады. Жас қазақ қыздарының арасына тез тараған осындай бас киімдердің бірі түрлі-түсті зауыттық орамалдар болды.»-деген тұжырымымен толықтыруға болады.[2, 5б.] Фотосуреттердегі қазақ әйелдердің орамал тағу үлгісіне орыс мәдениетінің ықпал етуі байқалады.



Фрагмент. Каспий теңізі аймағының қазақтары. 1920 жыл



XX ғ. басындағы қазақ әйелінің фотосуреттері

Ресейліктердің Қазақстан жеріне келуі өнеркәсіптің дамуына септігін тигізді. Зауыт-фабрика өнімдері дәстүрлі қолөнерді ығыстыра бастады. Осының салдарынан ерекше қайталанбас қолөнер туындыларына сұраныс азая бастады. О.Мұхатованың «Патшалық Ресейдің отарлау саясатының әлеуметтік-экономикалық салдары» атты зерттеу жұмысында Сырдария облысының 1913 жылғы «Шолуындағы» мәлімет аталып өтілген: «Ірі өнеркәсіп орталықтары қазірдің өзінде көшпелілерге фабрикада жасалған мақта және жібек маталар мен киім-кешектер жіберіп отыр. Олар арзандығымен ісмерлік бұйымдарды ығыстырып шығаруда. Соңғы жағдайға байланысты кейбір ісмерлік өндірістерде қазір тоқырау мен құлдырау байқалуда».[3, 42б.] Фабрикалық киімдер ісмерлік өнімдерге қарағанда тиімді болды. Себебі жаппай өндіріс тауарларының бағасы қолөнер бұйымдарымен салыстырғанда анағұрлым арзан болады. Сонымен бірге бір өнімнің өндіріс процессіне жұмсалатын уақыт

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

мөлшері азайды. Сондықтан жергілікті қазақтар өндірістік киімдерге әуестенді. Бірақ осының салдарынан киімнің пішімі мен композициясы өте қарапайым сипатқа ие болды.

Жергілікті қазақ халқының киім пішімі үлкен өзгерістерге ұшырады. Оған әсер еткен маңызды факторлардың бірі көшпелі өмір сүру салтының отырықшылыққа ауысуы болып табылады. Бисембаева Л.А. айтуынша: «XIX ғасырдың ортасынан бастап ер және әйел киімдерінің пішіліп, тігілуінде өзгерістер байқалады. Бұрын жейдемен көйлекке қайырма жағалар салынған болса, енді сәнге тік жағалар ене бастайды.» [1, 80б] Ол, сонымен бірге, XIX ғасырдың ортасынан бастап сәнсалтанат киімдерінде де біршама өзгерістер орын алғаны жайлы айтады. Мысалы, Құрбанғали Халидтің күйеу жігіттің киімі туралы былай дейді: «Күйеу ұрын барғанда киетін киім қазіргі ғұрыпта жоқ, ондай ұзын, кең емес, енді тар киімге кезек тиді». [1, 80б.] Ұлттық киімдердің пішімінің жаңа түрлері енгені туралы А.Сүлейменов «Отаршылдық саясаттың әсерінен қазақтардың өмірі қалай өзгерді?» атты ғылыми мақаласында былай дейді: «XIX ғасырдың ортасында ескі ұлттық киімнің пішімін өзгерту, оның кейбір түрлерінен бас тарту үрдісі байқалды. Ескі киімдердің көптеген түрлеріндегі өзгерістер қарапайым ежелгі туника пішінін күрделіге ауыстырды. Ұзын, кең, ұзын жеңді, атқа мінуге бейімделген киімдердің орнына тар және қысқа, жүруге ыңғайлы киімдер тігіле бастады, ал дәстүрлі баулы бұйымдар саудагерлерден сатып алынған түймелермен ауыстырылды.»[4] Көптеген ұлттық киімдер пішімі өзгерілді, мысалы сырт киімдердің етегі отырықшылық өмір сүру салтына бейімделе отырып қысқарылды. Ерлер қысқа шапандар, ал әйелдер етегі қысқарған камзолдар киді.



1.

1. Ерлер костюмдері (Жетісу, С. М. Дудин, 1907)

КСРО кезеңінде ғасырлар бойы сақталып келген ұлттық киім элементтері қолданыстан шыға бастады. Бисембаева Л.А. айтуынша сұранысын жоғалтқан киім күпі болып табылады: «XX ғасырға таман күпі қолданыстан шыға бастады. Ежелгі киімдердің бірі болып есептелетін шекпеннің пішіні өзгеріске ұшырап, енді оны фабрикалық тығыз маталардан тіге бастайды.»[1, 82б.] Сонымен қатар, А.Сүлейменов маңыздылығын жоғалта бастаған бірнеше ұлттық киім түрлерін атап өткен болатын: «XIX ғасырдың ортасына қарай тақыр жарғақ (құлын терісінен жасалған сыртқы киім), күдері шалбар, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында белдемше, сәукеле бұрынғы маңызын жартылай жоғалтты. Сонымен қатар, қазақтардың киімінде бұрын-соңды белгісіз элементтер пайда болды, оның ішінде қыздар мен жас әйелдердің бас орамалдары, жүн және жібек орамалдар, матадан жасалған белбеулер.»[4] Бұдан ескі ұлттық киімдерді жаңа қазақтарға таңсық киім түрлері ығыстыра бастады деген ойға тоқталуға болады.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*



1. Қазақ сұлтандары орыс шенеуніктерінің өкілдерімен. Санкт-Петербург, XIX ғасырдың екінші жартысы.
2. Қазақтар отбасының портреті. Қазақстан, Жетісу өңірі, Лепсі округі. 1898 жыл
3. Дәстүрлі костюмдердегі ерлер мен әйелдердің топтық портреті. Семей облысы, 1879 жыл. Поляков И. С

XX ғасырдың 30 жылдарында орын алған ашаршылық ғасырлар бойы шындалып келген қазақ ұлттық костюміне үлкен ықпалын тигізді. Көшпелі халықтың дәстүрлі мал шаруашылығы ұжымдастыру әсерінен құлдырауға ұшырады. Мал шаруашылығы ғасырлар бойы көшпелі қазақ халқының негізгі табыс көзі болып келді. Қазақ халқы малды азық қылып, көлік көзі ретінде пайдаланып және мал өнімдерінен алынған шикізаттан түрлі тұрмысқа қажетті бұйымдар мен киім-кешектерді ғана жасап қоймай, көршілес елдерге мал өнімдерін сатып отырған. А. И. Левшин XIX ғасырдың 20-жылдарында тек Сібір қазақтарынан жыл сайын 8 миллион күміс рубльге орыс көпестері 3 миллион қошқар, 150 мың жылқы, 100 мың бұқаны сатып алғанын атап өтті. Сондай-ақ мал терісін, қой жүнін және т.б. шикізат түрлерін сату табыс көзі болып табылған. Ал егіншілікпен айналысу кедейліктің белгісі болып саналғаны туралы Я.П. Гавердовский, Е. К. Мейсндорф, А. и. Левшин атап өткен. 1927 жылғы ауылшаруашылығын ұжымдастыру саясаты және 1928 жылы 27 тамызда «Байлардың шаруашылығын тәркілеу туралы» қаулысы салдарынан мал шаруашылығы құлдырады.. О.Исаевтің бастамасымен жүргізілген комиссиясы мал басының 30% кемігенін анықтап кеткен. О.Исаев 1932 жылы 11 мамырда Сталинге жолдаған хатында «1929 жылғы есеп деректері бойынша Қазақстанда 40 миллион бас мал болған. Ал қазір (1932 ж) небәрі 6 млн. мал қалды...» - деп жазып өткен болатын. Бұл жағдай қазақ халқының экономикалық жағдайының әлсіреуіне алып келді. Тарихта белгілі 1930-1933жж. «Ұлы жұт» орын алды. Әрине осындай ауыр қасірет орын алғанда өнердің дамуы туралы тіпті сөз қозғалмады, себебі халық өмірі үшін күресті. «Аштың ақылы тамағында»- деп бекер айтылмаса керек. Себебі жергілікті халық өнер мен эстетика туралы сөз қозғайтындай жағдайда болмады. Сәйкесінше ұлттық киімнің көркемдік-эстетикалық шешімінде құлдырау байқалды. Оны мұрағаттық фотосуреттерден көруге болады.




1. Ерлер портреті. Қазақтар. Қазақстан. 1934 жыл
2. Базардағы сауда. Қазақстан, Қарағанды облысы, Қарағанды қ. 1932 жыл
3. Баласы бар әйел 1930 жылдардың басы (фото - және аудиокұжаттар мұрағаты]

Фотосуреттерге қарап отырып, қара халықтың киімі жұпыны болғанын байқау қиынға соқпайды. Композициялық шешімі жағынан қарастыра кетсек, пішімі қарапайым, әрі

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

пропорционалды емес. Киімдер қосалқы безендіру элементтерімен байытылмаған және арзан қарапайым маталардан тігілген. Киім көркемдік-эстетикалық және семантикалық мағынасын жоғалтып, тек табиғат құбылыстарынан қорғаныш ретінде қабылданды. Осының салдарынан қазіргі таңда ұлттық киімдегі әр элементтің және ондағы ою-өрнек пен әшекей-бұйымның мән-мағынасын және наным-сенім мен салт-дәстүрдегі орнын айтып жеткізу қиынға соғады. Себебі ашаршылық кезеңінде материалдық және мәдени жағынан қазақ халқы дағдарысқа ұшырап, ұлттық киім туралы дәстүрлік құнды білімдер жалғастығы әлсіреді.

Тарихта қай кезеңде қай ел болмасын, өнерінің дамуы әрқашан әлеуметтік-экономикалық ахуалы жоғары болған жағдайында жүзеге асып отырған. Мысалы өнердің биік шыңына жеткен Италия, Франция секілді Еуропа елдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғарғы деңгейде. Олар дамыған 10 елдің қатарына кіреді. Бүгінде бұл елдер өнердің отаны болып табылады. Ал қайта өрлеу дәуірінде Еуропа елдері өнердің барлық салаларынан өзінің шарықтау шегіне жетті. Бірақ ХХ ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқында экономикалық жағдайы әлсіреуі салдарынан Еуропа елдері секілді өнер салаларын дамытуға мүмкіндігі болмады. Себебі елде байлар мен кулактарды тап ретінде жою шаралары жүргізілді. Осы мақсатта Өлкелік партия комитеті жанынан жасырын үштік құрылды. Салдарынан байлардың мүлкі тәркіленіп, әлеуметтік-экономикалық статусы қара халықпен теңесті. Қазақтардың прогрессивті және ауқатты бөлігі тәркілеу кезінде басқа елдерге қоныс аударуға мәжбүр болды. Ұжымдастыру жылдарында 1 млн. аса адам республикадан тыс жерлерге көшкен болатын. Ал қазақ зиялыларының көпшілігі ХХ ғасырдың бірінші жартысында қуғын-сүргінге ұшырады. Сәйкесінше, қазақ жерінде кедейленген қара халық массасы қалды. Осылайша, біз фотосуреттерден қазақ халқының тек кедей бөлігін ғана көреміз және осы кезеңдегі ұлттық киімді тек осы фотосуреттер бойынша ғана бағалай аламыз.




1. 1922 жылы түсірілген Ахмет Байтұрсыновтың мұрағаттық фотосуреті

2. Қазақ зиялыларының өкілі А. Рамазанов (сол жақта), 1913 жыл.

3. Ахмет Байтұрсынұлы мен қазақ интеллигенциясы. Қарқаралы петициясы. 1905 жыл.

ХХ ғасырдың басында қазақ зиялы қауымының сәні заманауи сипат ала бастады. Оған дәлел ретінде Б. Хинаят және А. Сужикованың «Қазақ халқының ұлттық киімдері» атты кітабынан тұжырымдамасын келтіруге болады: «ХХ ғасырдың басында қазақ зиялылары Еуропаның киім кию дәстүріне еліктей бастады. Олар костюм-шалбар, қайырмалы жағалы ақ жейде, галстук тағуды әдетке айналдырды. Шапанды тастап, пальтоға көшті, атқа мініп жүрмей, күймеге отырды.»[6, 10б.] Жоғарыда көрсетілген архивтік фотосуреттерден гардероб элементтерін анық тамашалауға болады. Осы кезеңде ұлттық киімге деген сұраныс түскені ерекше байқалады. 1926-1941 жылдар аралығында жүргізілген кеңестік индустриализация саясаты өнеркәсіптің дамуына септігін тигізді. Есесіне қазақи қолөнер бұйымдары мен киімдерді өнеркәсіптік тауарлар ығыстырып шығарды. ХХ ғасырдың бірінші жартысында жасалған фотосуреттерге қарайтын болсақ пішімі бірдей жаппай өндіріс өнімдері ерлер қауымы арасында сұранысқа ие болу тенденциясын көруге болады. Бұл кезең «ұлтшыл» деп айыпталатын репрессиялық уақытқа сәйкес келетінін ескерген жөн. Яғни бұл

саясат қазақ халқының қандайда бір ұлттық болмысы бойынша ерекшеленуіне кедергі жасады. Осының салдарынан қазақтың ұлттық киімінің беделі біршама әлсіреді. Бірақ бұған қарамастан қазақтың ұлттық киімінің кейбір элементтері сақталып, тіпті кеңес халқының киіміне аздап болсын әсер етті. Оны М. Алашбаевтің ғылыми мақаласында келесі тұжырымдармен дәлелдеуге болады: «80-ші жылдары чекмен Оңтүстік Қазақстан облысындағы комбинатта көп мөлшерде тігілді. Алайда, өкінішке орай, КСРО ыдыраған кезде комбинаттың жұмысы тоқтады.»; «XVIII ғасырда бешмет казактардың киімінің бір бөлігіне айналды. Мақта жүнімен жылытылған бешмет Ұлы Отан соғысы жылдарында Қызыл Армия сарбаздары киген ватниктің прототипіне айналды. Сондай-ақ, киім гимнастерка (Кеңес армиясының әскери формасы) үшін негіз болды.»[7]



1. 1928 жыл. Қорған облысы. Мерекелік киімдегі қазақ отбасы

2. Народная артистка Казахской ССР, советская оперная певица Бибигуль Тулегенова. 1967 год

3. Роза Бағланова, КСРО Халық әртісі, Өнер көрсету кезінде. Алматы, 1955.

4. Ш. Жиенқұлова "Театральная декада" журналында. 1936 жыл

КСРО кезеңінде қазақ ұлттық киімдерінің кейбір элементтері сәнді болды. Мысалы, Н. Нуртазина «Шынайы дәстүр мен бірегейлікті іздеуде: қазақ ұлттық костюмінің шынайы үлгілерін қалпына келтіру және насихаттау қажеттілігі туралы» атты зерттеу жұмысында «Соғысқа дейінгі кезеңде кеңестік Қазақстанда барлық әртістер басына "тақия" киген: биші Шара (Гүлшара) Жиенқұлова, әнші Гүлбахрам (Күләш) Байсейітова, шығармашылық өмірбаянының алғашқы кезеңінде әнші Бибігүл Төлегенова мен Роза (Хорбиби) Бағланова.»- дейді.[5] XX ғасырдың басында қазақтан шыққан өнер иелерінің сәнге оң әсерін атап айтқан жөн, себебі олар ұлттық киімді кеңестік сахнада паш ете отырып, сәнге еңгізді. Ұлттық тақия қазақ арулары арасында сұранысқа ие болды. Өнер иелері қазақ қыздарына үлгі болғандықтан олардың гардеробындағы көптеген ұлттық элементтер сәнге айналды.

Осылайша, XX ғасырда қазақ ұлттық киімінің көркемдік-эстетикалық шешімі мен қоғамдағы дәтүрлік жалғасы әлсіреді. Пішімі, эстетикалық, сәндік шешімі қарапайым және көркемдік талғамы төмен болды. Костюм - адамның қоғамдағы орны мен жеке даралық қасиетін көрсететін маңызды ақпараттық элемент болып келсе, бұл кезеңде тек утилитарлық қорғаныс қызметін атқарды. Сол себепті киімдер тек ыңғайлы, әрі төзімді етіп жасалды. Осының салдарынан ою-өрнектермен безендіру, кестелеп тігу секілді қолөнер түрлерінің дамуы артта қалды. Аталған жағдайларға байланысты бірте-бірте көптеген ою-өрнектер мен кейбір ұлттық киім түрлері қолданыстан шығып, ұмытыла бастады. Сауда-саттық қарым-қатынас, индустрияландыру, ұжымдастыру, 1930-1933 жылдары орын алған ашаршылық ықпалы қазақ ұлттық киімінің көркемдік-эстетикалық, семантикалық және дәстүрлік маңызына әсері орасан зор болды. Дегенмен, аталған жағдайларға қарамастан ұлттық киіміміз бүгінгі күнге жетіп отырғаны қуантарлық жағдай. Себебі ұлттық костюм әр халықтың мәдениеті мен өмір салтының көрінісі және тереңде жатқан өткен тарихының ізі болып табылады. Қазіргі таңда отандық дизайнерлер ұлттық киім элементтерін заманауи костюмде ұтымды пайдаланып, жаңа формада ұсынып жатыр. Бірақ әлі де қазақ ұлттық

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

костюмін семантикалық, эстетикалық және дәстүрлік жағынан зерттеп жандандыру өте маңызды. Бұл ата-бабамыздан қалған ұлттық киіміміздегі құндылығымызды сақтап, әрі қарай дамытып өркендеуге зор үлесін қосады деп білеміз.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Л.А.Бисембаева.Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының күнделік-тіөмірі.1867-1917жж. – 79б., 80б., 82б.  
[https://kaznpu.kz/docs/doctoranti/bissembayeva/Bissembayeva\\_Dissertation.pdf](https://kaznpu.kz/docs/doctoranti/bissembayeva/Bissembayeva_Dissertation.pdf)
- 2.Ж.М. Молдагазина. Эволюция традиционного костюма казахов в XX в. НатерриториивосточногоКазахстана.  
<http://orient.asu.ru/wpcontent/uploads/sites/2/2016/10/Moldagazanova-Z.M.-Th-e-Evolution-of-the-Traditional-Costume.pdf> – 5б.
- 3.О.Мұхатова. Патшалық Ресейдің отарлау саясатының әлеуметтік-экономикалықсалдары.<https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/18790//1/0/2014//> - 42б.
- 4.А.Сулейменов «Как изменился быт казахов под влиянием колониальной политики?»  
<https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9223>
- 5.Н.Нуртазина «В поисках истинной традиции и идентичности: о необходимости восстановления и пропаганды подлинных образцов казахского национального костюма»  
<https://altyn-orda.kz/v-poiskah-istinnoj-traditsii-i-identichnosti-o-neobhodimosti-vosstanovleniya-i-propagandy-podlinnyh-obraztsov-kazahskogo-natsionalnogo-kostyuma/>
- 6.Б. Хинаят., А. Сужикова «Қазақ халқының ұлттық киімдері» Алматыкітап баспасы, 2011.  
[https://www.almatykitap.kz/upload/files/67724\\_794217\\_15.pdf](https://www.almatykitap.kz/upload/files/67724_794217_15.pdf) - 10б.
- 7.М.Алашбаев «Одежда дошедшая сквозь века» [https://el.kz/ru/authors/marat\\_alashbaev/](https://el.kz/ru/authors/marat_alashbaev/)

## ЗНАКОВАЯ СИСТЕМА В КИНОИНДУСТРИИ

*Нурбеков Д.Д.*

*КазНАИ им. Т.К. Жургенова*

*г. Алматы, Республика Казахстан*

*Научный руководитель – к.филос.н., доцент Божбанбаев Б.М.*

### Abstract

The essay gives a general idea of Cinematography for familiarization with a large circle of readers. Considerable attention is paid to the disclosure of the influence and importance of cinema on society. The essay analyzes different works and heroes of different eras. The essay clarifies the features of Cinema and tells about semiotics in Cinema. In conclusion, the author talks about the iconic system in the film industry for a general circle of readers.

### Введение

Кинематограф это относительно молодой вид искусства в истории Великой Степи. Но нельзя отнять тот факт что на современную жизнь Казахстанцев это искусство наряду с музыкой влияет больше остальных искусств. Экранное искусство с самого момента появления было важной частью человечества. Если КИНО — это развлечение для массы, то для определенного количества людей КИНО - это синтез искусств. Одним из сопутствующих вопросов нации является чем считается Кино в нашем понимании? Какая Семиотика в нашем Кинематографе? И какова наша “Знаковая система в Киноиндустрии”? Что такое Кинематограф? Чем Казахстанский Кинематограф отличается от других?

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

### **Основная часть**

**Кинематограф** - промышленность человеческой деятельности, заключающаяся в создании последовательных движущихся изображений. Не редко упоминается как **синематограф** и **кинтматография**. Названит заимствовано у одноименного аппарата, изобретенного братьями Люмьер и положившего начало коммерческому использованию технологии. Кинематограф был изобретён в конце 19- века и стал особо популярен в следующем веке.

В понимание **кинематографа** :

- киноискусство — вид изобразительного искусства, произведения которого осуществляются с помощью последовательной смене изображений. (В частности, 60 кадров в секунду)
- киноиндустрия (кинопромышленность) — отрасль экономики, производящая кинофильмы, спецэффекты для кинофильмов, мультипликацию, и демонстрирующая эти произведения для зрителей.

Продукт киноискусства создается с помощью кинотехники. Киноведение - наука занимающаяся изучением кино, истории, техник и т.д. Сами же кинокартины могут сниматься в различных жанрах, как игрового, так и документального кино.

Кино называют синтетическим искусством, что подразумевает соединение в фильме элементов всех шести искусств. В результате синтеза традиционных искусств появляется произведение нового искусства - фильм. Фильмы отличаются друг от друга формой, выразительными средствами, композицией. Все фильмы можно разделить на четыре основных вида. Первый вид – художественный или игровой фильм. Второй - документальное кино. Третий - научно-популярное кино, включающее и учебное кино. Четвертый вид - мультипликационное кино.

Художественный (часто называют игровым) фильм показывает действительность в образах, созданных объединенными усилиями сценариста, режиссера, оператора, актера. Игровое кино - вид киноискусства, включающий фильмы эпического, лирического и драматического жанров. Грубо говоря художественный фильм, это своего рода театр на экране. Жанры не имеют четких границ, они могут непрерывно переходить один в другой, соединяясь и разделяясь. В результате один и тот же фильм можно отнести к нескольким жанровым группам.

Мультипликация переводится с латинского языка как «умножение». Слово «анимация» переводится как «одушевление». Одушевляют персонажей художники и актеры. И те и другие, как говорят в кино, находятся «за кадром», зрители их не видят, а герои, которые благодаря им появляются, оживают . Сказка - излюбленный жанр мультипликации . Мультипликация также широко использует жанры сатиры, политического плаката, агитфильма, фантастики и т. п. Сказочная мультипликация развлекает, но одновременно и поучает.

Документальный жанр - один из видов киноискусства, в котором нету роли актера в создание фильма. Героями фильмов, где все взято из настоящей жизни, ничего не выдуманно являются настоящие люди. К документальным фильмам относятся фильмы - портреты о героях нашего и прошедших дней, репортажные ленты о спортивных соревнованиях, фильмы о путешествиях, фильмы-зарисовки, существуют документальные повести, очерки, репортажи с мест событий, интервью, дневники путешествий, политические фильмы и т. д. Режиссер в документальном кино тоже «играет», правда не актерами, а кадрами. Впрочем как и во всех остальных жанров кино. Но здесь важнее всего именно подача Режиссера чем, работа актера.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Научное кино - жанр кинематографии, развивающаяся в четырех самостоятельных видах: научно- популярное, учебное, научно-исследовательское и научно- производственное кино. Научно-популярное кино, служит распространению научных терминов, знаний и достижений научно-технического прогресса в широкие массы. В форме лекции делают и фильмы учебного кино. К виду научно-популярного кино относят также научно-исследовательское кино, под которым чаще всего является съемки научных работ, экспериментов и т. п. Такие киноленты знакомят с научными достижениями и открытиями и представляют интерес не только для специалистов, но и для масс. В научно-популярной кинематографии различают жанры: кинолекция, портрет-очерк об ученом, киноновелла, фильм-исследование и научно- публицистический фильм.

Что ж теперь мы знаем что такое Кинематограф и какие в нем есть жанры и принципы. Позвольте ж мне рассказать вам о нашем Казахстанском Кинематографе.

Первый киносеанс в Казахстана состоялся 22 июня 1910 года в г.Верном (сегодня Алма-Ата), в здании будущего кинотеатра «Марс». В этом же году в городе Кокшетау появился первый летний кинотеатр. А уже в 1911 году в Верном появился «Электротеатр 20-век» – первый регулярно работающий кинотеатр. Однако это были исключительно коммерческие проекты, которые не привели ни к распространению киноискусства, ни к созданию киноиндустрии. В 1930-е годы были построены крупные кинотеатры: в Алматы – «Алма-Ата», «Алатау», «Ударник»; в Караганды – «Казахстан», «Шахтер», в Кызылорде – «Аман-гельды».

Первые шаги в создание казахстанского кино состоялись в 1925 году, когда была проведена хроникальная съёмка V съезда Советов республики, проходившего в Кызылорде . Первый документальный фильм о Казахстане «Пятая годовщина КазАССР», выпущенный ленинградской студией «Совкино» вышел в том же году. А уже 1929 году в Алма-Ате была создана первая киностудия, являвшаяся производственным отделением Всероссийского треста «Востоккино» (в 1934—1935 годах – «Востокфильм»). Были построены лаборатория, монтажная, мультипликационная студия и цех по съёмке надписей.

В 2013-2014 гг. выпускники Казахской национальной академии искусств им. Т. Жүргенова Эмир Байгазин и Адильхан Ержанов своими фильмами «Уроки гармонии» (2013) и «Хозяева» (2014) начинают новый этап развития казахстанского кино, поднимающего острые социальные вопросы общественной жизни. С каждым годом Казахский кинематограф развивается всесторонне и показывает хорошие результаты на международных фестивалях. Но даже это не конец развитию, каждый день появляются новые таланты и мастера экранного искусства и радуется Казахстанских зрителей новыми и уникальными творениями.

В современном мире именно киноискусство является наиболее совершенной системой, способной сочетать в себе различные виды кодов, как последовательно, так и одновременно, а также допускает возможность использования так называемого принципа «двойного кодирования» (ориентация на массового и элитарного зрителя одновременно).

Кинематограф, наряду с театром, литературой, телевидением относится к числу пространственно-временных искусств. Время - один из основных элементов существования и художественного воплощения экранного произведения. Данное искусство состоит из трех компонентов: физическое и психологическое время - непосредственно связанных со зрителем (внешнее), художественное время (время внутри произведения). Другим по важности компонентом является пространство, которое стоит разделить на внешнее (пространство кинозала) и внутреннее (внутрикадровое пространство).

Монтаж - один из наиболее хорошо изученных и, одновременно, вызывающих острые полемические столкновения средств кинематографа. С. Эйзенштейн - один из



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

основоположников и пропагандистов теории и практики монтажного кино - утверждал: «Кинематография - это прежде всего монтаж» .

Монтажное мышление свойственно как писателю, так и художнику, и режиссеру. Связывание слов и предложений, распределение текста по главам и установление их очередности - пример монтажного приема в литературе. В любом правильно построенном тексте информационная нагрузка от начала к концу будет падать, а избыточность (возможность предсказания вероятности появления следующего элемента в линейном ряду сообщения) - расти. Необходимо подчеркнуть не художественная коммуникация подразумевает, что зритель получает новое сообщение, но код, общий с отправителем, дается ему заранее.

Одним из основных элементов понимание «кадр» является граница художественного пространства. Исходя из этого мы можем выделить самое существенное: воспроизводя зримый и подвижный образ жизни, кинематограф делит его на отрезки. Это деление многообразно и своеобразно: для создающих ленту это разделение на отдельные кадры. Они демонстрации фильма сливаются так же, как при чтении стихов стопы сливаются в слова. Для зрителя это - чередование кусков изображения, несмотря на отдельные изменения внутри кадра, воспринимаются как одно целое. Границу кадра часто определяют как линию склейки режиссером одного отснятого эпизода с другим эпизодом. Однако при всем огромном значении монтажа видеть границу кадра только в монтажном соединении будет преувеличением.

С помощью данных элементов шифрование и киноязыка. Мы понимаем почему Кино- это синтез искусств. А уже с помощью данного языка мы с рук великих творцов можем наблюдать великие творения которые полны аллегорий и мифов, нескольких смыслов. В контексте обычных истории о жизни людей, роботов, мутантов, героев и т.д. мы можем найти иные смыслы и подсказки которые нам оставляет съемочная площадка.

Дешифровка кино - своего рода попытка разгадать синтаксис киноязыка а, либо свободная и голая интерпретация, построенная на выстраивании метафор и аллегорий. Где же у «Властелина Колец» образы тоталитаризма и огромной машины государства? - в Сауроне, который высматривает каждого во всем Средиземье. Сауран - власть, бесконечно наращивающий свою мощь агрессией и войной, подготовкой к ней идентичной Гитлеру или железный Бисмарк. В Оке Саурана, в милитаризированных орках без своей головы, в недвусмысленных касках и во внушительном пафосе «зла» мы не видим Третьего Рейха? Это критика, построенная на сходстве двух образов.

Под мифологией незамысловатый читатель вероятно понимает лишь выходящее за область Античности, но миф – не исторический пережиток, а реальность. Как еще говорил Эдмунд Гуссерль в одном из своих докладов о кризисе Европейского духа: мифо-религиозная установка – та установка, которая все еще предполагает настоящее существование, ориентацию на какую-то ограниченную часть мира, но уже упорядоченную. Космос – то, что понятно, приемлемо, допустимо, очевидно; хаос — все остальное.

Мультипликация имеет иную природу, нежели кино, – это самая мистифицированная область визуального искусства, построенная не только на срезе образов с действительности, но и на их мифическом конструировании. Фильтрации воображаемого подлежит все: от образов статичных (персонажи, предметы декора, подручные инструменты), образов-движений (анимация) до образов изменения материи (визуализация воздушных потоков, перетекания воды, испарения и т. д.).

Как и карикатурист, мультипликатор должен уметь выделять сущностные качества объекта. Именно за счет индивидуальности, редукции, упрощения реального образа

создаются образы мультипликационные, к которым добавляются детали, которые улучшают образ. Некоторые мультипликации представляют из себя подвижное плакатное искусство.

Образ дружелюбного и изобретательного моряка Полая – неравномерно сложенного, с трубкой, шпинатом-катализатором силы. Таково представление о моряке – есть особая мифология моряка, нетранслируемая в мультипликации. В гиперболизации отдельных деталей, деталей сущностных, показывается то, что делает моряка настоящим. Карикатурное или сущностное выделение деталей — основа производства мультфильмов прошлого столетия. Ибо такое художественное решение предлагает отличный способ улучшать действительный образ, превращая его в коннотативный конструкт. Персонажу приписываются и другие характеристики образа моряка: постоянный физический труд, нетребовательность в выборе пищи (шпинат становится образом волшебного пайка, зелья, благодаря которому моряк получает силы для тяжелого труда), наличие смекалки из-за необходимости постоянного поиска выхода из неожиданных ситуаций в море.

Так что же можно было бы посчитать знаком в семиотике мифологий кино. Есть энное количество взглядов на проблему: от кинемы (минимально-различимого зрительного образа), просто дискретных объектов (человек, дом, дорога) до образов-переживаний. Но мы понимаем, что мифологии свойственна интенциональность: зритель видит то, что нужно, или то, что он связывает и чему привносит смысл, поэтому, следуя за Людвигом Витгенштейном, наши знаки, объединенные в одно целое, подобны его картинам.

Большое количество кинотеорий внимательна на перцепции стандартизированного зрителя, поэтому здесь нужно довериться самому зрителю, ведь перевод кино на условный французский, русский язык в пропозициональной форме — уже некий результат перцепции. Поэтому понятие киноэкрана как смутной неопределенной семантической поверхности, где знаки схватываются произвольно, а смысл конструируется в голове, наиболее гибко.

Знаки можно описать словами таким образом, чтобы они отсылали к образам, ведь кино срезает реальность, а язык повсеместно хорошо приучен к ее описанию. «Множество людей, смотрящих на постановку»; «тумбочка возле камина»; «телевизор перед диваном»; «экран телевизора, занимающий весь кадр» – все это фактическое, составленное в форму пропозиции. Во втором случае тумбочка возле камина уже обозначает за знак два объекта и отношения между ними, а последний же описывает и отношение объекта к пространству кадра, то есть мы можем произвольно фиксировать не только ситуацию в кадре, но и отношение ситуации к самому кадрированию, к камере, к зрителю.

Даже условная оптика киноаппарата не может исключить этого способа заключения смешанных образов в знаки: «перевернутое лицо, смотрящее в камеру», «камера, прорывающаяся через толпу». Такое схватывание образов-знаков позволяет частично исключить проблему разделения плана выражения и плана содержания в кино.

Несмотря на насыщенную мифическим поверхность экрана, сам зритель становится точкой генерации смыслов – именно он произвольно выделяет отдельные образы в знаки и реконструирует миф и его смыслы у себя в сознании.

#### Список использованной литературы

1. Кинематограф в Казахстане  
[https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%B8%D0%BD%D0%B5%D0%BC%D0%B0%D1%82%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D1%84\\_%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B0](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%B8%D0%BD%D0%B5%D0%BC%D0%B0%D1%82%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D1%84_%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B0)
2. Кинематограф  
<https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%B8%D0%BD%D0%B5%D0%BC%D0%B0%D1%82%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D1%84>

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

3. Киноискусство как знаковая система

[https://studbooks.net/528964/kulturologiya/kinoiskusstvo\\_znakovaya\\_sistema](https://studbooks.net/528964/kulturologiya/kinoiskusstvo_znakovaya_sistema)

4. Фильм как миф.

<https://discours.io/articles/culture/semiotics-of-cinema>

5. Виды кино

<https://teatro-kazan.ru/kinematograf/vidy-kinoiskusstva.html>

## **КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР СЕМАНТИКАСЫ**

*Нурмухамбетова А.Б.*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Р.А. Авакова*

### **Abstract**

The article is devoted to the semantics of phraseological units that are used in written Turkic monuments. The article analyzes phraseological units and their use in some modern Turkic languages. Also, the article examines the history of the study of ancient Turkic monuments.

Көне түркі ескерткіштерінің тілін зерттеу әрбір түркі халқы үшін өзекті. Еліміздің байырғы тарихы, салт-санасы, тіршілік-тұрмысы көне түркі, орта ғасыр, одан кейінгі кезеңдердегі ескерткіштерден көрініс табады. Бүгінгі жаһандану заманында көне түркі жазба ескерткіштер тілін зерттей отырып, тілдік бірліктердің бүгінгі түркі тілдерінде сақталу, даму көрсеткіштерін, ерекшеліктерін салыстыра зерттеу маңызды болып табылады. Түркітануда тілді диахронды, синхронды тұрғыдан зерттеудің маңызы зор.

Қазіргі таңда ежелгі түркі жазба ескерткіштерін зерттеуге деген қызығушылық нәтижесінде олардың таралым аймақтары толыққанды анықталып отыр. Таралым аймағы мен пайда болған кезеңдеріне қарай ежелгі түркі жазба ескерткіштерінің мынадай аймақтарда таралғанын атап өтуге болады:

- Минусинск ойпатынан Алтай аралығы, Батыс және Шығыс Еуропа, Қазақстан аумағында кездесетін түркі ескерткіштері. Бұл ескерткіштер көптігімен ерекшеленбейді;
- Орхон өзені, Енисей өзені, Талас маңынан табылған ескерткіштер.
- Шығыс Түркістан жерінде қағаз және басқа да жазба материалдарына жазылған түркі ескерткіштері. Зерттеу жұмыстарында бұл жазбаларды Шығыс Түркістан ескерткіштері деп атайды.

Белгілі ғалым С.Г. Кляшторный көне түркі ескерткіштерін сол замандағы мемлекеттердің орналасу аймағына қарай жеті топқа бөледі: Шығыс түрік қағанаты ескерткіштері, Қырғыз мемлекетінің ескерткіштері, Құрықан тайпалық одағының ескерткіштері, Батыс түрік қағанаты ескерткіштері, Моңғолиядағы Ұйғыр қағанаты ескерткіштері, хазар-бұлғар руна ескерткіштері [1, с. 44].

Бұл келтірілген ежелгі түркі жазба ескерткіштері әртүрлі тарихи кезеңдерде жазылды. Мысалы Минусинск ойпаты мен Алтай таулары аралығынан табылған ескерткіштер б.з.д I мыңжылдықтың ортасында пайда болса, қалған ескерткіштер VII-X ғасырлар арасында жазылған.

Минусинск ойпаты мен алтай таулары аралығындағы ескерткіштер түрлі петроглифтермен араласып кездеседі. Жартастағы суреттер руна жазбаларымен

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

толықтырылып, бір тарихи ескерткіштерді құрап отыр. Өз кезегінде осы өңірлерден табылған ежелгі түркі ескерткіштерін зерттеу ісін А.С. Аманжолов ұйымдастырып, жазбаның мәнін ашты. Зерттеуші А.С. Аманжолов бұл аралықта табылған түркі жазуларының көне екендігін атап өтіп, құндылығын айқындайды.

Көне түркі ескерткіштерін зерттеу XVII ғасырдан бері басталып, бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Орхон-Енисей жазулары туралы алғашқы деректер 1662 жылдан басталады. Ф.И. Таберт-Страленберг, Д.Е. Миссершмидт, П.С. Паллас еңбектерінде алғаш рет көне түркі жазба нұсқалары жариялана бастады. 1887-1888 Ж. Аспелин бастаған экспедиция Енисей бойындағы ескерткіштерді зерттесе, 1889 Н.М. Ядринцев бастаған экспедицияның зерттеу нәтижесінде Күлтегін және Білге қаған ескерткіштері табылды. 1893 жылы дат ғалымы В. Томсен сыры ғылымға белгісіз жазуларды оқып, талдады. Бұл түркітану үшін тамаша жаңалық болды, кейінгі зерттеулердің бастамасына айналды. Кейін В.В. Радлов көне түркі жазба ескерткіштерін тыңғылықты зерттей отырып, өзіндік ой-тұжырымдарымен ғылыми көпшілікпен бөлісіп отырды. Көптеген ғалымдардың пікірінше, көне түркі жазуы түркілік төл дыбыстарымызға ыңғайланған оңтайлы жазу деп саналады. Бір ғана «к» әрпінің түрлі нұсқада қолданылуы бұл жазудың түркі тілдеріне тән, ыңғайлы жазу болғандығын дәлелдей түседі.

Жырау-әлі қоғамдық ғылымда зерттелмеген, сыры ашылмаған күрделі ұғым. Жыраулар–қазақ этномәдени дамуының ең бір шешуші, кульминациялық кезеңі–тарих сахнасына «қазақ» атымен шығып дербес хандық құру кезеңін сипаттайтын терең рухани құбылыс. Ол өз жанынан өлең-жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі. Махмұт Қашғари жырау сөзін «йарығу», өлең шығарушы, музыкант деп түсіндіреді. Орта ғасырлардағы қазақ поэзиясында жыраулар жетекші жетекші рөл атқарды. Олардың шығармалары дидактикалық сипаттағы философиялық толғаулар түрінде келеді. Жырау толғауларында өзінің замана жайындағы түйгендерін, мораль, этика хақындағы ойларын баяндайды, елеулі қоғамдық әлуметтік мәселелер көтереді. Жырау жаугершілік заманда жорықтарға қатысып, кейде батыр, елбасы бола жүріп, ел қорғау, азаматтық тақырыптарға арналған өлең–жырлар туғызған. Жыраулар қолданған көркемдік тәсілдер оның поэзиясының ішкі мазмұнына орайлас, сәуегейлік, батагөйшілдік түс көру, ырым айту, табиғат құбылыстарына т.б жайларға қарай болжамдар жасауға-көне дәуір жырауларына тән қасиет. Жырау туындылары адам көңілін дөп басар әсерлілігімен, мірдің оғындай өткірлілігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған мықтылығымен, қиыннан қиыстырған көркемдігі және қуатты серпінділігімен ерекшеленеді. Қазақ әдебиетінде жыраулар поэзиясының тұңғыш өкілдері ретінде XV ғасырда өмір сүрген Асан қайғы, Қазтуған есімдері аталады. XVII–XVIII ғасырларда өмір сүрген Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетей жыраулардың поэзиясында отанды қорғау, жат жерді басқыншыларға қарсы күрес тақырыбы ерекше жырланды. XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі–Бұқар жырау жыраулық поэзияны жаңа биікке көтеріп, оның тақырып аясын кеңейте түсті.

XV–XVII ғасырлар этникалық тарихының негізгі мағынасы–қазақ этносының қалыптасуының аяқталуы. Ал осы бір шешуші тарихи дәуірдің рухани, мәдени саласын жетілдіруде жыраулық мәдениет зор қызмет атқарды. Олар осы этникалық бірігу процесінің рухани–идеологиялық іргетасын жасады, Ұлттық сана, менталитет мәселесіне тікелей қатысы болды. Бұл кезеңде халық алғы философия деңгейінен көтеріліп, ойлаудың сезімдік–деректік нұсқасынан арылып ақыл–ойын кемеліне келтіре бастаған. Себебі ислам өркениетіне кіргеніне бірнеше ғасыр өтті. Түркі тайпалары әл–Фараби, Иассауи, Ж.Баласағұн, М.Қашғари сынды ойшыл, философ, ғалым дәрежесіне көтерілген тұлғаларды өз орталарынан шығарып үлгірген еді. Жыраулар өмір сүрген қазақ хандығы кезінде суфизм қазақ мәдениетіне терең тамыр жайған еді. Иасауи дәстүрімен қоса осы дәуірде орталық

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Азия қалаларында: Бұқара, Самарқан, Хиуа сияқты білім–дін ордаларында софы бауырластығы зор белсенділік танытты. Көшпелі қазақтар да осы рухани әсерден тыс қалған жоқ.

Жыраулық, ақындық, өнерде өзіндік өрнегі, қолтаңбасы бар мектептің бірі – Жетісу жыраулық, ақындық дәстүрі. Ауыз әдебиеті жанрының ішінде жыршылық дәстүр ерекше дамуы кезінде жетісу жыр мектебінің кеш дамуына әсер еткен секілді. Олай дейтініміз бұл мектептің негізін салған Күсеп оның баласы Сүйінбайдың өзі тек өздері шығарған дастандарды ғана жырласа, олардың алдында жыр айтушылар туралы дерек жоқтың қасы. Осы тұрғыдан қарағанда С. Мұқановтың пайымдауынша Жетісу жыр айту дәстүріне сүбелі үлес қосқан дарындардың қатарында Түбек, Қабан, Бақтыбай Жолбарысұлын (1842-1902 ж.ж.), Сүйінбай, Жамбылды атауға болады. Бұлар негізгі жыр айтуда, толғау шығаруда өздерінің ерекше қол таңбасын қалдырған. [5,416]

Қазақ халқының сан ғасырларға созылған рухани даму тарихында Жетісу өлкесінің алар орны ерекше. Ежелден ән мен жырдың арқауы болған өңірден талай-талай қара сөздің қаймағын қалқыған саңлақ би-шешендер, өлең сөздің өрісін кеңейткен дүлдүл ақын-жыраулар шыққаны мәлім. Халқымыздың поэзиялық мұрасын байытқан, дәстүрін жалғастырған, атадан балаға ұластырып, айтып жеткізген ақын-жыраулар мұрасында жетісулықтардың да үлесі мол. Ол мұралар ішінде жыраулар мен ақындардың төл шығармалары да, оларға әріден жеткен бағзы жырлар да, сол дәуірде туған эпостың туындылар да болуы мүмкін. Қабан жыраудан бата алған Жетісу жеріндегі ақындық-жыраулық поэзияның аса ірі өкілі – Сүйінбай Аронұлы. Әлеуметтік маңызы зор өлеңдері мен қатар, ірі сюжетті толғау, жырлар тудырған поэзия алыбының туындыларында XIX ғасырда қазақ халқы басынан кешкен үлкен тарихи оқиғалар сипатталған. Ақынның ең мәнді-мағыналы, өшпес ойлы, өткір жыр, толғаулары қазақ халқының Қоқан хандығымен шайқасы үстінде туып, ерлерді ерлікке, бірлікке шақырып, ел жүрегінен берік орын тепті. «Бөрілі менің байрағым», «Барша жұрттың бағы үшін» шығармалары азаматтық үні басым толғаулар. «Ту алып жауға шықсаң сен», «Сұраншы батыр» атты көпке белгілі жырларында ақын ел даңқын асырған ерлердің жауынгерлік ерлік жолын көптің мұрат-мақсатымен үндестіре жырлайды.

Жетісу ақындық, жыр айту мектебін өзіндік өрнегі бар, толық қанды мектепке айналдырған Жамбыл Жабаев (1846-1945 ж.ж.). Бойына біткен ерекше дарын арқасында айтыс, дастан шығару секілді қасиеттерді толық меңгерген ол Батыс, Орталық, Оңтүстік Қазақстан территорияларына кең тараған жыр айту деп аталатын қайталанбас қасиетке қызыға мойын бұрған. Алғаш ұстазы Сүйінбай Аронұлынан (1815-1898 ж.ж.), жеткен «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр» дастандарын өзінше жырлап таратса, кейін Сыр бойына кең тараған «Көрұғлыны» он бес күн, Оңтүстік Қазақстан жыршылары айтатын «Мың бір түн», «Садыр патша мен Жамбыл патша», «Ерназар-Бекет», «Шахнама», «Қыз Жібек», қырғыз жыршылары айтатын «Манасты», Орталық Қазақстан жыршылары айтатын батырлық, ғашықтық жырларының біразын айлап жырлап үлкен репертуар байлығын жасаған. Бұл репертуарларға лайық эпос әуендерінің пайда болуы да Жамбыл есіміне байланысты. [3,496] Жамбыл ұрпақтары мен оның айналысындағы өнер адамдарымен кең араласқан ол Жамбылдың жыр орындауындағы көптеген саз, мақамдарын жете меңгеріп, атасының көптеген толғау, термелерін нәшіне келтіре орындап жүр. Жетісу өңіріндегі атақты тағы бір ақын Бақтыбай Жолбарысұлы 1842 жылы маусым айында Алматы облысы, Текелі ауданында дүниеге келген. Атасы Аңламастан Аю, Жолбарыс, Үден деген үш бала өрбіген. Жолбарыстан Тәттібай тарайды. Ол кезде Талдықорған жағындағы биік-биік таулар ішінде, жыра-сайларда аю, жолбарыс сияқты ірілі-уақты аң-құстар өте көп болған. Аңламас қарияның балларын сондай күшті аңдардың атымен атауында гәп бар. Күш пен айланың

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

заманында аю, жолбарыс сияқты батыр туса екен деп армандаған болуы керек, бірақ оның ұрпағынан Бақтыбай сияқты атақты ақын шығарын, әрине, ол білген жоқ. Жеті жасында жетім қалып, бірнеше жыл Балқаш, Сексеуіл, Шұрық жақтағы нағашыларының қолында болады. Кейін еліне қайтып келіп, бай ағайындарының малын бағады. Жиын-тойларда өлең құрастырып, ақындығын танытады. Ақыры өнері жалшылықтан құтқарып, өлеңнің соңына біржола түседі. Әсіресе, атақты Тезек төремен айтысы (1861) Бақтыбайдың ақындық даңқын бүкіл Жетісу өңіріне әйгілі етеді. Төренің айбынынан ықпай, оның әлсізге жасаған зорлық-зомбылығын бетіне басады. Ақынның өзге де әділетсіз бай, болыс, т.б. мықтыларды әшкерелеген өлең, айтыстары көп. Бақтыбайдың жекелеген толғау, сықақ, жоқтау өлеңдері көп болғанымен, айтыс өнері оны биікке көтерді. Мәйке қызбен, Арыстан, Жүсіпбек, Әсет, Бәйімбет, Қыпшақбай, т.б. ақындармен айтысы суырып-салма шеберліктің, тапқырлық пен батылдықтың айқын үлгісі. Ақынның “Едіге — Нұран” көлемді дастаны да сақталған.

Үмбетәлі Кәрібаев (1889, қазіргі Алматы облысы Жамбыл ауданы Үмбетәлі Кәрібаев ауылы — 1969,) — ақын, Қазақ КСР-інің халық ақыны (1961). Шапырашты тайпасының Айқым руынан. Жасынан домбыра тартып, өлең-жыр шығарған. Ауылда оқып, хат таныған. Бақтыбай мен Тезек, Жамбыл мен Құлмамбет айтыстарын, “Мың бір түн”, “Тотынама” дастандарын жатқа айтып, ел арасына таратты. Орынбай, Иса, Кенен Әзірбаев, Саяділ, Есдәулет, Қалқа, Жақсыбай, т.б. белгілі халық ақындарымен айтысқан. Қырғыз жыршылары Оспанқұл, Жаманқұлдармен шығармашылық байланыста болды. Шығыс әдебиетінің мазмұнында “Үшөнерпаз”, “Патша мен ұрылар”, тарихи сюжетке құрылған “Кемпірбай мен Қисық батыр”, бүгінгі өмірге байланысты “Марқа”, “Мәлікбек” дастандарын шығарды. 1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып, оны жырға қосты. Үмбетәлі шығармалары “Өлеңдер мен дастандар” (1938), “Өлеңдер” (1951), “Өлеңдер мен толғаулар” (1958) деген атпен жарияланды.

Жинақтап айтсақ дарынды ақындар Қабан, Сүйінбай, Бақтыбай, Жамбыл, Үмбетәлі, Құлмамбет т.б. шығармашылығы қазақ жыршылық дәстүрінде, қазақ поэзиясында ерекше еленіп, ғасырдан ғасырға тарих көшімен бірге ілесіп, ұрпақтан - ұрпаққа ұласып мәңгі жасай бермек. ал Жетісуда сал-серілердің тұяғы атанып кеткен атамыз Кенен Әзірбайұлыда жетісу өңірінің жыраулық дәстүрін жалғастырған және де жыршылық өнерге қосқан үлесі мол. Алған тақырыбы, оны жырлау тәсілі, өмір құбылыстарын тануда тек бұрынғы өлшем түсініктермен ғана келмей, оған шешім, кілт іздеуі ақынды біраз жаңа қалыпта танытады. Мәселен өмір, болмыс, оның адам тіршілігіндегі көрінісі, жақсы-жаман жақтары, саналы жанның әдемілікті қабылдау, толғаныстарға барады. сезімге байланысты көп дүниелердің эстетикалық талғамы зор, халық поэзиясының тіл байлығы жете меңгерген ақын өз шығармаларында әр кімнің қолынан келе бермейтін шеберлік табады. Ол дайын, дағдылды сүрлеумен жүре бермей, қалыптасқан бейнелі сөз үлгілерін өзгертіп құбылтып пайдалануда, өмір шындығын нақтылы сипаттау үшін поэзия тілінде өзіндік өрнек-нақыштар іздеуге тырысқан. Кенен Әзірбайұлы «Сүйінбай мен Тезек төренің кездесуі», «Тезек төремен Бақтыбай ақын», «Тезек төре – Түбек -Құлмамбет», «Құлмамбет ақынның Шабдан батырға айтқаны» және өзінің жырларын, қазақтың «Ер Төстік» жырын, қырғыздың атақты «Манас» эпосының бір бөлігін жырлаған жыршы. Ол осындай жыршылық өнермен бірге халықтың әншілік дәстүрінің бұзылмаған, ешқандай қоспасы жоқ ең соңғы өкілі ретінде де танылды. Дарынды атамыз Жетісу өңіріндегі әншілік мектепті дамытады. Әнің туын ақиық ақын Сүйінбай көтерген сөз тұрғысын-ақындық биігіне апарып тікті. Осылайша оның бойында қыранның қос қанатындай екі өнер жарастық тапты.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. - СПб., 1859. - С. 131

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

2. Жирмунский В.М., Зарифов Х.Т. Узбекский народный героический эпос. - М.» 1947.
3. Смирнова Н.С. Очерки казахской литературы ХУШ века. -Алма-Ата, 1951
4. Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. –Алматы: 1996. –240 б.
- 5 . Мұқанов С. Халық мұрасы. –Алматы: Қазақстан, 1974. –236 б.

## **ОСОБЕННОСТИ ЯЗЫКОВЫХ СРЕДСТВ СОВРЕМЕННОЙ ПРЕССЫ**

*Төреханова Н.С.  
КГУТИ им. Ш. Есенова  
Ақтау, Қазақстан  
научный руководитель - к.филол.н., доцент Абаева М.К.*

### **Abstract**

The article describes the language of the functional and style modern press. Particular attention is paid to the texts of a political nature and use in their expressive language lexical resources. Separately stated on the role and place of the journalistic metaphor in contemporary press.

Начиная со средств массовой информации как телевидения, пресса, радио и т.д., публицистический стиль является очень сложным и многообразным функциональным стилем. Но почему интерес к изучению текстов газет под лингвистическим углом до сих пор не теряет актуальность?

Для начала начнем с того, что такое функциональный стиль и что он из себя представляет. Со времен школы известно, что обычно выделяют пять видов функциональных стилей речи, отличающихся целями общения, средствами выражения, употребляемой лексикой и областью использования: научный, официально-деловой, публицистический, разговорный, художественный.

Если коротко описать каждый функциональный стиль, то каждый отличается жанровыми разновидностями и используемыми ресурсами. Например, научный стиль- это стиль научных сообщений, основанных на том или ином исследовании, подкрепленные истиной, основанных проведенных экспериментах и в изучении заинтересовавших ученых вопросов, к нему относятся научные монографии и учебные тексты и т.п., официально-деловой используется для информирования в официальной обстановке, в таких областях как законодательство, административно-правовой деятельность, в частности он служит для оформления документов: законов, приказов, справок, деловых писем и т.д., публицистический стиль - это язык средств массовой информации, который встречается в виде статьи, очерка, репортажа, ораторской речи и т.п.

Исходя из этого, функциональные стили имеют свои отличительные черты, свою специфичную лексику и синтаксическую структуру, область использования, которые более или менее реализуются в каждом жанре данного стиля. Тем не менее, являясь богатым и гибким, в русском языке нет абсолютно чистого стиля, который не выходил бы за рамки шаблонов, рамки которых довольно размываются в зависимости от ситуации. Они все в малой или большой степени переходные, допустим, один стиль может использовать лексику, стиль другого, как и наоборот, или менять значение слов, тем самым делая речь более красочной для приспособления к сложившейся ситуации.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

Самым сложным, на наш взгляд, в стилевой системе русского литературного языка является публицистический стиль, с этим согласны специалисты Кожина М.Н. и Костомаров В.Г., которые отмечают, что данный функциональный стиль «...оказывается особенно сложным и разветвленным, с многочисленными переходными, межстилевыми явлениями» [1]. Ему свойственна «материальная неоднородность, заданная гетерогенностью, стилистическая антигомогенность» [2], что также является актуальным и на сегодняшний день. Так как газетно-публицистический стиль ориентирован на широкую публику читателей, язык должен быть общедоступным, и как всем известно, несет в себе две основные функции информирующую и оказывающую воздействие на читателя [3], а из-за функции воздействующей, язык современной прессы является очень гибким, приспособляемый и инновационный.

Мы упоминали ранее, что одна из главных функций публицистики является информативность, «язык прессы отличается своей шаблонностью и каноничностью письменной речи» [4] пишет Винокур, они заполнены штампами, это объясняется тем, что газеты выпускают еженедельный и серийный продукт, невозможно непрерывно в такие короткие сроки выпускать что-то новое и правильное, также необходимо чтобы информация была короткой, четкой и точной для того, чтобы сообщение довольно быстро могло охватить массовое количество читателей достигли понимания авторской мысли.

Рассматривая язык СМИ, мы уже коротко разобрали идеи Винокура о стандарте (штампах), как о главной особенности языка газеты, вместе с тем отмечают, что, кроме как информирующей функции, языку газеты характерна и другая, не менее важная функция – функция оказания влияния. Концепцию диалектического единства экспрессии и стандарта которую В. Г. Костомаров выдвинул как основу газетного языка: «Модель газетного языка раскрывается как обязательное и прямолинейно-постоянное соотношение стандартизованных и экспрессивных сегментов речевой цепи, их чередование и контрастирование, характер которого в деталях материализации зависит уже от частных особенностей моделируемой газетной действительности. Иными словами, ее языковая модель — газетный язык - создается (...) ориентацией на экспрессию и стандарт, составляющий единый конструктивный принцип» [2]. Нельзя забывать что, сама пресса подразумевает коммуникационный акт между читателем и журналистом, и нет лучше способа налаживания связи с читателем, чем создание эмоциональной связи с аудиторией, а эмоциональная окраска речи это прежде всего экспрессия чувств (положительных, отрицательных), попытка воздействия на мнение или оценка данного вопроса. Об этом пишет Шмелев Д.Н.: «Присущая публицистическим произведениям направленность на воздействие и убеждение устанавливает особые взаимоотношения между сторонами общения - обращающимся с речью и адресатом речи. Это не констатирующая, а императивная речь, она призвана не только сообщить о чем-то и не только выразить отношение к сообщаемому, но и внушить это отношение адресату» [5]. Все выше сказанное делает язык прессы релевантной, бросающейся в глаза и делает ее креативной.

Об экспрессии языка газеты также пишет Г.Я.Солганик, выделяя роль разговорной лексики как наделяющей речь выразительностью: «Широкие возможности разговорной лексики объясняются тем, что в газетно-публицистическом стиле, книжно-письменном по своей природе, она выступает как маркированная. И поэтому ЛЮБОЕ разговорное слово в газетной речи экспрессивно, обладает известным потенциалом выразительности. Многообразие использования элементов разговорной речи в публицистике объясняется также общей демократической окраской, простотой, доступностью разговорной речи – качествами, важными для языка средств массовой информации» [6].



*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

В газетно-публицистическом стиль невероятен своим возможными любимыми стилистическими окрасками, от низких до высоких, причем само сочетание носит нарочитый конфликтный характер. Так, например, только лишь в одной статье **«Блэкджек с тремя топорами»** («НОВАЯ ГАЗЕТА», №19, 07.05.2022г.) сочетаются с одной стороны, такие нейтральные слова, как *борьба, онлайн-казино, рекламодатель, банки, платежные системы, легализовать, патологическое влечение*, а с другой стороны, такие эмоционально-оценочные и разговорно-просторечные слова, как *лохотрон, отмывочные, пагубная практика, финансовый омбудсмен, выкорчивать*.

В собственно информативных жанрах преобладает стандартный язык, используются в основном стилистически нейтральные языковые средства, лишённые эмоциональной окраски. Например, статья «Трагедия в Шереметьево»

«Вечером минувшего воскресенья принадлежащий «Аэрофлоту» самолет SSJ-100 совершил аварийную посадку в Шереметьево спустя некоторое время после вылета из Москвы в Мурманск. Разрешение на возвращение в аэропорт вылета командир экипажа запросил из-за технической неисправности. Во время посадки у лайнера подламили стойки шасси и загорелись двигатели. Огонь перекинулся на фюзеляж. На борту находились 78 человек, включая пять членов экипажа, 41 из них погиб. Список выживших пассажиров размещен на сайте «Аэрофлота». Вчера в экстренных службах сообщили, что они извлекли тела всех погибших из фюзеляжа самолета» («ВРЕМЯ», №69, 07.05.2022г.)

Однако и такие материалы оживляются экспрессивными заголовками: *«В главных ролях»* - информационная статья о выдаче удостоверений кандидатов в президенты - («ВРЕМЯ», №69, 07.05.2022г.); *«УШЕЛ ИЗ ЖИЗНИ – Ум, Честь, Совесть и ... «НАРОДНЫЙ АКИМ»*» - о кончине бывшего мэра города Караганды; («ДАТ»- №17 06.05.2019) *«Жизнь в Перу неподвластна перу»* - («ВРЕМЯ», №171, 01.11.2022г.); *«Дон Кихоты эмиграции и ее Франкентейны»* («НОВАЯ ГАЗЕТА», №19, 07.05.2022г.), *«Аргументы и факты» №46, 2022 г.*

Газетная речь может быть выражена экспрессивными средствами в различных формах. Рассмотрим некоторые из них.

Изучение метафоры показывает взаимосвязь лексико-семантических процессов и социально-политических изменений, поскольку метафора наиболее эффективна как средство отражения изменений в жизни общества.

На сегодняшний день часто встречающаяся в газетно-публицистическом тексте становится, **«политическая метафора** это речевое воздействие с целью формирования у общества либо положительного, либо отрицательного мнения о той или иной политической единице (политике, партии, программе, мероприятии)»[7] - пишут Лакофф, Дж., Джонсон, М..

Характер политической метафоры представлен в следующем примере:

*«Заг. Никакой митинговщины!»* – о выступлении ветеранских организации против политических акций – средствами экспрессии служат: активизация некоторых типов словообразования, таких как универбация с суффиксами -ик (бáнтик), -уха (комнатуха), -щина (дедовщина), в данном случае используется суффикс -щина несущий в себе оттенок собирательности и неодобрительности и риторические восклицания.

*«Мы, ветеранские организации, ответственно заявляем, что не позволим использовать святой праздник 9 мая для каких-то политических инсинуации и митингов. Это священный день памяти погибшим в Великой Отечественной войне, и превращать его в политическое шоу – полное кощунство и варварство по отношению к нашим дедом и отцам, погибшим на полях Великой Отечественной войны.*

«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.  
«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»

Мы не позволим никому устраивать **политические торги** на 9 мая с использованием акции «Мәңгілік Даңқ – Бессмертный полк Казахстана»...» («Время» №73 15.5.2022).

Латышева А.И. пишет: «Более широкий диапазон и большая частотность в использовании экспрессивной лексики, как новый показатель актуализации языка современной прессы, одновременно сопровождается более тесным, чем ранее, совмещением лексики разных стилей, выстроенным на противопоставлении средств. При этом возникают контрастные словосочетания различной стилевой окраски[8], например, *инсинуация* – (от лат. *insinuatio* - букв. - вкрадчивость), клеветническое измышление, злостный вымысел. (БАС); синоним слова *диффамация* — публичное распространение сведений, порочащих кого-либо (Современный толковый словарь русского языка Ефремовой), *клевета*, книжн. (Словарь синонимов), кощунство -.. оскорбление религиозной святыни, (образовано в старославянском). (БАС); *варварство*, варварства, мн. нет, ср. (книжн.). Варварское отношение к культурным ценностям, разрушение их.(син.) грубость, дикость нравов; поведение варвара - с пометой «книжное» (СО), приобретает отрицательную окраску. Термин *инсинуации*, метафоризация с лексикой *политическое шоу*, *политические торги*, с разговорным словом *кощунство* и *варварство*. Также повторение слова *политический* три раза, усиливает параллелизм и приобретает в контексте отрицательную окраску, благодаря этим средствам объект характеристики – митинги - предстает как интриги, заговоры тайно борющийся за власть.

Исследованный газетный материал продемонстрировал появление новых в тематическом отношении метафор: концептуальных полей, которые приспособляются к контекстам современной политической тематики. Например: «Спорт и азартные игры» - «Заг. Прыжок в элиту», «Театр и зрелища»- «В этой дуэли решалось ...», «Человек - больной организм» - «Подзаг. Обострение конфликта», «Сутки станут критичными», «Быт» - «Виток насилия» «Природа» - «Актюбинская полиция в очередной раз перехватила пальму первенства по коррупционным правонарушениям.», «Ирреальный мир» - «Снизить градус разговора» («Время» №73 15.5.2022).. Метафоры традиционных концептуальных полей «Война» - «Подзаг. ...завоевала путевку в высший дивизион», «Разгромили Литву». Часть метафор создана на основе специальной лексики, которая вступая в контекстуальные связи с общеупотребительной лексикой современного русского языка.

В газетном тексте политическая метафора функционирует как лексико-семантическая единица, так как процесс метафоризации (образование метафор и их употребление) обусловлен прежде всего семантическим фактором слова. Подавляющее большинство метафор развивается из слов конкретной семантики («Бюрократия – как лернейская гидра», «убогость и серость окружающей действительности», «Да такие, что душу прожгли!» и т.д. «Комсомольская правда» №50 15.05.2022).

В газетном тексте политическая метафора функционирует как лексико-семантическая единица, поскольку процесс метафоризации (формирование метафор и их использование) обусловлен прежде всего семантическим фактором слова. Подавляющее большинство метафор развиваются из слов специфической семантики «...хроническую проблему», «Заг. Полный брак», «Подзаг. Его Величество план»..).

По отношению к употреблению слова в метафорическом смысле различают две группы слов:

А) слова, образное, переносное значение которых зафиксировано в толковых словарях);

Б) слова, образное значение которых не зафиксировано толковых словарями.

Оценочный характер метафор может определяться наличием у слова в его прямом значении тех или иных коннотаций. Содержащаяся в метафорах оценка является образным

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жүргенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

представлением чувства-отношения к обозначаемому классу объектов, а, следовательно, осознанной эмоцией.

Таким образом, мы приходим к заключению, что публицистический стиль тесно связан с внеязыковой реальностью. Это обуславливает его постоянное развитие. Политические преобразования последних лет привели к ощутимым переменам в контенте газет и характере функционирования публицистического стиля.

Анализ прессы показывает, что в газетах представлены новостные и информационные материалы, но в статьях преобладают аналитические, критические, и политические дебаты. Главной особенностью такого типа текстов является экспрессия.

Язык современной прессы характеризуется разнообразием и новизной выразительных ресурсов, во многом обусловленных идеологическим плюрализмом, изменением роли СМИ в обществе.

На материале газет выявлены несколько тенденций развития современного журналистского стиля.

Прежде всего, это усиление функции воздействия по сравнению с информационной. В результате возрастает роль выражения в текстах.

Специфика анализируемых газет заключается в том, что ведущую роль в них играют такие выразительные ресурсы, как политическая метафора, фразеологические единицы, авторские неологизмы и др. Политическая метафора в анализируемых текстах наряду с традиционной функцией средств выражения наиболее точного, адекватного смысла приобретает новую функцию-скрытой речи. Большинство изученных нами метафор приобретают в контексте негативную эмоционально-оценочную коннотацию.

Газетная публицистика характеризуется антропоцентрическими фразеосемантическими полями, что свидетельствует о стремлении автора публицистической речи влиять на сознание и эмоции читателя. Случаи аналитического преобразования различались. Происходит ироническое переосмысление традиционных фразеологических единиц.

Большинство анализируемых примеров показывают явное доминирование негативной экспрессии и ее скрытый характер. В этой связи проблема реальной, а не декларативной независимости средств массовой информации остается нерешенной и очень важной.

#### Список использованной литературы

1. Кожина М.Н. Стилистика. - М.: Прогресс, - 1983. - 220 с.
2. Костомаров В.Г. Русский язык на газетной полосе. Некоторые особенности языка современной газетной публицистики. - М.: Из-во Моск.ун-та, 1971. -267 с.
3. <http://cyclowiki.org>
4. Винокур Г.О. Культура языка. - М.:ЛКИ, 2006. - 352 с.
5. Шмелев Д.Н. Современный русский язык. Лексика: Учебное пособие. - М.: Просвещение, 1977. - 335 с.
6. Солганик Г.Я. Стиль репортажа. М., 1970
7. Лакофф, Дж., Джонсон, М. Метафоры, которыми мы живем [Текст] // Дж. Лакофф, М. Джонсон. — М.: Едиториал УРСС, 2004. — 256 с.
8. Латышева А.И. Язык современной прессы.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ**

**Т.Тиыштыков**  
**Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА**  
**Алматы қ-сы, Қазақстан Республикасы**  
**ғылыми жетекші – филол. ғ. к., профессор Шота Қ.Н.**

### **Abstract**

Writing is a tradition and trend that has been preserved and continued since the Middle Ages, this type of writing is understandable to the literate community with the "old writing" system, for any ordinary person, children and its development. The article pays special attention to the "purity of the Kazakhs" and the principle of literacy of writing.

Ахмет Байтұрсынұлының есімі – ағартушылық, демократтық қозғалысқа, қоғамдық-элеуметтік өмірге белсене араласқан педагог-ғалым, білім таратудың тиімді жолдарын қарастырушы әдіскер ретінде қазақ тілі мен әдебиетінің тарихын, теориясын, халықтың көркемсөз мұрасын зерттеушісі ретінде де танымал. Сондай-ақ алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарын жасаушы, аудармашы.

Белгілі қоғам қайраткері, ғұлама түрколог, жазушы, публицист, ағартушы-педагог Ахмет Байтұрсынұлы өз халқына адал еңбек етті Ол өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып, кемелденуіне бағыштады. Ауыл мектептерінде, семинарияларда бала оқытты, оқу тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді, «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» атты кітаптарды қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы көптеген мақалалар жазғандығы да көпке аян.

А.Байтұрсынұлы алғаш ағартушылық ой-пікірлері сонау 1913-17 жылдары Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларынан айқын көрінеді. Ол туған халықының білім-ғылымға ұмтылуын әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек» – деп жазды [1].

Болашақ қайраткер Ахмет Байтұрсынұлы әкесінің інісі Ерғазының тәрбиесінде болып, 1891 жылы Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесін бітіреді.

Ерғазы дүниеден озған соң, көптеген қиыншылықтарды бастан өткерді. Сол қиындықтарға қарамастан, оқу-білімге деген ынта-жігері арта түсті. Қалайда халққа, болашақ ұрпаққа білім нұрын себуді арман етті. Осы мақсатты арқалап, арман іздеп, Орынборға барады. Ондағы ойы – Ыбырай Алтынсарин салдырған мұғалімдер даярлайтын - «Учительская школа» деген оқу орнына түсу болатын. Арманы орындалып, онда төрт жыл оқып, 1895 жылы бітірісімен өзге қызметке бармай, тек ағартушылық іске кіріседі. Сөйтіп 1896 жылдан бастап Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерде, екі кластық училищелерде мұғалім болады. Осылайша Ұлы ұстаз өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім- ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісіне және дамып жетілуіне бағыттады. Алғашында ол ауыл мектебінде, семинарияларда бала оқытты, көп ізденді. Сол ізденістерінің нәтижесінде «Әліпби», «Тіл құрал» атты кітаптармен қатар, қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы мақалалар жазды.

1912 жылы мектеп балаларына қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазған соң, көп ұзамай енді мектепті қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Морфологияға арналған 2-бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған 3-бөлімі 1916 жылы басылып шығарылды [2].

1913 жылы Байтұрсынұлы Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, қалың қазақ зиялыларының қолдауымен Орынборда тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» атты газетін шығарды (Ол 5 жыл бойы осы газеттің жауапты редакторы болған. Ахмет Байтұрсынов алғаш ағартушылық ой-пікірлері) жарияланған мақалаларынан айқын көріне бастайды. 1918 жылдың күзіне дейін шығарылып тұрған «Қазақ» газеті ұлттық қоғамдық-саяси және ғылыми-әдеби басылымдардың негізгі газетіне айналды. Айтар болсақ, «Қазақ» газетінде жарияланған «Оқу жайы» деген бас мақаласында мәдениетті елдермен мәдениетсіз, оқу-білімсіз елдерді салыстыра келе, «Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның бар байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші. Мұның себебі, бұл заманда не нәрсе болмасын машинаға айналды. Адам баласын көкке құстай ұшырған, суда балықтай жүздірген – ғылым. Дүниенің бір шетінен бір шетіне шапшаң хабар алғызып тұрған да ғылым. Отарба, откемелерді жүргізген ғылым», – деп, өнер мен ғылымның өзара жақындығына тоқталып, көпшіліктің назарына «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» дегенді ашықтан-ашық еш бүкпесіз жайып салды. Қазақтың басқа жұртқа жем болуының, теңдіктен құралақан қалуының басты себебі – білімсіздік дегенді алға тартты. Сөйтіп туған халқының ғылым-білімге деген ұмтылысының арта түсуіне және әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім ауын көкседі. Сөйтті де: «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек, – деп жазды [3] Алайда сол кездері ауылдық жерлерде білім беретін мектептердің жағдайы сын көтере бермейтін. Автор бұл мақаласында оқу-білімнің қажеттігін, болашақ үшін қаншалықты керек екенін жан-жақты түсіндірді. Халықтың әл-ауқатын, тұрмыс жағдайына келіп: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, ал сол шикізаттан жасалған өнімді 2-3 есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік», – дейді.

1926 жылы Бакуде болған түркологтардың Бүкілодақтық I съезіне қатынасып, бірнеше комиссия жұмысын басқаруы, Қазақстан оқу-ағарту комиссариатындағы жұмысы – осының бәрі оның қоғамдық, мәдени, ағартушылық, ғалымдық қызметінің алуан түрлі қомақтылығын аңғартады.

А.Байтұрсынұлының көтерген тағы бір өзекті мәселесі – мектепте қазақ балаларының өз ана тілінде оқытудың қажеттігіне ерекше назар аударды. Мектепте ана тілінде оқыту үшін алдымен қазақша жазу таңбаларын, яғни әліпбиді жасап шығуды қолға алды. Содан соң балаларға осы таңбаларды танытып, сауатын ашатын әліп-биден бастап, сол тілді пән ретінде үйрететін грамматика оқулықтарын жазу керек болды Ол кісінің сол кездегі ұсынған әліпбиі бүгінге дейін өз мәнін жоғалтпастан, мектептерде оқытылып келеді.

1912 жылы мектеп балаларын қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазғаннан кейін көп ұзамай мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл – құрал» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көреді. Ол әрі қарай бірнеше рет басылған, 1927 жылғы Қызылордағы басылымы 7-нші деп көрсетілген.

«Тіл – құралдың» қазақ тілінің морфологиясына арналған II бөлімі бұдан да бір жыл бұрын 1914 жылы баспадан шыққан, оның 1927 жылғы басылымы 6-нші деп көрсетілген. Синтаксиске арналған III бөлімі де бірнеше басылым көрген. Оның 6-басылымы 1928 жылы Қызылорда-Ташкенттегі «Казгосиздаттан» шыққан. «Тіл – құрал» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін автордың өзі де ескертеді. Оқулықтың «Сөз басы» деп аталатын алғы сөзінде: *«Тіл – құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде осындай жат көрінер, өйткені*

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

бұл – қазақта бұрын-соңды болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалатын», – деп жазады [4].

Ахмет Байтұрсыновты біз өзі ұлтының жанашыры, оқу әдістемесінің ірге тасын қалаушы, оқулық жазудың білгір маманы ретінде танимыз. Ғұлама ғалым, әдіскер педагог «Әліп-би» мен түрлі оқу құралын көпшілікке ұсынып қана қоймай, оны қалай оқытудың әдістемелік нұсқауларын да жасады. Осы орайда ол «Баяншы», «Нұсқаушы», «Әліппе астары, «Қай әдіс жақсы?» т.б зерттемелермен айналысты.

Ахмет Байтұрсынов оқу-ағарту мәселесі жөнінде: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті бол, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу, керек орында жоқ әдісті табу да, қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», дегенді алға тартады [5].

Ұлы ұстаз айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сәйкес болуы тиіс. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жететіндігі рас. Бұл күндері «Жаңартылған білім беру» бағдарламасы бойынша бастауыш сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе. Ахмет Байтұрсынов айтқандай, «білім көзі – бастауыш сыныптарда басталады» деп, қазақ тілінің бүгінгі мен ертеңін айшықтап, айқындап кетті.

Сонау 1920 жылдың өзінде-ақ «Баяншы» деген атпен әдістемелік кітапша шығарды. Мұнда автор мұғалімдерге «Әліппені» пайдаланудың, сауат ашу әдістерінің жөн жобасын көрсетіп берді [6].

Автор «сөз өнері үй қалаумен бірдей, тіл тазалығын сақтау» және оның маңыздылығы жөнінде де біраз ой толғады. Ол мынадай орынды қағидаларды ұсынады:

- ескірген сөздерге жоламау;
- анадан шыққан сөздерден қашу;
- өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашу;
- ергілікті сөздерге, яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламау.

Қазіргі кезде тіл мәселесі өзекті мәселенің бірі. Тіл жанашырларының жанайқайына құлақ түрсек, жоғарыда айтылған а. Байтұрсынұлының ұсыныстарын назардан тыс қалдырғанға ұқсайды. Нақты мысалдарға жүгінсек, тіл мәселесі шұбарлануды көтермейді. Тіпті тіліміздегі кірме сөздер сөзімізді биіктетіп емес, аласартып тұрғандай. Әсіресе кейінгі кезде араб тіліндегі діни сөздерді көпшілік қабылдап та үлгірді. Бұл мәселе ойы ұшқыр, көзі қарақты жандарды шынымен алаңдатары сөзсіз.

Олай болса, ойымызды қорыта келе айтпағымыз, қазақ педагогикасының дамып, өркендеуіне белсене ат салысып үлес қосқан А.Байтұрсынұлының педагогикалық шығармалары және XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көшбасшыларының еңбектері болашаққа мұра. Оны саф алтын күйінде сақтау, одан ғибрат алу біздің ең басты міндетіміз. Ендеше тіл – ұлттың жаны, рухы, оның бет-бейнесі, тарихы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов Ахмет / Алаш. Алашорда: энциклопедия / құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009
  2. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсемі. Халықаралақ ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Елтаным баспасы, 2013– 416 б.
  3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.3. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384б
- Интернет материалдары.

*«Қазақстан мен Орта Азиядағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуындағы Т.Жүргеновтің ролі» атты IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*  
*«Роль Т. Жургенова в развитии образования, науки и культуры Казахстана и Центральной Азии»: Материалы IV Международной научно-теоретической конференции молодых ученых и студентов. Materials of IV International Scientific and Theoretical Conference of Young Scientists and Students «The role of T. Zhurgenov in the development of education, science and culture of Kazakhstan and Central Asia»*

4. Қазақ ғылымы мен мәдениетінің жарық жұлдызы  
// [http://ksu.edu.kz/kaz/about/ego\\_imya\\_nosit\\_universitet/](http://ksu.edu.kz/kaz/about/ego_imya_nosit_universitet/)

5. «Қай әдіс жақсы?», «Жаңа мектеп» 1928ж, №4, 3-11-б)

6. Қазір жаңа деп танылған әдістемелердің көпшілігі Ахмет Байтұрсынов еңбектерінен бастау алады [https://lenta.inform.kz/kz/kazir-zhana-dep-tanylgan-adistemelerdin-kopshiligi-ahmet-baytursynov-enbekterinen-bastau-alady\\_a356278](https://lenta.inform.kz/kz/kazir-zhana-dep-tanylgan-adistemelerdin-kopshiligi-ahmet-baytursynov-enbekterinen-bastau-alady_a356278)

## **БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІН ДӘРІПТЕУ МАҚСАТЫНДАҒЫ «АЛМАЛАЙН» ТОБЫНЫҢ ПЛЕНЭРЛІК ЖОБАЛАРЫ**

**Тлеугабыл Ж.Т.  
Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰОА  
Алматы қ-сы, Қазақстан Республикасы  
ғылыми жетекші – PhD, аға оқытушы Еспенова А.Т.**

### **Abstract**

A portrait made of broken glass, sculptures made of garbage, a performance that turned the viewer into a hero, all this is about modern art. In the era of metamodernism, fine art develops and becomes more complex. We have young creative artists and art critics who work wonders - Olga Baturina stated in an interview on her Top press information portal that "these processes affect art. After all, art is always a reflection of the time in which we live. We see this in the history of mankind. Two main questions in art "" what to say? how to say "and"?" always changes depending on the spirit of the times and the difficulties faced by the artist. We live in the most interesting and at the same time difficult time. On the one hand, this is interesting, because humanity has never had as many opportunities and free time as it does now.[1]. Nevertheless, the artists who glorified traditional classical art also have something to say. Although the theme of the works has changed, the essence has not changed. History, traditions, the image of a contemporary, the love of beauty and aesthetics are still relevant. In addition, a distinctive feature of traditional classical fine art, which is turned to the conceptualism of a new direction, is the preservation of technologies that have been honed for centuries. This article will be devoted to the artists of the classical traditional genre "Almaline" and their plein-air projects.

